



№1 (36)
НАУРЫЗ,
2015

Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

ВЕСТНИК

АТЫРАУСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

1996 жылдан бастап шығады
Основан в 1996 году
ISSN 2077-0197
Күәлік №3631-Ж
Свидетельство №3631-Ж



№ 1(36), Наурыз, 2015
№ 1(36), Март, 2015
ISSN 2077 - 0197
Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год

Ғылыми журнал

**Халел Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университетінің
ХАБАРШЫСЫ**



еркркр

**ВЕСТНИК
Атырауского государственного университета
имени Халела Досмухамедова**

Научный журнал



Шығарын

**Атырау
Х.Досмұхамедов
атындағы
АтМУ баспасы**



**Атырау
Издательство АтГУ
имени
Х. Досмұхамедова**

Редакциялық-баспа кеңесі • Редакционно-издательский совет

Бас редакторы • Главный редактор

Мамраев Б.Б. - филология ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактор орынбасары • Заместитель главного редактора

Жаутиков Б.А. - техника ғылымдарының докторы, профессор

Жауапты хатшы • Ответственный секретарь

Редакциялық алқа • Редакционная коллегия

**Гуманитарлық сериясы бойынша
Серия гуманитарных наук**

- Таңатарова Ж.Т. - тарих ғылымдарының докторы
- Ахмет А.Қ. - тарих ғылымдарының докторы
- Барсай Б.Т. - педагогика ғылымдарының докторы
- Кольцов П.М. - тарих ғылымдарының докторы (Ресей)
- DrAbraham Altonayan – PhD (Ұлыбритания)
- Бекмаханова Н.Е. - тарих ғылымдарының докторы (Ресей)
- Мухамбетжанова А.У. - педагогика ғылымдарының докторы
- Аманжолова Д.А. - тарих ғылымдарының докторы (Ресей)
- Любичанковский С.В. - тарих ғылымдарының докторы (Ресей)
- Жүсіп Қ.Ө. - филология ғылымдарының докторы
- Орлова Л.В. – социология ғылымдарының докторы (Ресей)
- Хайржанова А.Х. – филология ғылымдарының кандидаты
- Балтогаева Ж.Е. - филология ғылымдарының кандидаты

**Жаратылыстану сериясы бойынша
Серия естественных наук**

- Имашев Ғ.И. - педагогика ғылымдарының докторы
- Тырков А.Г. - химия ғылымдарының докторы (Ресей)
- Кенжегулов Б.З. - техника ғылымдарының докторы
- Шамбилова Г.К. - химия ғылымдарының докторы
- Ганбаров Х.Г. - биология ғылымдарының докторы (Азербайджан)
- Насиров Р.Н. - химия ғылымдарының докторы
- Таубаев Б.Ж.- ауыл-шаруашылығы ғылымдарының докторы
- Сағындықова С.З. - биология ғылымдарының докторы
- Sally Cutler - PhD (Ұлыбритания)
- Дүйсеғалиев М.Ж. - ауыл-шаруашылығы ғылымдарының докторы
- Каражигитова Т.А. - педагогика ғылымдарының докторы
- Есенаманова М.С. - техника ғылымдарының кандидаты
- Головкин Н.В. - педагогика ғылымдарының кандидаты (Украина)

© Атырауский государственный университет имени Х. Досмұхамедова, 2015

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ**

УДК 323.1

Б.Б.Мамраев, Б.А.Жаутиков, Ж.Р.Абузьярова

Атырауский государственный университет имени Х.Досмұхамедова

Республика Казахстан, 060011, г.Атырау, пр.Студенческий, 212

E-mail: zhake001@mail.ru

**ИНСТИТУТ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА - МОДЕЛЬ
МЕЖЭТНИЧЕСКОГО И МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНОГО СОГЛАСИЯ**

Аннотация

В статье рассматривается роль Ассамблеи народа Казахстана в сохранении межэтнического и межконфессионального согласия, содействие АНК укреплению суверенитета государства, интеграции в мировое сообщество, укреплению имиджа Республики Казахстан на мировой арене.

Ключевые слова: *межэтническое и межконфессиональное согласие, этнокультурные объединения, толерантность, национальное единство.*

ВВЕДЕНИЕ

С первых дней независимости нашей страны вопрос об укреплении межэтнического и межконфессионального согласия стал для руководства Казахстана в качестве приоритетной задачи государственной политики. Сохранение мира, согласия и стабильности в обществе одно из самых главных достижений Казахстана.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Казахстан сейчас известен всему миру своим межэтническим и межконфессиональным согласием, благодаря тому, что смог сохранить мир в нашей республике, взаимопонимание и доверие в душах людей разных национальностей и вероисповеданий. Сегодня в Казахстане мирно живут представители 140 этносов и 17 конфессий. Они работают на государственной службе, в бизнесе, науке, раскрывают свои таланты в спорте и искусстве, прославляя Казахстан на весь мир.

Мир и спокойствие, гражданское согласие, религиозная терпимость, равноправное участие представителей различных культур в жизни общества - эти принципы легли в основу нашей национальной политики за годы независимости государства и обеспечили отличительную черту Казахстана в мировом сообществе.

Обеспечение межэтнического согласия является стержнем политики государства, так как политическая стабильность и дальнейшее развитие нашей страны в основном зависит от межнационального мира. В Казахстане межэтническое согласие не только закреплено законодательно, но и реализовано на практике. Этническое равноправие граждан страны реализуется во всех сферах общества. В настоящее время казахстанцы могут гордиться тем, что, избежали национальной нетерпимости и вражды.

Сохранить межэтническое и межконфессиональное согласие в тяжелые 90-е годы экономического кризиса, было задачей не из легких. В этом большая заслуга Ассамблеи народа Казахстана. Указом Президента Республики Казахстан от 1 марта

1995 года «Об образовании Ассамблеи народа Казахстана» был создан консультативно-совещательный орган при Президенте Республики Казахстан по вопросам обеспечения в стране межэтнического согласия, в основу которого положен принцип партнерства государства и институтов гражданского общества в форме этнокультурных объединений [1].

Ассамблея народа Казахстана стала важным элементом политической системы Казахстана, скрепившим интересы всех этносов, обеспечившим неукоснительное соблюдение прав и свобод всех граждан независимо от их национальной принадлежности.

Ведь известно, что каждый человек, осознающий свою принадлежность к определенному этносу, народу, нации проходит и через соблюдение норм, выработанных в этой среде, формируя в себе уважительное отношение к религиям, а также в целом к культуре этносов, что является, в целом, залогом мира и согласия в государстве.

Ассамблея народа Казахстана - авторитетный, международно-признанный общественный форум, который гармонично объединяет народы нашей страны и позволяет сообща находить ответы на самые сложные вопросы современности [2].

Указом Президента РК Н.А. Назарбаева 2015 год объявлен Годом Ассамблеи народа Казахстана. И в преддверии этого события в Атырауском государственном университете им. Х. Досмухамедова 03 февраля 2015 года состоялось открытие Института Ассамблеи народа Казахстана.

Работа по открытию Института АНК в Атырауском государственном университете им. Халела Досмухамедова началась еще в 2012 году. В мае 2012 года в г. Элиста Республики Калмыкия, на базе Калмыцкого государственного университета по инициативе АГУ им. Х.Досмухамедова открыт и действует «Центр Казахской культуры и науки». В 2013 году в АГУ им. Х.Досмухамедова по инициативе Калмыцкого государственного университета открыт «Центр Российской науки и культуры». В декабре 2014 года на базе университета были открыты «Центр Азербайджанской культуры и истории», по инициативе Генерального консула Азербайджанской Республики, а также «Лаборатория социологических исследований», одной из задач которой является разработка и проведение социологических исследований по изучению культурных, духовных, политических, социальных, этнических сфер жизни Атырауской области и представление результатов для принятия управленческих решений.

В преддверии Дня Первого Президента РК и в рамках юбилейных дат 2015 года 1 декабря 2014 года был проведен телемост «Атырау-Астрахань: университеты+производство=> инновационное развитие страны» между Атырауским государственным университетом имени Х.Досмухамедова и Астраханским государственным техническим университетом (РФ). В ходе телемоста президентом АГТУ, профессором Ю.Т. Пименовым была выдвинута, приуроченная 550-летию казахской государственности, идея создания «Центра истории и культуры Казахстана» на базе Астраханского государственного технического университета.

Институт Ассамблеи народа Казахстана - общественное объединение в составе структурного подразделения Атырауского государственного университета имени Х.Досмухамедова, и будет выступать необходимой диалоговой площадкой, на базе которой планируется проведение научно-экспертных советов, мероприятий по анализу и изучению межкультурных связей, а также по укреплению межэтнического

согласия. Институт АНК будет осуществлять свою деятельность в области межэтнических отношений в Казахстане, пропаганде идей толерантности, единства, межэтнического и межконфессионального согласия народа Казахстана.

В стенах АГУ имени Х.Досмухамедова обучаются студенты 13 национальностей: казахи, русские, корейцы, чеченцы, азербайджанцы, турки, украинцы, армяне, татары, грузины, каракалпаки, венгры и болгары.

Целью Института АНК является приобщение студенческой молодежи к культуре и традициям всех наций Казахстана, а также объединение усилий в выработке единых методологических и практических подходов в изучении и пропаганде казахстанской модели полиэтнического общества в процессе формирования толерантного поведения в среде студенческой молодежи.

Задачи Института АНК:

- научно-методическое, экспертно-аналитическое, информационно-организационное сопровождение образовательного процесса в сфере межэтнических отношений и межкультурной коммуникации в поликультурном пространстве Атырауской области;
- воспитание у студентов и педагогов культуры мира и межнационального согласия;
- поддержка межконфессионального диалога и толерантности в молодежной среде через научно-методическое обеспечение преподавания факультативных предметов, сохранение и развитие этнокультурной идентичности;
- содействие популяризации научных разработок, связанных с деятельностью ассамблеи, широкой связи с общественностью города и области;
- внесение вклада в развитие межэтнической толерантности, являясь диалоговой площадкой для этнокультурных объединений Атырауской области и приграничных регионов соседних стран;
- изучение и сохранение культурного наследия, традиций многонационального народа Казахстана.

Основные направления деятельности Института АНК:

- формирование у педагогов и студентов нового казахстанского патриотизма;
- развитие культуры, сохранение традиций и самобытности всех этносов, проживающих на территории Атырауской области;
- тесное сотрудничество с представителями ассамблеи, этнокультурных центров для чтения лекций и встреч со студентами университета, разъяснение различных аспектов деятельности АНК, разработка трудов по изучению научных основ толерантности.
- содействие популяризации научных разработок, связанных с деятельностью ассамблеи, широкой связи с общественностью города и области.
- проведение планомерной работы по сохранению межэтнического согласия, ставя перед собой задачи воспитания у студенческой молодежи университета высокой толерантной культуры, для которых принципы национального единства и общественного согласия являются приоритетными.

В 2015 году АНК отмечает свой 20-летний юбилей. Казахстанский опыт межнационального и межконфессионального согласия получил признание на самом высоком международном уровне. Его отметили Генеральный секретарь ООН и Верховный комиссар по делам нацменьшинств ОБСЕ, Совета Европы, политические и духовные лидеры, общественные деятели многих стран мира.

«Казахстан - это единая земля, единый народ, единое будущее. Межнациональное и межконфессиональное согласие, равноправие всех граждан - наши вечные ценности. Только соблюдая эти канонические истины, мы сможем

говорить о вечном народе, вечной столице и вечном государстве. У меня есть убежденность, что XXI век будет лучшим веком в истории Казахстана. Веком, который войдет в нашу историю, как столетие мира и созидания», - сказал Нурсултан Назарбаев.

Межнациональное согласие, единство народа Казахстана – основа национальной политики государства, необходимое условие стабильности общества. Идея создания Ассамблеи народа Казахстана еще более активизировало процесс возрождения духовности народов, их национальных культур. Она отразила основную суть казахстанского общества – взаимопонимание людей разных национальностей. Ассамблея народа Казахстана содействует укреплению суверенитета государства, интеграции в мировое сообщество, укреплению имиджа Республики Казахстан на мировой арене [3].

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Наша модель межэтнического согласия рекомендована государствам планеты как воплощенная на практике формула гражданского мира в многонациональном обществе.

Именно Ассамблея народа Казахстана открыла новую страницу не только в истории нашей государственной национальной политики, но и в решении «национального вопроса» в мировой практике.

Сегодня Ассамблея - основной стержень уникальной модели межэтнического и межконфессионального согласия, где каждый гражданин, независимо от этнической или религиозной принадлежности, обладает, и пользуется всей полнотой гражданских прав и свобод, гарантируемых Конституцией, имея все возможности сохранять и развивать свою этническую самобытность.

Список литературы

- 1 Закон Республики Казахстан №70-IV "Об Ассамблее народа Казахстана", 20 октября 2008 года.
- 2 Доктрина национального единства. Указ Президента Республики Казахстан. 2010 год.
- 3 Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». Астана, Акорда, 2012 год.

Түйіндеме

Мақалада этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтауда Қазақстан халық Ассамблеясының ролі қарастырылады. Қазақстан Республикасының әлемдегі имиджін арттыруға, мемлекеттің тәуелсіздігін нығайту мен әлемдік қауымдастықты интеграциялауда ҚХА-ң ролі зор.

Summary

The article considers the role of the Assembly of People of Kazakhstan in the preservation of interethnic and interreligious harmony, strengthening the sovereignty of the state, integration into the world community, strengthening the image of the Republic of Kazakhstan on the world stage.

Дата приема 23.01.2015 г

УДК 316.3/4

А.А.КенжебаевАтырауский государственный университет имени Х.Досмұхамедова
Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212**АСТАНА – КАК СИМВОЛ СУВЕРЕННОГО ГОСУДАРСТВА****Аннотация**

В данной статье автором раскрывается значение столицы Казахстана в становлении независимого государства.

Ключевые слова: *казахстанская государственность, этногеографическое развитие страны, коммуникационный узел, цивилизация.*

6 июля 1994 года останется в памяти казахстанцев как день, ознаменовавшийся первым заявлением о переносе столицы государства из Алматы в Акмолу. В том же году была образована специальная комиссия, определявшая тридцать два критерия, которым должна отвечать столица государства. Президент страны отмечал в своих выступлениях, что статус столицы в современном мире требует, чтобы главный город и символ государства отвечал его геополитическим запросам. Астана, по мысли Н. А. Назарбаева, должна стать «локомотивом» молодой казахстанской государственности. И, действительно, очевидным в символике Астаны является факт географический – она расположена точно в центре Евразийского континента, регион, привлекательный для грандиозных инвестиционных потоков и этногеографического развития страны. Для первого Президента суверенного государства проект переноса столицы стал серьезным испытанием. Но Н. А. Назарбаев пошел на этот риск и сумел реализовать грандиозный проект. Президент Республики Казахстан Н.Назарбаев пишет, что «история Астаны – это история независимого Казахстана, новая столица государства должна стать символом перемен. И мы знаем, что им стала Астана – это перекресток Евразии, что означает мировой транспортный и коммуникационный узел, а также «точку притяжения». Это место, где пересеклись культуры и обычаи, где в гармонии и согласии живут представители религиозных цивилизаций» [1].

Новая столица сумела дать импульс всей стране. Реализация грандиозного проекта придала народу уверенность в собственных возможностях. Гармония дружбы и взаимопонимания воплощается в архитектурном облике молодой столицы, впитавшем в себя традиции многих цивилизаций. Градостроительный план Астаны объединил Запад и Восток – это практическое воплощение евразийской идеи и эта идея в столице Казахстана вполне оправдана в мире существуют только три государства, которые географически находятся и в Азии и в Европе: Турция, Россия и Казахстан.

В архитектуре Астаны проявляется гармония инноваций и традиций, преемственного и революционного. Так монумент «Астана – Байтерек» имеет большое воспитательное и познавательное значение, ибо основная идея монумента укрепления в сознании, психологии и традициях мысли о том, что он – единый народ, имеющий многовековую историю. Монумент воплощает преемственность и связь поколений, вечную, непрерывную нить времен. Астана оправдывает свое название – столица, мировой центр, где новое становится понятным и принимается: будь то вопросы порядка и международной политики, социальные, культурные и

экономические инициативы, идеи межконфессионального согласия.

Именно столица Казахстана стала активным проводником современных форм общения, предпринявшая ряд неординарных инициатив исторического характера: это и визит Папы Иоанна Павла II, проведение четырех съездов лидеров мировых и традиционных религий, международных форумов, предстоящая Международная выставка «Экспо-2017».

Астана заявила о себе во весь голос в качестве инициатора межконфессионального диалога и духовного согласия на планете Земля. Казахская столица продемонстрировала миру волю к межконфессиональному диалогу, к практическому осуществлению стратегии доверия и искренности. Без преувеличения можно констатировать, что Астана сегодня выступает как духовный центр современного мира. Столица республики становится символом продуцирования новых идей и решений, это город, устремленный в будущее. Президент Казахстана Н. Назарбаев видит Астану в 2030 году мегаполисом, в котором будет стремиться жить молодежь. Это будет город молодых людей – образованных, энергичных, оптимистичных, открытых, небезразличных, людей, преобразующихся в мышлении вместе с нашей столицей.

Астана – это не просто новая географическая точка, это появление нового субъекта исторического времени. Астана – символ суверенного Казахстана, сильного, уверенного, красивого, амбициозного, открытого. Астана – это город мира, родившийся на рубеже столетий в центре Евразии.

Список литературы

- 1 Назарбаев Н.А. В сердце Евразии.- Астана: Атамура, 2005.- С.17

Түйіндеме

Бұл мақалада авторлар Қазақстан астанасының тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы мәнін ашып көрсетеді.

Summary

In this article author considers the meaning of capital of Kazakhstan in creation of independent state.

Дата приема 20.01.2015 г.

УДК 316.647.5:316.612

А.А.Кенжебаев

Атырауский государственный университет имени Х.Досмұхамедова
Республика Казахстан, 060011, г.Атырау, пр.Студенческий, 212

ТОЛЕРАНТНОСТЬ: ОБРАЗОВАНИЕ И ВОСПИТАНИЕ

Аннотация

В данной статье толерантность рассматривается как важная ценность в Республике Казахстан, раскрываются основные направления образовательной и воспитательной стратегии формирования толерантности в стране.

Ключевые слова: толерантность, нация, религия, декларация, многоконфессиональный и поликультурный уклад.

В Декларации принципов толерантности, принятой Генеральной Конференцией ЮНЕСКО в Париже в 1995 году, и подписанной 185 странами понятие толерантности определено, как уважение и правильное понимание богатого многообразия культур нашего мира, форм самовыражения и проявления человеческой индивидуальности [1].

Данная Декларация провозгласила право на существование любой культуры, любой самой небольшой нации, религии, любых взглядов, не нарушающих, впрочем, законности и прав других людей. Мы все равны, где бы мы не родились, где бы ни жили. Но – одно дело провозгласить декларацию, и совсем другое – выполнить принятые обязательства. Современное казахстанское общество отличается своим высоким многонациональным, многоконфессиональным и поликультурным укладом. Многокультурность подразумевает плюрализм. Плюрализм может привести к конфликтам. Чтобы решить конфликты мирно и цивилизованно, человек должен быть толерантным – уважать и признавать за другими право на собственные, отличные от нашего, национальную культуру, образ жизни и вероисповедание, взгляды, менталитет, привычки. После распада Советского Союза, Казахстан, в отличие от многих бывших постсоветских республик обошли острые конфликты и разногласия, сохранилась дружба и сотрудничество, уважение и мир.

Казахстанская модель современного полиэтнического и многоконфессионального общества вызывает восхищение и уважение в мире, служит образцом для мирового сообщества. Это означает, что республика успешно переводит идеи согласия из модуса «должного», «идеального» в модус «наличного», «реального».

Известный российский философ В. А. Лекторский в статье «О толерантности, плюрализме и критицизме» совершенно справедливо подчеркивает, что «толерантность нельзя отождествлять с единомыслием, авторитаризмом и патернализмом» [2]. Толерантность у него выступает не просто как терпимость, а «терпимость как расширение собственного опыта и критический диалог. Плюрализм как полифония. Каждая культура не только соревнуется с другой, но пытается использовать положительный опыт другой системы, расширяя горизонт собственной... Это не просто плюрализм, а полифония, как выражался Бахтин, то есть диалог и глубинное взаимодействие разных позиций. Толерантность в этом случае выступает как уважение к чужой позиции (и идентичности) в результате критического диалога [3].

Осуществление идеи толерантности предполагает условия для творческих дискуссий, диалога.

Качество и стабильность межэтнического взаимодействия невозможно без толерантного отношения друг к другу взаимодействующих сторон.

Толерантность является неотъемлемым атрибутом межнационального согласия. Это – ценность ненасильственной коммуникации, стремление и расширение пространства духовного и душевного общения, милосердия и согласия.

Толерантность и межэтническое согласие, являясь базовыми ценностями, выступают ценностным основанием для формирования у людей различных национальностей мировоззрения ненасилия, обучения их практическим навыкам ненасильственного взаимодействия.

Составной частью стратегии ненасилия является формирование у людей социально-этнического поведения, основанного на толерантности, взаимном согласии и понимании.

«Реализация концепции Президента, в основе которой лежат ценности согласия, толерантности и ненасилия, заключается в том, чтобы начинать учить ненасилию и развивать миролюбие и толерантность через внедрение в систему образования и воспитания особых программ, нацеленных на усвоение навыков мирного поведения, умения справляться с эмоциями, вести переговоры, разрешать конфликты и т. д.

Учащимся, студентам, преподавателям следует чаще практиковаться в расшифровке разного рода действующих стереотипов и предрассудков, в выявлении глубинных причин и источников возможных конфликтов и механизмов их предупреждения и смягчения» [4].

Сегодня в отечественном образовании возрастает интерес к новым проблемам и среди них – проблемам конфликтов. Конфликтологическое образование должно стать важным компонентом мировоззрения современного человека. Конфликтологические знания о том, как вести себя в конфликтах, как «элегантно», цивилизованно конфликтовать и выйти из конфликта, важны для любого будущего специалиста.

В новой концепции образования важна и такая дисциплина как «Толерантология», играющая особую роль в формировании толерантного сознания гражданина поликультурного общества.

Древние философы предостерегали, что нужно избегать трех вещей (в жизни): ненависти, зависти и презрения. Опираясь на эти принципы, можно определить основные идеи образовательной стратегии формирования толерантности:

- необходимо создать систему социальных и педагогических условий, способствующих формированию толерантных убеждений, взглядов и навыков толерантного поведения в микросреде – в семье, в учебном заведении, на рабочем месте при участии всех заинтересованных лиц (родителей, педагогов, политиков, СМИ и обществе в целом);
- важнейшим элементом этнокультурного образования должно стать патриотическое воспитание, имеющее принципиальное значение как для отдельного человека, так и для общества и государства в целом. Патриотическое воспитание должно осуществляться в различных формах и направлениях, но в первую очередь необходимо формировать и развивать у учащихся культуру толерантности и межкультурного общения;
- образовательная стратегия должна реализовать идею привития детям и молодежи многонационального Казахстана открытых и уважительных отношений к другим людям, понимая возможность многовариантность человеческого бытия в разнообразных, отличных друг от друга культурных религиозных и социальных сферах;
- образовательная стратегия должна способствовать созданию благоприятного микрокосма культурного, межкультурного взаимопонимания, в котором каждый ребенок, независимо от этнической принадлежности, чувствует себя комфортно, защищено и способен к открытому взаимодействию с миром.

Реализация данной образовательной стратегии требует квалифицированных, подготовленных педагогов. Гарантировать получение таких

знаний, умений и навыков могут только комплекс учебных курсов и система воспитательной работы.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Стратегическое направление воспитания и образования молодежи в духе интернационализма, уважения к людям иной национальности, языка, культуры, конфессиональной принадлежности, политических убеждений пролегает через идеи мультикультурализма, творческого диалога культур. Культура согласия и сосуществования народов требует больших повседневных усилий. Толерантность, доверие, уважение, взаимопонимание – вот первостепенные ценности современного взаимосвязанного и взаимозависимого мира.

Список литературы

- 1 Декларация принципов толерантности. – ст. 1, www.un.org.
- 2 Лекторский В. А. О толерантности, плюрализме и критицизме. – Вопросы философии, 1997. №11.
- 3 Там же, С. 48 – 52, 53 – 54.
- 4 Нысанбаев А., Малинин Г. – Нурсултан Назарбаев: Казахстан территория мира и согласия. – Алматы, 2005. – С. 157–158.

Түйіндеме

Бұл мақалада автор толеранттылықты Қазақстан Республикасындағы маңызды құндылық ретінде қарастырып, елімізде толеранттылықты қалыптастырудың оқыту стратегиясының негізді бағыттарын ашады.

Summary

This article describes tolerance as an important value in Republic of Kazakhstan which is the basic educational strategy in Country.

Дата приема 20.01.2015 г

ӘОЖ 323.1

А.Б.Қаржаубаев, Г.Т.Байсеуова, А.Ж.Құбашева, З.Н.Ыхсан

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212

ӨЗІМІЗДІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ІСІМІЗ АССАМБЛЕЯ ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА БОЛАДЫ

Аңдатпа

Бұл мақаланың негізгі идеясы – сапалы кәсіби даярлықтың Ассамблея жұмысымен байланысы, студент-жастарды толеранттылық негізде тәрбиелеу. Сонымен бірге әрбір адамның жеке басының құндылықтары мен болашақ мұғалімдерді нарық жағдайындағы бесасап маман дайындаудың жолдары көрсетілген.

Негізгі сөздер: толеранттылық, тренинг, репродуктивтік әдіс, проблемалық ситуация, программалап оқыту, инновация.

КІРІСПЕ

Қазақстан халқы Ассамблеяның 20 жылдығы аясындағы елдегі береке-бірлікті, ұлтаралық татулықты, тәуелсіздігімізді, шетелдермен қарым – қатынасымызды баянды ету мақсатында жұмыстануда.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ассамблеяның 20 жылдығы құттықтауында былай дейді: «Қазақстан халқы Ассамблеясы – бейбітшілік пен келісімнің, қасиетті Отанымыздың өмір сүріп жатқан барлық этностар достығының ең басты және бірлік іргетасы. Ол елдігіміздің қалыптасу, Тәуелсіздігіміздің нығаю тарихында айрықша рөл атқарады» [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі кезеңде ел басқаруда экономикалық және әлеуметтік қиындықтардан құтылудың тетіктері жан-жақты зерттеліп, одан шығудың нақты жолдары көрсетілуде. Барлық халық болашаққа сеніммен қарап, Ассамблея өкілдері кездесетін әлеуметтік проблемаларды ойластырып, уақытты тиімді пайдаланып, кездесетін қиыншылықтарды жеңіп шығуға жұмыстануда. Бұл бағытта қазақ жерін мекендеген өзге этностардың өкілдері татулық пен достықтың берік болуына экономиканың өркендеуіне, елдің қуатты мемлекет болуына күш салатындарын ақпарат құралдарында жариялауда.

Ұлттық сезім дегеніміз – адамдардың туған жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт – дәстүрлерге деген сүйіспеншілікті білдіруі. Ұлттық сезім адамды қоршаған ортаның әлеуметтік – экономикалық, мәдени және жаратылыс құбылыстарының сол ұлт өкіліне тартқан ерекше табиғи сыйы [2]. Ұлттық сезім басқа сезімдер сияқты адамның жеке басының қанағаттануы, шаттануы мен немесе риза болмай, қанағаттанбауы мен байланысты ой – қиял, әсер сезімінің сыртқа шыққан көрінісі. Әр ұлттың өзіне тән тіршілік кәсібі, тарихы мен мәдениеті бар. Ол мәдениет сөйлеу тілінен, ойлау жүйесінен айқын көрініс табады. Сондай-ақ, ұлттық мәдени ерекшелік, сол халықтың өмір сүру тәсілінен, діни-наным сенімінен, әдет-ғұрпынан, салт-санасы мен дәстүрінен өзекті орын алады. Осы тұрғыдан қарағанда, ар мен намысты қорғай білу, дарқан көңіл, ақжарқындық пен адалдық, досқа деген мейірімділік – бұл қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық психологиялық ерекше қасиет деп атаймыз. Бір мысал келтірейік. Қазақтан басқа халықтар да Наурызды мерекелейді. Дегенмен әр ұлтта әртүрлі айтылады. Гректер наурыз мерекесін «Патрих» десе, тәжіктер «Гул гардон», буряттар «Сагаан сара» деп атайды. Атауы әр ұлтың өздерінің тілдерінде айтылады, бірақ негізгі идеясы мен мазмұны бірдей деуге болады. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, бұл бағытта ұлттық ойындарда да ұқсастық бар. Әсіресе қазақтардың, қырғыздардың, якуттардың, буряттардың, орыстардың ұлттық ойындарын атауға болады.

Қазіргі кездегі әрбір ұжым мен тұрғындардың алдында тұрған міндет ауылдың өркендеуіне жағдай жасап, жергілікті кәсіпкерлікті дамытып, сол жұмысты жан – жақты көрсете білу. Сонымен бірге ұлттық құндылықтар мен отандық өндірісті дәріптеп жарнамалаудың, товардың өзіміздің елімізде өтімді болуының да маңызы ерекше. Енді төменде қазіргі кезеңдегі әрбір адамның жеке басындағы адамгершілік құндылықтардың болуына талдау жасауды жөн көрдік.

Қандай жауапты, үлкен қызметтер атқарып жүрсе де әркімнің адамгершілігі, кісілігі, кішіпейілділігі өзгермеген қалпында қалуы, оны білген адамдардың куә болуы, өмірде қандай биіктерге шықса да, сол биігі өзіне жарасуы, ұжым мүшелерінің бәрі де айта жүрерліктей өнегесі, үлгісі, тындырған игі істерінің қалуы.

Қайнаған қызу істердің ортасында жүріп, ешнәрсеге атүсті қарамау. Өтініш айта, шағымдана келгендердің талап – тілектері дұрыс болса, сөзбұйдаға салмай, қол ұшын беруге әзір тұру. Таңғаларлық жағдай кейде өмірде қиындық болса да, кейбір жағдайда кейбіреуге әділетсіздік болса да, ешқашан еңсені түсірмеу, әркім өз келешегіне сеніммен қарау, адамгершілік ар – намысын әрдайым жоғары ұстай білу, қатыгезденіп кетбеу. Әркім өз бойындағы дарын – қабілетін жарқыратып, ашып көрсету, өне бойы тынымсыз еңбектену, іздену үстінде білімін, білігін арттыра түсу. Осындай жағдайда кейде әркімнің өмірінің қызулы, жемісті жаңа кезеңі басталатыны белгілі. Әркім бойындағы білімін, қажыр – қайратын туған еліне сарқып беруге асығу, қандай жұмыстар атқарса да пендешілікке бой алдырмай, қабілеті мен дарынының заңды қарымын ғана қанағат тұтып, адал, таза ғұмыр кешу, ел өмірін жақсарту жолында еңбек ету, ешкімге қылдай қиянат жасамау, адамдарға әмәнде тек қана шапағат тигізсе, әркімнің өмірі мен істері де кейінгі ұрпақтарға үлгі болып қала беретіні шүбәсіз. Бұл, әрине, кейде қиын болуы мүмкін. Әркім өзіне жүктелген міндетті өзі атқарып, әдеттегі құлаққа сіңіп, жауыр болған сөздерден қашудың, көңілдерге дәл жететін, ешкімді енжар қалдырмай жұртшылықты селт еткізіп, баурап алатындай сөздер табудың маңыздылығын ескеру. Қызметтің үлкен кішілігіне қарамай барлық адамдарға қандай кезде, қандай жағдайда болмасын адамгершілік асыл қасиеттерден көз жазбаудың қажеттілігін ұғындыра түсіндіруіміз қажет.

Елдің ынтымағы жарасқан татулықты ту еткен қалың бұқараны ортақ мүддеге топтастырып, әртүрлі тәрбиелік шаралар, спорттық жарыстар, марафондық жүгірістер ұйымдастырылуда. Ауызбірлігіміз одан әрі нығайып, ұлтқа, тілге, дінге бөлінбей татулықта өмір сүрудеміз. Әртүрлі жобалар арқылы жұмыс жасау «Мейірімділіктен - бірлікке», «Армандаған мамандық» т.б. Бұл жобалардың тұжырымдамасы мен идеясы ағартушылық, инновациялық жаңа әдістермен іске асады. Ырыс алды – ынтымақ, достыққа сызат түсірмеу мәселелері қарастырылады.

Мектептердегі тәрбие сағаттарын үш тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) өткізу дәстүрі бар.

Ассамблеяның жұмысын бірсыдырғы, бір бағытта, біріміздің айтқанымызды – біріміз қайталап, төзімділік, шыдамдылық (толеранттылық), татулық деп қайталай бермей, кейбір жағдайларда сыңаржақтықтан сақтану үшін өзіміздің төл жұмысымызбен ұштастырып, төмендегіше бірнеше ұсыныстар жасап, болашақтағы мұғалімдік мамандыққа кәсіби дайындау проблемалары туралы сөз етпекпіз. Оқу жұмыстарын орындау өзіміздің әдістемелік жағымыздан тереңдігімізді көрсетіп, болашақ мұғалімдердің басаспап маман болуы үшін дәстүрлі емес сабақтың түріне сабақ жоспарын жасауды үйретуіміз керек. Бұл жәй (орысша айтқанда дежурный) әңгіме емес. Себебі мектептегі ең басты жұмыс – сабақ. Сабақты түрлендіріп, бірсарындылықпен оқушыларды жалықтырмау басты мәселе болып қала береді.

Педпрактикаға шығарудың алдында әрбір дәстүрлі емес (аукцион, шоғыр, жарыс, ойын, компьютерлік, панорамалық тағыда басқа 30 дан астам түрі бар) сабақ жоспарының үлгісін берсе артық болмайды [3].

Мектептердегі ең басты жұмыс біз оқушылардың ғылым, білім, сабаққа деген қызығушылығын арттыруымен өлшенетіні әркімге белгілі аксиома. Мектептер: жалпы білім беретін, лицей, гимназия, шағын комплектілі болып бөлініп, ондағы жұмыстың мазмұны, әрбір мектептің жоғарыдағы атауына байланысты өзіндік ерекшелігі болатындығы бәрімізге белгілі. Енді осы мектептердің түріне байланысты репродуктивтік әдіс, проблемалық ситуация жасау, тренингтің элементтерін сабақ

кезінде пайдалану, программалық оқыту (машиналы, машинасыз оқыту, перфокарта пайдалану) т.б. оқытудың мазмұнын жетілдіру арқылы жоғары курстағы студенттерге әдістемелік тұрғыдан болашақтағы педагогикалық оқуларға дайындау, «панорамалық сабақтың конкурсы», «жыл мұғалімі», «сынып жетекшісі», «ең үздік мұғалім» т.б. конкурстарға қатынасқанда әрбір пәннің өзіндік ерекшелігін ескеріп, қандай проблемаларға (әдістемелік пен дидактикалық тұрғыда) баса назар аударуымыз керек.

Толеранттылық, этникалық татулық пен бірлестіктің де негізгі түбірінде бесаспап маман дайындау күн тәртібінен ешуақытта түспейді деп түсінеміз. Егер бұл пікірге келіспейтіндер болса, пікір таласқа шақыруға әзірміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әрбір мұғалім өзінің лекциясын теориялық тұрғыда түсіндіреді. Сол теорияны мектепте практикада қалай оқушыларға сабақ уақытында қызғылықты етіп өткізуге болады. Теориялық дайындықты ешкім жоққа шығармайды. Бірақ теорияны практикада қолдану туралы оқыту теориясының принципі 4 ғасыр бойы ескірмей айтылып келе жатыр [4]. Сонымен, сапалы маман даярлауда Ассамблеяның ұлтаралық келісім мен татулықты сақтауда, оны нығайтуда, тіл, мәдениет, салт-дәстүрді жаңғыртуды мақсат тұтқан республикалық және өңірлік этномәдени бірлестіктермен атқарылар жұмыстарымен тығыз байланыстырып, жастардың ой-өрісінің кеңеюіне, елжандылыққа тәрбиелеуде «оқыту мен тәрбие егіз» ұғым екені тар шеңберде қалып қоймай, кең ауқымды негізде, күнделікті жұмысымыз арқылы ұштастыра білуіміз қажет деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Егемен Қазақстан» газеті, №41, 3 наурыз, 2015 жыл. – Б.1.
- 2 Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: монография, методология, теория, практика. -Алматы: «Ғылым», 1998.
- 3 Подласый Н. Педагогика. Учебник.- Москва, 2005.
- 4 Меңлибекова Г.Ж. Система подготовка будущих учителей к социально-педагогической работе: методология, теория, практика. - Алматы: Білім, 2001.

Резюме

Профессиональная подготовка будущих учителей – это одна из наиболее актуальных дидактических проблем современной вузовской педагогики. В статье рассматриваются некоторые вопросы связи работы ассамблеи с вопросами профессиональной подготовки будущих учителей школы.

Summary

Professional teacher training is one of the most actual didactic problems of modern high school pedagogic. This article deals with the problems connected with the works of assembly at professional training of future school teachers.

Қабылданған күні 22.01.2015 ж.

ӘОЖ 323. 1:130.2**Г.Шугаева, Г.Қайғалиева**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
e-mail: G.kairgaliyeva@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ҮДЕРІСТЕРДЕГІ ОРНЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан халқы ассамблеясының еліміздегі этномәдени үдерістердегі рөлі жайы баяндалады. Полиэтникалық қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау бойынша ҚХА-ның маңызды тетік ретіндегі қызметіне мән беріледі.

Негізгі сөздер: *полиэтникалық қоғам, этномәдени үдерістер, демография, этносоциомәдениет.*

КІРІСПЕ

Мемлекет тұрғындарының әлеуметтік-этникалық құрамы қазіргі кездегі көптеген мемлекеттердің айрықша сипатын құрайды. Бұл жағдай мемлекет пен қоғамда этникалық тұрақтылықты сақтауды алдыңғы қатарлы міндеттердің бірі етуде. Этносаралық тұрақтылық, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру туралы сөз еткенде мемлекеттің қауіпсіздігін сақтаудың құрамдас бөлігі маңызды болып тұрады. Қазақстан жүзден аса ұлт пен ұлыстан тұратын полиэтникалық қоғам болып табылады. Ең алдымен ол қазақ ұлтының негізгі құрамы және Қазақстан халқы.

Қазіргі әлемдегі жахандану жағдайында полиэтникалық қауымдастықтарда ұлтаралық себептермен бірқатар карама-қайшылықтар болып тұрады. Полиэтникалық ортадағы кикілжіңдер қанда да бір мемлекеттің жалпы дамуына және түрлі этнос өкілдерінің де қалыпты деңгейде өмір сүріп, қызмет жасауына тәуекелдердің бірі ретінде қарастырылады. Сондықтан этникалық себептермен болатын шиеленістердің алдын алып отыру мемлекеттік тұрақтылықты сақтаудың бірден бір кепілі болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тәуелсіз Қазақстан тарихында еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық дамуы мен нығаюындағы орын алған өзгерістер қатарында осы кезеңдегі этнодемографиялық және мәдени үдерістердің де орны ерекше. Қазақстандық даму моделінің қалыптасуында елдегі этнодемографиялық процестердің өзіндік атқарған ролі жоғары болып табылады. Қазіргі кездегі қоғамдағы ахуалды зерттеу ісінде тәуелсіздік жылдарындағы этникалық және демографиялық, мәдени үдерістердің дамуы мен жүру барысын зерттеудің маңызы аса жоғары.

Қазақстанда еліміздің этномәдени әртүрлілік деңгейіндегі ерекшеліктерді ескере отырып, оны дамудың маңызды тетіктерінің біріне айналдыруға жағдай бар. Қазіргі таңда тәуелсіздіктің жиырма жылдың үстіндегі даму сатысында Қазақстан халқы ұғымы қалыптасты. Бұл ұғымның ортақ түсінікке айналуында күрделі этнодемографиялық үдерістер орын алды. Бұл үдерістер арнайы мамандардың, саясаттанушылар мен социологтардың, тарихшылардың полиэтникалық талдаулары

мен зерттеулерін қажет етеді. Саяси және мемлекеттік құрылымның қазақстандық даму моделі жалпы демократиялық қоғамның ортақ заңдылықтарынан құралады. Полиэтникалық қоғамда түрлі этникалық, діни, тілдік жанжалдар болып тұратыны өкінішке орай жиі кездеседі. Оған халықтың мәдени, тұрмыстық, әлеуметтік деңгейлері де ықпал етеді.

Қазақстан территориясындағы соңғы санақтың қорытындысы мен жыл сайынғы статистикалық мәліметтер республика тұрғындары санының жылдан-жылға көбейіп отырғандығын дәлелдейді. Егемендік жылдарында елімізде екі жалпы халық санағы, 1999 және 2009 жылдары, өткен болатын. Оған дейінгі халық санағы кеңестік билік тұсында 1989 жылы жүргізілген бүкілодақтық халық санағы еді. Салыстырмалы түрдегі дәлелдемелер алу үшін осы үш санақтың деректері маңызды болып табылады.

1999 жылғы халық санағы 1950-1990 жылдар аралығында байқалған республика халқы санының өсу динамикасынан айырмашылықты көрсетті. Тоқсаныншы жылдардың соңындағы санақ мәліметтері Қазақстандағы еуропалық халықтар санының азая бастағанын көрсетті. Республика бойынша бұрынғыдай ең көп санды этностар олар қазақтар және ол түсінікті, екінші орында орыстар (4,4 млн.) болды. Алайда ел көлемінде еуропалық этностардың республика көлемінен басқа мемлекеттер территориясына түпкілікті қоныс аудару тенденциясы байқалғанымен, оның орнына этникалық қазақтар санының артқанын көре аламыз. Оған дейін 1986 жылы Қазақстандағы қазақтар мен орыстардың саны тепе-теңдікте болса, 1999 жылғы мәліметтер бойынша қазақтар саны басым көрсеткішке ие болды. Бұл тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің жеткен демографиялық табыс көрсеткіштері екені анық.

Тәуелсіздік жылдарындағы этносоциомәдени үдерістерде қала тұрғындарындағы қазақ этносы үлесінің артуы байқалды. Анық байқалған этномәдени үдеріс ретінде қалаларда қазақтардың санының өсуін ала аламыз. Керісінше осы жылдары республика көлемінде неміс этносының сыртқа қоныс аударуы (сыртқы миграция үдерісі) әсерінен олардың сан жағынан азаюы орын алды.

Оның ішінде Ақмола, Ақтау секілді бұған дейін өзге ұлт өкілдері жергілікті халық өкілдерінен басым болған мекендерде өзгерістер айтарлықтай болды. Мысалы, Ақмолада қазақтардың үлесі жалпы қала тұрғындарының үлесінен тәуелсіздік жылдарына дейінгі 17,7 пайыздан 1999 жылы 41,3 пайызға жетті. Ал Жаңа Өзен қаласында (Новый Узень) 50,6 пайыздан 95,3 пайызға, Ақтау (Шевченко) қаласында 23,5 пайыздан 55,6 пайызға өсті. Ол жерлерде негізгі миграциялық және этномәдени өзгерістер сырттан этникалық қазақтардың Қазақстанға көшіп келуі, ал өзге ұлт өкілдерінің тарихи отанына оралуы себебімен түсіндіріледі.

2009 жылғы халық санағы бойынша Қазақстан тұрғындарының ұлттық құрамы төмендегідей сипатта болды:

Этностар	Халық санағына дейінгі көрсеткіш	Пайыздық көрсеткіші	2009 жылғы халық санағының алдын-ала мәліметі бойынша көрсеткіші	Пайыздық көрсеткіші
Қазақтар	9 540 806	60,47	10 301 000	63,6
Орыстар	3 869 661	24,53	3 774 000	23,3

Өзбектер	463 381	2,94	470 000	2,9
Украиндықтар	422 680	2,68	324 000	2,0
Ұйғырлар	241 946	1,53	227 000	1,4
Татарлар	226 803	1,44	194 000	1,2
Немістер	220 975	1,40	178 000	1,1
Өзге ұлттар	790 240	5,01	729 000	4,5
Барлығы	15 776 492	100,00	16 197 000	100,0

Бұл мәліметтер барысында бірқатар ұлттардың, Қазақстан жағдайында еуропалық халықтар аталатын топтардың үлес салмағының азаюы олардың өзге мемлекеттерге қоныс аударуымен және олардың ұлттық сәйкестенуіндегі өзгерістер болуымен түсіндіріледі. Жалпы, бұл жерде бірқатар «еуропалықтар» аталатын халықтардың орыс ұлтында жазылуы, сонымен қатар аралас некелерде дүниеге келгендердің де орыс ұлты өкілі ретінде жазылуынан туындауы мүмкін.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан қоғамның тіршілік қызметінде этникалық идея бағытымен мемлекеттік құрылыс, мәдениет саласындағы саясат, этникалық сананы жаңғырту бойынша жүрді. Ұлтаралық келісімге әсер етуші факторлар ішінде саяси және әлеуметтік жағдайлармен қатар түрлі мәдениетпен қарым-қатынасын анықтайтын жеке тұлғалық ұстанымдары да әсер етеді. Қазақстан ұлтаралық келісімнің жасампаз моделін жасаушы елі ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымы (ООН), Еуропадағы келісім мен қауіпсіздікті сақтау (ОБСЕ) секілді беделді халықаралық ұйымдардан жоғары баға алды. Қазақстанда ондаған этномәдени бірлестіктер мен орталықтар жұмыс жасайды. Ұлтаралық қарым-қатынастардың айрықша үлгісі болып табылатын маңызды институт – Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылы 1 наурызда құрылды.

Бүгінде бұл әлемнің бірде-бір мемлекетінде болмаған ұлтаралық қарым-қатынастардағы бірегей институт болып отыр. Полиэтникалық қоғамда барлық этностардың жан-жақты дамуына және ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты сақтауға ықпал ететін құрылымның қажеттілігі туралы идеяны Мемлекет басшысы 1992 жылы Қазақстан халқының бірінші форумында жариялайды.

Аталған институтты құру тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің қажеттілігінен туындады. Жиырма жыл ішінде бұл орган арқылы этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай бар. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты өсуде. Оның ішінде Атырау облысында бұған дейін облыс территориясында тұрақты мекендемеген этностардың пайда болуы, яғни еліміздің өзге өңірлерінен келген этностардың санының артуы байқалады. Осыған орай облыста қарақалпақтар, ұйғырлар, түріктердің этномәдени бірлестіктері өз ұйымдарын тіркеген. Бүгінгі таңда облыста 17 этномәдени бірлестіктер мен орталықтар жұмыс жасайды.

Этностардың этномәдени бірегейлігін сақтауда олардың өз тілінде білім алуына жағдай жасалуы үлкен орын алады. Еліміздің 88 мектебінде білім беру өзбек, тәжік, ұйғыр, украин тілдерінде жүргізіледі. Жүзден аса мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде оқытылуына мүмкіндік жасалған. 30 этностың өз тілдерін үйренуіне жағдай жасалған тілдік және жексенбілік курстары ұйымдастырылған.

Қазақстан халқы Ассамблеясының атқару аясына жататын міндеттері: этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау; халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту; қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу; азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру; Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету; Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады [1, 341 б.].

Этномәдени үдерістер легінде ел көлемінде орын алатын бірқатар сипаттарды алып қарауға болады. Оладың қатарында көшіп-қону процесі маңызды факторлардың бірі. Жалпы этнодемографиялық үдерістерді зерттеушілердің анықтауы бойынша миграцияның бірнеше түрлері бар. Мысалға олар жұмысқа немесе оқуға бару үшін уақытша көшіп-қону (маятниктік миграция), бұл жерде тұрақты елді мекеніне жұмысы немесе оқуы аяқталған соң қайтып келеді [2, 25-26 б.]. Бұл негізінен тұрақты елді мекені жұмыс не білім алу нысанына жақын маңда орналасқан жағдайға орын алады. Яғни бір жерден келесі жерге жұмыс не оқу жағдайымен күнделікті орнын ауыстырып отыруы (Атырау аймағында бұл Махамбет ауданы мысалында көрініс табады. Бұл аудан бойынша Атырау қаласында тұрақты жұмыс жасаушылар және осыған орай күнделікті қалаға келіп-кетіп жұмыс жасайтындар үлесі басқа аудандармен салыстырғанда жоғары) [3, 11 б.].

Көшіп-қону немесе қоныс аударудың келесі түрі әлеуметтік-экономикалық себептермен қоныс аудару. Ол негізінен тұрмыстық жағдайларға – жұмыс бабымен, жұмыс іздеу немесе орналасу үшін, еңбек ақысы жоғары жұмыстарға ауысу мақсатында, жеке кәсіппен айналысу, тұрмыс жағдайын жақсарту мақсаттарында жүзеге асырылады.

Көшіп-қону үдерісінде шекараларды өту-өтпеуіне байланысты сыртқы және ішкі миграция болып бөлінеді. Ал маусымдық уақыттық сипатына қатысты тұрақты, уақытша, маусымдық, маятниктік түрлері орын алады.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық дамуы мен нығаюындағы орын алған өзгерістер қатарында осы кезеңдегі этнодемографиялық және мәдени үдерістердің де орны ерекше. Қазақстандық даму моделінің қалыптасуында елдегі этнодемографиялық процестердің өзіндік атқарған ролі жоғары болып табылады. Қазіргі кездегі қоғамдағы ахуалды зерттеу ісінде тәуелсіздік жылдарындағы этникалық және демографиялық, мәдени үдерістердің дамуы мен жүру барысын зерттеудің маңызы аса жоғары.

Қазақстанда еліміздің этномәдени әртүрлілік деңгейіндегі ерекшеліктерді ескере отырып, оны дамудың маңызды тетіктерінің біріне айналдыруға жағдай бар. Қазіргі таңда тәуелсіздіктің ширек ғасырға жуық даму сатысында Қазақстан халқы

ұғымы қалыптасты. Бұл ұғымның ортақ түсінікке айналуында күрделі этнодемографиялық үдерістер орын алды. Бұл үдерістер арнайы мамандардың, саясаттанушылар мен социологтардың, тарихшылардың полиэтникалық қоғам жайындағы талдаулары мен зерттеулерін қажет етеді. Саяси және мемлекеттік құрылымның қазақстандық даму моделі жалпы демократиялық қоғамның ортақ заңдылықтарынан құралады. Полиэтникалық қоғамда түрлі этникалық, діни, тілдік жанжалдар болып тұратыны өкінішке орай жиі кездеседі. Оған халықтың мәдени, тұрмыстық, әлеуметтік, білім деңгейлері де ықпал етеді.

Қазақстандық қоғамда аталған проблемаларды болдырмау бағытында мемлекеттік деңгейде түрлі іс-шаралар қолға алынады. Қоғамда кездесетін түрлі тұрмыстық деңгейдегі кикілжіңдерге ұлтық сипат беруге болмайды. Сондықтан ұлтаралық келісім мен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мен жүзеге асыру жұмыстары мемлекетіміздің басты бағыты болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 маусымдағы «2006-2011 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамытудың негізгі тұжырымдамасы» және Қазақстан Үкіметінің 28 маусымда қабылдаған «2006-2008 жылдарға арналған ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін дамыту бағдарламасы» еліміздегі ұлттық саясаттың бағыттарын анықтаған құжаттар болды. Бұл құжаттар ұлттық және этносаралық саясатпен айналысатын барлық органдардың негізгі ұстанымдарын анықтайды.

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің 2006 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтері бойынша республикада 120 ұлттар (ұлттар мен этникалық топтар) өмір сүрген. Олардың ішінде жалпы республика тұрғындарының негізгі үлесіндегі басымдық қазақтар - 58,6% мен орыстар - 26,1% құраған. Басқа этностар үлесін республика тұрғындарының 15,3% құрайды. Олардың ішінде украиндықтар - 448,8 мың; өзбектер - 428,9 мың; ұйғырлар - 229,8 мың; татарлар - 229,6 мың; немістер - 222,7 мың; кәрістер - 101,7 мың.

Атырау облысы бойынша этностар көрсеткіші төмендегідей құрамда орналасқан – қазақтар, орыстар, татарлар, кәрістер, украиндар, немістер, болгарлар, әзірбайжандар, армяндар, өзбектер, шешендер және басқа да ұлт өкілдері [4, 13 б.].

Қазіргі таңда Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрамына енген 17 этномәдени бірлестік бар. Олардың барлығы да өңірдің әлеуметтік-мәдени және этнодемографиялық дамуына ықпал етеді. Ең алғашқылар қатарында орыс, кәріс, украин, татар-башқұрт, әзірбайжан, неміс этностарының бірлестіктері қалыптасты.

Облыста 1991 жылы ең алғаш құрылған этномәдени орталықтардың бірі кәріс ұлтының «Тхоньиль» ұйымы болды. «Тхоньил» этномәдени бірлестігі өңірдегі ұлтаралық келісімнің сақталуына зор үлес қоса отырып, ұлттық бірегейлік пен ұлттық психология ерекшеліктерін, өзіндік мәдени-рухани дәстүрді насихаттаушы үлгіге айналды. Олар кәріс халқының көпұлтты ортада жойылып кетпеуі әрекетімен бірге, қоғамның барлық үдерістеріне белсене араласу арқылы ұлттық ерекшелікті сақтау және үйлесімді даму бағытын ұстайды. Сондықтан да қазіргі кезде көптұғырлы тіл саясатын жүзеге асыруға бағытталған тілдік сайыстарда қазақ, орыс, ағылшын, кәріс тілдерін меңгерген жастар өте көп кездесуде. «Тхоньил» қоғамы жанында тұрақты тілдік курстар, ән-би үйірмелері, жастар клубы жұмысымен бірге дәстүрлі ұлттық өнер мен мәдениет сабақтары ұйымдастырлады. Жүйелі жұмыстар арқасында кәріс жастары облыстағы үш тілді толық меңгерген өзге ұлт өкілдері болып отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе айтарымыз, облыс көлеміндегі этномәдени үдерістердің жағымды жақтарының танылуы мен ұлтаралық және дінаралық келісімнің сақталуы, мәдени әртүрлілікті өзара құрметтеуді насихаттауда облыстық этнобірлестіктердің атқарып отырған қызметі аса жоғары болып табылады. Бұл жұмыстардың оң тәжірибесін тарату мен зерделеуге жоғары оқу орындары маңызды зерттеушілік жұмыстар орындайды. Еліміздің жоғары оқу орындарында құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары мен институтының қызметі осы мақсаттан туындайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998.
- 2 Казымина О.Е., Пучков П.И. Основы этнодемографии. - М., 1994.
- 3 Атырау облысының статистикалық жылнамасы. - Атырау, 2012.
- 4 Атырау облысының демографиялық жылнамалығы. - Атырау, 2008.

Резюме

В статье рассматривается деятельность Ассамблеи народа Казахстана как уникального института межнациональных отношений, роль АНК в этнокультурных процессах.

Summary

This article describes the activity of Assembly of Nations of Kazakhstan as unique institute of the inter-ethnic relations. The role of ANK in ethnocultural processes.

Қабылданған күні 22.01.2015 ж.

ӘОЖ 323. 111

С.Қ.Нысанова, Р.Б.Абдулова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212

**ҰЛТ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ОРНЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ****Аңдатпа**

Аталған мақалада ұлт мәселесіндегі ұлттық бірегейліктің орны мен Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық қатынас мәселелері турасында сөз болады. Ұлттық бірегейлік әрбір ұлт үшін маңызды болып табылады.

Негізгі сөздер: *ұлттық бірегейлік, көп ұлтты мемлекет, ұлтаралық қатынас.*

КІРІСПЕ

Дүниеде ұлттық бірегейліктің онша көп тәсілі табыла қойған жоқ. Солардың бірі діни бірегейлік, кезінде осы жолдан еврей ұлты өткен болатын. Әрине, біздің қазіргі жағдайымызда көптеген объективті себептерге байланысты ұлтты бірегейлендірудің бұл әдісі ауырлау болып келеді. Бірегейлікті қалыптастырудың қосымша әдісі ретінде суперэтностық қауымдастықтың өркениетті типімен ете болу. Бұл орайда ұлттық бірегейліктің нақты үлгісі дегеніміз не? деген заңды сұрақ

туындайтыны рас. Әрине, бұл Қазақстанның саяси және мәдени өміріндегі шешілуі қиын мәселе [1]. Көптеген күрделі сұрақтар сияқты оның да оңай жауабы жоқ.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Елдің көпұлтты құрамы, алуан түрлі дінді ұстануы, тарихы және географиялық ерекшелігі - осының бәрі ұлт саясатының бастаулары болып табылады. Яғни, бірегейлік мәселесін шешуге екі деңгейлі көзқарас керек.

Бастапқы деңгейі біртұтас азаматтық және саяси қауымдастық ретіндегі Қазақстан халқының қалыптасуына байланысты. Суперэтнос емес, тұп-тура халықтың қалыптасуы. Біртұтас этникалық қауымдастықтың қалыптасуына деген көзқарастың арасындағы айырмашылықты түсіне білудің мәні бар. Сондықтан Қазақстан ұлты деген сөзді айту әлі ертерек десек қателеспейміз. Дәл қазір бірінші деңгейдің мәселесін шешкен жөн. Мемлекет азаматтарының жасанды бірлестігі, енді ортақ құндылықтармен топтасқан және біте қайнасқан тұтастыққа ұласуы керек. Ұлттық - мемлекеттік идеяның тоталитарлық мемлекеттік идеологиядан айырмашылығы - ол жоғарыдан нұсқау түсірмейді, керісінше, қоғамның нақты дамуынан туындап отырады [2]. Ал, бұл ұлттық-мемлекеттік идея басты саяси құндылық ретінде қай ұлтқа жататынына қарамастан күллі қазақстандықтардың Отаны болып табылатын - бірыңғай, аумағы тұтас та тәуелсіз Қазақстан төңірегінде қалыптасады.

Бірегейлендірудің бірінші деңгейі-біздің азаматтық әрі саяси бірлігіміз деп айтуға болады. Біздің қазақстандықтарда біртұтас саяси құндылықтар бар. Алдымыздағы тұрған басты міндет - осы құндылықтарды Қазақстан халқының азаматтық санасындағы басты да басым тетікке айналдыру болып табылады.

Демократиялық мемлекетте күллі ұлттық топтардың құқығы сенімді түрде заңмен қорғалуы тиіс, ал, бұл біздің тәжірибемізге сай келеді. Тарихи жақын болашақта жұрттың бәрін бір ғана қазақстандық ұлтқа айналдыру міндеті тұрған жоқ.

Демократиялық Қазақстан таяудағы кеңес тарихында қайғылы аяқталған ассимиляциялаудың күштеу тәртібінен бас тартқан емес. Ең ақырында, қазақ халқы бүгінде ұлтты шұғыл біріктіріп нығайтуға қабілетті этникалық сана-сезімді дамыту міндетін өзі шешіп, бірегейлендірудің бірінші деңгейінің мәні-өзіміздің азаматтық саяси тағдырымызды барша азаматтардың тағдырымен бірдей дәрежеде қорғайтын Қазақстан мемлекетімен ұштастыруда жатыр [3].

Бұл біздің бірлігіміз бен орнықтылығымыздың іргетасы. Бірегейліктің екінші деңгейі қазақтардың өздерінің ұлттық бірегейлігіне да байланысты. Бұл еңбектің идеясы да қазақтың ұлт ретінде өзін-өзі түсінуі мен рухани өрістерін өзінің анықтау проблемасына орай туындаған болатын.

Қазақстанның бірлігі, тұтастығы мен тәуелсіздігі бәсекелестік немесе дау-жанжалдық сипаты жоқ, кез-келген этникалық қауымдастықтың өкілдеріне ортақ құндылық. Тарих адамдардың іс-әрекеттеріне уақыт өткізіп таразылап, өрісінен өткізіп, өз сынын береді. Сондықтан осынау қарапайым да айқын ұстанымдардың маңызы кейін қазіргіден әлде қайда еңселі де елеулі болары шындық.

Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде Ресей империясына тәуелді басқа елдер сияқты Қазақстан да езгінің астында болған болатын. Тарихтағы қазан революциясынан кейін ұлт мәселесі шешілді, енді ұлттардың гүлденуі мен өзара араласу тенденциясы басталады деп уағыздалып келді. Алайда, халықтар мен

ұлттардың теңдігі мен еркіндігі заң жүзінде жарияланғаныменен, шын мәнісінде Ресей империясының билігінде қалды.

Адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы - Кеңес халқын құрамыз деген желеумен орыстандыру саясаты жүзеге асырылды және тарихымыз өрескел бұрмаланды. Мәдениетімізден және тілімізден айырылып қала жаздаған болатынбыз, ал экономикамыз тек шикізат өндіретін ауданға айналды.

Мұндай жағдай басқа да одақтас мемлекеттерде орын алды. Әлбетте, осындай әділетсіздіктер жолында халықтар мен ұлттардың наразылығының туындауы сөзсіз заңды болатын, Қатаң әкімшілік - әміршілдік тәртіптің қаһарынан сескенгендіктен өз ашу-ызасын ашық білдіре алмады. Дегенмен бұған қарамастан кейбір республикалардың қалаларында, ірі өндіріс ошақтарында тоталитарлық режимге қарсы бас көтерушілері орын алып отырды, солардың ішінде әлемді дүр сілкіндірген Қазақстандағы 1986 жылғы әйгілі желтоқсан оқиғасы Одақ көлемінде темір бұғауды бұзып-жарып шығуға талпынған алғашқы әрекет болғаны баршаға мәлім [4].

Қазақстан Республикасы егемендігін, тәуелсіздігін алғаннан кейін жағдай оң бағытқа өзгере бастады. Қазіргі нарықтық жағдайда Қазақстанда тұратын ұлттар мен ұлыстар өмірдің және қоғамдық өндірістің қай саласында болмасын толық билік пен теңдікке, еркіндік пен бостандыққа қолы жетті.

Қазақстан Республикасында тұратын ұлттар мен ұлыстар арасында сенімділік пен ынтымақтастық, келісушілік пен бір-бірін түсінушілік күннен –күнге нығайып келеді. Осылардың негізінде республика жұртшылығы арасында жанжалдар мен дау-дамай жоқ. Олардың арасындағы алуан түрлі қарым-қатынастар қоғамның бірлігін, тұтастығын күн өткен сайын дамытып, жетілдіру үстінде. Кездейсоқ жағдаймен кейбір ұлтаралық мәселелер туындай қалса, онда бұл жағдайда оны біздің мемлекетіміз бейбіт жолмен шешетіні сөзсіз.

Өндіріс ошақтарында, фирмаларда, бірлестіктерде, акционерлік қоғамдарда, корпорацияларда, шаруашылықтарда және тағы да басқа ұжымдарда алуан түрлі ұлт өкілдері бір адамдай еңбек етеді. Мұның өзі республикада тұратын 130-ға жуық ұлттар мен ұлыстардың одан әрі қарай дамып, гүлденіп, әл-ауқатының және тұрмысының жақсара беруінің зор кепілі болып есептеледі. Себебі,біз өзіміздің Ата заңымызда көрсетіп өткеніміздей, мемлекетіміздің басты құндылығы болып адам танылады деп жаздық, сол себепті, Қазақстан Республикасының азаматы экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асырушы бірден – бір тұлға болып табылады. Сондықтан да ұлтына, нәсіліне, діни сеніміне, материалдық және лауазымдық жағдайына, тіліне қарамастан қазақтар және өзге ұлт өкілдері Қазақстан Республикасының халқын құрайды.

Біздің мемлекетіміз ұстанып отырған ұлт саясатының басты мәселелерінің бірі – азаматтардың татулық пен ұлтаралық келісімді орнықтыру. Бұл келісімге халықтардың экономикалық теңдігі мен мәдени дамуын, өзара достығы, ұлттық мүдделер мен ұлттық ерекшеліктерді, тілдердің еркін қолданылуын, ұлттардың бір-біріне деген құрметін қамтамасыз етеді. Әрбір ұлттың өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан ұлттық қатынасты жан-жақты дамыта отырып, әрбір ұлттың және халықтың өзінің тарихи қалыптасқан дәстүрін және салт-ғұрыптарын сақтап,байыта түсуге толық жағдай жасалынады [5]. Мұны біздің республикамызды мекендейтін жүз отыздан астам ұлт өкілдері күнделікті өмірде сезініп отырады.

«Ұлтты жобалап-жоспарлайтын» балаң уақыт артта қалды. Мәселе тарихтың жиырмасыншы ғасырында тоталитарлық мемлекеттің мұнымен кінәлі болуымен

ғана емес, сонымен бірге іргелі деректердің түсінетін мезгілдің жеткендігінде де болу керек. Ұлт дегеніміз бұл жанды организм, оның даму барысы әлеуметтік және биологиялық және мәдени мүмкіндіктермен шектеліп отырады. Ұлтты саңырауқұлақша қаулатып өсірудің пайдасы жоқ, себебі олай ету мүмкін емес. Оның үстіне әрбір ұлттың кереметтігі сол, әдеттегі қалыптасқан мүмкіндіктерден мойын оздырып отыруға бейім болады. Демек, біреудің тойып секіргені келесі біреудің тоңып секіруіне себепші болады дегендей қалыптасқан үрдіс ұлттық табиғи секемшілігін жасырып-жабатын әдет тағы бар.

Алайда, ұлт мәселесіне қатысты жалпы үрдісті танып-түсіну, сөз жоқ, қажет, онсыз мемлекеттің алға қарай дамуының жалпы логикасын болжау мүмкін емес.

Қазақстан Республикасында Қазақстан халық Ассамблеясы қызмет етіп келеді, ол жағдайда ұлт саясатын іске асыратын бұрын-сңды болмаған ерекше қоғамдық институт болып табылады. Оның құрамына 27 республикалық және аймақтық бірліктерді, 250 – ден астам ұлттық мәдени орталықтарды қамтиды.

Ассамблея ұлтаралық бірлік пен келісімді жасауға және оны нығайтуға үлкен үлес қосуда. Оның іс-әрекетінің негізгі бағыттары төмендегідей:

1. Ұлт саясаты саласындағы жаңа заңдарды сараптауға қатынасу;
2. Ұлттық тілді, мәдениетті, әдет-ғұрыпты жандандыратын республикалық және аймақтық мәдени орталықтармен жұмыс істеу;
3. Этностардың түрлі деңгейдегі мәслихаттары және фестивальдерін өткізу;
4. Қазақстан Республикасында тұрып жатырған ұлттардың ана тілінде әдебиеттері мен бұқаралық ақпарат құралдарының шығуын дамыту;
5. Шетелдердегі қазақ диаспораларымен және этникалық топтардың өз отанымен қарым-қатынасын немесе байланыстарын ұйымдастыру;
6. Аз ұлтты өкілдерінің өз тілінде білім алуына көмектесу.

Ассамблея республика халықтарының мәдени жағынан қайта туындау және даму ісіне үлкен үлес қосып келеді. Оның нәтижесінде ұлттық мәдени орталықтардың жұмысы жақсарып келеді [6].

Ассамблея халықтың өзінше бір дипломатиялық органына айналды. Ол диаспоралардың тарихи отанымен байланыстарын қамтамасыз етуге ат салысады. Соның нәтижесінде көршілес жатқан Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикаларында қазақстандық студенттерінің саны көбеюде.

Қырғыз халқының ассамблеясымен де мемлекетіміз тағыз қарым – қатынастар орнатып отыр, оларды әрі қарай дамытуын жалғастыру үстінде.

Қазақстан халық Ассамблеясының қызметі мен тәжірибесі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен зерттелу үстінде және олар өз елдерінде оны қолдануға тырысуда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасында өмір сүріп отырған ұлттар мен этностарға құрметпеу қарау, елдегі тұрақтылықтың болуы және оларға деген қысымның немесе қарсылықтың болмауы өзара сенім стратегиясының негізі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жамбылов Д.Ә. Саясаттану. Оқулық.- Алматы 2006.

- 2 Саясаттануға кіріспе. Проф. Т.Мустафиннің редакциялауымен.-Алматы, 1997.
- 3 Рахметов Қ.Ж, Болатова А.Н, Исмағанбетова З.Н. Саясаттану. Оқу құралы.- Алматы, 2005.
- 4 Политология: уч. для ВУЗов. Под редакцией Решетникова С.В. – Москва, 1999.
- 5 Политология: уч. для ВУЗов. Ответственный редактор Перевалов В.Д. – Москва, 2001.
- 6 Джунусова Ж.Х. и др. Введение в политологию. – Алматы, 2001.

Резюме

В данной статье рассматривается вопрос о месте национального единообразия в Казахстане и межнационального согласия. Национальное единообразие является важным элементом для любой национальности.

Summary

This article discusses the question of the place of national uniformity in Kazakhstan and interethnic harmony. National uniformity is an important element for any nationality.

Қабылданған күні 23.01.2015 ж.

УДК 32:316.74+323.1

Г.К.Ризуанова, А.К.Ризуанова

Атырауский государственный университет имени Х.Досмұхамедова
Республика Казахстан, 060011, г.Атырау, пр.Студенческий,212
E-mail: anar_k5@mail.ru

АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА КАК ВЕДУЩИЙ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ СТРАНЫ

Аннотация

В данной статье Ассамблея народа Казахстана рассматривается как ведущий общественно-политический институт страны.

Ключевые слова: *межэтнические отношения, Ассамблея народа Казахстана, общественно-политический институт.*

Являясь консультативно-совещательным органом при Главе государства, Ассамблея народа Казахстана на протяжении 20 лет продолжает исполнять ведущую роль в поддержании межэтнической стабильности нашей республики.

С первых этапов своего существования АНК сконцентрировала свое внимание на реализации государственной национальной политики и повышении эффективности взаимодействия государственных и гражданских институтов общества в сфере межэтнических отношений. Ассамблея стала ключевым элементом модели межэтнического согласия, мощным стабилизирующим фактором в обществе. В нашей республике активная общественно-политическая деятельность Ассамблеи народа Казахстана, направленная на сохранение межэтнической стабильности, стала объектом пристального внимания со стороны других государств [1].

1 марта 2015 года Ассамблее народа Казахстана исполнилось 20 лет. В настоящее время ассамблея объединяет представителей порядка 130 этнических групп, населяющих регионы Казахстана. Являясь уникальным в своем роде

общественно-политическим институтом, АНК подтверждает свою значимость и востребованность. Представляя собой принципиально новый институт гражданского общества, Ассамблея и сегодня не имеет аналогов в мире.

В 1992 году Нурсултан Назарбаев на Форуме народов Казахстана, посвященном первой годовщине Независимости, впервые сказал о том, что стране нужна организация или институт, которые помогли бы формировать и проводить национальную политику. Именно там казахстанский лидер предложил новый демократический институт, отметив, что: «не одно поколение казахстанцев создавало наше главное достояние - дружбу народов».

Многое переосмысливая заново, казахстанцы не вправе растрчивать это богатство, забывать добрые традиции. Они сформировались не в последнее десятилетие и не коммунистическими директивами. Надо повседневно слышать голос каждого народа, любой национальности. Именно поэтому необходимо перевести форум на постоянную основу, создать новый общественный институт».

И уже в марте 1995 года инициатива нашла свое практическое воплощение - был создан новый консультативно - совещательный орган при президенте Республики Казахстан. Факт образования Ассамблеи народа Казахстана стал институциональным оформлением сферы межэтнических отношений в республике, своего рода органом народной дипломатии. На первых этапах своего существования Ассамблея народа Казахстана сконцентрировала свое внимание на реализации государственной национальной политики, обеспечении общественно-политической стабильности в республике и повышении эффективности взаимодействия государственных и гражданских институтов общества в сфере межэтнических отношений [2].

Для того, чтобы историческая память не угасала, чтобы к людям всех национальностей пришло понимание того, что знание государственного языка - это не только дань уважения к земле, на которой живешь, но и богатство твое, очень много сделали Ассамблея народа Казахстана, казахская интеллигенция, которую она привлекает к своей работе [1].

На сегодня Ассамблея является одним из ведущих инструментов успешной реализации государственной политики в межэтнической сфере. Необходимо отметить, что активная деятельность Ассамблеи по многим вопросам развития государства, популяризация интересов казахстанских этносов, а также создание в стране атмосферы толерантности предотвратили создание политических партий на этнической основе, политизацию этнических отношений в целом [3].

Высшим органом Ассамблеи является сессия, которая проходит под председательством Президента страны. Решения, принимаемые на сессиях АНК, не имеют юридической силы, однако во многих случаях на основе них принимались принципиально важные для развития страны документы, имевшие законную силу. Членами Ассамблеи являются в основном представители национально-культурных общественных объединений, проживающие в Казахстане [4].

Знаковым событием 2008 года стало принятие Закона «Об Ассамблее народа Казахстана», который обозначил политическое признание и роль Ассамблеи в укреплении мира и согласия в стране, обеспечил нормативно-правовое регулирование ее деятельности.

Неслучайно именно Ассамблея народа выступила с такой судьбоносной для страны и своевременной идеей о проведении досрочных президентских выборов. Выборы, на которых мы готовы продемонстрировать общее и главное желание -

сохранить наше счастье жить в мире, быть спокойными за будущее наших детей, - веление сегодняшнего дня.

Как подчеркивают в АНК, в международном сообществе Нурсултана Назарбаева знают как мудрого и авторитетного лидера. Его мирные внешнеполитические инициативы получили глобальную поддержку, и не только со стороны главных международных организаций и мировых лидеров, но и у миллионов простых людей. Международный авторитет Президента РК является огромным внешнеэкономическим активом нашей страны, гарантом внешней безопасности и стимулом для привлечения инвестиций [5].

Список литературы

- 1 Жанадилов Б. Интернет-версия областной общественно-политической газеты «Ақмолинская правда», 27.02.2015.
- 2 Тағдырлары табыстырған халықпыз. Единоы связаны судьбой. – Алматы - Атырау, 2006.- 296 С.
- 3 Типовое положение Совета общественного согласия Ассамблеи народа Казахстана.
- 4 Положение об Ассамблее народа Казахстана. – Утверждено Указом Президента РК от 7 сентября 2011 года №149.
- 5 Королев А. Интернет-версия областной общественно-политической газеты «Алматы».

Түйіндеме

Бұл мақалада еліміздің жетекші қоғамдық-саяси институт ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы талқыланады.

Summary

This article discusses the Assembly of People of Kazakhstan as a leading socio-political institutions of the country.

Дата приема 23.01.2015 г.

УДК 323.1

Г.К.Ризуанова, А.К.Ризуанова

Атырауский государственный университет имени Х.Досмұхамедова
Республика Казахстан, 060011, г.Атырау, пр.Студенческий,212
E-mail: anar_k5@mail.ru

АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

В данной статье рассматривается деятельность Ассамблеи народа Казахстана Атырауской области.

Ключевые слова: Ассамблея народа Казахстана, Конституция РК, этнические группы и конфессии.

«Ассамблея - это инновационная модель всенародного представительства интересов всех граждан и успешный инструмент нашей молодой демократии».

Н.А. Назарбаев

Институт Ассамблеи Народа Казахстана является детищем нашего Елбасы – Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева. Впервые он выдвинул эту идею на Первом Форуме народа республики, состоявшемся в январе 1993 года. В нем принимали участие представители казахских диаспор в России, Киргизии, Китае, Узбекистана, Монголии и других странах. Данная идея нашла горячую поддержку у участников Форума.

После этого Ассамблея была создана в Казахстане как общественное объединение и не имела своих структур в областях. Жизнь постоянно диктовала правильность и актуальность выдвинутой Президентом мысли о создании Ассамблеи. Поэтому в дальнейшем они начали создаваться в каждой области, и Малые Ассамблеи объединили функционировавшие в те годы национальные культурные центры. Первым председателем Ассамблеи был избран Президент страны, а его заместителями – А.Байменов и С.А. Терещенко.

Постепенно АНК оправдала надежды Президента и всего народа. Уже через два года 1 марта 1995 года Президентом был издан Указ «Об образовании народов Казахстана», где утверждены Положения об Ассамблее, а также дата созыва ее первой сессии. И она была создана как консультативно-совещательный орган при Президенте РК.

Сегодня Ассамблея народа Казахстана имеет государственный статус. В республике и областях образованы свои освобожденные структуры. Ассамблея представляет своих депутатов в Парламенте РК. Одним словом, Ассамблея народа Казахстана – живой организм, на который возложена ответственная и почетная миссия по обеспечению единства и сплоченности представителей разных этнических групп и конфессий [1].

В Атырауской области Малая Ассамблея народа Казахстана (МАНК) в первые годы своего существования объединяла всего четыре национальных культурных центра: немецкий, татаро-башкирский, русский и болгарский. В настоящее время в Атырауском филиале АНК – 17 этнокультурных центров, который осуществляет свою деятельность в унисон с требованиями Конституции нашего государства, с глубоким пониманием и поддержкой ежегодных Посланий Президента Н.А.Назарбаева, совместно проводит национальные праздники разных народов, активно выступает за пропаганду государственного языка, воспитывает молодое поколение в духе патриотизма и толерантности. Каждый этнокультурный центр во главу угла своей деятельности ставит ту истину, что развивая свои национальные традиции и обычаи, свой язык, т.е. через расцвет национальных черт и устоев, обеспечивает сближение друг с другом [2].

При Атырауском филиале действуют некоторые общественные группы, как Совет аксакалов, Совет общественного согласия, научно-аналитическая группа, Совет матерей «Алтын Шаңырақ», которые возглавляют известные люди с большим опытом, ученые, имеющие весомый авторитет среди населения и общественности.

Так, Совет общественного согласия образовался с целью содействия повышению роли и укрепления общественного согласия в многонациональных трудовых коллективах, решения социальных, трудовых споров путем проведения конструктивного диалога, координации деятельности организации по налаживанию благоприятной атмосферы в коллективе, всестороннего укрепления связи с общественностью.

Совет призван сформировать комплекс позитивных ценностей, толерантные отношения в коллективе на основе взаимоуважения и согласия, укрепить казахстанский патриотизм, престиж рабочего места в обществе.

Совет общественного согласия в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об Ассамблее народа Казахстана», нормативно-правовыми актами РК, принимаемыми Президентом и Правительством Республики Казахстан, рекомендациями Ассамблеи народа Казахстана [3].

Недавно широко отмечалось в стране 20-летие создания Ассамблеи и текущий год был объявлен Годом Ассамблеи народа Казахстана.

О значимости роли Ассамблеи в жизни каждого казахстанца говорит тот факт, что готовящиеся в настоящее время досрочные выборы Президента страны, назначенные на 26 апреля, были инициированы Ассамблеей народа Казахстана. Эта инициатива одними из первых была поддержана нашими Атыраускими этнокультурными объединениями, Атырауским государственным университетом имени Халела Досмұхамедова, о чем писали все наши областные средства массовой информации.

В Атырау, по инициативе акима области Б.С. Измұхамбетова, открылся «Дом дружбы», где каждое этнокультурное объединение имеет возможность пропагандировать свои национальные культурные, экономические и духовные ценности [4].

Список литературы

- 1 Положение об Ассамблее народа Казахстана. – Утверждено Указом Президента РК от 7 сентября 2011 года №149.
- 2 Тағдырлары табыстырған халықпыз. Единоы связаны судьбой. – Алматы - Атырау, 2006. 296 С.
- 3 Типовое положение Совета общественного согласия Ассамблеи народа Казахстана.
- 4 Положение о структуре АНК в национальных компаниях, предприятиях и организациях Атырауской области.

Түйіндеме

Бұл мақалада Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі қарастырылады.

Summary

This article discusses the work of the Assembly of People of Kazakhstan Atyrau region.

Дата приема 23.01.2015 г.

УДК 323.21**С. Г. Аслялиева**Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова
Республика Казахстан, 060011, г.Атырау, пр.Студенческий,212**МИР И СОГЛАСИЕ В НАШЕМ ДОМЕ****Аннотация**

Главное завоевание – межнациональное и межконфессиональное согласие в нашем общем деле. В статье рассматривается деятельность государства в доме укрепления мира и согласия.

Ключевые слова: *этнос, межнациональный мир, межконфессиональное согласие.*

ВВЕДЕНИЕ

История нашей независимости – это летопись дружбы всех народов, населяющих Казахстан. Отсюда и победы государства на всех уровнях. Это и построение стабильной рыночной экономики, и авторитет республики на мировой арене. Но, пожалуй, главным завоеванием следует считать межнациональное и межконфессиональное согласие в нашем общем доме. Не было бы этого, не было бы и ничего другого.

Представители самых разных этносов работают на государственной службе, в бизнесе, сфере науки и образовании.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Во многом все это стало возможно благодаря грамотной политике Первого Президента страны Нурсултана Назарбаева. Мы все знаем, как сложились судьбы большинства бывших республик СССР, где на национальной почве и сегодня далеко не все благополучно. Главная проблема этого вопроса заключается в трудноразрешимости подобного рода конфликтов, которые к тому же стали одним из наиболее распространенных источников общественных противоречий и политической нестабильности в мире.

И народ Казахстана ценит согласие в стране.

Многонациональный народ Казахстана подтвердил, что свое благополучие сегодня и в будущем он неразрывно связывает со своим признанным и испытанным лидером.

По словам Нурсултана Назарбаева, нашими следующими шагами должны стать дальнейшее укрепление национального единства, улучшение жизни, а также инновационно-индустриальное развитие страны.

Тут стоит особо подчеркнуть, что в достижение этих высоких целей достойный вклад вносит Ассамблея народа Казахстана.

Деятельность государства в деле укрепления мира и согласия настолько богата, что сегодня многие из наших зарубежных соотечественников возвращаются на свою настоящую Родину. Они понимают, что лишь здесь смогут реализовать свой потенциал и принести пользу стране, в которой родились.

И в этом, наверное, еще одна причина того, что в Казахстане, как нигде в мире, развиты добрососедские, истинно человеческие чувства по отношению друг к другу: мы имеем в виду особую духовность народов, населяющих бескрайние просторы нашей страны [1].

В стране созданы все условия для того, чтобы представители каждой нации сохраняли свой язык и культуру.

В разных регионах республики школы работают на принципах трехязычия, обучая детей на казахском, русском и английском языках.

Но идеальную модель дружбы, каковая существует сегодня в Казахстане, мало создать: ее еще необходимо оберегать от внешних угроз.

Казахстан – уникальная страна, откуда в мир традиционно распространяются прогрессивные интеграционные инициативы, здесь проходят саммиты и встречи доброй воли. Сегодня казахстанцы уверены, что на их Родине обеспечено абсолютное равенство прав граждан, независимо от их национальной принадлежности [2].

У нас созданы все условия для того, чтобы различные этносы могли сохранять свои язык и культуру.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

В заключение хочется привести слова Президента Казахстана:

- Мы все разные, люди на земле разные – по внешнему виду, по цвету волос и глаз. Если люди не будут терпимы, не поймут друг друга, тогда что же будет с этим миром? Поэтому за согласием, миром, взаимопониманием, терпимостью стоит большая проблема – проблема сохранения нашей цивилизации. Межнациональный мир и согласие не есть нечто данное нам свыше. Это результат повседневной политики и практики государства и всех нас.

Список литературы

1. Кадырбаев М. К., Агапов Л. В. Сокровища древнего Казахстана. – Алма – Ата, 1979.
2. Клещев Е. Независимость невозможна без духовности. «Страна и мир», 12 сентября, 2011. – С. 5.

Түйіндеме

Бұл мақалада ұлттық қауіпсіздік мәселелері қарастырылған.

Summary

This article describes the issues of national unit and security's strengthening.

Дата приема 24.01.2015 г.

УДК 323.1

Р.Б. Ертелеева

Атырауский государственный университет имени Х.Досмұхамедова
Республика Казахстан, 060011, г.Атырау, пр.Студенческий,212
E-mail: erteleeva@mail.ru

КАЗАХСТАНСКАЯ МОДЕЛЬ МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ

Аннотация

В статье рассматривается место и роль Ассамблеи народа Казахстана (АНК). Указываются структура, цели и задачи АНК. Функции малых ассамблей и этнокультурных объединений. АНК как феномен 21 века.

Ключевые слова: *Ассамблея народа Казахстана, межэтническая толерантность и межконфессиональное согласие, малая ассамблея, общественный институт и межнациональные отношения.*

ВВЕДЕНИЕ

Наступивший 2015 год Указом Президента страны Н.А. Назарбаева объявлен Годом Ассамблеи народа Казахстана. В этом же году наша республика будет отмечать знаменательные даты: 20-летие Ассамблеи народа Казахстана, 20-летие Конституции страны, 550-летие Казахского Ханства, 70-летие Победы над фашизмом, 170-летие Абая Кунанбаева, 180-летие Шохана Валиханова. Празднование этих юбилейных дат будет хорошим поводом показать успехи экономического, политического, социального, культурного и духовного развития нашей страны, глубокую преемственность нашей государственности.

Будущее страны, нации, государства непосредственно зависит от степени усвоения и осознания человеком общности истории, знания языка, проникновения в культуру – важнейших компонентов единого фундамента национального единства, мира и согласия.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Казахстан должен развивать свой конкурентный потенциал, одновременно отстаивая концепцию сплоченного государства, придерживаясь и пропагандируя такие ценности, как равенство и социальная интеграция. Казахстанский культурный ренессанс стал возможен благодаря успешно действующей уникальной Казахстанской модели межэтнической толерантности и межконфессионального согласия Н.А. Назарбаева, которая получила глобальное признание и пристально изучается во всём мире. «20-летие АНК подчеркивает уникальную роль ассамблеи как стового хребта межнационального согласия и единства, внутри политической стабильности и религиозной толерантности, мира и благополучия» [1], - подчеркнула государственный секретарь Республики Казахстан Гульшара Абдыкаликова в интервью «Казахстанской правде».

АНК – это генератор многих идей и предложений, которые в большинстве случаев учитываются на государственном уровне. Структура ассамблеи выстроена так, что она охватывает все областные, городские, районные и сельские этнокультурные объединения.

Идея создания Ассамблеи народа Казахстана была впервые высказана Президентом страны Н.А. Назарбаевым в 1992 году, на Первом Форуме народов Казахстана, посвященном первой годовщине Независимости. 1 марта 1995 г. В Алматы состоялась первая ее сессия, в которой приняло участие 40 национально-культурных центров и действует как консультативно-совещательный орган при Главе государства.

Цели и задачи Ассамблеи, структура и организация работы, основные направления деятельности определены в Положении об Ассамблее народов Казахстана и Стратегии Ассамблеи, утвержденных Указом Президента Республики Казахстан от 26 апреля 2002 года.

Деятельность Ассамблеи направлена на решение следующих задач:

- содействие сохранению в республике межнационального и межконфессионального согласия, стабильности в обществе;
- выработка предложений по проведению государственной политики,

способствующей развитию дружественных отношений между представителями национальностей, проживающими на территории Казахстана, содействие их духовно-культурному возрождению и развитию на основе соблюдения принципа равноправия;

- формирование политической культуры граждан, опирающейся на цивилизованные и демократические нормы;
- обеспечение учета многообразных национальных интересов в проводимой государством национальной политике;
- поиск компромиссов для разрешения возникающих в обществе социальных противоречий.

Первый Президент Республики Казахстан является пожизненным председателем Ассамблеи. Председатель Ассамблеи определяет и утверждает основные направления деятельности Ассамблеи, у него 2 заместителя, которые назначаются на основании рекомендации Совета Ассамблеи актами Президента Республики Казахстан.

Сессии Ассамблеи созываются Председателем Ассамблеи. Дата, место проведения и предполагаемая повестка дня сессии Ассамблеи объявляются за месяц до начала ее работы. Сессия созывается не реже одного раза в год. Внеочередная сессия Ассамблеи созывается Председателем Ассамблеи по собственной инициативе или по просьбе не менее одной трети от общего числа членов Ассамблеи и проводится в месячный срок со дня принятия решения.

Состав же, формируется из числа представителей государственных органов, национально-культурных и других общественных объединений, а также иных лиц с учетом их авторитета в обществе, общественно-политической активности. В настоящее время Ассамблея имеет в своем составе 350 членов.

Рабочим органом Ассамблеи является Секретариат, структурно входящий в состав Администрации Президента РК.

Необходимо отметить, что Ассамблея в своей работе тесно взаимодействует с малыми ассамблеями, которые созданы во всех областных центрах и в городах Астане и Алматы. Малая ассамблея выполняет функции представительства Ассамблеи народа Казахстана в регионе, одновременно являясь консультативно-совещательным органом при акиме соответствующей области, города Астана или Алматы.

Кандидаты в члены Ассамблеи народа Казахстана выдвигаются решениями сессий малых ассамблей по предложениям национально-культурных центров, а от региональных и республиканских общественных объединений рекомендуются решениями их высших органов.

За прошедшие двадцать лет Ассамблея народа Казахстана превратилась в авторитетный общественный институт гармонизации межнациональных отношений, обсудила важные вопросы социально- политической жизни общества, связанные с дальнейшими экономическим и политическим реформированием казахстанского общества.

Ежегодно государство оказывает финансовую поддержку деятельности национально-культурных объединений и малых ассамблей, для руководителей национально-культурных центров утверждены Президентские гранты.

Начавшийся активный процесс возрождения национальных культур привел к созданию 22 республиканских и региональных национально-культурных центров, которые объединяют 470 областных, городских и районных организаций.

В стране действует более 100 национальных школ, функционирует 170 воскресных школ, где изучаются 23 родных языка. В трех школах национального возрождения работают 29 отделений по изучению 12 родных языков. На финансовую поддержку этих школ Правительство страны выделяет ежегодно 12 млн. тенге. Кроме того, им оказывается помощь и из местного бюджета.

В Казахстане издается 4 республиканских и 15 региональных национальных газет, работает 6 национальных театров (казахский, русский, немецкий, уйгурский, корейский и узбекский).

Ежегодно выходит в свет несколько десятков новых книг на языках этнических групп. Стали традиционными ежегодные массовые народные праздники Наурыз, Масленица, Рождество и др. Несомненно, эти мероприятия послужат дальнейшему укреплению единства и согласия, развитию казахского языка и национальной культуры казахов, других этносов страны.

Деятельность ассамблеи способствует росту международного авторитета РК как страны эффективно решающей проблемы межнациональных отношений. Вклад Ассамблеи по достоинству оценен на самом высоком уровне. В 2002 году, бывший ген.секретарь ООН Кофи Аннан, совершивший визит в нашу страну сказал: «Пример Казахстана может научить других тому, как можно рассматривать многообразие как благословение, а не как бич. Казахстан является примером межнационального согласия, стабильного, устойчивого развития, для других государств мира» [2]. Высоко отозвался о Казахском народе и Римский Папа Иоанн Павел II, посетивший Казахстан.

Этнокультурные объединения выполняют конкретные планы по реализации положений Послания Президента Казахстана «Нурлы жол – Путь в будущее». В этом документе Главой государства сказаны замечательные слова: «Межэтническое согласие – это живительный кислород...Мы должны сами беречь наше единство и межэтническое согласие» [3].

«Ассамблея народа Казахстана как общегражданский, общенародный институт является неотъемлемым элементом государственной национальной политики. Это уникальный механизм межкультурного и межэтнического диалога, действенный инструмент народной дипломатии» [4].

В настоящее время, в Казахстане нет ни одного моноэтнического города или области и Атырау не исключение. Рядом с коренной нацией – казахами проживают представители более 87 наций и народностей, имеющих собственную культуру, традиции. В связи с этим в Атырауском государственном университете имени Х.Досмұхамедова открыт институт Ассамблеи народа Казахстана.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

В этом году по реализации задач обозначенных руководством АНК, Ассамблея города Атырау проведет молодежные форумы, благотворительные, спортивные и патриотические мероприятия, конкурсы, в научных библиотеках – выставки книг и литературы, различные презентации.

Перед казахстанцами, независимо от их национальной принадлежности, вероисповедания, поставлена амбициозная задача по вхождению нашего государства в число 30 развитых стран мира и деятельность АНК способствует достижению этой цели.

Список литературы

- 1 Г.Абдыкаликова «Казахстанская правда» - 14.01.15 г.
- 2 К.Аннан «Kazakhstan today» - 18.10.2002 г.
- 3 Н.Назарбаев «Нұрлы жол-путь в будущее» - Астана. 11.11.14 г.
- 4 Закон «Об Ассамблее народа Казахстана» - 20.10.2008 г.

Түйіндеме

Бұл мақалада Қазақстан Халқы Ассамблеясының (ҚХА) орны мен маңызы, құрылымы, міндеттері қарастырылады. Сонымен бірге кіші ассамблеялар мен этномәдени бірлестіктер қызметтері талқыланып, ҚХА ХХІ ғасыр феномені ретінде саналады.

Summary

This article deals with the place and role of Assembly of Kazakhstan people. The structure, the purposes, tasks of Assembly of Kazakhstan People and functions of small assemblies and ethno cultural associations are specified. Assembly of Kazakhstan People is considered as a phenomenon of the XXI century.

Дата приема 27.01.2015 г.

ӘОЖ 94**М.С.Касенов**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы 212.
E-mail: kasenov.1959@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ АСТАНАСЫ – САРАЙШЫҚ**Аңдатпа**

Мақалада Атырау жеріндегі, Жайық өзені жағасындағы Сарайшық қаласы туралы зерттеулер берілген. Қалада археологиялық қазба жұмысы жүргізіліп жатыр. Соңғы кезде жазбаша деректер де табылуда. Келешекте қалада зерттеулер жалғаса береді. Бірақ қала тарихы туралы көптеген мәліметтер белгісіз. Сонымен бірге қаланың қазақ хандығының, қазақ мемлекеттінің құрылуы мен дамуындағы, орны бағаланбай отыр. Осы мәселе мақалада баяндалады.

Негізгі сөздер: *Отрықшылық мәдениетінің қалыптасуы, өркендеуі, құлдырауы. Сарайшық қаласының дамуының алғы шарттары. Отрықшылықтың Батыс Қазақстан аймағында дамымау себебі.*

КІРІСПЕ

Сарайшық қаласының құландысы Атырау қаласынан солтүстікте 58 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында, Махамбет ауданындағы, қазіргі Сарайшық ауылы түбінде. Қазіргі кезде қаланың үштен бірі ғана қалған. Қалған бөлігін өзен шайып кеткен.

Қала туралы жазба деректерді бізге саяхатшылар мен тарихшылар қалдырған. Қаланың орнында бұрын қандай қала болған, ол қай ғасырда салынып қалай аталғаны туралы мәлімет жоқ.

Археологиялық зерттеулерден қаланың төменгі мәдени қабатынан VIII ғасырлардың жәдігерлері кездеседі. Сондықтан қала орнында ежелгі мекен болғаны анықталып отыр [1].

Сарайшық туралы алғаш мәлімет берген араб көпесі әрі жиһангезі Ибн-Батута еді. Ол, мұнда 1333-1334 жылы келді. Ибн-Батута өзінің «Саяхатнамасында» былай дейді: - «Сарайдан шығып, он күннен кейін біз Сарайджук деген қалаға жеттік, джук-кіші деген мағынаны береді. Ол, Ұлысу деп аталатын үлкен әрі ағынды өзеннің жағасында орналасқан. Онда Бағдаттың көпіріндей қайықтардан жасалған көпір бар. Осы қалада біздің аттылы - арбалы сапарымыз аяқталды. Біз онсыз да арып-жадаған ат-көлігімізді қаладағы арзаншылыққа байланысты, әр жылқыны төрт күміс динарға бағалап, төмен бағамен саттық. Арбаға жегу үшін біз түйелер жалдадық. Бұл қалада түркіден шыққан құрметті тақуа діндар кісінің тұрар жайы (Завия) бар, оның аты – Ата. Ол бізді қонақ қылды әрі батасын берді. Бізді тағы да осы қаланың аты-жөні менің есімде қалмаған бір қазысы қонаққа шақырды. Біз осы арадан Хорезмге дейін отыз күн суыт жүрдік, жол бойы тек екі-ақ сағат, бірде түс әлетінде, енді бірде ақшамда ғана аялдадық» [2].

Бұл еңбектің түп нұсқасын: «Тухфатуль анзар фи гарайбль амсар уа ажибль асфар» деп те атайды [3].

Қала халқы, қолөнер, сауда саттық және керуендер мен саяхатшыларға қызмет көрсету арқылы күн көрді. Жайық өзенінің мол балығы негізгі тамақ түрі болды. Балық сүйегі үйлердің археологиялық қазбасынан көптеп табылды.

1360-1370 жж. Алтын Ордада тақ үшін ақсүйектер арасында қырқыс басталды. Соғыс пен саудадан байыған ақсүйектер орталыққа бағынбады. 1359 ж. Батудың ұрпағы, Бердібек өлді, Сарай тағына Орда Еженнің ұрпақтары Ақ Орда хандары дәмелі болды. Қуыршақ хандар таққа отырды, тақа таласты. Билікті алған хан басқа бақталастарының тұқымдарын қырып отырды. Қала 1370 ж. Шайбан ұрпағы Айбектің құзырында болды. Орданы Ежен ұрпағы Орыс хан биледі, кейін Шайбан тұқымы Арабшах иемденді.

XVII ғ. тарихшысы Махмуд Ибн-Валидтің мәлімдеуінше, ол Сығанақтағы Ордасын Сарайшыққа ауыстырмақшы болды.

1380 жылы Әмір Темір қолдауымен Тоқтамыс Алтын Ордадағы билікті өз қолына алады. Кейін Ақсақ Темір мен Тоқтамыс арасында билікке талас басталды.

Ақсақ Темір Тоқтамыстың қол астындағы қалаларды басып алып тонады. Соның ішінде Сарайшық қаласы да бар еді.

Темірдің өмірбаяншысы Ибн Арабшах былай деп жазады: «... Длился этот бой и погром около трех дней; рати Токтамысы разбежались и отступили, а полчища Тимура разбрелись по владениям Дештским. Он покори́л племена их и ему подчинились последние и первые из них. Завладел он движимым и разделил его, да недвижимым и увез его собой, собрал все захваченные и роздал добычу, дозволил грабить да полонить, произвел гибель и насилие, уничтожил племена их, истребил их, изменил порядки да увез с собою все захваченные деньги, пленных и имущество. Передовые войска его дошли до Азака и он разрушил Сарай, Сарайчук, Хаджитархан и вся эти края. Возвысилось положение Идику при нем. Затем он перебрался в Самарканд, в сообществе с Идику пожелав от него, чтобы он последовал за ним...» [4].

Кейбір дерек бойынша Сарайшықты Ақсақ Темір қиратпаған. Қаланың құлдырауы жалпы Алтын Орданың ыдырауынан, өз ара қырқысу соғысынан болуы мүмкін дейді. Бұл деректегі «Идику» ол Едіге батыр. Темір мен Едіге одақтас болып

Тоқтамысқа қарсы соғыс жүргізді. Сарайшық Едігенің ордасы болған. Қаланың қирамауына осы себеп болған.

Ноғайлық кезең XV-XVI ғасырға сәйкес келеді. Ноғай ордасы 1426-1557 жылы құрылды деуге болады [5].

Ноғай батыр Алтын Орданың әскер қолбасшысы болды. Өзінің ордасы ретінде Сарайшық қаласын таңдап алды. Ноғай Алтын Орданың негізгі билеушісі болды. Тақталас кезінде, хандардың бақталасына араласып отырды. 1300 жылы өлтірілді. Оның қол астындағы рулар өздерін Ноғай жұртымыз деп атады.

Сарайшықта Ноғайдың маңғыт тайпасының өкілдері болды. «Ноғай» этнонимі XV ғ. аяғында ғана пайда болды. Ноғай ордасының территориясына Еділ мен Жайық арасындағы дала кірді.

Ноғай ордасының құрамына жиырмадан астам тайпа мен рулар енді: наймандар, қыпшақтар, алаштар, қаңлылар, алшындар, қоңыраттар, қатағандар, ұйғырлар, ткайлар, маңғыттар және т.б. Бұл негізінен этникалық емес, саяси бірлестік болды. Ноғай ордасы құлағаннан кейін көптеген рулар мен тайпалар этникалық құрамын және рулық байланыстарын сақтай отырып, қазақ халқының қалыптасуының күрделі процесіне қатысып, қазақ жүздерінің құрамына енді.

1420 жылдардан кейін Сарайшық қаласы атақты Әмір Едігенің баласы Нұрадиннің (1426-1440 жж.) тұсында күшейіп нығайды, немересі Оқас тұрғанда жеке мемлекет Ноғай Ордасы болып құрылған Маңғыт әулетінің орталығына айнала бастады [6].

Шайбанитермен Сырдария өңіріндегі қалалар үшін қырғын соғыста, қазақ хандығына күш жинау үшін жаңа аймақ (плацдарм) қажет болды. Бұрындық пен Қасымхан ол үшін Батыс жеріндегі Сарайшық қаласын таңдады. Бұл сол кездегі өте дұрыс шешім болды. Алтын Орданың ыдырауынан Жайық пен Еділ арасы иесіз жатты. Бұл қазақ хандығының жерін батысқа ұлғайтуға және жаңа тайпалар мен руларды хандықа қосуға мүмкіндік туғызды. Екі жылда қазақ хандығы Сарайшық ставкасында күшейіп, әскер санын өсіріп, шайбанитерге күйрете соқы берді.

1519 жылдары Сарайшық қазақ хандығының астанасы болды. Қасымханның (1511-1521 жж.) жер иелігіне Каспий жағалауы мен Жайық өңірі кірді. Бұрындық пен Қасымхан кезінде қазақ хандығының шекарасы Еділ өңіріне дейін кеңейді.

Вельяминов–Зернов В.В. – Қасымхан туралы еңбегінде былай дейді: «При Брундуке – хане и Касым – хане власть их распространяется до Урала и даже до Волги (1519 г.). Своей столицей они сделали город Сарайчик на Яйке» [7].

XVI ғ. М.Х.Дулатидің әйгілі «Тарихи Рашиди» шығармасында: «Қасымнан бұрын хан болған Бұрындық біраз уақытқа дейін өз ордасын Сарайшықта ұстанған және сол жерде Қасым хан дәрежесін иеленбесе де, оның билігі үстем болғаны сонша, ешкім де Бұрындық хан туралы ойламады» –деп жазды.

Ол, «Тарихи-Рашиди» кітабын жазады: «Бурундук-хан находился в Сарайчуке: Касым –хан же (откочевывал и), отдалясь от него подошел к границам Могулистана и избрал своим зимовьем Кара-Тал» [8].

Бұл деректі М.Тынышбаевта келтіреді. «Бурундук считавшийся главным ханом, проживал обычно в Сарайчике» [9].

Сарайшық қаласы XVI ғ. ортасында қазақ хандығы билігінен шығып қалды. 1568 жылдары Хақназар хан (1538-1580 жж.) қаланы қайтадан қазақ жеріне қосты.

Сарайшық қаласын ноғайлар мекендеді. Австрияның Москвадағы елшісі Сигизмунд Герберштейннің 1549 жылы айтуынша Сарайшықты бұл кездері

ноғайлының бекзадасы Шидак басқарған. Ол картада Сарайшықты Жайық өзенінің сол жағалауына орналастырады [10].

«За татарами Казанским прежде всего встречаем татар с прозвищем ногай (Nadai), живущих за Волгою, около Каспийского моря, по реке Яику, вытекающей из области Сибирской. Они не имеют царей, а только князей. В наше время эти княжества занимали три брата, разделившие области поравну между собою: первый из них, Шидак, владел городом Сарайчиком (Scharaitzik, Saraitzick-нем.), (изд.) за рекою Ра, в направлении к востоку, и странюю, прилегающей к реке Яику; другому, Коссуму, принадлежало все, что находится между реками Камой, Яиком и Ра; третий из братьев, Шихмамай, занимал часть области Сибирской и всю окрест лежащую страну. Слово Шихмамай значит святой, или могущественный. Эти страны почти богаты мехом, за исключением той, которая простирается, у Сарайчика: она степная» [11].

1558 жылы осы жерлерде болып қайтқан ағылшын көпесі Антоний Дженкинсон осы пікірді растайды. Ол Сарайшық қаласын және басқа да елді мекендерді өзінің картасына түсірген.

Ол, Иван Грозныйдің рұқсатымен Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауына саяхат жасаған. Ол былай деп жазады: «Каспий теңізінен бір күндік сапар шегіп, үлкен өзеннің жағасына салынған Сарайшық қаласына келдік. Қала шығыс пен батыстың ортасындағы керуен, сауда жолының бойына салынғандықтан қолөнері мен саудасы дамыған, гүлденген қала екен» - дейді [12].

Сарайшық ірі сауда орталығы болғаны туралы Ә.Х.Марғұлан былай дейді: «Феодализм туып, көркею заманында және осыған байланысты халықаралық сауда мен айырбастық жандануына сәйкес, сауда жолдарының бойынан елді мекендер пайда болып отырған. Бұлар тіпті географиялық қолайлы орналасу жағдайларына байланысты экономикалық жағынан іріленіп, көрікті қалаларға да айналып, тарихи дамуымызда елеулі із қалдырған. Сондай жолмен Қазақстан территориясында пайда болған «Ортағасырлық қалалардың бірі –Сарайшық» [13].

Ә.Х.Марғұлан 1951 жылы Бүкіл Одақтық археологтардың кеңесінде жасаған «Сарайшық қазбалары атты баяндамасында»: «Сарайшық қаласы XIII ғасырдың II - жартысынан бастап, XV ғасырдың басына дейін Алтын Орданың ең басты қалаларының бірі болды және Шығыс Европа мен Орта Азияны, Қытайды өзара байланыстырған керуен жолының өте маңызды түйініне айналды»- деп баяндады [14].

Сарайшықта жеті хан жерленгені туралы аңыз қайдан шыққаны белгісіз. Жазба дерек жоқ. Қазақ ұғымында «7» саны қасиетті, киелі сан болған. Сондықтан жеті хан жерленген деген ұғым қалыптасқан болса керек.

Жеті хан жерленгені туралы тек, Шынияз Шанайұлы ақын айтқан [15].

«Сарайшықта бар дейді»

«Жеті ханның моласы»-деген.

Ал, 2000 жылы ашылған Сарайшық пантеонында 4 ханға: Мөңке Темір хан, Тоқта хан, Жәнібек хан, Қасымханға құлпытас орнатылған.

Ал, Әмір Уақас би, Әмір Шайх-Мамай, Әмір Жүсіптер хан әулеті болмаған.

Қазақ ханы Қасым хан (1445-1518 ж.) Сарайшық қаласында жерленген. Қасым ханның Сарайшықта жерленгенін Қадырғали Жалайыр Шежірелер жинағында жазады: «Ең алдымен айтылатын Қасым хан, Жаған бегімнен (бәйбішеден) туған еді. Бірақ жылдар бойы атасы басқарған ұлысында патшалық құрды және өз тұсында әр тараптағы уәлаяттарды бағындырды. Оның хикаясы әр

жерде айтылады, сондықтан мәлім, мәшһүр болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр» [16].

Шежіреші Ораз-Мұхаммед осы деректі жазады: «Әрқайсысы (Жәнібек ханның ұлдары мен немерелері) өз ордасын құрды, сонда билеуші болып, атақ-даңққа бөлене білді. Олардың есімдері әлі күнге дейін ел есінде. Солардың бірі Жаған-бегімнен туған Қасым хан еді. Ол біраз уақытқа дейін әкесінің ұлысында билік құрды және көптеген көрші елдерді бағындырды, оны бүгін де барлығы есте ұстайды. Ол, Сарайшықта қайтыс болды және оның зираты қазірде сонда орналасқан» [17].

Хайдар Дулати: «Қасым хан хижраның 924 ж. (1518 ж.) дүние салды» - дейді.

Оның мазары XVIII ғ. дін аман болғанын тарихшы А.П.Чулошников баяндайды: «...он умер еще за несколько лет до этого (около 1518-20 г.), г.Сарайчике где и был похоронен, уже как повелитель и Дешт -Кипчака» [18].

XVIII ғасыр ортасында Қасым хан мазары құлатылып, оның қыш кірпіштері бұзылып басқа құрлыстарға пайдаланылған. Оның бейіті қазіргі Сарайшық қаласындағы қазақ қорымы астында деп есептеледі.

Этнограф Ахмет Тоқтабаев ол туралы мынадай дерек тапқан. Қасым ханның қабірін ұрпақтары күні бүгінге дейін ұмытқан жоқ. Бұл туралы 1913 жылы туған, кезінде Атырау облысында басшылық қызметте болған Шоқан Қаржауов былай дейді: «...Әкем Мырзағали 1937 жылы қайтыс боларда мені хан бейітіне, Қасым ханның жанына жерлеңдер. Бейіттің жанында мешіт болуға тиіс» – деп өсиет етті. Әкемнің өсиетін орындайын деп, мәйітін Гуревтен Сарайшыққа әкелдім. Сұрастыра жүріп 90-ға келіп қалған бір ноғай шалына кездестім. Ол, Қасым хан бейітінің баспалдақпен түсетін жартылай жер асты мешітінде екенін айтты. Мешіттің бір қабырғасы түгелдей шымылдықпен жабулы тұр, әрі қарай қазсаң хан бейітінің үстінен шығасың. Әкемді сол жерге жерлеп, моласын соқтық. Інім Қаржауов Нығмет сол бейітке жерленген, маңайы темір шарбақтармен қоршалды.

1950 жылы Академик Әлкей Марғұлан Сарайшықта қазба жұмысын жүргізгенде, Қасым ханның қабіріне қатты қызығушылық білдірді. Бірде Әлекеңдер жұмыс істеп жатқан жерге келсем, ол: «Мешіттің жанын қазып едік, наубайхана шықты, бұл қалай?» деп, бізден сұрады. Сонда біз: «Ертеде мешіт жанынан наубайхананы қоса салатын болған. Себебі, намаз жаназаға жиналғандарға таба наннан дәм таттыруға дәстүрлі болған» - деп жауап беріп едік, «Ә солай екен ғой» - деп, Әлекең жауабымызға қанағат бірдірді [19].

Қазір Қасым хан қабірін іздеген археологиялық зерттеулер әзірше нәтиже бермей отыр.

Қазақ хандығы мен Ноғай ордасы кейде бейбітшілік, кейде соғыс жағдайында болды. 1534 жылы орыс елшісі Данил Губин Қаһарлы Иванға былай дейді: «қазақтар күшті, олар ноғайларға қарсы соғысқа дайындалуда, ал Мұсаның ұлдары Шейх – Мамай мен Жүсіп мырзалар Қазақ Ордасынан қорқып Жем бойында тұр» делінген. Осы жылы ноғай-қазақ соғысы болып қазақтар жеңілді [20].

1557 жылы Ноғай биі Ысмайыл орыс патшасына «Қазір менің немерелерім Жайықтың арғы жағында қалып, қазақ ханына қосылды, сөйтіп менімен соғысу сәтін күтіп жүр»- деп шағынған.

1580 жылы қаланы – орыс казактары тағы тонап, өртейді. Қабірлерді де тонап қиратады, содан ол қайта оңалмады.

Ноғайлардың Шейх Мамай мен Жүсіп билер кезінде басталған ыдырау. Исмайл би кезінде асқынады. Ырду-дырду басталады. Батыстан ресей, терістіктен башқұрт пен сібір татарлары, шығыстан қазақтар тықсырады. Кейбір деректерде ноғайларды төртке бөлген: Сары ноғай, Қара ноғай, Маңғыт ноғай, Кавказ ноғай.

Алшындар мен басқа да рулар қазақ халқына қосылады. Үлкен Ноғайлының соңғы биі Орменбет (1509-1601 ж.) өлген соң, Атырау жеріндегі ноғайлар Еділдің арғы бетіндегі кіші Ноғайға қосылады. Сөйтіп туысқан қазақ-ноғай екі жаққа бөлініп, бұдан соң қайтып қосылмай, әр ел өз тағдырын өзі көреді.

Бұл кезеңді халық «Орманбет би өлген күн, он сан ноғай бөлген күн» - деп еске алады.

Сарайшық қаласы өз заманында ірі гүлденген қалалардың бірі, Қазақ хандығының тұңғыш астана - орталығы болды. Қасымхан астана қалада тұрып, сонда жерленді.

Келешекте Атырау жерінде Қасымхан ескерткішін салу керек. Сонымен бірге қазақ хандығының тұңғыш астанасына жүйелі қазба жұмысы мен зерттеу жұмысын жүргізу керек. Қаланы Жайық суынан қорғау шараларын жүргізу қажет.

Алтын Орда тарихын Қазақстан тарихымен бірге зерттеу арқылы шынай тарих жасауға болады. Сарайшықты асқақтататын кез келді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Агеева Е.Н., Сенигова Т.Н., Пацевич Г.И. Археологические работы за 1950 -1953. //Архив И.А. МН –АН РК. Описание 2, Дело №24.
- 2 Ибрагимов Н. Ибн Батута и его путешествия по Средней Азии.- М., 1998.- С. 72.
- 3 Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к Золотой Орде. Т.1. СПб. 1884. С.192; Бартольд В.В. Сведения об Аральском море и низовьях Аму-Дарьи с древнейших времени до XVI в. Соч. Т.3. М., 1965. С.5; Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алматы, 1950. С. 8.
- 4 Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках.- А., 1997.- С. 208.
- 5 Мұстафин Ж. Сарайшық ашық мұражай //Қазақ тарихы.- Алматы, 2001. №4, 75 б.; Сарайшық қаласының қалыптасуы //Ізденіс/Поиск.- Алматы, 2001. № 3. - 75-81 б.
- 6 Аманжолов Қ.Р. Түрік халықтарының тарихы.- Алматы, 2002. -76 б.
- 7 Вельяминов–Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Ч.2.- СПб, 1864. -С. 145.
- 8 Дулати М.Х. Тарих и Рашиди. //МИКХ.- Алма-Ата, 1969.- С. 223.
- 9 Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз казакского народа.- Ташкент, 1925. - С. 45.
- 10 Герберштейн С. Записки о Московии.- М., 1988.- С. 179.
- 11 Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Под ред. проф. С.Асфандиярова и проф. П.А.Кунте.- Алма-Ата-М., 1935, Алматы, 1997. - С. 156.
- 12 Тасмағанбетов И., Самашев З. Сарайшық.- А., 2001.- 79 б.
- 13 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана.- Алма - Ата, 1950.- С. 85.
- 14 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства.... С.10.
- 15 Шанайұлы Ш. Алқаласа әлеумет.- Алматы, 1991.- 94 б.
- 16 Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. - Алматы, 1997.- 121 б.
- 17 Вельяминов–Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. СПб., 1864. С.145.

18 Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа.- Оренбург, 1924.- С.124.

19 Тоқтабаев А. Сарайшық аққу көлі //Егемен Қазақстан. 21 наурыз, 1998 ж.

20 Кәрібаев Б. Қазақтың бес ханы //Егемен Қазақстан. 2 желтоқсан, 1998 ж.

Резюме

Данная статья посвящена истории средневекового городища Сарайшык (XIII-XV вв). Городище дает сведения о средневековой истории, культуре и традициях оседлой жизни Золотой Орды, где были захоронены золотоординские ханы, знатные люди и вельможи.

Summary

This article is devoted to medieval settlement of Saraijuk (XIII-XV centuries). Settlement gives information about the medieval history, culture and traditions of this city, existed in the sedentary culture. According to information of Abulgazi Bakhadur-khan, it was the burial site of the Golden Horde's khans, noble people and grandness.

Қабылданған күні 28.01.2015 ж.

УДК 78

В.М.Резвых

Атырауский государственный университет имени Х.Досмұхамедова
Республика Казахстан, 060011, г.Атырау, пр.Студенческий, 212
E-mail: slava.rezyvykh@mail.ru

МУЗЫКА – КАК СРЕДСТВО МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО ДУХОВНОГО ОБЩЕНИЯ

Аннотация

В статье раскрыто понятие музыки как одного из видов искусств и средства межнационального духовного общения. Рассмотрено отличие музыкального искусства от других областей деятельности (науки, политики) – как преобразование духовной жизни общества и человека по законам красоты и создание нравственно-духовных ценностей.

Ключевые слова: искусство, музыка, духовная культура, общение.

ВВЕДЕНИЕ

Традиционное представление об искусстве как о познании жизни и средстве эстетического воспитания должно быть дополнено осознанием его роли в общении между людьми, поколениями, народами и нациями. Жизнь каждого отдельного человека в значительной степени ограничена пределами реальных возможностей общения, потенциалом той социальной сферы, в которой он растет и действует. Искусство дает возможность исправлять недостатки реальных форм общения, давая личности дополнительные средства для него.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Понятие об искусстве. Художественное общение связано со спецификой искусства как формы познания и отражения действительности. Эта специфика состоит в том, что искусство, во-первых, воспроизводит мир в конкретных, чувственных образах, во-вторых, несет на себе отпечаток индивидуальности

автора, следовательно, в процессе восприятия художественного произведения возможно общение, как с его героями, так и с художником, создавшим данное произведение. Конечно, такое общение глубоко индивидуально, так как преломляется сквозь призму личного, индивидуального опыта, стиля жизни человека. Преимущественно осуществляется общение с идеями художественных произведений, с тем социальным пространством и временем, в котором они действуют. Именно в процессе общения с этими видами искусства происходит примерка социальных ролей и их образа жизни каждым читателем и зрителем. В несколько иной форме общение осуществляется при чтении поэзии и восприятии музыки. Здесь это происходит как обмен богатством чувствования, многообразием идей, эмоций и состояний.

Восприятие музыки - особый труд: отсутствует прямая подсказка воображению, опорой служит фантазия, ассоциативность мышления, развитая эмоциональность. С этим связана еще одна уникальная особенность музыкального искусства - оно удовлетворяет потребность в условиях общения с собой [1].

Всеобщность языка музыки разрушает национальные и социальные границы между людьми. В общении через музыку не требуются переводчики и посредники. При этом язык музыки исключительно богат – в нем закодировано гораздо больше содержания, смысла, оценок чувств, чем в других формах общения. Музыка обеспечивает общение между народами. Поскольку музыка является практически-духовной формой деятельности, то и форма художественного общения аналогична. Хотя, с одной стороны, общение здесь осуществляется через духовное образование - художественный образ, с другой же стороны - характер переживания является непосредственно-практическим.

Музыка из всех видов искусств наиболее непосредственно воздействует на восприятие человека. «Язык души» - так принято говорить о музыке именно потому, что она обладает сильным воздействием на подсознательном уровне на область чувств человека.

Дать одно исчерпывающе точное определение слову «музыка» невозможно. Но можно конкретизировать (с точки зрения физической), музыкой является звуки, возникающие из колебания струны, столба воздуха (принцип духовых инструментов), мембраны – кожи, пузыря, дерева, металла. И с этой точки зрения звуки – явление самой природы: пение птиц, голоса животных и людей, журчание воды и т.п. Таким образом, через общность звуковой природной среды устанавливается связь со звуковой природой речи человека, с психикой, эмоциональным миром и физиологией.

Музыка – это искусство, особый вид творческой деятельности, ремесло, профессия, хобби. Искусство – это умение, мастерство, искусность, поэтому оно неизбежно связано с понятием ценности, качества, а также, как правило, с понятиями красоты, вдохновенности созданного. Отличие искусства музыкального от других областей деятельности (науки, политики) и есть преобразование духовной жизни общества и человека по законам красоты и создание нравственно-духовных ценностей.

Музыка в культуре разных народов. К концу 20 в. меняется отношение к музыке в целом. Она перестает рассматриваться европейцами как явление, стоящее в ряду с другими европейскими искусствами, а осмысливается как часть культуры (молодежной, народной, городской, массовой, элитарной, европейской, американской, африканской, японской, восточной, казахской, русской и др.).

Традиционно европейское понимание музыки, сформированное в рамках искусствоведения – музыкальной эстетики, теории музыки и истории музыки, музыкальной этнографии (фольклористики), было дополнено новыми представлениями о музыке, возникшими в новых научных дисциплинах – сравнительном музыкознании, музыкальной антропологии и музыкальной культурологии.

Анализ понимания музыки в традиционных культурах народов мира обнаружил существенные различия в ответах на вопрос: «что есть музыка?».

Ответы на этот вопрос у представителей разных культур различны. То, что для одних есть музыка, для других представляется «не музыкой». Например, для Г.Берлиоза пение китайцев в традиционной опере, где все женские амплуа исполняются мужчинами, поющими высокими фальцетными голосами, казалось невыносимым, хуже кошачьего воя. Для мусульманина распевание Корана в мечети не является музыкой, тогда как для европейца – это музыка, которую можно анализировать, как и другие виды «музыкального искусства» в рамках музыковедения [2]. Существующее многообразие видов музыки в европейской культуре также порождает многообразие вкусов. Для одних только классическая музыка является «музыкой», а для других только народная, для третьих инструментальная и т.п.

Представления о музыке, сформированные, как и сам термин, в европейской культуре, не всегда имеются в других культурах мира. В тех странах мира, где заметное влияние оказал процесс вестернизации культуры, чаще всего принимается и сам термин «музыка», и европейское понимание музыки.

С появлением в 20 в. музыкального авангарда и таких стилей как атональности, додекафонии, алеаторики, хэппенинга наши представления о музыке существенно изменились. Музыкальные структуры, которые определяли язык классической музыки, разрушились. Новые стилистические направления, когда в качестве художественного «произведения» начал выступать исходный материал музыки – нетрадиционным образом организованный во времени звук и ритм – способствовали расширению концепции музыки. Она получила эпохальное определение современной (модерн), отделяясь от классической (музыка 17–19 вв.) и старинной (музыка древней и средневековой Европы). Теперь к элементам музыкальной структуры стали причисляться не только «музыкальный звук», «интервал» или «тембр», но и «шум», «кластер», «скрип», «крик», «топот» и множество других звуковых явлений искусственного или природного происхождения. Более того, в качестве музыки начало осмысляться отсутствие звучания, т.е. – пауза, тишина -знаменитый опус Дж. Кейджа [3]. В этом отразился интерес некоторых европейских и американских музыкантов к медитативно - религиозным практикам Востока, изучение ими философии дзэн-буддизма, ислама, индуизма, влияние теософских концепций на понимание природы музыки.

Современные представления о музыке формируются в мульти - культурном пространстве, суммируя наши знания о различных культурных средах, пластах, традициях, где музыка обязательно имеет место. Используются возможности широкого межкультурного обмена не только собственно музыкальными артефактами (сочинениями, инструментами, учениями, концепциями, музыкантами, техникой и пр.), но и различными духовными ценностями общекультурного порядка, которые затрагивают такие «музыкально-процессуальные сферы» природы Человека, как его способность к чувственно-эмоциональным переживаниям,

длительным психическим состояниям, механическому движению и движениям души, к мышлению [4]. Все культурное разнообразие этих процессов, известное нам сегодня в географическом и историческом пространстве мировых культур и цивилизаций, значительно влияет на современную музыкальную практику на создание и восприятие музыки и на представления о том, что такое музыка.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Доступность и всеобщность языка музыки разрушает национальные, социальные, временные границы между людьми. В общении через музыку нет надобности в переводчике, посреднике. Её язык понятен всем людям и народам.

Список литературы

- 1 Штумпф К. Происхождение музыки. - Л., 1926.- 86 с.
- 2 Мерриам Алан. Антропология музыки. Понятия. Homo musicus' 95 //Альманах музыкальной психологии. - М., 1995.- С.16.
- 3 Кейдж Д. Беззвучная пьеса – 4'3" tacet. – 1952.- 102 с.
- 4 Каган М.С. Музыка в мире искусств.- Санкт-Петербург, 1996.- С.29-30.

Түйіндеме

Қазіргі заманда жаңа ғаламдық мәдениеттің суреттелуі ғаламшарда пайда болған әннің қайталанбас формалары адамның қоғамдық жағдайларында дамыған және дамымаған әден.,

Summary

Music language accessibility and it's universality obliterate people's national, social and temporal boundaries. Music communication doesn't need interpreter and negotiator. It's language is clear to all people and nations.

Дата приема 28.01.2015 г.

УДК 34

Ә.О.Тұрдалиев, Ж.Ж.Жағыпар

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212

ЗАҢНАМАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР- ЗАМАН ТАЛАБЫ

(ҚР Конституциясының 20 жылдығына арналады)

Аңдатпа

Аталған ғылыми мақалада заман талабына сай Қазақстан Республикасы заңнамаларын жетілдіру мәселелері, елімізде жүргізіліп жатырған құқықтық реформаның жүзеге асуы, қоғамдық қауіпсіздікті қорғау, қылмыстық және қылмыстық-процессуалды құқық, қылмыстық атқару және әкімшілік өндіріс аясында қабылданған негізгі нормативтік актілер туралы сөз қозғалады.

Негізгі сөздер: Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару Кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік жүргізу, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заң, жарлық.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда елімізде заң саласында қайта құрулар жалғасуда, Қазақстанның 30 алдыңғы қатарлы әлем елдерінің қатарына қосылуға ұмтылысы заң

саласында реформаларды қажет етеді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Бұл Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген негіздерді одан әрі іске асыруға ықпал етуде. Аталған құжатта құқық қорғау органдарына жүктелген міндеттерді орындау үшін құқық тәртібі органдарын нығайту, олардың жұмыстарының нысандары мен әдістерін жетілдіру, сонымен қатар кадр саясатының тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет екендігі атап өтілген.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев құқық қорғау органдары жүйесін одан әрі модернизациялау, ішкі істер органдарының жеке құрамын қайта аттестаттаудан өткізіп, сапалы кадрлар құрамын құрастыру бағытында маңызды тапсырмалар берді [1].

Қазіргі таңда бұл бағыттар бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде. Заң саласын гуманизациялау бүкіл әлемге тән процесс. Осыған орай, Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылы желтоқсан айында ҚР Үкіметіне 2013 жылдан бастап, ел парламентіне жаңа редакцияда Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік жүргізу, Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару Кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстерінің жобаларын ұсынуды тапсырған болатын.

Бұл іс ел көлемінде ұйымдастырылып, кодекстердің жаңа редакциясын талқылауға көптеген халықаралық, үкіметтік емес, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, шетелдік және қазақстандық құқықтанушы ғалымдар қатысып, талқыланды. Бұл істе Еуропалық кеңестің Венециялық комиссиясы демократиялық елдердің құқық саласында ынтымақтастықтың өнегелі жолын көрсетіп келеді.

Қазір 60 демократиялық ел осы комиссияның мүшесі болып табылады. Аталған комиссияның мақсаты – өзіне мүше елдердің Конституциялары мен заңнамаларын жетілдіруді талқылау үшін және комиссияға мүше елдердің өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік тудыру болып табылады. Өзара тәжірибе алмасу арқылы олар халықаралық стандарттарды өздері жасауға ат салысады. Қазақстан да 2011 жылдан бастап Венециялық комиссияның белсенді мүшесі болып табылады және өздерінің тәжірибесімен де бөлісетін ел. Біздің өзара ынтымақтастығымыз жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда десе де болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік Кодексі ең алдымен азаматтардың конституциялық құқығын сақтауға бағытталған. Европада заңнамаға қатысты кез келген заң шығарушы өз-өзіне баға береді, қандай да бір халықаралық стандартты қалыптастыруға ат салысады. Болашақта біз де басқа елдердің тәжірибелеріне сүйене отырып, заңнамаларды жетілдіруде ынтымақтастық танытамыз деп сенемін.

Еліміздегі заң саласын гуманизациялау, құқықтық тетіктерді жетілдіру, қылмыстық процесті оңайлату және оның тиімділігін арттыруға бағытталған кодекстерді жетілдірудің маңызды қырлары жан-жақты талқылануда. Мамандар әсіресе, тергеу органдарының жұмысын барынша жеңілдетуді және жылдамдату, қылмыстық іс жүргізу заңын халықаралық стандарттарға мейлінше жақындатуды, қылмыстық іс жүргізу барысына қатысушы азаматтардың құқықтары мен

бостандықтарының қорғалу кепілдігін күшейту барысында өз ойларын ортаға салып, қызу талқыланды.

2014 жылдың 1 шілдесінен бастап қабылданған Қылмыстық кодекс қолданыстағы қылмыстық заңнаманы жетілдіру және азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің қорғалуын күшейту, Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында айқындалған қылмыстық саясатты іске асыру мақсатында әзірленіп, 2015 жылдан бастап қолданысқа еніп отыр.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің тұжырымдамалық ережелері мыналар болып табылады:

- қылмыстардан ғана емес, қылмыстық теріс қылықтардан да тұратын қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттердің екі буынды жүйесінің регламенттелуі;
- ірі ақшалай айыппұлдар, қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі, бас бостандығынан айыруға балама шаралардың кеңінен қолданылуы;
- айыппұлға балама ретінде белгіленген және бюджетке төленуге жататын нақты сома мөлшерімен есептелетін түзеу жұмыстарының мазмұны мен орындалу тәртібінің өзгертілуі;
- онша ауыр емес және ауырлығы орташа барлық қылмыстарға, сондай-ақ ауыр қылмыстардың бір бөлігіне қолданылатын бас бостандығын шектеудің белгіленуі. Бұл жаза сотталған адамның пробациялық бақылауда болуын, сондай-ақ оны қоғамдық пайдалы жұмысқа тартуды көздейді, бұл криминалдықтан кейінгі мінез-құлқын түзетуді күшейтуге мүмкіндік береді;
- егер кінәлі адам өзінің әрекетімен келтірілген залалды толығымен өтесе, экономикалық қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруды тағайындауға тыйым салудың енгізілуі;
- сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықтың қатаңдатылуы.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға белгілі бір қызметтерді атқаруға өмір бойына тыйым салу көзделді, пара алғаны үшін санкциялар күшейтілген:

- кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар үшін санкцияның күшейтілуі, жас балаларға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстар үшін сотталғандарға балалармен жұмыс істеуге байланысты қызметпен айналысу құқығына өмір бойына тыйым салудың енгізілуі;
- кейбір қылмыстылыққа қарсы іс-қимылды қамтамасыз ететін халықаралық міндеттемелерді орындауға бағытталған компьютерлік қылмыстар туралы жеке тараудың енгізілуі;
- экстремизм мен терроризм көріністері, радикалдық идеологияны таратқаны, оның ішінде жаңа технологияны пайдалана отырып таратқаны үшін қылмыстық жауаптылықтың күшейтілуі [2].

Жаңа Қылмыстық кодекс тұжырымдамасына сәйкес, оның міндеттері қалыптасқан қоғамдық қатынастардың трансформациялануы аясында қолданыстағы қылмыстық-құқықтық қорғау тетіктерін жаңғырту қажеттілігімен және жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің барабар қорғалуын қамтамасыз ету үшін айқындалды.

Жоғары заң шығарушы орган ретінде мәжілісте Қылмыстық Кодекс жобасы талқыланып, екінші оқылымда қабылданды. Кодексті талқылау барысында, арнайы комиссия жасақталып, жалпы 300 түзетулер жасалған. Мәселен, кейбір қылмыстық

теріс қылықтарды Қылмыстық кодекс жобасынан Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс жобасына бағыттау, қамауға алу мерзімін қысқарту, Қылмыстық кодекс жобасынан қамауға алу негіз беретін қылмыстық теріс қылықтардың санын қысқарту, сонымен қатар, заңсыз археологиялық жұмыстарды жүргізу, жалған ақпараттар тарату сияқты түзетулер енгізілген [3].

Талқылау барысында заң саласында алғаш қылмыс жасағандарға немесе әлеуметтік-әлсіз топтарға жататын азаматтардың қылмыстарына байланысты толеранттық қатынас немесе жеңілдету мәселелері ұсынылса, керісінше қылмыстық рецидив, ұйымдастырылған қылмысқа, сот ісіне кесел келтіруге қатысты мәселелерде заң күшін күшейту қарастырылған. Бұл жерде заң жобасын қабылдаудың мақсаты әкімшілік жазаларды орындау барысы мен қылмыстық жазалардың арасындағы қайшылықтарды жою.

Талқылау барысында заң саласында алғаш қылмыс жасағандарға немесе әлеуметтік-әлсіз топтарға жататын азаматтардың қылмыстарына байланысты толеранттық қатынас немесе жеңілдету мәселелері ұсынылса, қылмыстық рецидив, ұйымдастырылған қылмысқа, сот ісіне кесел келтіруге қатысты мәселелерде заң күшін күшейту қарастырылған. Бұл жерде заң жобасын қабылдаудың мақсаты әкімшілік жазаларды орындау барысы мен қылмыстық жазалардың арасындағы қайшылықтарды жою табылатындығы белгілі.

2013 жылдан бастап мемлекеттік құқықтық реформаның кезеңінің жаңа белесі басталды, бұл ұлттық құқықтық жүйені ұйымдастырудың да жаңа кезеңі болып табылады. Әсіресе барлық тіркелген қылмыстардың басым бөлігін құрайтын онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарға қатысты сот өндірісін қысқартудың маңызы зор болып отыр.

Құқық қорғау органдарын реформалау басталған соңғы үш жылдың ішінде құқық қорғау органдарына қатысты 20-дан астам заң қабылданды. Қазіргі таңда жаңа құқықтық кеңістік қалыптастыру бойынша заң жобаларын мақұлдау жұмысы белсенді жүргізілуде. Осындай жұмыстардың шеңберінде қылмыстық сот өндірісіне түбегейлі өзгерістер енгізіліп, тергеушілер мен анықтаушылардың, жедел уәкілдердің процессуалды статустары да өзгертін болды. Қылмыстық процестің жаңа моделін қалыптастыруда еліміз құқықтық жүйесін қалыптастыруда шетелдік тәжірибелерге сүйенуде.

Қоғамдағы қылмыстық әрекеттердің алдын алу мәселесінде, қылмыстық іс жүргізу құқығын жетілдіру мәселесінің орны ерекше, осыған орай, қылмыстық іс жүргізу заңнамасының тиімділігін арттыруға, қылмыстық іс жүргізу процесіне жаңа ережелер енгізуге, қылмыстық-құқықтық дауды соттан тыс шешудің тетіктерін жетілдіруге бағытталған мәселелерге зор маңыз берілуде. Атап айтқанда, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау, қылмыстық іс бойынша айғақтарды жинауға бағытталған жедел іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізуге медиация рәсімін енгізу, қылмыстық іс жүргізуге тергеу судьясы тұлғасын енгізу мәселелерімен байланысты проблемалар қызу пікірталас тудыруда. Кодексте қазір үкім шықпай тұрып алдын ала тәркілеу мәселесі енгізіліп отыр. Қазақстан ратификациялаған БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес конвенциясына қосылды. Осы конвенцияның 54-бабында әрбір мемлекеттің қылмыстық жолмен алынған мүлік пен ақшаны конфискациялау үшін шара қолданатыны қарастырылған. Көптеген елдерде мүлік соттың үкімінсіз-ақ тәркіленеді. Сондай-ақ, қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру, қылмыстық іс жүргізудегі адвокаттың ролін

арттыру және қылмыстан зардап шеккен тұлғалардың құқықтарын қорғау проблемалары қазіргі таңда өзекті мәселелер болып табылады [4].

Аталған кодекс сот төрелігін жүргізудің тиімділігін арттыру, адам мен азаматтың конституциялық құқықтарын сақтау және қорғау кепілдігін күшейту мақсатында қылмыстық сот ісін жүргізуді жаңғыртуға бағытталған. Бұл мақсатта қылмыстық қудалауды бастау рәсімін оңайлату көзделеді. Сонымен қатар, тергеу мен анықтау органдарының азаматтар құқықтарын қозғайтын әрекеттерді дербес қабылдау бойынша өкілеттіктері тарыла түседі. Ал адвокаттар сотқа дейінгі іс жүргізуден бастап қатысуы кеңейтіледі. Сонымен бірге, сот ісін жүргізу де оңайлатылып, жеделдетіледі, өйткені үлкен көлемді тергеу және сот әрекеттерін жүргізудің қажеті болмайды. Сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде жедел іздестіру шараларын жүргізу тәртібі реттеледі. Сонымен бір мезгілде мұндай әрекеттерге прокурордың санкция беруі азаматтарды олардың жеке өміріне қолсұғылмаушылық конституциялық құқығының бұзылуынан қорғауға мүмкіндік береді.

Кодекстегі тағы бір жаңалық соттың сотқа дейінгі іс жүргізуді бақылауын кеңейту мақсатында қылмыстық процеске тергеу судьясы институты енгізілетін болады. Оның өкілеттігіне жекелеген тергеу әрекеттеріне санкция беруден басқа, сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында тараптардың шағымдары мен өтінішхаттарын қарауды енгізу де ұсынылады.

Кодекске талқылау барысында да бірқатар түзету енгізілді. Атап айтқанда, азаматтардың қылмыстық процестегі құқықтарын күшейту мақсатында куәнің, жәбірленушінің айғақтарын сақтауға беру кезінде тараптардың бірдей қатысу жағдайларына кепілдік беретін норма енгізілді. Бұдан бөлек, қылмыстық заңнамада жиі кездесетін көптеген ұғымдарды қазақ тіліндегі заң мәтінінде бірізді қолдану мақсатында мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен нұсқалары қабылданды. Нәтижесінде кодекс жобасының тақырыбы өзгертілді. Сонымен қатар, кодекс жобасын талқылау барысында бұлтартпау шарасын қолдану кезіндегі кепілдің мөлшері елеулі түрде (екі есеге дейін) азайтылған. Сондай-ақ айрықша жағдайларда, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына қатысты кепілдің мөлшері ең төменгі мөлшерден де аз қолданылуы мүмкіндігі қамтылған.

Еліміздің заң шығарушы органдары бастамасымен сондай-ақ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы да қаралды.

Құжаттың мақсаты қолданыстағы заңнаманы Қылмыстық кодекстің жаңа редакциясының ережелеріне сәйкес келтіру, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық негіздерін, әкімшілік шаралар мен қылмыстық жазалауды орындау тәртібін, қылмыстық жауаптылыққа тартумен байланысты құқықтық шектеулерді регламенттейтін заңнамалық актілердің жекелеген нормаларының арасындағы қайшылықтар мен коллизияларды алып тастау болып табылады.

2013 жылы 16 қазанда Мәжілістің жалпы отырысында Палатаның қаулысымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару Кодексінің жобасы жұмысқа алынған болатын. Кодекс жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспарының 29-тармағына сәйкес әзірленіп, сотталған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуы деңгейін және қылмыстық жазалауды орындаудың тиімділігін барынша арттыру мақсатында қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Қылмыстық-атқару кодексін қабылдау қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық құқықтық шараларды анағұрлым кеңінен пайдалану, сотталған адамдарды және жазаны өткеруден босатылған адамдарды әлеуметтік оңалту және бейімдеу, пенитенциарлық және постпенитенциарлық қайталанған қылмыстардың деңгейін төмендетуге жағдай жасайды. Сондай-ақ сотталған адамдармен жүргізілетін тәрбиелік үдеріске жұртшылықтың қатысу тетігін қалыптастырады [5].

Сондай-ақ, жаңадан қабылданған және 2015 жылдан бастап айналысқа түскен ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс 900 баптан тұрады. Құжат негізінен әкімшілік заңнаманы елеулі түрде реформалауға, мемлекеттік органдардың әкімшілік жазаларды қолдану жөніндегі өкілеттіктерін айқындауға бағытталды. Бұдан бөлек, қабылданған кодекс аясында әкімшілік заңнама ізгілендіріліп, соттарға түсетін жүктеме азайтылады. Осыған байланысты соттар мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын уәкілетті органдардың құзыреттері қайта қаралды. Кодексте шағын бизнесті қолдау бағытындағы ізгілендіру нормалары ұсынылып отыр.

Бұдан бөлек, кодексте әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету институттары жетілдірілді. Дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін, оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оларға тыйым салу түріндегі жаңа шаралар енгізілді. Бұл адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіру, қоршаған ортаға нұқсан келтіру, техногендік сипаттағы апаттар, эпидемиялар секілді теріс салдарды болдырмаумен байланысты жағдайларға сай деген ойдамыз.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес шағын бизнес үшін айыппұл мөлшері орта есеппен екі есеге азайтылады. Бұл ретте шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін айыппұлдар мөлшері орташа алғанда екі есеге дейін төмендетіледі. Бұдан бөлек, әкімшілік жауапқа тарту рәсімдері жаңғыртылды.

Жаңа редакциядағы кодексте Елбасының Жолдауындағы жүктелген міндеттерге сәйкес, шағын бизнеске қолдау көрсету шаралары қамтылып, осы бағыттағы қылмыстарды ізгілендіру көзделді.

Кодексте әкімшілік жазаның түрі ретінде ескертуді қолдану аясы да кеңейтілді. Жаңа редакциядағы кодексте әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қолдану да кеңейтілді. Атап айтқанда, санкциялардың айыппұл түріндегі әкімшілік жаза көзделген 90-шы бабы соттың қарауынан уәкілетті мемлекеттік органға беріліп отыр.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс жобасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту рәсімі жаңғыртылатын болды.

Жаңа редакциядағы Кодексте әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қысқартылған түрде жүргізу қарастырылады.

Мәселен, егер адам әкімшілік құқық бұзылған жерде соған қатысты хаттамамен толтырылған түбіртек бойынша айыппұл төлеуге келіссе, іс қысқартылған рәсіммен жүргізіледі. Яғни, адам өзі жасаған құқық бұзушылық фактісімен келіседі, өз кінәсін мойындайды және өз еркімен айыппұл төлеуге дайын екенін жеткізіп, ешқандай наразылық білдірмейді. Міне, осындай жағдайдағы қысқартылған тәртіп бойынша адамға хаттама тапсырылған кезден бастап жеті күндік мерзім ішінде айыппұлдың жалпы сомасының тек елу пайызын ғана төлеуге мүмкіндік қарастырылады. Ал егер адам жасалған құқық бұзушылықпен келіспеген жағдайда іс жалпы тәртіппен қаралады.

Кодексте сыбайлас жемқорлыққа бейім факторларды жою мақсатында айыппұлдардың нақты мөлшерлері айқындалған. Бұл шара өз кезегінде қысқартылған іс жүргізу рәсімін де қамтамасыз ететін болады. Судьялар жеке тұлғаға салынатын айыппұлды отыз пайызға дейін азайта алатын мүмкіндікке ие болады. Бұл норма аса елеулі жаңалықтардың бірі болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс жобасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту рәсімі жаңғыртылатын болады. Жаңа редакциядағы Кодексте әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қысқартылған түрде жүргізу қарастырылды.

Мәселен, егер адам әкімшілік құқық бұзылған жерде соған қатысты хаттамамен толтырылған түбіртек бойынша айыппұл төлеуге келіссе, іс қысқартылған рәсіммен жүргізіледі. Яғни, адам өзі жасаған құқық бұзушылық фактісімен келіседі, өз кінәсін мойындайды және өз еркімен айыппұл төлеуге дайын екенін жеткізіп, ешқандай наразылық білдірмейді. Міне, осындай жағдайдағы қысқартылған тәртіп бойынша адамға хаттама тапсырылған кезден бастап жеті күндік мерзім ішінде айыппұлдың жалпы сомасының тек елу пайызын ғана төлеуге мүмкіндік қарастырылады. Ал егер адам жасалған құқық бұзушылықпен келіспеген жағдайда іс жалпы тәртіппен қаралады.

Кодексте сыбайлас жемқорлыққа бейім факторларды жою мақсатында айыппұлдардың нақты мөлшерлері айқындалған. Бұл шара өз кезегінде қысқартылған іс жүргізу рәсімін де қамтамасыз ететін болады. Судьялар жеке тұлғаға салынатын айыппұлды отыз пайызға дейін азайта алатын мүмкіндікке ие болады. Бұл норма аса елеулі жаңалықтардың бірі болып табылады.

ҚР Парламент мәжілісінде сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы мақұлданды.

Заңнамада бюджет, азаматтық, процессуалдық, кеден ісі, халық денсаулығы және денсаулық жүйесі, қылмыстық атқару секілді 5 кодекске және 13 заңға өзгерту мен толықтырулар енгізу қарастырылған.

Сондай-ақ азаматтық іс жүргізу кодексінен 26-тарау «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларына дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу» алынып тасталды және кодексте әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заңды күшіне енбеген қаулыларды қайта қарау жөніндегі 45 тарауына ауыстырылды.

Сондай-ақ 27-тараудың бірқатар нормалары жаңа кодекстің әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс өндірісін жүргізетін лауазымды тұлға органдарының қызметі мен әрекетсіздігі жөніндегі жеке 44-тарауына ауыстырылады [6].

ҚОРЫТЫНДЫ

Кодекстердің жаңа жобасы тек еліміздегі заңгерлер мен сарапшылар арасында ғана емес, жалпы қоғамда қызу талқыланды. Мұның өзі Қазақстан азаматтарының конституциялық құқығын қорғауға мақсатталған құжаттардың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Мемлекет басшысының «Егер де біз реформа жасағанда сот жүйесін, жалпы құқық қорғау жүйесін түземесек, көздеген мақсатымызға жете алмаймыз. Біздің азаматтар сот жүйесінде барлық мәселелерді шешуі керек, өзінің құқығын қорғай алуы керек» - деген тапсырмасын саралайтын

болсақ, бүгінгі жазылған мақала осы тапсырманы орындаудың бір негізі болып табылады деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығы.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 03.07. 2014 ж.
- 3 2003 жылғы 31 қазандағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы».
- 4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару Кодексі 05.07. 2014 ж.
- 5 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік Кодексі 04.07. 2014 ж.
- 6 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 06.07. 2014 ж.

Резюме

В данной научной статье рассматриваются правовые реформы в сфере модернизации законодательства в Республике Казахстан, а также проблемы совершенствования основных нормативных правовых актов охраны общественной безопасности, уголовного и уголовно-процессуального права, уголовного исполнительного и административного производства.

Summary

In this scientific article states said about change of legislative acts, legislation perfects question Republic of Kazakhstan, conducted lies legal reform is realization in our country, keep the public associativens, criminal and criminal processual criminal, normative act in our time which criminal execution and administration production accepted area circumference.

Қабылданған күні 30.01.2015 ж.

ӘОЖ 316.754

Р.Б.Абдулова, В.Қ.Наурызова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ОРНЫ

(ҚР Конституциясының 20 жылдығына арналады)

Аңдатпа

Құқық адам мен қоғамның жаратылысымен байланысты тұлғаның бостандығын білдіретін, қоғамдық қатынастарды реттейтін, ресми құжаттарда анықталған, мемлекеттің күшімен қамтамасыз етілетін құқықтық нормалардың жиынтығы. Республикамыз өз тәуелсіздігін алып, небір қиыншылықтарды артқа тастап, бүгінгі күнде экономикасы дамыған мемлекетке айналған тұста да елімізде ақсап жатқан кейбір келесі мәселелер бар екендігі да жасырын емес.

Негізгі сөздер: Конституция, конституциялық құқықтық нормалар, мемлекет.

КІРІСПЕ

Республикамыздың қоғамдық, саяси және экономикалық өміріндегі қазіргі түбегейлі өзгерістер, жүзеге асырылып жатқан - құқықтық реформа еліміздің әрбір азаматынан құқықтық сауаттылықты талап етеді. Еліміз демократиялық өркениетті мемлекеттер қатарына қосылуға бекем бел байлады. Адам құқықтары аяқасты етілмей, заңсыздық пен жемқорлық жайламай, мемлекетіміз нығаю, дамуы және көркеюі үшін заңның талабы мүлтіксіз орындалуы тиіс. Заң үстемдігі болмаған жерде құқықтық мемлекет те болмайды. Тіпті, ежелгі дүние адамдары да еркіндікті аңсағанда заңның үстемдігі арқылы бостандыққа жетуге болады деп топшылаған екен. Ежелгі Римнің әйгілі ғұлама ойшылы Марк Тулий Цицерон: «Біз заңның құлы болғанда ғана еркін бола аламыз» деп әсерлі айтқан екен. Әділеттік, ізгілік қағидаларын жүзеге асыру, қоғамды және мемлекетті демократиялық тұрғыдан ұйымдастыру заңның үстемдігі арқылы қамтамасыз етіледі.

Демократиялық құқықтық мемлекет құрамыз деген әрбір адамның өз құқықтарын жете біліп, заң саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Сондықтан еліміздің әр азаматы республикамыздың Конституциясымен, соған сай келетін заңдармен, өзге де нормативтік-құқықтық актілермен жете танысуы тиіс.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Конституциялық-құқықтық нормалар реттейтін қарым-қатынастардың субъектісіне, алдымен, әлеуметтік бірлестіктер - халық, таптар, ұлттар, топтар, коллективтер және жеке тұлғалар жатады. Сонымен қатар, конституциялық-құқықтық нормалар реттейтін қарым-қатынастардың субъектісіне әлеуметтік бірлестіктердің саяси-құқықтық қызметін жүзеге асыратын ұйымдық, құрылымдар жатады. Солардың ішінде басты орын мемлекет пен саяси жүйеге беріледі. Әртүрлі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар да, еңбек коллективтері де конституциялық норма реттейтін қатынастардың субъектісі болып табылады. Әрине, ұйымдардың барлығы тек конституциялық-құқықтық норма реттейтін қатынастардың субъектісі, ғана емес, олардың көпшілігі ағымдағы заңдардың нормаларына сәйкес қызмет атқарады.

Конституциялық-құқықтық нормалар, жалпы алғанда, мемлекетпен ерекше байланыста болады. Өйткені оларды белгілеу және жүзеге асыру мемлекетсіз мүмкін емес. Конституциялық ұйғарымдардың көптеген жағдайларда ерікті түрде орындалуы, олардың мемлекеттік-көндіру сипатынан айырылатынын білдірмейді. Яғни, олар әртүрлі қоғамдық құралдардың негізінде жүзеге асырылуымен қатар, мемлекеттің көндіру күшімен қорғалады.

Конституциялық-құқықтық нормалар жалпыға міндетті мінез-құқық ережелерін қалыптастырады. Жоғары заңи күш белгісі тек конституциялық-құқықтық нормаларға ғана тән. Конституцияның жоғары заңи күші, оның мемлекеттің және қоғамның басты, маңызды мәселелерін саяси-заңи шешуіне байланысты. Конституцияның үстемдігі ағымдағы норма шығармашылық және құқық қолданушылық қызметтің заңи базасы ретіндегі жоғары заңи күштің ролін заңдылық пен құқықтық тәртіп режимінің негізі ретінде түсіндіреді. Барлық заңдар, өзге де нормативтік-құқықтық актілер, құқық қолданушы актілер. Конституцияға сай келуі тиіс және барлық қоғамдық, мемлекеттік ұйымдар оны басшылыққа алуы қажет. Конституцияны мүлтіксіз дәлме-дәл сақтау барлық азаматтардың және басқа адамдардың мінез-құлық эталоны болуы абзал.

Көптеген ғалымдар конституциялық-құқықтық нормалардың ерекшеліктерін олардың құрылымдарымен ұштастырады. Ол бір жағынан дұрыс. Өйткені, конституциялық-құқықтық норманың құрылымын айқындау, оның әртүрлі элементтерінің ішкі байланысын анықтауға және оның заңи табиғатын тереңірек түсінуге қосымша мүмкіндік береді. Құқықтық әдебиетте конституциялық-құқықтық нормалардың құрылымына байланысты әртүрлі қозғарастар бар. В.К. Бабаевтің пікірінше: «Норма құрылымының барлық элементтері және олардың белгілі бір байланысы бар болған жағдайда ғана, құқық нормасы қоғамдық қарым-қатынастарды реттеудің ерекше қасиетіне ие болады, оның реттеу мүмкіндіктері қамтамасыз етіледі және әртүрлі құқықтық бөлімшелер арасында жүйелік байланыстардың пайда болу шарты болады». Бұл көзқарастың осал жерлері бар. Біріншіден, құқық нормасының реттеушілік ықпал етуі, сол норманың қоғамдық қарым-қатынастарға қатысушылардың мінез-құлығын анықтайтын ұйғарымымен байланыста болады. Екіншіден, бұл пікір жалпының, ерекшенің және жекенің ара-қатынасын ескермейді. Құқықтық тәжірибені талдау барлық нормаларға жарамды құрылымды қалыптастыру әрекеті негізсіз қалғанын көрсетті. Құқықтық норманың біреуіне келетін құрылым басқасына келмей қалуы мүмкін. Ережені құқық нормасы деп тану үшін үш «элементтің» (гипотеза, диспозиция, санкция) міндетті түрде болуы керек деген пікір «шындыққа қайшы келеді», - деп жазады.

Құқықтық норманың үш элементтік құрылымы — бұл барынша көп элементтерден құрылған құқықтық норманың жалпы үлгісі немесе моделі. Кейбір конституциялық-құқықтық нормалардың құрылымы осы модельге сәйкес келсе, ал кейбіреулерінің құрылымдары элементтердің саны өзгерген әртүрлі модификацияда кездеседі [1]. Сонымен бірге, гипотеза мен санкция сияқты элементтер кейбір нормаларда болмаса да, диспозиция міндетті түрде болады. Себебі, диспозиция құқықтық норманың мәнін, мазмұнын, маңызды ерекшелігін құрайды. Конституциялық-құқықтық нормадағы элементтердің бар болуы оның бағыттылығына байланысты. Элементтердің ара-қатынасы және гипотезаның, диспозицияның, санкцияның нақтылы заңдылығын таңдау бірқатар факторлармен (реттелетін қоғамдық қатынастардың сипаты, норманың мазмұны, заң шығару -саясатының ерекшеліктері, заң шығару техникасы тәсілдерінің жетілдіру дәрежесі және т.б.) анықталады. Осыған байланысты Ю.А.Тихомиров "конституциялық-құқықтық норма көбінесе өзінің құрылымы жағынан толық емес болады" деп атап кетті. Үш элементі бар конституциялық нормаға Конституциямыздың мына нормасын мысал ретінде келтіруге болады: «Қазақстан Республикасының Президенті мына жағдайларда: Парламент Үкіметке сенімсіздік білдіргенде, Парламент Премьер - Министрді тағайындауға екі мәрте келісім бермегенде, Парламенттің Палаталары арасындағы немесе Парламент пен мемлекеттік өкіметтің басқа тармақтары арасындағы еңсерілмейтін келіспеушілік салдарынан саяси дағдарыс болғанда Парламентті тарата алады».

Екі «элементі» бар конституциялық нормаға мына норманы жатқызуға болады: "Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшеріне, әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі" [2].

Құқық нормасының барлық элементтері қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған. Олардың ішінен басты маңызға диспозиция ие болады. Диспозиция белгілі бір қоғамдық қарым-қатынастарға қатысушы субъектілердің мінез-құлық ережелерін қалыптастырады, яғни, сол қарым-қатынастарды реттейді. «Норманың өзегі деп норманың талаптары құрайтын диспозицияны атауға болады. Диспозиция субъектілердің міндеттерін, немесе тиісті әрекеттенуін, немесе осы екеуін бірге белгілейді. Онда норманың адресаттары өздерін қалай ұстануы қажет екені туралы көрсетіледі. Диспозицияны танып білу, оны табу және анықтау норманы жүзеге асыру үшін маңызды, аса қажет»-деп жазады П.Е.Недбайло. Бұған қоса, О.С.Иоффе, М.Д.Шаргородский: «Диспозиция құқық нормасының қажетті және шешуші құрамдас элементі болып табылады»- деп ерекше көңіл аударады.

Конституциялық-құқықтық норманың көпшілігі тек ғана диспозициядан тұрады. «Диспозиция қоғамдық қатынастарды реттсудің негізгі жұмыстарын атқарады. Гипотеза диспозицияның жұмыс істеу (немесе жұмыс істемеу) салаларын белгілеу мақсатына қызмет жасайды. Яғни, гипотеза диспозицияны қолдануды қамтамасыз етеді және оның іске асу шарттарын, шекараларын белгілейді».

Конституциялық-құқықтық нормаларды топтастырудың ең маңызды мәселесі — ол қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуіш ретінде нормалардың елеулі қасиеттерін көрсетіп соның негізінде теория мен тәжірибенің мәселелерін шешуге жәрдемдесетін конституциялық-құқықтық норманың өзіндік ерекшеліктерін айқындау болып табылады [3]. Ғылыми топтастыру нормаларды оқып білуді, жеңілдетеді, соның арқасында құқықтық ережелерді дұрыс түсінуге Конституцияны жалпы құқықтық реттеу механизмін мейлінше жетілдіруге мүмкіндік туады. Әрбір топтастыру белгілі бір мөлшерде шартты түрде және зерттеу мақсаттарына байланысты болады. Нормаларды әртүрлі негіздер бойынша жіктеуге болады. Бұл мәселенің зор маңызы бар және топтастырудың мақсатына жету үшін жіктеу белгілерін дұрыс таңдау керек. Конституциялық-құқықтық нормаларды топтарға бөлуде зерттелетін объекті топтастырудың жалпы талаптарына сай болуы қажет. Ең алдымен, объектінің болатын жіктелу бағыты анықталады, содан кейін сол объектінің жіктелу негіздерін және нақты шекараларын анықтайтын қасиеттері қарастырылады.

Топтастырудың негіздері ретінде тек ішкі заңдылықтарды, мәнді жалпылығы қамтып көрсететін қасиеттер ғана бола алады. Мұнда жүйелердің айырмашылығы, ұқсастығы және өзара байланыстары ескерілуі керек. Барлық құқықтық нормаларда топтастырудың бірыңғай негіздері жоқ. Сол себепті, конституциялық-құқықтық нормалардың мәндік қасиеттерін анықтайтын белгілерді бекітудің әдістемелік талаптарын қалыптастыру туралы ғана сөз қозғалады. Конституциялық-құқықтық нормаларды топтастыру негіздеріне мыналарды жатқызуға болады конституциялық реттеудің объектісі; конституциялық-құқықтық норманың бағыттылығы; ұйғарымның анықтық дәрежесі ұйғарымның міндеттілік сипаты; реттейтін, қоғамдық қарым-қатынастардың көлемі; конституциялық-құқықтық нормалардың иерархиясы; норма ықпал ететін субъектілер; норманың уақыт бойынша қолдану күші; конституциялық реттеу механизмдегі атқаратын ерекше. Осы негіздердің жиынтығы әртүрлі конституциялық-құқықтық нормалардың арасындағы аса маңызды байланыстарын қоғамдық -қарым-қатынастарға ықпал ету ерекшеліктерін, материалдық және іс жүргізуші нормалардың ара-қатынасын т.с.с. анықтауға мүмкіндік береді.

Конституциялық реттеудің объектілерін тандау әртүрлі факторлармен себептеледі. Конституциялық реттеу объектілерінің ерекшелігі және оларға тиісті қоғамдық қарым-қатынастар, белгілі мөлшерде, Конституцияның құрылысын, мазмұнын және басқа да маңызды сипаттамаларын анықтайды. Өз кезегінде құрылыс конституциялық-құқықтық нормалардың жүйесіне және оның ішкі құрылымына ықпал етеді.

Конституциялық реттеудің маңызды объектілеріне мыналар жатады: конституциялық құрылыс негіздері; жекс тұлғаның құқықтық жағдайы; мемлекеттік құрылыс мемлекеттік билік және мемлекеттік органдары жергілікті өзін-өзі басқару Ерекше объект ретінде Конституцияның өзі қарастырылады. Аталған объектілерге- байланысты конституциялық - құқықтық нормалардың жалпы топтастыруын жасауға болады. Бұл топтастырудың бірінші тобын конституциялық құрылыс негізіндерін аша-отырып, егемендікті, халықтық билікті бекітетін, адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына деп жариялайтын мемлекеттің қоғамдағы орнын, оның басты міндеттері мен мақсаттарын, мемлекеттік билікті ұйымдастырудың қағидаларын анықтайтын, жергілікті өзін-өзі басқаруды белгілейтін және кепілдік беретін, идеологиялық және саяси әр алуандылықты, қоғамдық бірлестіктердің саяси -құқықтық негіздерін бекітетін конституциялық құқықтық нормалар құрайды. Сонымен бірге бұл топқа экономикалық кеңістіктің бірлігін қамтамасыз ететін, (меншіктің нысандары мен объектілерін қамтитын, әлеуметтік дамудың негізгі бағыттарын, Конституцияның заңи күші мен қолдану сипатын анықтайтын конституциялық-құқықтық нормалар жатады. Конституциялық-құқықтық нормалардың бұл тобын өзгеше заңи режимі ерекшелейді. Бұл топтың нормалары кең көлемдегі қоғамдық қарым-қатынастарды реттейді және Конституцияның барлық негізгі функцияларын (әсіресе, құрылтайшы) атқаруға қатысады. Осы нормалардың қоғамдық қарым-қатынастарға ықпал етуі белгілеу, бекіту арқылы жасалады, сондықтан мұнда жалпы реттеуші нормалар басым.

Сонымен, конституциялық-құқықтық нормаларды жүзеге асырудың тікелей және жанама сипаттарын мойындау дұрыс болар. Конституцияның жалпы реттеушілік нормаларының мақсаты -көздеген әлеуметтік нәтижелерге, қағида бойынша, ағымдағы заңдарда нақтыланғанда жетеді. Осы нормаларды нақтылауға байланысты құқық шығармашылық олардың түпкі нәтижесі емес, ол тек оларды жүзеге асырудың қажетті сатысы болады. Әрине, конституциялық-құқықтық нормаларды орындауға бағытталған заңдарды қабылдау жүзеге асырудың басы болып табылады. Өйткені, тек адамдардың тәжірибелік іс-әрекеттерінде ғана белгілі бір әлеуметтік нәтижелерге нақты жетуге болады. Конституциялық-құқықтық нормаларды жүзеге асырудың қарастырылған ерекшелігі осы құбылыстың мәндік жақтарын толық мөлшерде қамтып көрсетпейді. Мұнда тек заңи процестің ерекшелігі ғана қамтып көрсетіліп, жүзеге асырудың әлеуметтік-саяси аспектісінің ерекшеліктері ескерілмейді. Әрине, осы норманың адамдарға саяси, идеологиялық, психологиялық әсер етуі тура байланыс жолдарымен тікелей жүзеге асырылады [4].

Конституциялық – құқықтық нормаларда бекітілген демократияның жоғарғы әлеуметтік-саяси және рухани идеалдары құқық субъектілерінің тәжірибелік әрекеттерін бағыттайды және сенім ұялатады. Конституциялық – құқықтық нормаларды жүзеге асырудың екінші ерекшелігі конституцияның әлеуметтік бағыттылығымен себептеледі. Негізгі Заң бүкіл құқық жүйесінің

түйіні болып табылады. Сонымен қатар, ол өзінде басқа да әлеуметтік реттеуіштердің (саясат, мораль) негіздерін шоғырлайды. Конституцияның нормалары толық мөлшерде жүзеге ағымдағы заңдардың нормаларымен, саясаттың, моральдың, эстетиканың көптеген нормаларымен бірлесіп асырылады. Сондықтан, конституциялық-құқықтық нормаларды жүзеге асыруға комплекстік сипат тән.

Жүзеге асырудың бұл ерекшелігі үлкен әлеуметтік-саяси маңызға ие. Егер ағымдағы заңдардың нормалары конституциялық ережелерді қажетті мөлшерде дамытпаса, ықпалдылығы төмен немесе тіпті оларға қайшы келсе, онда конституциялық-құқықтық нормаларының мақсаттарына жету мүмкін болмайды немесе қиынға түседі. Конституциялық-құқықтық нормаларды жүзеге асырудың комплекстік сипаты осы құбылыстың кезекті мәселесін шешуді мөлшерлейді. Ол конституциялық- құқықтық нормаларды жүзеге асырумен және оларды ары қарай дамытатын ағымдағы заңдардың нормаларын жүзеге асырудың арасында шектің бар-жоғына байланысты мәселе. Конституциялық-құқықтық нормалардың жүзеге асуының ерекше ортасы — ол нақтылы конституциялық қарым-қатынастар. Конституциялық ықпал ету, ең алдымен, осы қарым-қатынастардың жиынтығына бағытталған. Сондықтан, дәл осында Конституция нормаларының табиғаты және әлеуметтік бағыттылығы, неғұрлым толық және анық іске асады. Алайда, кейбір авторлар конституциялық-құқықтық нормалардың жүзеге асырылуын салалық құқықтық қарым-қатынастарда, әдеттегі заңдардың нормалары қолданылатын салада да көреді. Яғни, мұнда конституциялық-құқықтық нормаларды жүзеге асыру салалық нормаларды жүзеге асырумен бір деңгейде қарастырылады. Норманың көздеген нәтижесіне жеткенін және қай кезде жеткенін анықтау үшін, біріншіден, тек қана конституциялық-құқықтық нормалардың жүзеге асырылуын олардың басқа да құқықтық нормалармен бірігіп жүзеге асырылуынан ажыратып алу қажет; екіншіден, Конституция нормаларын жүзеге асырудың нәтижесін ағымдағы заңдардың нормаларын жүзеге асыруының нәтижелерімен теңдестіруге болмайды. Өйткені, конституциялық ережелерді нақтылайтын салалық нормалардың қолданылуы салдарының ықпалсыздығы немесе жағымсыздығы кездессе, онда олар кейбір конституциялық-құқықтық нормаларды жүзеге асыруының ықпалсыз немесе жағымсыз салдары ретінде теңдестірілуі мүмкін [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Конституциялық-құқықтық нормаларды жүзеге асырудың ерекшеліктерін зерттеу жалпыға бірдей құқықтық нормаларды, заң кепілдіктерді, олардың тиісті жүзеге асырылуын бекітуімен қатар, осы құралдарды, конституциялық-құқықтық нормалардың сипатын ескере отырып, түсінуге және пайдалануға мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ибраева А.С., Ибраев Н.С. Теория государства и права: учебное пособие.- Алматы: Жеті жарғы, 2003. – С.65-71.
- 2 Жакупова А. Конституция – основа развития государства // Заң және заман.- 2005, №9 –Б.17.
- 3 Әділхан Ә. Адам құқы – ең жоғары құндылық // Заң және заман.- 2005, №25. – Б.3-5.

4 Қонақбаев Б. Азаматтарды құқықтық қорғау және олардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін нығайту // Заң – 2005, №31.- Б.26-28.

Резюме

Статья посвящена конституционно-правовым нормам. Рассматривая понятие конституционно-правовых норм, надо прежде всего отметить, что им свойственны и общие признаки, присущие всем правовым нормам, безотносительно к их отраслевой принадлежности, и особенности, выделяющие их в самостоятельную часть системы права.

Summary

This article deals with the constitutional and legal provisions in the law. Considering the concept of constitutional and legal provisions, you must first of all be noted that they are characterized by common features and inherent in all legal norms, regardless of their industry sector, and peculiarities that are not part of an independent legal system.

Қабылданған күні 30.01.2015 ж

ӘОЖ 32 каз

С. Құсниденов

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Аңдатпа

Мақалада ұлттық мүдде мәселесі қарастырылып, ондағы заман талабына байланысты өзгерістер қарастырылған.

Негізгі сөздер: *ұлттық, мүдде, көзқарас, іс-қимыл, әрекет, қозғаушы күш, Мәңгілік Ел.*

КІРІСПЕ

Кез-келген мемлекеттің, ұлттың, таптың, әлеуметтік топтың, жеке адамның, партиялардың, қауымдастықтардың белгілі бір іс-әрекет жасауындағы қозғаушы күш – мүдде. Олар белгілі бір іс әрекет, қимыл жасағанда өзінің мүддесін көздейді, соны орындауға тырысады. Егер алдына қойған мүдделері орындалып жатса, олар жағымды әрекет жасайды, ал егер орындалмаса жағымсыз әрекеттер жасауы мүмкін. Сондықтан билік басындағылар ішкі және сыртқы саясатта мүдде мәселесіне баса назар аударулары керек. Олай болса, мүдде проблемасын, әсіресе, ұлттық мүдде мәселесінің, теориялық және практикалық мәні бар, заманымыздың ең өзекті мәселесі болып отыр. Мақала осы актуалды мәселеге арналған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Философиялық сөздікте мүдде деп жеке адамның, әлеуметтік топтың, тарихи қауымдастықтардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған іс қимылын, ойларын айтады [1].

Көне заманның өзінде Аристотель адамды әрекет еткізетін мүдде деген болатын. Неміс ойшылы Гегель халықтар өмірінің қозғаушы күші мүдде дейді.

Мүдделер әр-түрлі болады: сыртқы саясаттағы мүдде, экономикалық, саяси, әлеуметтік рухани салалардағы, ұлттың, таптың, отбасының, жеке адамның, партиялардың, қоғамдық қауымдастықтардың т.б мүдделері.

Қазіргі кезде дүниежүзінің мемлекеттерінің көпшілігі көпұлтты мемлекет. Олай болса сол ұлттардың бәрінің мүддесін біріктіретін мемлекеттік мүдде басты орын алады. Ал мемлекеттік мүдде сол мемлекетті құраушы негізгі ұлттың мүддесі.

Осы тұрғыдан алып карағанда, қазіргі тәуелсіз Қазақстанда мемлекет құраушы қазақ ұлтының ұлттық мүддесінің орны ерекше. Ұлттық мүдде мемлекеттік саясатың өзегі.

Қазақ ұлты мемлекет құраушы ұлт ретінде басқа ұлттардың мүдделерінен алшақ кетпейді, оларды бір мемлекеттік мүдде топтастырады, ұйымдастырады, оған ұйтқы болады. Оны басқа ұлттың өкілдері түсініп, сезінуі керек.

Ұлттық мүдде деп өз халқының мемлекетінің мақсат мүддесін сезініп, біліп, оны іске асыруға тырысушылықты айтады. Оған ұлтты еркін және тәуелсіз мемлекет ретінде ұстау, сыртқы қауіп-қатерден сақтау, ұлттың тұрмыс жағдайын жақсартып дамыту, халықаралық майданда мемлекеттің экономикалық, саяси бағытын қорғау әлемдік саясатта бәсекеге қабілетті болатындай өз ықпалын кеңейту т.б жатады.

Бұл мүдделер қоғамда өмір сүріп отырған ұлттардың, таптардың, топтардың негізгі мақсаттарына байланысты. Өмірде бұл мүдделер сәйкес келе бермейді. Кей жағдайларда ол мүдделердің арасында қайшылықтар болуыда мүмкін. Бұндай жағдайларда билік басындағыларға оны дұрыс шешу үшін үлкен көрегенділік, шыдамдылық, білім керек. Бұл мәселелер мемлекеттік мәні бар құжаттарда, әсіресе, Ата Заңда, өз шешімін табу керек.

Қазіргі мемлекеттердің көпшілігі көпұлтты болып келеді. Бұндай жағдайда мемлекеттік мүдде мен ұлттық мүдде сәйкес келе ме?, деген сұрақ туады. Бұл сұрақ екі түрлі шешілуі мүмкін. Біріншісінде, мемлекет өз саясатында елдегі сан жағынан көп бір ұлттың мүддесін қорғап, басқа ұлттардың мүддесін ескермейді. Екіншісінде, мемлекеттік саясат сол елде тұратын барлық ұлттардың мүддесін көздеп, сыртқы саясатта солардың атынан іс-әрекет етеді.

Американың белгілі саясаттанушысы Г. Моргентау “Құрама Штаттар үшін жаңа сыртқы саясат” деген кітабында, АҚШ басқа ұлттармен өзінің қатынасын құрғанда ұлттық мүддені, өз аумағын, жеке қоғамдық құрылыс мүддесін ең бірінші орынға қою керек. Сонымен қатар дүние жүзінде Құрама Штаттардың екінші қатардағы мүдделері де бар. Олар: жер шарының қай шетінде болмасын бейбітшілік пен қауіпсіздік, басқарудың демократиялық әдістерін қорғау және бекіту, коммунистік мемлекеттер мен құрылыстарды тежеу, кедейлік пен ауру-сырқауларды жеңілдету. Бірақ олардың іске асырылуы төмендегідей екі шартқа байланысты: олар бірінші қатардағы ұлттық қауіпсіздікке нұсқан келтірмеуі керек және екінші қатардағы мүдделер ақылға сиымды болуы керек. Сонымен қатар Моргентаудың пікірінше, АҚШ басқа ұлттарға еліктерліктей үлгі болу, өз ұлтын одан жоғары дәрежеге көтеріп, экономикалық жүйенің өміршілдігін қамтамасыз етуге тиіс. Ол үшін қымбат және пайда келтірмейтін бөтен бір елдерге зорлықпен қол сұғудың бағдарламасын жобалағаннан гөрі, өз үйінде тәртіп орнатуға бар күш-жігерін жұмсағаны жөн дейді.

Бүгінгі күндері АҚШ-ның сыртқы саясаты Моргентаудың пікірінен өзгеше. Олар өз үйіндегі тәртіпті орнатуға бар күш-жігерін салудың орнына, өздерінің ұлттық мүддесін басқа елдерге күш арқылы таңуға бағытталған. Оның дәлелі АҚШ-ның

Ирактағы, Ливиядағы, Египеттегі, Украинадағы т.б елдердегі жүргізіп отырған сыртқы саясаты.

Жер бетін мекендеген әрбір халық үшін ең қорқынышты нәрсе – ұлттық болмысын жоғалту. Қашан да ұлт ретінде бейнесін жоғалтқан халықтың рухы биік бола алмайды, олар басқа халықтарға қосылып кететінін байқау киын емес.

Қазақ халқы үш ғасырға жуық Ресей отаршылығынан, Кеңес Одағының тотаритарлық жүйесінен көрген қорлығы аз емес. Осы кездері ол өз тілінен, мәдениетінен, әдет-ғұрпынан, дінінен, ділінен айырла жаздады, оның ұлттық мүддесіне үлкен нұсқан келді. Қазақтың қонақжайлық, ағайындық, туыстық, мейрімділік сияқты құндылықтарының орнына, жағымпаздық, алауыздық, екіжүзділік, сатқыншылық сияқты жағымсыз жағдайлар етек алды. Бұл қазақ ұлтының менталитетіне жат құбылыстар.

XX ғасырдың басында қазақ ұлтының рухани-мәдени келбетінің заман құбылыстарына сай қалыптасуына жанаша мүмкіндік пайда болды. Ғасыр басындағы қазақ халқының қоғамдық және әлеуметтік сипатында орын алған оқиғалар ұлтымыздың рухани болмысын бұрынғыдан биік сатыға көтеріп, соны өзгерістердің өмірге келуіне жол ашты. Өз ұлтының бітім болмысын жетік білетін Алаш зиялылары: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов т.б. қазақ мүддесін қалпына келтіруге ұмтылды. Алаш зиялыларының қазақ халқының отаршылдықтан тартқан тауқыметіне қарсы ел тәуелсіздігі үшін саяси-рухани күресі азаматтық тарихымызда жаңа дәуір бастады.

Ғасырлар бойы қазақтың байлық – ризығын тонап, шұрайлы жер-суынан қоныс аударған, азаматтық ой-санасын өшіріп, ұлттық ерекшелігімен дәстүрлі басқару жүйесін құртып, ұлттық мүддені аяққа басқан патша өкіметінің отарлау саясатын әшкерелеп, оған қарсы күрес жүргізді. Олардың пікірінше, Қазан төңкерсі қазақ халқына азаттық бермейді. Азаттықтың бірден бір жолы – Алаш автономиясы, яғни тәуелсіз мемлекет құру. Сол тәуелсіз автономия арқылы қазақтың жоғалта жаздаған тілін, мәдениетін, әдет-ғұрыпын т.б. қалпына келтіру. Бұлар қазақтың ұлттық мүддесін ойлаған нағыз қайраткерлер еді. Олар ұлтмүддесі үшін өз жандарын қиды. Алаш зиялылары: "Отандық тарихнамының зобалаң жылдары – дүбірлі сілкіністерімен іркілістерде, дауылдар мен жауындарда, құйындар мен жалындарда "жаным арымның садағасы" деген дара тұлғалар ғана тағдыр талқысына түсіп, бақ – талайына қарай бар ауыртпашылықты нарларша жон арқасын тосып, "қынқ" демей көтерді. Небір сынға шыдап, қайсарлық пен қайрат, ақыл мен парасат танытып, иілсе де, бүгілсе де сынбаған ұлтымыздың ұлыларына мәңгі тағзым! Арыстарымыздың асыл бейнесін шыншылдықпен жан-жақты ашып беру арқылы буын-буын жас ұрпақты отаншылдық пен мәрттікке, имандылық пен ар-ұждан тазалығына тәрбиелейміз" [2].

Алаш зиялыларының көздеген мақсаттары қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында іске асты.

Тәуелсіздік жылдарында көптеген табыстарға жеттік. Тәуелсіз мемлекеттімізді құрдық; әлемнің алпауыт елдері сиялайтындай, олармен терезесі тең, бәсекеге қабілетті, алдыңғы қатарлы 50 елдің біріне айналдық; мемлекеттік шекарамызды айқындап, бекіттік; дамыған экономикаға қол жеткізіп, индустриалдық-инновациялық бағырламаларды белгілеп, іске асыра бастады; Ата Заңымызды қабылдап, қоспалаталы Парламент құрып, билік тармақтарын бөлдік; құқықтық, демократиялық, зайырлы мемлекет құрып (әрине ол аяқталған жоқ), нарықтық қатынастарға көштік; төл валютамызды жасадық; цензураны жойып,

көппартиялықты, пікір плюролизмін қамтамасыз еттік т.б. жетістіктерге қол жеткіздік. Бұл табыстар біздің ұлттық мүдделерімізге сәйкес келеді.

Ата Заңымызда, Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауларында қазақ ұлттық мүдделері біртіндеп іске асырылуда. Әрине, Қазақстан сияқты көп ұлтты елде, қазақтың ұлттық мүддесі толықтай іске асты деп айтуға болмас, оның толықтай іске асуы әзірге мүмкін де емес. Бірақ біздің мемлекеттік саясатымыздың өзегі – ұлттық мүдде екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Оның айғағы Елбасының биылғы жылғы “Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ” деген халыққа Жолдауы (2014).

Жолдауда еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы тындырған көптеген істерін саралай, бағалай келіп, бұл жолдау Президентіміздің өткен (2013) “Ел дамуының 2050 жылға дейінгі стратегиялық саяси бағдарламасын” орындаудың сенімді тәсіл жолдарын толықтыра бағалайтын, пысықтайтын кең ауқымды құжат болды. Жолдау – “Мәңгілік Қазақстан жобасы. Ол ел тарихындағы жана дәуірдің кемел-келбетін айшықтап, өтер жолдарды саралап берді деп айта аламыз. Жолдау “Қазақстан-2050” стратегиясы бойынша-дүние жүзіндегі дамыған 30 елдің қатарына қосылудың негізгі құжаты саналады. Жолдауда: “Мәңгілік Ел” – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.

Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді.

Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық... Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол Мәңгілік Ел идеясы” – делінген [3].

“Қазақстан-2050” стратегиясы – Мәңгілік Елге бастайтын ең абройлы, ең мәртебелі жол. Бұл жол – қазақ халқының ғасырлар бойы армандаған ұлттық мүддесінің орындалуы болмақ.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, жер бетіндегі барлық халықтар да өзінің ұлттық болмысын, бейнесін, рухын сақтағысы келеді. Бұл құнтылықтар жойылған елде ұлтта жойылады. Оны жоймас үшін әр ұлттың өзінің ұлттық мүддесі болады. Ол мүдделер ішкі, сыртқы, саяси – әлеуметтік, экономикалық, аймақтық, таптық, топтық, отбасылық, жеке адамдық, партиялық т.б болады. Жоғарыда аталған таптар, топтар т.б сол мүдделерінің орындалуы үшін әртүрлі іс әрекет, қимыл жасайды. Мүдделердің орындалу-орындалмауы адамдардың іс әрекетінің, тәртібінің сипатын анықтайды.

Осындай ұлттық мүдде Қазақстанның қауымдастықтарына, таптары мен топтарына да тән. Мүдде қатып қалған нәрсе емес, заман талаптарына байланысты өзгеріп отырады және әр таптың, топтың, жеке адамның өз мүддесі болады. Қазақстан халқының қазіргі кездегі барлығына ортақ мүддесі – тәуелсіздікті баянды ету, бәсекейге қабілетті қуатты Қазақстанды құру, оны Мәңгілік Елге айналдыру.

Бұл міндеттер орындалса, қазақтың ата – бабалар алдындағы, қазіргі және келешек ұрпақтар алдындағы ұлттық мүдделерінің іске асқандығы болып есептеледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Философский словарь.- М., Политиздат, 1983.- 170 с.
- 2 Мектеп-тегі А. "Халел Досмұхамедұлы-Ұлт азаттық күресінің көсемі" //Ақиқат. №12, 2008.- 194 б.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ //Ақиқат. №2, 2014.- 13 б.

Резюме

В статье раскрываются проблемы интереса вообще, национального интереса Казахстана в частности. Также освещены изменения национального интереса с развитием общества.

Summary

In the article exposed the problem of interest in general nationality, interest of Kazakhstan in particular. The changes of national interest are also lighted up with development of society.

Қабылданған күні 30.01.2015 ж.

УДК 141.2**А.Қ.Төлегенова**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212

ҒАЛАМДЫҚ ҮДЕРІС (ПРОЦЕСС) ТУРАЛЫ ДЕРРИДА**Аңдатпа**

Бұл мақалада жаһандану үдерісі тек қана жалпылану мен қажеттілікті ғана емес, дегенмен тарихи тамырлардан босатылу мен географиялық шекараларды мүмкін қылып қоймай, мұқтаждық та туғызатындығы қарастырылады.

Негізгі сөздер: *Деррида, идеализация, мегаполис тұрғындары, космополитизм, қоғамдық қарым-қатынастар.*

КІРІСПЕ

Деррида үшін жаһандану – қайтымсыз және заңдылықты үдеріс. Ол бүгін өмір сүріп, бүгін де өзінің философ өзіне рұқсат бере алатын байыптылығымен түсінілуі керек.

Орыс сөзі «глобализация» (жаһандану) бүгін біз сөз қылып отырған үдерістің айтарлықтай нақты сәтті баламасы болып отыр. Өйткені, бұл орыс тілді оқырмандар үшін бір жалпыланған, ауқымды, біркелкіленген және тіпті әкірет үдеріс бейнесін көреді, ал ол біз тұрып жатқан әлемдегіден тіпті де басқа болып келеді. «Жаһандану» үдерісі біздің қазіргі өмірімізбен барабар келмейді, ол белгілі бір әлемдердің үстінде орналасқан және ол біріктіріп әрі бірыңғайластырып, әлеуметтік ұйымдарың барлық түрлілігін қамтиды. Бұл арада «жаһандану» дүниежүзілік емес, бүкіл дүниежүзілік үдерісті білдіреді. Орыс тілінде бұл үдерістің «бейбітшілігі» көрінбейді. Былайша айтқанда ол французға [monde - mondialisation] сөзі сияқты, ал керісінше, жаһандану жалпылану, бүкіләлемділік және ғарыштық мағыналары қалай екпіндетілген болса, солай ол ағылшындықтарға да [globe - globalization] болып естіледі.

Сондықтан, әр кез осы сөзді қолданған сайын Деррида дәл mondialisation деп нақтылайды, өйткені бұл сөзде әлем құрылуыны естіледі. Ал globalization болса бүкіләлемдік және әлемүстілік үдерістер білдіріледі.

Ол да әлемді сыртқы орта деп түсініп, екіншіден, ол әлемді психологиялық емес, кеңістікті мағынада айтады: адам өзінің айналасында құрмайды, керісінше, өзін әлемде табады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дерриданы адамдардың жалпы әлем қалыптасуының жолдары қызықтырады. Бұл әрбір жеке адамның өмірлік әлемінің жалпы бөлгішіне айналмас үшін болып табылады. Басқаша айтқанда, ол тұтастылыққа қол жеткізу барысында қалай әртүрлілікті жоғалтып алмау амалын қарастырды. Аталған әртүрлілік жүйесі Фуконың сөзіне қарағанда, өзара ұйқастық туралы түсінік бере алады [1,18 б.]. Деррида біруақытта христиан кеңістігін түсініктерінің ұстанушысы болып және абстракцияланған мен идеализацияланған жаһандану бейнесіне қарсы біртекті шекаралардың ашылуы ретінде түсіндіреді. Егерде жаһандану жекешеленген ерекшеліктерді жоқ қылмайды және дәл өзара ашылу ретінде жүзеге асырылады, десе де бұл ашылулар әрқашан мұндай немесе анадай жеке қызығушылықтар мен саяси стратегияларға әсерін тигізеді .

Жаһандану үдерісі тек қана жалпылау мен қажеттілікті ғана емес, дегенмен тарихи тамырлардан босатылу мен географиялық шекараларды мүмкін қылып қоймай, мұқтаждық та туғызады.

Мемлекеттер мен әлемдер арасындағы талас-тартыстар, Дерриданың ойынша, қолданылатын ұғымдардың түсініксіздігінен туатын жайт деп түсіндіреді. Мысалы, «жаһандану», «әлем» және «космополитизм» (әлемді сүюшілік).

Деррида ұлттық мемлекеттердің бітуі туралы айтып отырған жоқ және ұлттықтан бас тартуды айтпайды, (бұл тіл мен тарихтан бас тарту дегенді білдірер еді). Алайда заңдылықты және сөзсіз жалпылау кезінде жеке қызығушылықтарды басшылыққа алу мүмкін емес). Жаһандану оғаштығы - барлығы дерлік өзара шекаралардың ашылуына тек ол жеке мемлекеттік кеудемсоқтыққа дейін қызықтырады. Алайда, шекараның ашылуы әрқашан және сөзсіз мемлекеттік егемендік шектелуімен және халықаралық ұйымдарға деген үйлестік өкілеттілік делегирлеумен болады. Бұл оғаштықтың (парадокс) негізі шекаралардың ашылуы өзара шектеулерсіз жүре алмайтындығында жатыр. Сондықтан да Деррида осындай құқықтардың татуласу (әлемдену) кезінде бұндай шектеулер болуы әбден ғажап емес деп бұл үмітіне дәйек табады: «Біз [құқық] айтарлықтай дамып, осыған байланысты ұлттық мемлекеттердің егемендігі шектеулі болатынын болжап үміт арта аламыз» [3,135 б.]. Жаһандануды ол саясаттан тыс шыққан құқық дамуының үдерісі ретінде де, оның жалпы адамдық негіздерін мақұлдау да, әрі белгілі бір адамдардың өзінің құқығы үшін күресі деп қарастыруы тән.

Бірыңғай жаңа әлемдік кеңістіктің қалыптасу барысында құқық саласында өзгерістер тууына соқтырады, ал осы өзгерістерге Деррида аса көңіл бөлсе керек. Өмір туралы христиан түсінігі адамзатты бауырластық ретінде байланыстырады және де дәл осы контексте Деррида күллі адамзат баласының жалпыға ортақ құқықтық мәселелері мен бұқара халық алдындағы тәубесін мәселе ретінде қойған, ал осы мәселе бүгінгі таңда жаһанданудан кем түспейтін көріністі оқиға болса керек. Әрқашанда діни мағынасы бар тәубе қылу бүгінгі кезде тағы бір өмірдің жаңа

құралымен анықталады, олар көп жағдайда дерлік жаһандануға тікелей айланысты адам мен азаматтық құқығы түсінігі.

Деррида космополитизм (әлемді сүюшілік) мәселесін тек қана христиандық өмірді түсінуіне байланысты талқылайды, десе де, мемлекеттік және әлемдік азаматтық мәселесі жөнінде әдейі ештеңе айтпаса керек.

«Барлық елдер космополиттері, тағы бір талап» атты еңбегінде Деррида қала мен космополитизм тақырыптарын тығыз байланыстырған. Қала мәселесі құқықтық, сондай-ақ саяси аспектілерде қойылған.

Біріншіден, ол қала құқығын баспана беретін деп қарастырса, ал ол құқықтың (кең мағынада болса, сондай-ақ құтқарылу құқығы) негізгі бастауы болады, екіншіден, оны құқық пен сол кепілденген және күш алатын кеңістік арасындағы өзара байланыс қызықтырса керек. Құқықтық нормалар әдетте әмбебап болып жар салынса да, дегенмен олар белгілі шекара аумағында, белгілі бір егеменді аумақта әрекет етеді: еркін қалада, одақ субъекті, тәуелсіз мемлекет, сонымен бірге белгілі бір діл (тісінушілік) және құндылық жүйесі. Сондықтан құқық туралы мәселе өзінде бұл құқық қайдан күш алып немесе ол қайдан шығады деген саяси сұрақтардан тұрады.

Келесі мәселе осы заманғы құқықтық баспана қатарындағы қалалар мәселесіне келетін болсақ, Деррида қонақжайлылық мәселесін талқылайды. Оның ойынша, қазіргі жетіскендік, жұмыспен қамтылғандық, іскерлік және соңғы кезде қауіпсіздікпен абыржыған мегаполис тұрғындары ойынша, бұрынғы заман ескілігі немесе қолжетпес астамдық ретінде көрінеді. Қазіргі қалалар басқа бөтен қаладан келгендерге баспана беруден бас тартуы жиірек кездесетін жайтқа айналса керек, олар өздерінің азаматтары үстінен бақылауға алып, жаңа және кәміл түрлерін енгізсе керек [4,86 б.]. Бұл қонақжайлылық дағдарысында жалпы қаланың автономиялық құқықтық кеңістік ахуалы байқалады. Ал қазіргі кезде біз «қала шетін» сөз қылатын болсақ, оның баспана болудан тоқтатылып және азаматтық одан артық қорғаныс қызметін атқармайтынын түсінеміз. Осыған орай, әрбір адамға қауіпті деп саналып, оларға әдетте өз есіктерін жауып тастайтын шетелдік, көшіп келуші, жер аударған, босқындар туралы заңды, сонымен қатара мәдени түсініктер өзгерді. Қазіргі қала бақыланбайтын шетелдіктер ағынының негізінде баспана болудан қалды, әсіресе өйткені ол құқықтық, мәдени, тілдік және саяси ұйқастықты жоғалтқандығынан: заңсыз эмиграция бұл қозғалыста тек екінші дәрежелі құбылыс. Тек қана орналасқан аймақ ахуалы ғана емес, сонымен бірге әр жерде өмір сүру әдеті де айрықшаланады. Сондықтан да кішігірім қалалар тұрғындырының ұқсастықтарын жеңілдірек болжау мүмкін болса керек.

Көптеген қарама-қарсылықты қалалар тек қана қала құлдырауын куәландырып қоймай, сонымен қатар қала ішінде өмір сүрген құқық дағдарысын да растайды. Баспанаға деген құқығы, тәубеге деген құқық және қонақжайлылық та әрдайым заңды талқылауға салынбайды. Өйткені, бұл заңдар қатаң түрде нормалар болып есептелмейді, бастысы өйткені бұлар бізді жаратынды адамзат аралық қарым-қатынастарға сілтейді, бұны апостол Павел айтқандай, бауырластық деп атаса, ал Маркс болса – туыстық қатынастар» [4,88 б.]. Осы аталған қарым-қатынастар нормалар мен құқықтарға қарағанда айқын, еуропалық рационализм жағынан берік болып келеді. Деррида бұл адамдар арасындағы бауырластық сенімге ортақтасады, сондықтан қонақжайлылық физикалық адамның заңды актісі (іс-әрекеті) болып табылмайды, әрекет қоғамдық та, саяси де емес мағыналармен жүктелмеген. Құқық азамат жағдайындағы саяси күштермен емес, керісінше,

адамның өзінің болмысымен адам баласына қатысты екендігімен кепілденуі керек. Алайда осы аталған адамға деген ең жақын қарым-қатынастар қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде бір түрлі біртекі қалса керек.

Оның ойынша, «қала шеті» тек қана қонақжайлылық, баспанаға деген құқық немесе тәубе жасауға деген құқықтар тарих ықпалына айналды, бірақ қаланың құқықтық кеңістігі болуының тоқтауы [5,68 б.]. Қазіргі мегаполис МГУ-гі Бодрийяр өзінің дәрістерінде айтып кеткендей, «жалпы қарым-қатынастар жерлері (әуежай, метро, ауқымды супермаркет), бұл жерлерде адамдар өзінің азаматтығынан, бодандығынан және территориясынан (аймағынан) айырылады.

Дегенмен қазіргі таңдағы ғалымдардың барлығы көкейкесті әлемдік деңгейдегі үдерістерді (процесстерді) жаһандану тарапынан қарастырмайды. Жаһанданумен қатарлас бірге дүниежүзілік қоғамдастық регионализациясы (аудандастыру) жүріп жатады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Обухов Н.П. Глобализация и возникновение новых направлений //Финансы. - М., 1999, №12.
- 2 Володин А.Г. Глобализация: истоки, тенденции, перспективы //Полис. - М., 1999, №5.
- 3 Коллонтай В.М. О неолиберальной модели глобализации //МЭ и МО. - М., 1999, №10.
- 4 Коллонтай В.М. Эволюция западных концепций глобализации //МЭиМО. — М., 2002, № 1. - С.24.
- 5 Ольшанский Д.А. Глобализация и Мир в философии Жака Деррида. http://www.credonew.ru/credonew/04_04/4.htm.

Резюме

В статье рассматривается глобализация, представляющая собой совокупность сложных интеграционных процессов, охватывающих постепенно (или уже охвативших?) все сферы человеческого общества. Сам по себе этот процесс является объективным, исторически обусловленным всем развитием человеческой цивилизации.

Summary

The globalization present accumulation of compound integration process, and spread all the sphere society of humanity. This process is objective, depend on develop the human civilization. On the other hand his present is subjective interest some countries and transnational corporation.

Қабылданған күні 30.01.2015 ж

ӘОЖ 9 КАЗ**А.С.Сарсенов, Г.К.Муканбедиева**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212
E-mail: asar2412@gmail.com, gulnur_m89@mail.ru

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДА АЛҒАШҚЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚҰРЫЛА БАСТАУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақ даласында, соның ішінде Бөкей Ордасында алғашқы мектептердің пайда болуы туралы сөз болады. Патша үкіметінің мектептер ұйымдастырудағы шынайы мақсаты мен жымысқы әрекеттері ашып көрсетіледі. Мектептердің әртүрлі типтеріне мінездеме беріледі.

Негізгі сөздер: мектеп, медресе, Бөкей Ордасы, орыс-қазақ мектебі, училище.

КІРІСПЕ

Бөкей Ордасы XIX ғ.бастап патшалық Ресейдің ықпал ету аймағына айнала бастады. Әсіресе, мәдени-ағарту саласында бұл айқын көрінді. Халықтың басым көпшілігі Жайық өзенінің арғы бетінен келген Кіші жүз рулары еді. 1845 ж. Ішкі Ордада хан билігі жойылғаннан кейін «Ішкі (Бөкей) Ордасын басқару жөніндегі уақытша Кеңес» құрылды. XIX ғ.орта кезінде патшалық Ресейде бірнеше әкімшілік реформалары жүргізілгені мәлім, оның ішінде білім жүйесінде де реформалар болған еді. Қазақстандағы 1867-1868 ж. реформалардан кейін Орда Торғай облысына қарады, ал облыс Орынбор генерал-губернаторлығының құрамында болды. Әкімшілік жағынан Ішкі Орда бес бөлімнен және екі округтен тұрды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Орда халқы негізінен мал шаруашылығымен айналысты. Өнеркәсіптің түрінен тек қана Басқұншақ тұз өндіру кендері болды. XIX ғ. аяғында Ордада 263 мыңдай адам тұрды. Осыншама адамға екі-ақ дәрігер болды. Біреуі Хан Ордасында, екіншісі Новая Казанка селосында. Хан Ордасында мектептердің құрылуы туралы бірнеше тарихшылар мен педагогтар зерттеді. Олардың еңбектерінде негізінен жалпы сипаттама беріледі, мектептер құрылуының алғышарттары, статистикалық деректер көрсетіледі. Бұл мектептердегі білім беру ісі хан, сұлтандардың балаларын Орынбордағы Неплюев кадет корпусына оқуға түсуге дайындауға бағытталды.

Мектепте ислам діні мен шығыс тілдерінен басқа пәндердің бәрі орыс тілінде жүрді. Ордаға орыс ғалымдары келіп жұмыс істеген. Мысалы, 1887-1888 жылдары белгілі орыс антропологи және этнографы Алексей Харузин Ішкі Орда қазақтарының тарихын, экономикасын және тұрмысын зерттеген. Ол бірнеше қорғандарды қазып, суретке түсіріп, антропометриялық өлшемдер жүргізіп, «Киргизы Букеевской орды (антрополого-этнографический очерк)» деген еңбегін жариялайды.

Ішкі Орданың географиялық жағынан басқа қазақ жерлерінен алшақ орналасуы, жергілікті халықтың орыстармен тығыз байланысты болуы олардың экономикасы мен мәдениетіне өзгеріс енгізді. Бұл білім беру ісіне де әсерін тигізбей қойған жоқ. Қазақстанның басқа аймақтарында білім беру ісі негізінен діни метептер мен медреселер арқылы жүзеге асырылса, Ордада орыс тілінде жүргізілді.

Бөкей Ордасы өзінің ішкі құрылымы жағынан да, даму ерекшелігімен де Қазақстанның батыс аймағындағы алдыңғы қатарлы өңір болды. Соған қарамастан

ол қазақ халқына тән патриархалды-феодалдық қоғам болып қала берді. Бірақ Ресеймен тығыз байланыс іс жүргізу, келіссөздер жүргізу үшін сауатты адамдарды қажет етті. Сондықтан да оқу орындарын ашу ауадай қажет болды. Әрбір старшындықта, рулық құрылымда хан қазынасына жинайтын алым-салық жүйесін құру, мал басын, жер иеліктерін санау, кейбір қылмыстық істерді жазбаша түрде жүргізу, сауда істері мен шаруашылық байланыстарын басқа губерниялармен жүргізу, т.б. білімді адамдарға сұранысты күшейтті.

Бөкей хандығында іс жүргізу ісі жақсы жолға қойылған еді. Әсіресе, Жәңгір хан бұған өте-мөте көңіл бөлді.

Батыс Қазақстандағы алғашқы мектеп 1841 ж. Хан Ордасында пайда болды. Мектепте 2 сынып болды: орыс және татар. Біріншісінде 13 оқушы, екіншісінде 12 оқушы болды. Ең ересек оқушы 22 жаста, кішісі 9 жаста болды [1].

Олар мектеп ішінде оқитындар және келіп оқитындар болып екіге бөлінді. Біріншілерін мектеп қамтамасыз етті.

Жәңгір хан өзінің көмекшілерінің балалары үшін мектеп-пансион ашты. Мұнда мұғалімдер жетіспеді, аздап болса да орыс тілінен хабары бар тілмәштар, мал дәрігерлері т.б. сабақ беруге мәжбүр болды. Бөкей Ордасы бірте-бірте батыс өңіріндегі ағарту ісінің орталығына айналды. Жәңгір ханның кезінде Ордаға Қазан, Орынбор қалаларынан молдалар шақырылды, жергілікті хан, сұлтандардың балалары Қазан, Орынбор, Уфа, Астрахань қалаларына оқуға жіберілді. Жәңгір хан мектеп ісін жіті қадағалап отырды, мешіттер салуға, олардың жанынан әртүрлі мектептер ашуға қаржы жинатты, молдалардан емтихан алатын комиссиялар құрды. Осының нәтижесінде әрбір рудың өз молдасы болуға қолы жетті.

Қазақ балаларының орыс, татар тілдерін білмеуі біраз қиындықтар туғызды. Халықты ағарту саласында Жәңгір хан бір жағынан экономикалық, саяси-әлеуметтік мүдделерді көздеді, екінші жағынан білім халықты ілгері сүйреудің басты көзі деп түсінді. Халықтың сауатын ашудың екінші көзі діни мектептер болды.

Әрине, патша үкіметі діни мектептердің таралуына үлкен қорқынышпен қарады. Ордада діни мектептердің дамуына Жәңгір ханның қайынатасы Орынбор мүфтиі белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Жәңгір хан бұл мәселеге үлкен көрегендікпен қарады. Ол татар, Бұхар молдаларын оқыған қазақтармен ауыстыруды ойлады және бұл мектептерде жаратылыстану сабақтары мен орыс тілін енгізді. Моладалардың оқуы жүйесіз жүргізілді, ешқандай бағдарлама болған жоқ. Кейінірек әрбір ауқатты адам өз үйінде мектептер аша бастады. Жаңа жүйеге көшу үшін олар орыс мұғалімдерін шақыра бастады. И.Ф.Бларамбергтің айтуынша Бөкей хандығында орыс тілін оқыту жылдан-жылға дамып отырды [2].

Бірақ бұл мектептер орыс тілінен алғашқы білім басқышын ғана беретін еді. Мектепте 7 (жеті) жылға дейін оқыған балалар жергілікті әкімшілікте жұмыс істеуге де, Ресей губернияларының мектептерінде де оқуын жалғастыруға да шамалары келмеді. Осының бәрі Жәңгір Ханды Хан Ордасында орталық мектеп ашуға итермеледі. Ол алдына екі мақсат қойды: біріншіден, мектеп жастарды Ресей арнайы оқу орындарына, университет және кадет әскери училищелерінің дайындық курстарына түсуге дайындады, екіншіден, мектеп бітірушілер кеңсе қызметіне, жергілікті әкімшілікке жұмысқа орналасты.

Жаңа мектепті салу да, оны оқушылармен толтыру да үлкен қиындықтармен жүзеге асты. Себебі, мектеп халықтан жинаған қаражатқа салынды және ақсүйектер өз балаларын мектепке бергісі келмеді.

Нәтижесінде 1841 ж. мектеп ашылғанда небәрі 12 оқушы қабылданды. Тек Жәңгір ханның орасан зор еңбегінің арқасында 50-ші жылдардың ортасында мектепте 30 шақты бала оқыды, оқуға тілек білдірушілердің саны күннен күнге көбейе берді. Бастапқы кезде мектепті хан өз қаражатына ұстады, хандық билік жойылғаннан кейін мектеп халықтан жиналған салықтың арқасында өмір сүрді. Мектептегі білім беру жүйесі өте тиянақты ұйымдастырылды. Сабақ қазан айында басталып, мамыр айына дейін жүрді. Мектепте араб, орыс, татар тілдері, арифметика мен грамматиканың бастапқы ережелері, география, тарих және шешекке қарсы егу сабақтары жүргізілді. Оқушылардан ата-аналарының қатысуымен емтихан қабылданды. Емтихандарға ханның өзі де қатынасатын болды. Мектептің алғашқы мұғалімі әрі мал дәрігері Константин Ольдекоп орыс тілі, арифметика, географиядан сабақ берді. Сонымен қатар ол оқушылардың тәртібі мен жүріс-тұрысына жауап берді. Шығыс тілдері мен дінтанудан Садриддин Аминов дәріс жүргізді. Оқу барысында сол кездегі ең жаңа оқулықтар пайдаланылды. Олар: Востоковтың «Краткая русская грамматикасы», Бурнаковскийдің «Арифметикасы», Шульгинның екі томдық «Географиясы», Галаховтың «Краткая хрестоматиясы», Устряловтың екі томдық «Русская историясы». Мектепте алған білім Ресейдің арнаулы орта оқу орындары мен кадет корпустарына түсуге мүмкіндік берді.

1866 ж. 17 қазанында Мемлекеттік Кеңес Бөкей Ордасында қазақ балалары үшін 7 алғашқы білім беру мектебін ашуға рұқсат берді. 1868 ж. төмендегідей біркластық мектептер ашылады:

1. Қалмақ мектебі – Владимировка селосында
2. Камыш-Самар мектебі – Новая Казанка селосында
3. Нарын мектебі – Ұялы көл шатқалында
4. Таловка мектебі – Таловка селосында (Казталовка)
5. Торғын мектебі – Хан Ордасында
6. I Приморск округындағы мектеп – Кокорев кордонының маңында
7. II Приморск округындағы мектеп – Бакалаевск кордонының маңында

1896 жылға қарай Бөкей Ордасында 24 орыс-қазақ мектебі болды. Оның ішінде 2 екікластық училище, 6 біркластық ауыл шаруашылық училищесі, 14 старшын мектебі, 2 жекеменшік мектеп, медреселер мен мектептердің жанында 2 орыс класы болды. Олардың бәрінде 708 оқушы білім алды. 629 қазақ, 64 орыс, 15 татар, 15 қыз балалар. Оқушылардың 167-сі мемлекет қаражатына оқыса, 541-і өз ақшаларымен оқыды. 1885 ж. қосымша 7 старшын мектебі, 1869 ж. тағы да 7 мектеп ашылды. Олар Шұнғайда, Қаракөлде, Толыбайда, Сүйінәліде, Күйгенкөлде, Есенбай хуторында және Әбі форпостында орналасты. Бұлардан басқа Ішкі Орданың әрбір бөлімінде біркластық орыс-қазақ училищелері болды.

Ішкі Ордадағы старшын мектептері екіжылдық болды. Олардың білім беру жүйесі тек қана Ресейден емес, Қазақстанның басқа облыстарынан да өзгеше болды.

Ордада үкіметтік мектептердің екі түрі (типi) болды: 6 жылдық оқу мерзімімен екікластық және 4 жылдық оқу мерзімімен біркластық учаскелік орыс-қазақ мектептері. Оқу жылының аяғында оқушылар емтихан тапсыратын болды. Мектептердің негізгі мақсаты оқушыларға орыс тілін үйрету боды.

XX ғ. басына дейін Хан Ордасында және Больше-Ганюшенде екікластық орыс-қазақ ер балалар училищесі, 7 участоктың және 1 Ордадағы қыз балалардың біркластық училищесі, 14 старшын, 2 ауылдық мектеп және мектептер мен

медреселер жанынан 3 орыс тілі кластары ашылды. Сөйтіп Ішкі Орданың 300 мыңдай тұрғынына 29 оқу орны болды, олардың жағдайы өте төмен болды [3].

Оқу орындарының ішіндегі ең жоғарысы Хан Ордасындағы училище болды. Онда төменгі буындағы қазақ оқу орындары үшін педагогтық кадрлар даярланды. Бірақ олардың да білім дәрежесі төмен болды.

Оқу орындарының тағы бір түрі участоктық біркластық мектептер болды. Олар екікластық училищелер сияқты мемлекеттің бюджетінде және өздерінің интернаттары болды. Интернаттардағы жағдай сын көтермейтін еді, қазақ балаларына тамаққа күніне 10 тиын бөлінді, мұғалім жанұясымен жылына 12 сом алатын еді.

Старшын мектептері ауыл мектептерінің бір түрі болды. Оларды жергілікті қазақ қоғамдары қаржыландырды. 1903 жылға дейін олардың саны өзгерген жоқ. Тек 1904 жылы олардың саны 19-ға жетті. Бұл мектептердің тұрақты ғимараты болған жоқ, сондықтан олар көшіп-қонып жүрді. Инспекторлар кейде оларды таба алмай қалатын еді. Бұған дәлелдің бірі Көктерек мектебінің оқытушысы Ақбаевтың баяндауы. Ол былай деп жазады: «Көктерек старшын мектебі 1896 ж. Аяққопа шатқалында ашылды, 1 жылдан кейін Жортан шатқалына ауыстырылды, енді бір жылдан соң Қошқар шатқалына көшірілді, 1900 ж. Ащықұдық шатқалына ауыстырылды, ал 1904 ж. Көктерекке көшірілді. Бұндай көшудің басты себебі бір жерде мектепке оқушыларды тарта алмауы еді» [4].

Старшын мектептерінің ішінде біреуі ерекше жағдайда болды. Бұл мектептің негізін 1904 ж. Зқарашада инспектор А.А.Воскресенский салған еді. Ол І Приморск округының 15-ші старшындығындағы Тоқсанарал шатқалында орналасты және старшын үлгілі мектебі деп аталды. Бұл мектепті халық ағарту министрлігі жылына 548 соммен қаржыландырып отырды. Метепте оқу мерзімі 3-4 жыл болды, сабақ 9-дан 14-ке дейін және 19-дан 21-ге дейін өткізілді. Мектепте оқытылатын негізгі пәндер орыс тілі, арифметика және қол еңбегі болды. Оқушылар 3-4 жылдың ішінде оқу, жазу, арифметикалық қимылдар және орысша шала-пұла сөйлеуді үйренуге тиіс болды. Басқа мектептерге қарағанда бұл старшын мектебінде оқу жылы мерзіміндебасталатын.

Старшын мектептерімен қатар Бөкей Ордасында 1900 жылдан бастап екі ауылдық мектеп құрылды. Алғашқы кезде олар қыздарға арналып құрылды да мемлекет жылына 250 сом қаржы бөліп отырды. Олардың біреуі Орданың Нарын, екіншісі Торын бөлігінде болды. Кейін олар аралас мектеп болып кетті.

Жалпы мектеп ісінің дамуы баяу қарқынмен дамыды. 1904 жылдың аяғына таман Бөкей Ордасында төмендегідей оқу орындары болды:

Екікластық училищелер – 2

Біркластық (учаскелік) - 8

Старшындық – 19

Ауылдық – 2

Медреселер жанындағы орыс кластары – 3

Барлығы – 34

Егер тарихқа үңілсек, Ішкі Ордада 1868 жылғы әкімшілік және мектеп реформасына дейін Хан Ордасындағы бір ғана орыс-қазақ мектебі болды. Мұсылман мектептері мен медреселердің рөлі төмен болды. Олар және оларда оқитын оқушылардың саны жөнінде бірыңғай пікір болған жоқ. Мысалы Орынбор оқу округінің басшыларының бірі Ростовцев өзінің 1891 ж. 11 қарашада халық ағарту министрлігіне берген хабарында Бөкей Ордасында 400 мұсылман медресесі мен

мектебі бар екендігін айтады. Бұл жерде ауқатты адамдардың жеке мектептерін де есепке кіргізгені көрінеді.

Ал егер «Астраханский вестник» тің дерегіне сүйенсек 1889 ж. 1 қаңтарында Бөкей Ордасында 60 мектеп болған. Оларда 1679 оқушы оқыса, оның 1436-сы ер балалар, 243-і қыздар болған. XIX ғ. аяғына таман орыс-қазақ мектептерінің көбеюіне байланысты мектептер мен медреселердің және олардың оқушыларының саны азая бастайды. Сонымен бірге орыс тілін меңгеру үшін мұсылман мектептері мен медреселерінің жанынан орыс кластары ашыла бастады. 1896 жылы Новая Казанка медресесінің жанынан ашылған орыс класында 32 оқушы оқыса, Хан Ордасындағы мектептің орыс класында 84 оқушы оқыды [5].

Орыс тіліндегі мектептердің санының өсуі мұсылман дінбасыларының наразылығын туғызды. Тіпті сұлтандар мен билердің арасында да үкіметке және орыстардың ықпалының күшеюіне қарсы үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Бұл жағдай патша әкімшілігінің қобалжуын туғызды. А.Н.Харузин бұл шаралар қазақтарды «орыстандыруға» бөгет болуда деп жазады [6].

Мектеп инспекторлары өздерінің жазбаларында татар молдаларының қазақтар арасында мұсылман дінінің қағидаларын уағыздайтынын, мектептерде орыс тілінің орнына мұсылмандық фанатизм оқытатыны туралы бірнеше рет дәлелдермен келтіреді. Ол кезде Бөкей Ордасы оқу ісін ұйымдастыру жөнінде Қазан округіне қарайтын еді. 1887 жылы қазақ мектептерін тексеруге инспектор А.Е.Алекторов жіберіледі. Ол өзінің жазбасында татар мұғалімдерінің қазақ балаларын мемлекетіміздің басты қаласы Стамбул, патшамыз түрік сұлтаны деп оқытатыны жөнінде жазады. Патша үкіметі татарларға Бөкей Ордасына қоныстануға тыйым салғанына қарамастан олар сауда жасауға келген болып Ордада қалып қойып отырды. Қазан оқу округы басшыларының бірі В.А.Попов бұған қарсы Бөкей Ордасындағы қазақтарды православие дініне тарту керек деген ұсыныс айтады [7, с.39].

Қазақтарды православие шіркеуіне тарту патша үкіметінің негізгі мақсаттарының бірі еді. Қазақтар арасында орыс-қазақ мектептерінің беделін өсіру үшін В.А.Попов мектептерге ислам діні пәнін енгізуді ұсынды. оның пікірінше ислам дінінен сабақ енгізу қазақтардың үкіметке деген сенімін нығайтуға тиіс болды [7, с.47].

Бұған Қазан оқытушылар семинариясының директоры Бобровников, Орынбор оқу округының «Бұратана мектептер» жөніндегі инспекторы В.В.Катаринский Ішкі Орда мектептері жөнінде арнайы материал дайындады. Онда көрсетілгендей 1890 жылға дейін Хан Ордасында 1 мектеп, 3 медресе болған, оларда 110 оқушы оқыған (12-сі қазақ). Олардың инспекторлары татарлар болған. Патша үкіметі халықтың наразылығын туғызбау үшін оларды біртіндеп жауып, орнына орыс-қазақ мектептерін ашып отырды. 1892 ж. ең соңғы мұсылман мектебін жауып, орнына орыс сынып ашылды. Бұл мектепте тек қана татар балалары оқитын. Қазақ балалары негізінен интернаттары бар орыс-қазақ мектептерінде оқыды. Олар айына 4 сом төлеуге тиіс болды.

Қазақ балаларын оқыту және оларға татарлардың ықпалы мәселесін халық ағарту министрі Делянов 1895 жылы 25 наурызында ішкі істер министрінің алдына қояды. Ішкі істер министрі Ордада татарларға қоныстануға рұқсат жоқ екендігін алға тартып, мәселенің еш қорқынышы жоқ деп есептейді. Бірақ Ордада орыс-қазақ мектептерін көбейту ұсынысын қолдайды. Бұл мектептер бұрынғылардан бөлек, жаңа типтік болу керек болды.

Сөйтіп алғашқы жаңа типтік орыс-қазақ орталық мектебі Хан Ордасында Жәңгір ханның басшылығымен 1841 ж. ашылды. Бұл типтегі орыс мектептері 1868 жылдан бастап құрыла бастады.

Владимировка селосында қалмақ мектебі, Новая Казанкада Қамыш-Самар мектебі, Хан ордасынан 12 шақырым жерде Нарын мектебі, Таловка селосында Таловск мектебі және Хан Ордасында Торғын мектептері жұмыс істей бастады.

XIX ғ. аяғына таман қыздарға арналған оқу орындары да ашыла бастады. 1883 ж. Хан Ордасында біркластық және екікластық әйелдер училищелері ұйымдастырылды. 1893 жылы Большое Ганюшкино селосында да екікластық училище, 1895 жылы Басқұншақта орыс-қазақ училищесі ашылды. 1895-1896 жылдар аралығында Орданың әрбір жерінде 14 старшын мектебі аяққа тұрды. Бұл, әрине, халықтық білімге деген құмарлығын көрсететін фактор еді. 1883-1891 жылдар аралығында Ішкі Ордада халық ағарту Министрлігі жүйесінде 8 училище болды, оларда 189 оқушы білім алды. 1898 жылы училищелерде 573 қазақ, 44 орыс, 20 татар оқыды, оның 33-і қыздар болды [8,с.175].

XX ғасырда мектептердің дамуы жаңа белеске көтерілді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Обзор Уральской области за 1902. - Уральск, 1903.
- 2 Государственный архив Астраханской области (әрі қарай ГАО). ф.1, оп.1, д.175.
- 3 ҚР ОММ 59 қор, 1 тізбе, 155 іс.
- 4 Государственный архив Оренбургской области (әрі қарай ГАО) ф.6, оп.6, д. 12979/15.
- 5 Материалы по истории политическогостроя Казахстана. – Алма-Ата, 1960. т. IV.
- 6 Южаков С.Н. Вопросы просвещения.- СПб., 1897.
- 7 Бородин Н.А. Очерки первоначального образования в Уральском Казачьем войске (по отчетам учителей за 1885-1886 учебный год). - Уральск, 1887.
- 8 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сб.документов и материалов. – Алма-Ата, 1961.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы организации и строительства первых школ в Букеевской Орде. Дается характеристика мусульманским и русско-казахским школам.

Summary

In article questions of the organization and construction of the first schools to the Bukeyev Horde are considered. The characteristic is given to Muslim and Russian-Kazakh schools.

Қабылданған күні 30.01.1915 ж

ӘОЖ 94**С.О.Қуаныш, Г.Б.Қамиева**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: kserik@mail.ru, abb_2-2@mail.ru

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ОБЪЕКТІЛЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Маңғыстау өлкесіндегі тарихи-мәдени мұра ескерткіштері негізінде тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану заңдылықтары және оларды жүзеге асыру мәселелері сөз болады.

Негізгі сөздер: тарихи-мәдени мұра, ескерткіштер, сәулет және қалақұрылысы, табиғат кешендері, қорғау аймақтары, ескерткіштердің паспорттандырылуы, ескерткіштерді мемлекеттік қорғау органдары.

КІРІСПЕ

Тарихи-мәдени мұра халықтың өткен тарихын суреттейтін бірден-бір айғақ екені белгілі. Еліміздің тарихында ата-бабаларымыз қалдырған тұлғаларды, тарихи оқиғаларды бейнелейтін мәдени ескерткіштер аз емес. Төл тарихына құрметпен қарайтын, өз халқының бүкіл азаматтық өркениетке қосқан үлесін әлемге танытуды мақсат еткен елдер мәдени ескерткіштерді зерттеуден бастайды. Сондықтан, тарихи-мәдени мұра халықтың тарихи тағдырының аса маңызды айғағы ретінде, оның бүгінгі және болашақта дамуының негізі және сөзсіз шарты ретінде барлық қауіп-қатерден тұрақты түрде қорғап отыруды талап етеді. Қазақстан Республикасында мұны қамтамасыз ету барлық заңды ұйымдар мен нақты адамдардың адамгершілік борышы және Заңмен белгіленетін міндеті болып табылады. Осыған орай, ата-бабамыздан қалған бай мұрамызды қорғау және пайдалану бойынша заңнамалық актілерде көрсетілген мәселелерді түсіндіру қажет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау үшін ең алдымен арнайы мамандардың көмегімен тиісті аумақтарда зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Осындай зерттеу жұмыстарының нәтижесінде анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері алдын-ала есепке алу тізіміне енеді. Алдын-ала есепке алу тізімі дегеніміз – тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін беру мақсатында анықталған ескерткіштердің тізімі. Тізімге енгізілген объектілер өздерінің мәртебесі туралы түпкілікті шешім қабылданғанға дейін тарих және мәдениет ескерткіштерімен бірдей қорғалады [1].

Ал енді тарих және мәдениет ескерткіштеріне мәртебе беру және одан айыру тәртібіне тоқталсақ. Айта кету керек, «мәдени мұра» терминінің пайда болуы ЮНЕСКО Бас конференциясының XVII сессиясында 1972 жылғы 16 қарашада қабылданған «Әлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау туралы» ЮНЕСКО Конвенциясымен байланысты. Онда алғаш мәдени мұра құрамын былай анықтайды: «Мәдени мұраға ғылыми және қоғамдық маңызы бар материалдық мәдениет бұйымдары, ескерткіштер, ғимараттар тобы мен әртүрлі құндылықтары, оның ішінде, символикалық, тарихи, көркемдік, эстетикалық, этнографиялық немесе археологиялық құндылықтары бар территориялар жатады» [2]. Тарихи-мәдени мұра

объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану оларды міндетті түрде ресми жариялануға тиісті халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде бекіту арқылы баянды етіледі. Ал, археология ескерткіштері олар анықталған кезден бастап ескерткіш мәртебесін алады.

Сөз – қай халықта болмасын ерекше құдіретке ие. Сонау дәуірлерден бері сөздің сиқырлық күші адамзатпен бірге дами отырып, бүгінгі жаһандану заманында да өз маңызын жоймаған. Адамзат танымындағы алғашқы «сенім» табиғат құбылыстарына деген сенімнен бастау алған. Адам санасы дамыған сайын суггестияның да аясы кеңіп, дін қызметкерлері, абыздар ұйыту, гипнотикалық ұйқы, дұғалармен емдеу әдісі арқылы ем-дом шараларын жүргізген. Бұны суггестияның медициналық қыры деп танысақ болады. Ал ғылым саласында ең алғаш суггестия психология саласындағы термин ретіне қолданды. Психологияда медитация жасау арқылы жүретін суггестия процесінің лингвистикалық қырын атап өтуге болады. Бұл көбінесе аффирмация жолдары арқылы түрлі сөзбен адам санасына әсер етуде айқынырақ көрінеді. Әсіресе, психолог Луиза Хей еңбектерінен аффирмацияның үздік жолдарын кездестіреміз. Лингвистика саласында суггестия соңғы ғасырларда қарастырылып, өткен ғасырда жарық көрген орыс ғалымдары И.Ю Черепанова, К.М Варшавский, С.Н. Астахов, А. Киклевич, Н.И.Жинкин еңбектерінде тілдегі суггестия жөнінде алғашқы түсінік беріліп, кең түрде қарастырылды. Қазақ ғалымдарының ішінде А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов еңбектерінде нақты суггестия ғылымына анықтама берілмесе де, жалпы сенімге, адам санасына сөздің әсер ету күшіне қатысты тұшымды пікірлерді кездестіруге болады. Қазақ тілінде тілдегі суггестияға қатысты зерттеу жұмыстарын Г.Смағұлованың, А.Машимбаеваның еңбектерін атауға болады. Г.Смағұлова өз еңбектерінде суггестияға «сөзбен иландыру, сендіру» деген анықтама берген.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жақсы сөзді «жарым ырысқа» балаған халқымыз әр сөз астарына аса мән беріп отырған. Сол себепті де қазақ мәдениетінде суггестия құбылысын түрлі тілдік деректерден көре аламыз. Суггестия халықтың танымымен, оның жақсылыққа деген сенімімен байланысты. Ол бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербеткен аналардың өз бөбегіне деген, оның ертеңіне деген сенімі ұялаған бесік жырынан бастап халықтың әр сөзінен көрініс тауып отырған.

Халқымызда сәби «шыр» етіп жер бетіне түскеннен бастап өмірінің әр кезеңінде наным-сенім маңызды орын алып отырады. Мысалы, әйелі үнемі қыз босанып, ұл көрмей жүргендер, игі ниетпен соңғы қызына Ұлтуған, Ұлмекен немесе Ұлболсын деген ат қояды. Бұл ырымның түп-тамыры да сенімге негізделеді.

Құрағыңды майырып,

Түнде жылқы қайырып.

Жаудан жылқы айырып,

Жігіт болар ма екенсің? - деген бесік жырынан келтірілген үзіндіде жас баланың дені сау, елінің іргесін ұстар азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен ана арманы жатыр. Магиялық қасиетке толы бесік жырындағы өлең жолдарымен әр ана жас баланы жігіт болуға сендіретін ақыл – өсиетін негіздеп отырған. Бұл – қазақ халқына ғана емес, көшпелі өмір салтын ұстанған халықтарға, славян тектес халықтарға да тән. Орыс бесік жырларын алғаш арнайы зерттеген К.М.Элиаштың

«бесік жырларының көне түпкі негізі арбау өлеңдермен байланысты» [1] деген пікір айтады. Ал қазақ халқындағы бесік жырын халық әдебиетінің жеке жанры ретінде танып, алғаш зерттеу объектісіне айналдырған А.Байтұрсынов та оны «жын шақыру», «құрт шақыру», «дерт көшіру» сияқты жанрлармен бірге «қалып сөзінің» яғни ғұрып фольклорының көне наным-сенімдермен байланысты саласына жатқызады. Нәрестені алғаш бесікке бөлерде бесікті отпен аластайды:

*Алас, алас, пәледен қалас,
Көзі жаманның көзінен алас
Тілі жаманның тілінен алас,
Қырық қабырғасынан алас,*

Отыз омыртқасынан алас! – Ертеден отқа табынған халқымыз бесіктегі жын-шайтанды «отпен қуамыз» деп сенген. Немесе, баланы сылап-сипағанда да тотемдік ұғымғы айналған Ұмай анаға табынып, балаға шапағатын тигізіп, денсаулығын жақсарту үшін медет қылады.

*Бисмиллаһир рахманир рахим,
Сыламақ менен,
Қатып қалмақ сенен,
Менің қолым емес,
Бибі Фатима, бибі Зуһра қолы,
Ұмай ана қолы, Қамбар ана қолы
Тастай қыл,
Темірдей қыл,*

Бесіктің, бесік жырының суггестиялық қасиетіне «есік көргенді емес, бесік көргенді ал», «тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналықтары да дәлел болады. Баланы жақсылыққа, ізгілікке сендіре тәрбиелеу бесіктен бастау алғандықтан, халық бесікті «тәрбие» деген ұғыммен қатар қойған. Бұл – суггестияның бір көрінісі ғана.

Деректерге көз жүгіртсек, қазақтар да, басқа түркі тектес халықтар да әртүрлі табиғат құбылыстарына сеніп, аң-құстарды емдеу үшін пайдаланған екен. Аспанды «ұлы тәңірі» деп, басқа да жаратылыстың өзге сырларының бәріне «тәңіріе» деп нанатын. Отты «жарылқайтын ана» деп, көктің күркіреуін, құйын-дауылды, боран-шашынды, боран-аязды, найзағайды, жаңбырды – бірін «адамға көмек көрсетуші күш» деп сенсе, енді бірін «қаһарлы күш» деп таныған. Яғни, тәңір иелерін адамның қасы –досы деп бөлген. Аталған халық әдебиеті үлгілерінің барлығында да еріксіз баурап алатын шумақтар, белгісіз тылсым күш бар екені мәлім. От– қазақ киелі санаған тәңірлердің бірі. Халық отқа май тамызып «от-ана, жарылқа!» десе, жарылқайды деп білген. Немесе көк күркірегенде «сүт көп, көмір аз» десе, тәңірі дегенінді орындайды деп нанатын. Құйын соғып келе жатқанда: «тұпа-тұпа, таздың үйіне бар, таздың үйіне бар!...» деп түкірсе, құйын оның үйін жықпай кетеді деп сенген.

Аспан әлемінің құдіретіне сеніп, жұлдызға қарап, жол бағытын, ауа райын, болашақты болжаған халқымыз жұлдыз ағуын кісі өлімімен байланыстырған. Осындай жағдайларда белгілі бір сөздерді айту арқылы жамандықтың алдын алуға болады деп сенген.

...Бағанадан бері әңгімеде отырып, қанша уақыт өтіп кеткенін аңғармай қалған Таймас түннің қай кезі болғанын білейін деп Жетіқарақшы мен Үркерге қарады. Дәл осы сәтте төбе тұсынан бір жарық жұлдыз аға жөнелді. - Жұлдызым жоғары,-деді Таймас ақырын күбірлеп. Қазақ түсінігінде жұлдыз ақса кісі өледі. Сондықтан жұлдыз аққанын көрген адам өзі өлмес үшін «жұлдызым жоғары» дейді.

Жұлдызнама арқылы болжам жасау қазақ халқына ғана емес үнділік, ведалық ілімдерден де жұлдызға қарап, болашақты болжағанын білеміз. Жұлдыз ғана емес, халық ішкі сенімін өзінің шаруашылығымен де байланыстырған. *Егер қыста түйе ернін жыбырлатса, жылқы оқыранып жұтынар болса, онда кешікпей-ақ түйе мен жылқы қар суын ішеді. Яғни, көктем ерте шығады деген..*

Суггестия негізінен тұрмыс-салт жырларына тән. А.Байтұрсынов ауыз әдебиетінің сарындама сарын сөзі саласын:

1. Салт сөзі
2. Ғұрып сөзі
3. Қалып сөзі деп үшке бөледі [2].

«Қалып» сөзі деп тұрмыс қалпында болатын істер сарыны мен айтылатын сөздерді айтады. Мәселен, бал ашқанда, ауру баққанда, бақсылардың жанын шақырғанда, тісті емдегенде құрт шақыру, мал бәдік болғанда, адамға күләпсан шыққанда, бәдік иә күлсапан көшіру, бала тербеткенде айтатын бесік жыры – осылардың бәрі қалып сөздің тобына жатады» – дейді. Яғни, суггестия сонау ғасырлардағы бақсы жырларынан бастау алған. Осындай тылсым күштерді адам ерте заманнан-ақ, өзінің ішкі дүниесімен байланыстырып, өзі сенген тәңірлерден медет тілеген. Бұған арбау, шақыру, байлау жырларын жатқызамыз. Бақсыны қырғыздар «ауру-сырқауды емдеуші, құдіретті рухпен байланысы бар адамдар» деп сипаттайды екен. Олардың қызметі науқастарды емдеу ғана емес, сонымен қоса, үйлену тойларында сиқыршы, көріпкел ретінде жас жұбайлардың болашағын болжап бал ашқан екен. Сол кезеңдегі бақсылар емдеу нәтижелі болып, адам тез айығып кету үшін көп құлаққа естілмеген «тыйымды», «сырлы» сөздерді қосып, әсерін күштірек ету үшін тізіп айтқан. Яғни, осы сөздер орынды қолданса, «тіл арқылы тәңірді өз тілегіне бағындырып, мақсатқа жетуге болады» деп сенген [3]. Мысалы, бүйі шаққан кезде мынадай арбау түрлері айтылған:

Бүйі, бүйі, бүйі, шық!

Бүйі келді қамбар шық!

Зақарыңды жаймай шық,

Қырық қабырғадан шық... деп жырласа, жылан шыққанда уын қайтару үшін де арбаудың көптеген түрлері кездескен:

Кер, кер, кер жылан,

Кереге басты мер жылан,-

Бір жылан бар сұм жылан,

Бір жылан бар сұр жылан....

Пайғамбардың демінен

Дегелек келді шық жылдам...

Бақсы- балгердің дерттен айықтыру, сәуегейлік, бал ашу, у қайтару ретінде айтқан жыр үлгілерінде бір тылсым күштің бар екені мәлім. Аталған ғалымдар еңбектерінде ауыз әдебиетінің осындай көне түрлерінің халық өмірінде аса жоғары мәнге ие болғандығы айтылады. Яғни, қоршаған дүниеге, белгілі-бір құбылысқа, дәстүрге сену – халықпен бірге жасасып, халықпен бірге өсіп, әр заманда түрліше сипатпен көрініс тауып отырған. Мұның негізгі қуат көзі-адамның ішкі сенімі. Яғни, А.Байтұрсынов айтып кеткен «ішкі ғалам» мен «сыртқы ғаламның» үйлесімділігі ықылым замандардан-ақ бақсы-балгердің жырларынан көрініс тапқан. Сол себепті де, адамдар өлім аузында жатып та бақсының ойынынан, ем-домынан соң құлан таза айығып кеткен. Бұл таңғажайып құбылыстарға толы суггестия ілімімен тығыз байланысты процесс. Ескі замандарда бақсы сарынымен басталған тілдік суггестия

аясы бірте-бірте кеңіп, түс жору, шешендік сөз, толғау, тілек, тұрмыс-салтқа байланысты жырлар және т.б. азды-көпті деңгейде көрініс тауып отырды. Соның бірі-түс жору.

Түс жору-ықылым заманнан бері адам баласын қызықтырып келе жатқан, сыры толық ашылмаған, адамның «ғажайып» әлемі, ерекше құбылыс. Аңызға сүйенсек, түс жорудың тарихы Перғауынның түсін болжаған Жүсіп пайғамбардан басталады. Түсті жорыту және жору сөзге әрдайым сеніп, соның орындаларына сену-қазақ халқына тән қасиет. Түс көруші түсін жорушының сөзі өз әрекеттеріне ықпал етіп, жағдаяттың түс жорушының сөзіне қарай бағыт алуына ең алдымен өзі себепкер боларын біле бермейді. Сондықтан, түс жорыған кезде сөздің магиялық күшіне сеніп, жаман жорудан қорқып, жақсылықты күту секілді көңілде алаңдаушылық пайда болып, бұның өзі халыққа суггестиялық элемент ретінде қызмет етеді. Осыған байланысты, «қандай түсті болмасын ең алдымен жақсылыққа жору керек», немесе жаман түс көрген жағдайда «түс түлкінің боғы» деген де сенім бар. Түс жорудың «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш» және т.б. жырлардағы поэтикалық суреттемелері оның ерте заманнан бері қазақ халқы үшін маңызы зор екенінің айғағы. Мәселен, І.Есенберлиннің «Қаһар» романында Кенесары ханның түсіне өзінің өлімі кіріп, және хан дәл солай қаза табады.

-Мен кеше бір түс көрдім... Түс емес-ау, өзімің ажалымды көрдім. Соның жоруын сұрайын деп едім, - деді ол басын көтермей, жерді шұқылап.

Әбілғазы жасы кіші болғандықтан Кенесары өзі сөйле демесе үндемейтін. Әдет бойынша мұндай жағдайда сөз Таймасқа тиетін. Ол сол әдетіне салып:

-Түс түлкінің боғы деген, хан ием, оны жорытып не қыласыз, - деді, Кенесарының «ажалымды көрдім» дегенінен шошып:

-Жоқ, түс емес, өңім деңдер...

Тілдің адам санасына тікелей ықпал етіп сендіретін тағы бір қырын тиым сөздерден табуға болады. Әрбір сөздің мәніне тереңінен қарайтын қазақ халқы ырым-тыйым сөздерге аса көңіл бөлген. Ата –салтын бұзбай, үнемі «тіл-көз, бәле-жаладан» сақтасын деп тіленіп жүретін халқымыз, әсіресе, беті қайтпас қарғыстан сақтануға тырысқан. Осы мақсатта өз ұрпағын түзу жүріп-тұруға тәрбиелеген. Тиым – тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі. Бұл балаларды жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандыруда маңызды қызмет атқарады. Адамда «тыйым сөздерді орындамаған жағдайда жамандық болады» деген қорқыныш ұялайды, сондықтан тыйым сөздің халық тәрбиесінде маңызы зор «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю» деген мақал осыған байланысты шыққан. «Бүйірін таяну – қайғының, жағын таяну- мұң-шердің, жүресінен отыру – әдепсіздіктің белгісі» деп танып, оған тыйым салған. Демек, тыйым сөздердің педагогика құралы ретіндегі маңызы зор.

Қазақ сөз құдіретін ерекше жоғары бағалағаны оның өмір салтынан көрініп жатады. Әсіресе, басына қайғы түсіп, қаралы күн туған адамға жақын жолдастары көңіл айтып, тоқтау салып, алдағы күннің жарқын боларына сендіріп отырған. Бір-біріне деген көңіл медеулігін уытты сөзбен жеткізіп, адамға қайрат - жігер беріп отырған. Бұл жерде маңызды рөл атқарып, адамға ерекше қуат бітіретін – шешен сөзі. Шешеннің отты сөздерімен адам жан қайғысына қуат тапқан, жанына күш бітірген. Осындай тамаша үлгі ретінде Байдалы шешеннің Уәли хан өлгенде бәйбішесі Айғанымға айтқан сөзінен үзінді келтірсек, дер кезінде келе алмай қырқы өткен соң келген Байдалыны Айғаным өкпелеп қарсы алмайды. Сонда ол сыртта тұрып:

Хан өліп,
Қайғырып жатқан Айғаным
Қара жамылып,
Ай-күні батқан Айғаным
Ханға сүйеніп,
Қоқай көрмеген Айғаным,
Қамқаға оранып,
Шоқай көрмеген Айғаным

Мен бір сөз айтайын, тыңдашы! – депті. Мұны естіген Айғаным оның сөзін әрі қарай тыңдайды.

Ер қартайды, мал тайды
Екеуледі Айғаным
Қатын жалқау, ұл ынжық
Төртеуледі Айғаным
Келін қатал кер болды,
Алтаулады Айғаным
Кәрілік пен кедейлік
Егіз болды Айғаным...
Ықылассыз ордаңа

Ене алмадым Айғаным – деп жүре беріпті. Осыдан кейін Айғаным жүгіре шығып, шешенді атынан түсіріп қонақ қылыпты. Бұл - сөздің күші адам жүрегіндегі мұзды жібітіп, бітімгершілікте зор қызмет атқаратынының дәлелі.

Сөздің сиқыр күшін жан-жақты ауқымды түрде қарастыруға болады. Қазақ халқындағы арбау, байлау жырларын жырлап, халықты емдеген бақсылармен бірге көріпкел, сәуегейлер де болды. Мұндай қасиет ақын-жыраулар, би-шешендер бойынан көрініп отырған. Аузы дуалы адамдардың сөзінің құрметті болып, шешен атануына да себепкер болған осы қасиеті болса керек. Қазақ халқында ғана емес, бүкіл әлемде болашақты болжап, нақты жорамалдар жасаған сәуегейлер болған. Болгарлар әйгілі Вангасын, француздар Нострадамусты, ресей Вольф Мессингі теңдесі жоқ көріпкел дейді. Ал, қазақтарда әулиелер бар. Болашақта не боларын айна-қатесіз айтып кеткен осындай ғұламалардың бірі – Мөңке би.

Оның жыр шумақтарымен жазылған жорамалдар бүгінгі таңда айна-қатесіз орындалуда. Сонау XVII ғасырда дүниеге келген Мөңке би дәл бүгінгі қазақ қоғамын көзбен көріп отырғандай етіп суреттеген.

Азарсың, жұртым, азарсың,
Азарыңның белгісі:
Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады.
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішіне шынтақ айналмайтын
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсаң ауырып қалатын
Бедірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп өтетін
Кекірей деген келінің болады.
Ішкенің сары су болады,
Берсең итің ішпейді,

Бірақ адам оған құмар болады...

Шамамен үш жүз жылдай бұрын айтып кеткен Мөңке бидің осынау жорамалдары дәл бүгін айна-қатесіз орындалуда. Халқымызың тілдік қолданысындағы «аузы дуалы» деген тіркестің қалыптасуы да осындай жайларға қатысты болған. Бір Мөңке би ғана емес, айтқаны дәл келетін жандар қазақ халқында көптеп кездескен. Бұған мысалды Жамбыл Жабаев өмірінен келтіре аламыз. Бір күні Жамбыл атамыз алыс жолдан келе жатып, айдаладағы бір үйге тап болады. Сонда Жамбылдың елуге иек артқан кезі болса керек. Ыстық күнде ұзақ жолдан қалжырап, әбден шөлдеген ол аттан түсіп үйге енсе, төр алдында төрт-бес жасар бала домалап жылап жатады. Әке-шешесі болса, қабақтары салыңқы, баласын тілге көндіре алмай әуре. Мән-жайды сұраса келгенде, ол үйдің баласының бәсіре інгені жоғалып, соған жылап жатыр екен. Сонда Жамбыл:

-Інген бір өзен жағасындағы қалың қамыс ішінде тұр ғой. Әрі боталап қалған сияқты, –депті. Жылап жатқан бала орнынан ұшып тұрады. Әйел дереу шәй қоюға жүгіреді. Үй иесі қамысты жағаға кісі шаптырады. Жамбылдың айтқаны рас келіп, үй иесі ақынды сый-сияпатпен аттандырады [4].

Бұл да ертедегі табиғат құбылысына деген сенімнің негізінде қалыптасқан. Яғни, басқа бір әлемнің ғаламат күшіне деген сенім десек те болады. Ғылым дамымай тұрып-ақ бақсы – балгерлердің адамдарды дерттен айықтыруы олардың бойында белгілі бір жұмбақ күштің бар екенін дәлелдейді. Белгілі бір қасиет-күшке ие, айтқаны айнымай келетін қазақтың би-шешендері де бар. Олардың бойындағы ерекше дарындары шешендігімен, сөзінің құдіреттілігімен жарыққа шығып отырған.

Суггестиялық қасиеті аса басым сөздер - алғыс, бата және тілек сөздер. Алғыс сөздердің өзі адам санасына белгілі бір деңгейде әсер етеді. Алғыс алған адам жақсылыққа бой түзеп, әлсін-әлсін алғыс алуға ұмтылады. Қазақ ұғымында алғыс алған адамды «Тәңір жарылқап, құты көбейеді, ырысы артады» деп сенген. Алғыс сөз тілекпен ұштасып жатады. Бұл да сөз қадіріне жете білген халқымыздың ұлтық ерекшелігі. Біріншіден, жәй ғана «рақмет» деудің орнына адам жанын қуанышқа бөлейтін тілек айту қазақтың тектілігін танытса, екіншіден, әр түрлі жағдайға байланысты алғыс сөз табу – шешендіктің бір көрінісі. Алғыс тек «ізгі ниетті» ғана білдірмейді. Қазақта алғыс сөзі, әдетте, үлкен бір істің атқарылып біткен кезінде, яки болмаса жас адамның үлкен қарияға жасаған игілікті іс-әрекетіне қатысты бата түрінде айтылады. Орыс ғалымдарының пікіріне тоқталсақ, адам рақмет айту кезінде биоәрістік мүмкіндігі арқылы энергия таратады. Көрнекті ғалым Б. Уахатов «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» (1983) атты зерттеуінде сөз арқауындағы жанрдың фольклорлық-этнографиялық сипатына байланысты өзіндік ғылыми тұжырымын білдірген: «Қазақтың ескілікті әдет-ғұрыпынан туған, батагөй қариялар айтатын сөз өнерінің бір түрі – алғыс. Адам бойына жабысқан әртүрлі ауру-сырқауды сиқырлы сөзбен қуып, аластауға болады деп сенген халық бір замандарда бақ пен дәулетті де, бас амандығы мен байлықты да ақ тілеу алғыс айтып, бата беру арқылы дарытуға болады деп түсінген».

Суггестияның лингвистикадағы тағы бір көрінісі – қарғыс сөздер. Алғыс сөз адам жанына жағымды энергия дарытса, керісінше, қарғыс сөздер адамның жолын байлап, өмірін қиындатуға әкеліп соқтырады. Алғысқа қарама- қарсы түрде қарастырылатын қарғыс сөздер тек қазақ халқының ғана емес, басқа да халықтар өмірінен орын алып, әлі күнге дейін сақталып келеді. Белгілі бір затпен немесе сөзбен қарғау қазіргі таңда да кездеседі. Қарғыс-қазақ үшін ерекше күші бар сөз ретінде саналады. Бұған басты себеп: қазақ қашанда қарғыс алудан қорыққан, сол

себепті де «қарғыс алма, алғыс ал» деп ұрпағына өсиет еткен. Налалы адамның жүрегінен шыққан қарғыс сөзді алған адамның ұрпақтарына жамандық тиеді деп ұққан халқымыз қарғыс сөзден ұдайы қорқып отырған. Қарғыс - зәбір-жапа шегіп, қорлық көрген, азапталған адамның жәбірленушісіне ашына айтқан зілді кейіс сөзі, лағнеті; парapsихологияда тіршілік иесінің жәбірлеушіге қарсы кері әсерлі қуат күші. Жалпы, М.Қашғари сөздігінде «қарғыс» мағынасындағы сөздердің мынадай тұлғаларын ұшыратамыз – қарғағ, қарғыш. «Қарғыс» сөзінің төркіні боларлық алғашқы мағына да осы сөздіктен табылады: қырға-ұрысу, балағаттау, ал қылғағ – ашу, ыза, қаһар, жаза ұғымдарында қолданылған. Қарғыс адамның ойынан кетпей аса қатты әсер ететіндіктен, тұрмыс-тіршілігіне орасан зор ықпал етеді. Мәселен, «малың қырылсын», «ісің өңбесін», «кетпенің қайырылсын» деген қарғыс түрлері адамның ісінің алға өркендемеуіне, жолын байлауға әсер етеді. Қарғыс сөздер көркем шығармаларда да көптеп кездесіп жатады. Әсіресе, қиял – ғажайып ертегілердегі Жалмауыз кемпір образында қарғау элементтері көптеп кездеседі. Қарғыс сөздердің жағымсыз образ арқылы берілуінің өзінен қарғысқа деген халық тарапынан негативті көзқарас қалыптасқанын білуге болады. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы уыздай жас Қозы Көрпештің қайын жұртын іздеп шығуына «өрт тілді, орақ ауыз, тантай» кемпірдің қарғыс сөзі себеп:

Тумай шөккір, қу жетім, тудың қайдан,

Тумай жатып әкеңді жұтқан хайуан.

Менің балам төбеңнен қи қазған жоқ,

Жесірінді іздеп ал Қарабайдан - деп қарғайды, жырдағы осы элемент басқа да лиро-эпостық, эпостық жырларға ұқсас келеді.

Қарғыс сөздердің гендерлік лингвистика тұрғысынан өзіндік ерекшелігі бар. Экспрессивті категория ретінде тілдік қолданыста бағзы замандардан бері өмір сүріп келе жатқан қарғысты көп жағдайда әйел адамдар айтады. Жазушы Ғ.Мүсірепов: « Жер жүзінде қазақ әйелдерінен басқа бір әйел Құдайын қарғай алмайды» деген екен.

Ер адам бата беру дәстүріне ие болғандықтан, олардың қарғысы теріс бата түрінде айтылған. Қарғысты өз ішінен бірнеше түрге бөлуге болады. Жалпылама айтыла беретін қарғыстар: «*Жағыңа жылан жұмыртқаласын!*», «*Жалғыз қал!*», «*Жарық көрме!*», «*Жалғызыңның етін же!*», «*Аузыңа қан толсын!*», «*Жатқаныңнан тұрма!*», «*Әруақ соқсын!*», «*Жегенің желкеңнен шықсын!*», «*Басыңды дау алсын!*», «*Басың көбеймесін!*», «*Бетің жабылмай қалсын!*». Көк тәңірісін қашан да жоғары қоятын адам бәрінен де «*Құдай атқыр*», «*Құдай тозаққа күйдірсін*» деген секілді адамға бағытталған «Құдай қарғысынан» қорыққан.

ҚОРЫТЫНДЫ

Суггестия «сенім» негізінде құрылғанынан ол халық танымымен тығыз байланысты. Халқымыздың ұлттық болмысы, салт-дәстүрі, салт-жоралғасы, көшпелі өмір салты,-осының бәрі жақсылыққа, ізгілікке сену, өмірдің жақсы боларына үміт ету негізінде пайда болған. Халқымыздың әр сөзінің астарында, әрбір іс-әрекетінің түп-тамырында суггестия тұрады. Яғни, суггестия ғасырлар бойы ұлттық танымға қызмет етіп, халқымыздың ішкі әлемі мен сыртқы әлемін байланыстырушы қызметін атқарып келді. Сондықтан да, халық сенімі тіл арқылы жарыққа шығып, сөз «құдірет» саналып, ұлттық болмысымыздағы «дүйім елді бір ауыз сөзбен тоқтату, сөзден аспау, сөзді қадірлеу» секілді түсініктер осыған негізделеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Смағұлова Г. Мәтін түзудегі тілек-бата сөздерінің суггестиялық ерекшеліктері.- 2002.
- 2 Әлмұханова Р. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар.- «Арыс» баспасы, 2009.
- 3 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Білім, 1992. – 236 б.
- 4 Қазақ бақсы-балгерлері. - «Ана тілі» баспасы, 1993.

Резюме

В данной статье проанализирована языковая суггестия казахского народа. Для того, чтобы определить суггестию в языке приводятся примеры из казахского фольклора. Приведенные примеры позволяют получить более подробную информацию о суггестии в языке.

Summary

In this article is to analyze the language suggestion in knowledge Kazakh people. In order to determine the types of an example of the work of Kazakh folklore. These examples can provide more detailed information about suggestion in language.

Қабылданған күні 07.02.2015 ж

ӘОЖ 070.448.3

Г.Абилхайрова, Ж.Балтоғаева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
e-mail: zhaili_1965@mail.ru

ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ЖАНР ҮЛГІЛЕРІНДЕГІ СОҒЫС ШЫНДЫҒЫ**Аңдатпа**

Мақалада соғыс жылдары әскери прозаның қалыптасуындағы эпистолярлық жанрдың маңызы туралы айтылады. Бұл негізгі мақсат ғалым М.Мырзахметтің тануынша әскери прозаның негізін қалаушы қазақтың батыры Б.Момышұлының хаттары бойынша ашылады.

Негізгі сөздер: *эпистолярлық жанр, публицистика, дәстүр, хат, соғыс, солдат.*

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінің тарихында эпистолярлық жанрдың іргетасын қалаған көрнекті ғалымдарымыз Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Б.Бұлқышев т.б. жазушылардың сақталып, бүгінге жеткен хаттарын зерттеудің қазақ публицистикасының дәстүрі мен тарихын терең танып – білуде маңызы зор.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Эпистолярлық жанрдың қазақ әдебиетінде өркен жайып, дамыған бір кезеңі – Ұлы отан соғысы жылдары болды. Соғыс жылдары көркем әдебиетке өзіндік сын-пікір айтып, қазақ қаламгерлеріне арнаған хаттарымен әскери прозаның қалыптасуына мол үлес қосқан – Б.Момышұлы болды. Бұл туралы Бауыржантанушы ғалым, профессор М.Мырзахметов былай деп жазды: «Баукең жазған эпистолярлық жанр ретіндегі хаттар легі де заман шындығын, қанды майдан үстіндегі жауынгердің

ішкі рухын таныту арқылы жастарды елін, жерін сүйеге деген махаббат сезімін оятуда таптырмайтын өмір оқулығындай әсерде қалдырып отырады» [1,6].

Б.Момышұлы соғыстың аспаннан сәт сайын өлім қаупі төніп тұрған жылдарының өзінде саяси мәселемен қатар әдебиетте соғыс тақырыбының шынайы игерілуіне негізгі себепкер болды. Қаруына қаламын серік еткен Б.Момышұлының қолжазбаларын оқи отырып, кез-келген жазушының мұрағатынан кездесе бермейтін хаттар легіне кездестіреміз. Жаһанды дүр сілкіндірген алапаттан тәні, жаны жараланбаған адам, бірді – бір «аман шыққан» шаңырақ болған жоқ. Соғыстың отты күндерінде фашизммен арпалыса жүріп жазылған жауынгер хаттарында сол кездің шындығы баяндалады. Б.Момышұлының да эпистолярлық мұрасы – өмір шындығынан туған әдеби шығарма. Қазақ әдебиетінің тағы да бір талантты зерттеуші ғалымы, сыншы, профессор, жазушы Қ.Ергөбеков: «Хат – әдебиет. Хат – тарих. Хат – көркем әдебиет материалы. Хат – жазушы лабораториясын ашатын кілт» – дейді [2,103].

Әдебиеттегі хат жазу жанрын эпистолография (грекше жолдау, үндеу) – эпистолярлық жанр деп атайды. Хат – өмірге қатынас құралы ретінде енген. «Дәуір құжаты» (Герцен) атанған хат – әдеби өмірге белсенді араласқан сәттен бастап эпистолярлық жанр үлгісі. Бұл жағынан алып қарағанда хат – тек қатынас құралы емес, хат – әдебиет.

Б.Момышұлының Ұлы Отан соғысы жылдарында жазушы М.Әуезовке, Қазақстан ССР Халық комиссарлары Советінің председателі Н.Оңдасыновқа, бүкіл әлемге әйгілі «Арпалыс» романының авторы А.Бекке, жан досы Қ.Сағындықовқа, белгілі ғалым М.Мырзахметовке және басқа да белгілі адамдарға жазған хаттары – ұлт руханиятында тәрбиелік мәнін жоймайтын, ғалымдар мен жазушылар ізденісіне пайдасын тигізер және болашақ ұрпақты патриотизмге баулитын құнды шығармалар деп те қарастыруымыз керек. Өйткені бұл хаттар барлық көркемдік әдістерді мейілінше қолданып жазылған дүниелер болып табылады.

Бауыржан Момышұлы 1942 жылдың 17 қарашасында көрнекті жазушы М.Әуезовтің пен Ә.Әбішевпен бірігіп 8 – гвардиялық дивизияға арнап жазған «Намыс гвардиясына» байланысты «Мұхтар аға!» деп басталатын хатында өз ойын былай келтіреді: «Сіз қалайша «Намыс Гвардиясына» байланысты тым бейғамдыққа, аңғал сенгіштікке жол беріп алғансыз. Сіздің көркемдік қуаты күшті, өте бай, орамды, ұтқыр, шебер, тұщымды, терең ойлы, айшықты талантыңызға білімсіз, тар өрісті, парасатсыз қосалқы авторларыңыздың қосарлануы жасанды, өкінішті, анайы болып шыққан екен.

Осы жолдарға назар аударар болсақ, батырдың ұлт әдебиетінің көрнекті өкілі М.Әуезов таланты туралы жақын да кеңінен яғни ішкері түрде білуі терең біліміне куәлік етеді, және ең басты мәселе ұлт ұрпағына тәрбиелік мәні зор көркем дүниені сомдаудағы классик жазушының жіберген қателіктерін патриоттық, эстетикалық тұрғыдан нақты мысалдармен дәлелдеп, сөзбен айыптауы батырдың сыни ой толғамына да қабілеттілігін көрсеткен. Бұл біріншіден, майдангер жазушы мен майдан даласында болмаған жазушының ой шеберлігі, көркемдік әлемінен де өзге тарихи оқиғаны жазудағы деректік нақтылықтың немесе эпистолярлық материалдың рөлі мен маңызын көрсетеді. Себебі, Ұлы Отан соғысы болған оқиға және бұл соғыс негізінде өмір мен өлім арпалысында отырып сомдалған уақыт шындығының өлмес образы, тіршілік тәттілігі, өмір құны, шырқыраған жан айқайы боямасыз шынайы берілген хаттар легінің көптігі қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың

екінші жартысынан басталған эпистолярлық әдебиеттің уақытпен бірге жалғасын тауып келе жатқанын танытады.

«...Пьесада тәртіп, әскери және күнделікті өмірдегі мінез – құлық пен әдептілік нормалары мүлдем көрсетілмеген, порнографиялық жүгенсіздікке дейін жеткен, орынды да, орынсыз да кез-келгенге ернін тоса беретін, өзінің ішкі сезімін тежей алмайтын ана ақымақ Нина деген кім? ...Әмір етуші қатал командир ойының нақтылығы қайда? ...Неғылған еркіне салушылық пен жалынып – жалбарынушылық? ...Неғылған парықсыз, жүрек айнырлық айқай – шу, ура? ... Панфиловты қоян – қолтық ұрыстың шебері ретінде көрсетіпсіз. Тактика мен стратегияның не екенін шынымен түсінбегенсіз бе? Біздің әскери ғылымымыз, оперативтік – тактикалық ойларымыз, операциялардың тактикалық-стратегиялық жай – күйі қайда? ...айбынды, ержүрек, қарапайым жауынгерді қайда жібергенсіз? Сіздің Төлегеніңіз ұрыс даласының солдатынан гөрі сахна сайқымазағына айналған – [1,208-209] деп үлкен де өткір шынайы сындарлы ойларын білдіреді. Бұдан біз әскери өнерді жүрегімен сезіп түсінетін, шындық үшін шырылдап, ештеңеден де ешкімнен де қаймықпайтын әділ де турашыл, бірбеткей жанның өткір қылыштай кесіп түсетін, шындық, ақиқат үшін жаралған біртуар ұлы азаматтың бейнесін көреміз.

Кейіннен М.Әуезов пен Б.Момышұлы арасындағы байланыс нығая түсіп, достыққа ұласты. Екі ірі тұлғаның арасындағы әдебиетке деген көзқарас талай хаттардың өзегіне айналған еді. Ғалым, профессор М.Мырзахметұлының зерттеулерінен келтірсек: «Ұлы Отан соғысы жөнінде асығыс жазылған көптеген шығармаларға көңілі толмай қомақсып жүрген Баукең үлкен жазушының бұл ниетіне қатты риза бола отырып, 1942 жылы тамыздың 18 – і күні жазған хатында: «...Отан соғысын тақырып етіп еңбек етемін. Ол атүсті емес, әдеби мағына – мазмұнына терең түсініп, біліп алып бастаймын деген ниетіңіз, талабыңыз мені қуантады... Сіз сияқты қазақ әдебиетінің полковнигі шынында солай етпеуге болмайды» – деп аса актуальді де күрделі тақырыпты қолға алуға асыға ұмтылған жазушы мақсатына шын ниетімен қуаныпты [3,72;3].

Бұл сол кездегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев, т.б. белгілі ақын жазушыларға арналған ортақ хат болып табылады.

Шын мәнінде Б.Момышұлының орасан ерлігі алдындағы жауына қарап атқан оғына емес, бүгінгі таңда толық ғылыми тұрғыдан зерттеліп, айналымға өз құндылығымен түспей отырған, артындағы ел басшыларына арнап айтқан сөзіндегі қоғам алдындағы қайраткерлігін дәлелдейтін эпистолярлық өмір шындығы туралы жазған хаттары еді.

Б.Момышұлының бүгінгі ұрпақ пен келер ұрпаққа сабақ боларлық, жоғары лауазымды басшылар, әдебиетшілер мен жазушылар, газет редакторларын және баспагерлерін таза судың бетіне шығарған еңбегі – 1942 жылдың 18 қазанында Қазақстан жазушыларына, журналистеріне, баспагерлеріне арнап, Қазақстан КП(б) Орталық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Әбдіхалықов жолдасқа жазған хаты:–жеке өзімнің көзқарасым тұрғысынан алғанда, жауынгерлердің әділетті талабын Сіздердің бәріңізге жеткізу үшін жазып отырмын – деп басталады. ... Жауынгер де сүйек пен еттен жаралған. Ол да өмір, махаббат туралы ойланып, толғанады, сүйіктісінің іңкәр сезімі мен ерке назын, кішкентай қара домалағының былдырлаған бал дауысын, бұйра шашты бүлдіршін қызын сағынады. Өйткені ол – ер азамат, ол – әке! Оның жүрегін жауынгерлік ерлік қуанышы, махаббат қуанышы, әкелік сезім қуанышы кернейді, оны әсем табиғат тамсандырады. ... Мол сәулелі күн

нұрының жылуын жаны сүйеді, ол түнде көгілдір бұлтсыз, жұлдызды аспан күмбезіне қызыға қарайды. Бұл өмір ғой, ол тірі адам емес пе? – Міне! Соғыс туралы! Солдаттың окоптағы сазды, күңгірт блиндаж ішіндегі тіршілігін жазыпты, – деп, авторын бір сыбап алып, кітапты анадай жерге лақтырып жіберді, – жазушы мені шайқасты білмейді деп ойлайды, мен болсам ұрыстан қазір ғана келіп отырмын»[1,49-50].

Б.Момышұлы күнделікті соғысқа араласып жүрген жауынгерлерді «соғыс» тақырыбы қызықтыра бермейтінін айшықты көркем – әдеби тілмен сыпайы жеткізеді. Автор майдандағы қазақ жауынгерлері үшін жыр алыбы Жамбылдың, ұлы ақын Абайдың кітаптары қажет екендігін баса айтады. Б.Момышұлының осы шағын диалогының өзінде қаншама астар, ащы шындық жатқан сияқты. Майдан төріне тек орыс жазушыларының том – том шығармалары мен орысша жазылған газет – журналдардың қаптап баруы. Саясаттың үстемдігін ұдайы жүргізу үшін 1940 жылы зорлықпен кириллица хәріпін қабылдауында да (қазіргі жаңа альфавитті енгізуін) сынап, мысқылдап жеткізеді. Б.Момышұлы бұл хатта «өте құрмет тұтқан Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Әбділда да реніш білдіргенін де айта кетеді»[1,53]. Осы хатты оқып білген соң ақын Ә.Тәжібаев өзінің Шымкент қаласында бірге оқыған досы Бауыржанды іздеп барғаны жайлы, халық жазушысы, жауынгер Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман – диалогында келтіріледі. Хат соңында: – Қаламым шындықты жазып отырғандықтан да хатымды қайталап «кешірім сұраймын» деген сөзбен аяқтағым келмейді. Өйткені Н.Гоголь айтқандай, сөз адамды ғана емес, сонымен бірге, сол дәуірдегі қоғамды да сипаттайды.

Сондай – ақ, Б.Момышұлының бұл хаты тылдағы да, майдандағы да адамдарға үлкен әсер еткенін білеміз. Осы хаттамалар жазылған соң, 1942 жылдың қараша айынан бастап қазақ тіліндегі алғаш майдандық газеттер шыға бастады. Соның алғашқысы Б.Момышұлы басшылық ететін 8 – гвардиялық дивизияның «Отан үшін» басылымы болатын. Газеттің 1944 жылдың тамыз айының соңына дейін 109 нөмірі жарық көрді. Оның жауапты редакторы жазушы Леонид Макеев болса, орынбасары Батырдың жерлесі, журналист Құрманбек Сағындықов еді. Бұл жерде жалпы Ұлы Отан Соғысы жылдарында ұлт тілінде 50 майдандық газеттер шығып тұрса, соның 16 – сы қазақ тілінде болғанын айтқанымыз жөн. Жазушының бұл сынынан қорытынды шығарған «Социалистік Қазақстан» газеті енді 8 – гвардиялық дивизияның бөлімдерімен байланыс жасап, оның жауынгерлік жолын, ұрыстағы ерлік қимылдарын үзбей жазып тұрды. Ал ақын А.Тоқмағанбетов болса «Арыстанға еліктеген мысық», «Есек дәмелі есіртке», «Ауқат пен сауқат» сияқты фельетон өлеңдер жазып, неміс әскерлерінің жексұрын кейпін, хайуандық әрекеттерін әшкереледі. Сыннан қорытынды шығарған қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы «Қаһарлы сөз қамал бұзар» атты Отан туралы мақал – мәтел, тақпақ сөздердің жинағын шығарды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өмірлік мәні зор, келешек ұрпаққа сабақ болар эпистолярлық хаты арқылы сол уақыттың кезеңдік ұлттық мақсаттағы жобаларының жасалуына ықпал етті. Б.Момышұлы өз мақсаты жолында өле-өлгенше күресті. Батыр өзінің халық үшін жаратылған, нағыз қоғам қайраткері, ұлы тұлға екенін танытты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мәмбетов Қ. Эпистолярлық жанр және «Ақиқат пен шындық» // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. №10, 2007.
- 2 Ергөбеков Қ. Баянғұмыр. - Алматы, 1967.
- 3 Мырзахметұлы М. Айналған аты аңызға.- Тараз, 2000.

Резюме

В статье рассматриваются роль и особенности военной прозы в казахской литературе.

Summary

This article deals with the role and features of military prose in Kazakh Literature.

Қабылданған күні 07.02.2015 ж

ОӘЖ 8209 КАЗ

Ж.Балтоғаева, А.Шағырбаева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
e-mail: lady.labelle@mail.ru

НӘПІЛ БАЗЫЛХАННЫҢ ТҮРКОЛОГИЯ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада түркология саласының дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдардың бірі Н. Базылханның еңбегінен мысалдар келтіріледі.

Негізгі сөздер: *көне түрік, жазба ескерткіштер, Орхон, Күлтегін, құлпытас, түпнұсқа.*

КІРІСПЕ

Түркология саласының дамуына әлем ғалымдары мен қатар қазақ ғалымдары да бірнеше зерттеу жұмыстарын жүргізіп, еңбектерін оқырмандармен жас ғалымдарға арнап шығаруда. Солардың бірі түркітанушы Нәпіл Базылхан.

Нәпіл Базылхан - Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейі қолжазба бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты. Ол «Түрік бітіктану саласының теориялық мәселелері: тарихи мәдени аспектілері» – атты мақаласында: «Түрік Елінің біртұтас бітім-болмысы археологиялық айғақтар, шығыс-батыс тілдік деректер, этнографиялық, саяси-экономикалық, заң-құқықтық тағы басқа аспектілерімен өзара бір-бірін толықтыра жүйеленуге тиісті. Сол негізінде Түрік елінің толыққанды тарихи-мәдени келбеті, нақтылы далалық өркениеті анықталмақ» - деген болатын [1, 99 б.].

Ғалымның бұл, ғылыми теориялық және оның терминологиялық тұрғысынан нені түсінуге болады. Мысалы, бүгінгі күнге дейін «түркология», «түркітану», «түркі тілдері», «түрік тілдері», «көне түркі тілі», «түркі қағанаты», «түрік қағандығы», «түркілік», «түркітік» деп аталынып келуде т.б.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ғалымның бұл, ғылыми теориялық және оның терминологиялық тұрғысынан нені түсінуге болады. Мысалы, бүгінгі күнге дейін «түркология», «түркітану»,

«түркі тілдері», «түрік тілдері», «көне түркі тілі», «түркі қағанаты», «түрік қағандығы», «түркілік», «түріктік» деп аталынып келуде.

«Салыстыра отырып: «қазақология, қазақтану, қазақтану» деген секілді. Сол сияқты «көне түркі жазбалары, түркі рунологиясы, түркі эпиграфикасы, түркі палеографиясы, түркі руникасы, руникалық жазу, көне түркі руна жазулары, ойма жазулары, майда жазулары, байырғы түркі жазуы көне руна жазу, орхон-енисей жазулары тағы да басқа атаулар кейбір атауларды бірін-бірі жоққа шығаратын аталымдар ғылыми қолданысқа жөн-жосықсыз енгізіліп те келеді - дейді» [1, 107 б.]. Сонда бұл термин-атауларды түркітанудың тарихи, археологиялық, этнографиялық және тіл бітім болмысы, даму барысы тұрғысынан пайымдасақ мүлдем басқаша сипатталады.

«Түркітану» – далалық көшпелі өркениеттің біртұтас кешенді зерттеулері. Сол өркениетті, мәдениетті қалыптастырушы барлық «түрік» этнотектілерге тікелей қатысты іргелі сала.

Ал, түрік этнотектілердің тіршілік еткен заман уақыттарын «ежелгі, көне, орта, кейінгі орта ғасыр, жаңа кезең» секілді тарихи даму тенденциялар межесінде, ғылыми теориялық жаңа тұжырымдардың барысында тиянақтап отыру қажет. Сондықтан мысалы лингвистикалық тұрғыдан, V-IX ғасырлардағы көне түрік тілін «көне түркі», X-XIV ғасырлардағысын «орта түркі», XV-XVIII ғасырларда «китаби түркі», XIX-XXI ғасырларда «қазіргі түркі» деп атап айдарлау шартты атау. Оның лингвистикалық даму барысын осылайша қысқа айтуға болмайды. Мұнда диахрондық тұрғыдан прототүрік, ататүрік заманы ескерусіз қалып отыр.

Түрік лингвистикасында бізге белгілі деректерден көне түрік тілінің 40-тан астам сөйленісі қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар төрт ірі топ бойынша ғылыми түрде қарастырылады. Бұдан, прото (баба) түрік, ататүрік тілі алғашқы кезеңдерде бір ғана тіл болды. 4 ірі топқа ерекшеленіп, одан ары 40-тан астам тіл-сөйленіске жетті деген қорытынды жасап қарастырған.

Алтайлық тектіл дәуірі баба прото түрік-шамамен 1 млн. жыл бұрын

Ататүрік тіл-дәуірі-шамамен 3000-5000 жыл бұрын

Көне түрік тілі-шамамен 1300-1500 жыл бұрын

Ескі түрік тілі-500 жыл бұрын

Қазіргі түрік тіл-сөйленістері-XXI ғасыр

Келесі түрік бітіктің генезистік негізін төмендегідей сатылар бойынша

Ежелгі далалық көшпенділер. Алтайлық тектіл дәуірі 1млн. жыл бұрын-палеолитке дейін. баба түрік, бабамоңғол, бабатұңғыс-манжұр заманы.

Зерттеу саласы-палеография пиктограмма, идеограмма, петроглиф. Палеолиттен-б.з.д. III мыңжылдық.

Бұл дәуірлерде иероглиф-петроглифтік негіздерге сүйенген коммуникативтік қатынастарды білдіре алатын алғашқы «дөрекі жазудың тұрпаты пайда бола бастады деуге әбден болады. Орталық Азия аумағындағы ежелгі көшпенділердің арғы аталары мекендеген жерлерде кең орын алған, онысын мыңдаған пикто-, идео-, петро-, иероглиф пен алуан түрлі ен-таңба белгілер толық растай алады.

Прототүріктік дәуір идеограмма – таңбалық. Б.з.д 2 мыңжылдық тан-б.з I-IV ғасырлар.

II. 1 Зерттеу саласы- археография иероглиф, петроглиф, таңба, символ, белгі.

Археологиялық фактілер мен жазба деректерге қарағанда далалық көшпенділер жазу қолданғаны анық. Біздің пікірімізше дәл Хүн дәуірінен түрік бітіктің ілкі идеограмма-таңбалық келбеті айқындала беки бастаған. Осы идеограммалар мен

таңбалар ғана түрік бітіктің таңба-әріптерінің фонетикалық сұлбасының сақталуына түрткі бола білді. Сондықтан да Хұн дәуірінде түрік бітіктің идеограмма-таңбалық негізі қалана бастады.

III. Көне түрік дәуірі б.з. V-IX ғасырлар.

Зерттеу саласы- түрік бітіктану (таңба-әріп, эпиграмма, графемма).

Көне түріктер өз жазуларын «түрүк бітік» деп атады. Түрік бітік дегеніміз далалық өркениетті сомдаушы ұлы көшпелі түрік тектес этностарының төлтума жазуы, олар ғасырлар бойы қолданған әліпбиі деген сөз.

Түрік Елінің түрік бітігі әрбір этностарға түсінікті де ортақ, әдеби классикалық үлгіде жазылды. Көптеген түрік тектес этностар емін-еркін оқи білді әрі жаза білді. Түрік Елінің ресми жазуы түрік бітік болды, ресми тілі де сол бітікке негізделген әдеби тіл болды. Аталмыш бітік ешбір жазуларға ұқсамайтын әрі көне түрік тілінің тілдік барлық фонетикалық, фонологиялық, морфемалық, лексикалық, синтаксистік деңгейін толық хаттаған жазу. Біздің пікірімізше осы жазу «фономорфемдік әліпбиі».

Көне соғдылардың арамей тектес жазуы сауда-саттық, керуен бағытында діни «мани», «брахми». Ол жазу түрік елі әлсіреп қожыраған кездерден бастап әуелі көне түрік тілінің, одан кейін моңғол тілдерінің негізгі «трансформациялық» әліпбиі болып қолдана бастады.

Түрік бітіктану саласының негізгі міндеттері:

Түрік бітіктің түпнұсқалық зерттеулері сканерлік, эстампаждық, фото, сызба көшірмелерін жасау. Мәтіндік зерттеулер лингвистикалық қолданыстық ерекшеліктерін анықтау. Ескерткіш – кешендердің бұрын табылған және жаңадан іздестіру; олардың пландық архитектуралық сызбаларын жасау, типологиялық жүйелеу;

Әрине, бұл жолы тек қана түрік бітіктану саласы жайында; оның міндеттері ғана сөз болып отыр. Ал, көне түрік археологиясы, этнографиясы, қоғамдық құрылыс зерттеу, әдебиеттану шаруашылықтану, заң құқытану, әскери өнертану, құрылыс сәулеттану, наным-сену тану т. б салаларының мәселелері де еш қалыспай дамып отыруға тиіс.

Қазірге дейін көне түрік археологиялық қазба жұмыстарының іргелі зерттеу еңбек қатарына, «Еуразия даласы орта- ғасырларда» атты ұжымдық туынды жарыққа шыққан. Кітапта Орта Азиямен Кавказ мемлекеттері арасында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстардың нәтижесі жазылған. Өкініштісі, Моңғолия жеріндегі Орхон, Селеңгі өзен аңғарларының Қытай Шығыс Түркістандағы археологиялық қазба зерттеулер ескерілмей қалды.

«Қазақстан тарихында көне түрік өркениетінің әсіресе, этногенездік, этнотарихы, этносаяси, этномәдени тағы да басқа да жақтарынан алатын орны ерекше. Ол Түрік Елі дәуірінен бастап «моңғол» дәуіріне дейінгі мерзімді қамтиды. Бұл V-XII ғасырлар аралығындағы түрік этностардың бірегей өркениеті далалық бітім – болмысы.

Түрік елінің этнотарихы күні бүгінге дейін жүйелі түрде жазылмай келеді.

Н. Я. Бичурин, Ф. Хирт, Э. Шаванна, А. Н. Бернштам, Л. Н. Гумилев ғалымдар бұл жөнінде жаңа тұжырым жасамаған» [2, 34 б.].

Мысалы: Балбал: Көне түріктерде « йоғұ» жосынында «барық ескерткіш кешеніне қатысушылар тарапынан күншығысқа қарай арнайы қойылатын тастар тізбегі.

Балбал жайында оның мән мағынасы туралы зерттеулері аз дерлік және балбалды жауынгердің өлтірген жауларының белгісі деп есептейді. Бұған қытай деректері де түрткі болып отыр. Кейбір зерттеушілер жерлеу, жоқтау, ас беру кезінде аттарын байлайтын тастарды арнайы әкеліп тұрғызған деп есептейді. Балбал екі компоненттен қайталана құралған және тік-тік болып қадалып орнатылған тас белгілер деген мағыналы. Көне түрік тілінде *balua* балға, балта, соғу, балшық, батпақ, лай қала қорған, қамал сөздерімен түбірлес «тік кеңістік бойынша тізілу, қадалу, тұрғызылу» деген семантикасымен ортақ мағыналы.

Білге қаған, Күлтегін бітіктастарында Ағам, әкем қаған бастай Баз қағанға балбал тіккен, Алып ерін өлім алып кетіп, балбал жасай бердім. Ұқұқ Сеңүнге балбал тігіп бердім. Онгин бітіктасында алып ердің балбалын қададым.

Осы ретте балбалда қаған руының таңбасы болуы өлтірген жауының белгісі емес, керісінше жоқтау рәсіміне қатысқан адамдар өлікті жөнелту, дем сүйеністің белгісі ретінде тас қада орнатқан. Ол күншығысқа қарай бір-бірлеп тізбектелінетін еді. Бітіктастарда «йоғұ» рәсіміне қытай, византия, тибет алыс жақын елдерден өлікті құрметтеу, жоқтау үшін дипломатиялық жолмен келіп тұрғандығы да аталады. Мұның өзі сол кездердегі аяси өмірден біршама мол хабар берсе керек. «Көне түріктер өз империясын, этносаияси ортақ бірлестік ретінде «Түрік елі» деп атады. Одан кейін сабақтастығы заңды мұрагері «Ұйғыр елі- Қырғыз елі» - деп ресми түрде аталды» [2, 63 б.].

Түрік бітік дегеніміз далалық өркениетті сомдаушы ұлы көшпелі түрік тектес этностарының төлтума жазуы. Олар ғасырлар бойы қолданған әліпби деген сөз. Сөйтіп, Түрік Елінде түрік бітікпен ресми құжаттар, бұйрық, жарлық сияқты мемлекеттік маңызды істер хатталып отырды. Қағанның алтын таңба- мөр сақташысы- тамғачы, алтын тамған тархан, іс құжат хатшысы, құжаттық жазуды жүргізушісі- бітікші аталды.

Түрік бітігі әр бір этностарға түсінікті де ортақ, әдеби классикалық үлгіде жазылды. Көптеген түрік тектес этностар емін- еркін оқи білді әрі жаза білді.

Түрік елі дәуірінде түрік бітік толық қалыптасып барлық жерде осы жазумен бұйрық, қарар, үкім жолдау, мөр – таңба басу, елші жіберу , хат алмасу істері жүргізілді. Ел тарихы қағандарының бұйрығымен түрік бітікпен қағазға хатталып, тасқа қашалып мәңгітас, бітіктас жасалынды.

Ғалым, таңба – әліппе болып табылады. Түрік бітіктің кеңістік аумағы бүгінгі Моңғолиядан бастап Алтай, Тува, Хакасия- Енисей, Бурятия- Байкөл Кавказ, шығыс Еуропаны қамтиды. Бұл бүкіл Еуразияны қамтыған кеңістік деген сөз - деп жазады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, ғалымның жазған еңбегін алға қоя отырып, түркологияға қатысты терминдерді бір ізді етіп жасаса. Өйткені ғылыми терминология бойынша түркітануға қатысты сөздер әртүрлі етіп беріледі. Келесі зерттеуші жас ғалымдарға аздап қиындық туғызатыны бар. Сондықтанда ауқымды проблема деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі

1 Көне түркі жазуларының зерттелуі: Бүгінімен болашағы. «Ер- Дәулет» Астана, 2004.- 232 б.

2 Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясы. // Хабаршы. 2013, №6. серия ISSN 1991-3494.

Резюме

В данной статье рассматриваются труды Н. Базылхана в области развитие исследовании тюркских племен в казахской литературе.

Summary

This article considers the works of N. Bazyghan in the development research of the Turkic tribes in Kazakh literature.

Қабылданған күні 07.02.2015 ж

**ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ И ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**

УДК 665.63**А.Р.Джарасова¹, Д.М.Кунушева¹, Б.Б.Оразбаев², Л.Т.Курмангазиева¹**¹Атырауский государственный университет имени Х.Досмұхамедова

Республика Казахстан, 060011, г.Атырау, пр.Студенческий, 212

²Атырауский институт нефти и газа

Республика Казахстан, 060002, г.Атырау, пр.Азаттык, 1

E-mail: Kurmanqazieval@mail.ru**ЗАДАЧИ МНОГОКРИТЕРИАЛЬНОЙ ОПТИМИЗАЦИИ ХИМИКО-
ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ СИСТЕМ И ДИАЛОГОВЫЕ АЛГОРИТМЫ ИХ РЕШЕНИЯ В
НЕЧЕТКОЙ СРЕДЕ****Аннотация**

Формализованы и получены математические постановки задач многокритериальной оптимизации химико-технологических систем по экономико-экологическим экономическим критериям и на основе методов теории нечетких множеств разработаны диалоговые алгоритмы их решения. Так как на практике химико-технологические системы характеризуется многокритериальностью и часто функционируют в нечеткой среде, исходные задачи формализованы в виде многокритериальных задач нечеткого математического программирования. Новые математические постановки решаемых задач в нечеткой среде и диалоговые алгоритмы их решения получены путем модификации различных принципов оптимальности (максимума, идеальной точки, главного критерия, лексографического принципа оптимальности) для работы в условиях многокритериальности и нечеткости. Предлагаемый подход к решению многокритериальной нечеткой задачи позволяет без предварительного преобразования нечеткой задачи к эквивалентным детерминированным задачам, что обеспечивает максимальное использование нечеткой информации и получения адекватного решения исходной нечеткой задачи.

Ключевые слова: нечеткая оптимизация, принципы оптимальности, задача нечеткого математического программирования.

ВВЕДЕНИЕ

Химико-технологические системы (ХТС), например технологические аппараты нефтеперерабатывающего, нефтехимического и других производств относятся к сложным системам, в которых протекают технологические процессы по выработке продуктов, характеризующиеся экономическими показателями, и в процессе работы эти объекты воздействуют на окружающую среду, что требует решать экологические вопросы производства [1]. Поэтому, с целью повышения эффективности ХТС необходимо, с одной стороны, решать задачи оптимизации экономических и технологических критериев (максимизировать объем вырабатываемых целевых продуктов, улучшать их качества, максимизировать прибыль, минимизировать себестоимость продукции, производственные издержки), а, с другой стороны, - задачи обеспечения экологической безопасности производства (сохранение экологического равновесия, минимизация риска

загрязнения окружающей среды и др.) [1, 2]. Для эффективного управления такими технологическими объектами требуется эти критерии необходимо обратить в экстремум т.е. надо оптимизировать. Такие задачи формализуются в виде задач многокритериальной оптимизации.

Из-за большого количества и многообразия параметров, определяющих течение технологических процессов, из-за внутренних связей между ними, из-за математически неформализуемого действия человека-оператора, который является главным и активным элементом системы управления производством, эти объекты и задачи их оптимизации являются сложными [3, 4]. Кроме того, при решении задач оптимизации технологического процесса и природоохранных мероприятий в ХТС возникает ряд проблем, связанных с множеством противоречивых и нечетко описываемых критериев, определяющих качества работы объекта. В этих случаях при решении задач оптимизации основными источниками информации станут человек (специалисты-эксперты, ЛПР – лицо, принимающее решение, исследователь предметной области) т.е. его знания, опыт, интуиция и суждения, которые выражаются нечетко и словесно.

МАТЕРИАЛЫ И МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ

Формализация и постановка задачи. Рассмотрим подход к формализации и постановку задач оптимизации ХТС в условиях проблем многокритериальности экономико-экологического и технологического характера и неопределенности, вызванной нечеткостью доступной информации [5, 6].

Пусть $f = f_1(x), \dots, f_m(x)$ вектор критериев, оценивающий результатов работы ХТС, например, экономическую эффективность и экологическую безопасность технологических объектов. Каждый из m критериев зависит от вектора n параметров (управляющих воздействий, режимных параметров) $x = (x_1, \dots, x_n)$, например: температуры и давления и др. параметры объектов. Эту зависимость описывают математические модели объектов. На практике всегда имеются различные ограничения (экономические, технологические, экологические), которые можно описать некоторыми функциями – ограничениями $\varphi_q \gtrsim b_q, q = \overline{1, L}$, где $\gtrsim$, означает нечеткости ограничения. Режимные, управляющие параметры также имеют свои интервалы изменения, задаваемые технологическим регламентом установки, требованиями природоохранных мероприятий: $x_j \in \Omega = [x_j^{\min}, x_j^{\max}]$, $x_j^{\min}, x_j^{\max}$ – нижний и верхний пределы изменения параметра x_j . Эти ограничения могут быть нечеткими ($\gtrsim, \lesssim, \cong$).

Требуется найти и выбрать оптимальное (наиболее предпочтительное, эффективное) решение – т.е. режим работы ХТС, обеспечивающее экстремальное значение вектора критериев при выполнении заданных ограничений и нечеткости некоторых исходных данных, а также учитывающее предпочтения лица, принимающего решения - ЛПР.

Как видно из формализации решаемой задачи на практике возникают проблемы многокритериальности и нечеткости, которых необходимо при математической постановке и решении оптимизационной задачи. Для решения проблем многокритериальности и нечеткости используем известных детермини -

рованных принципов оптимальности [6] модифицируя их для работы в нечеткой среде и методов теории нечетких множеств [7 – 12].

РЕЗУЛЬТАТЫ И ОБСУЖДЕНИЕ

Математическая постановка задачи, разработка алгоритмов их решения: Формализованную задачу, в условиях многокритериальности и нечеткости, можно записать в виде следующей задачи нечеткой оптимизации (нечеткого математического программирования) [2, 8, 13, 14]:

$$\max_{x \in X} f_i(x), i = \overline{1, m} \quad (1)$$

$$X = \{x \in \Omega, \varphi_q(x) \gtrsim b_q, q = \overline{1, L}\} \quad (2)$$

Решением данной задачи является значение вектора оптимизируемых режимных параметров $x = (x_1^*, \dots, x_n^*)$, обеспечивающее такие значения локальных критериев, которые являются оптимальными, т.е. удовлетворяют ЛПР.

Если часть или все элементы приведенной задачи (критерии, ограничения, важность критериев и ограничений) описаны нечетко, то такая задача называется задачей нечеткого математического программирования (НМП). В известных методах решения таких задач, в основном, рассматриваются однокритериальные случаи, нет гибкости в учете предпочтений ЛПР. При этом, как правило, нечеткая задача на этапе постановки заменяется эквивалентной детерминированной, что приведет к потере части информации [15, 16].

Во многих случаях качественные факторы (нечеткие высказывания и суждения) являются основными и привычными для человека. Преобразование нечеткого описания в количественное не всегда удается или оказывается нецелесообразным. В связи с этим, наиболее перспективный подход, основанный на разработке методов оптимизации, приспособленных к человеческому языку, к качественным факторам любого характера, к человеческим процедурам принятия решений, которые задачи ставятся и решаются в нечеткой среде, не преобразуя их к детерминированным задачам, т.е. не теряя доступной информации нечеткого характера. В последние время в научной литературе появились работы, посвященные этим подходам [1, 8, 17, 18], в которых использованы модификации различных компромиссных схем принятия решений. В данной работе для решения поставленной задачи исследованы и предложены новые принципы оптимальности, модифицированные для работы в нечеткой среде и их комбинации.

Таким образом, сведем задачу (1) – (2) к многокритериальной задаче нечеткого математического программирования, основными критериями которых являются экономико-экологические и технологические показатели производства.

Пусть $\mu_0(x) = (\mu_0^1(x), \dots, \mu_0^m(x))$ – нормализованный вектор критериев $f_i(x), i = \overline{1, m}$, оценивающий эффективность работы технологического комплекса по производству бензола. Допустим, что для каждого нечеткого ограничения $\varphi_q(x) \gtrsim b_q, q = \overline{1, L}$ построена функция принадлежности его выполнения $\mu_q(x), q = \overline{1, L}$. Известен либо ряд приоритетов для локальных критериев $I_k = \{1, \dots, m\}$ и ограничений $I_r = \{1, \dots, L\}$,

либо весовой вектор, отражающий взаимную важность критериев ($\gamma = (\gamma_1, \dots, \gamma_m)$) и ограничений ($\beta = (\beta_1, \dots, \beta_L)$).

Тогда, модифицируя идеи различных принципов оптимальности и компромиссных схем [6, 8] для работы в нечеткой среде можно получить различные постановки многокритериальных задач НМП и разработать методы их решения.

На практике при решении реальных задач оптимизации часто достаточно того, чтобы некоторые принципы выполнялись с определенной уступкой. Для таких задач многокритериальной нечеткой оптимизации с несколькими ограничениями для критериев предлагается применить новый принцип – принцип квазимаксимина, а для ограничений идею метода идеальной точки.

$$\max_{x \in X} \mu_0^i(x),$$

(3)

$$X = \{x : \arg \max_{x \in \Omega} \min_{i \in I_0} (\gamma_i \mu_0^i(x) - \Delta_i) \wedge \arg(\mu_q(x) \geq \min \|\mu(x) - \mu^u\|_D), i = \overline{2, m}, q = \overline{1, L}\}$$

(4)

где $\|\cdot\|_D$ – используемая метрика D , $\mu(x) = (\mu_1(x), \dots, \mu_L(x))$, $\mu^u = (\max \mu_1(x), \dots, \max \mu_L(x))$. Возможен вариант использования в качестве координат идеальной точки μ^u единиц: $\mu^u = (1, \dots, 1)$.

В задаче (3) – (4) максимизируется критерий 1, остальные критерии вводятся в ограничения по принципу квазимаксимина (КММ), т.е. с учетом уступки Δ_i , нечеткие ограничения учитываются на основе модифицированного метода идеальной точки (ИТ).

Алгоритм КММ-ИТ:

1. В диалоге с ЛПР определяются значения коэффициентов важности локальных критериев $\mu_0^i(x) : \gamma = (\gamma_1, \dots, \gamma_m), \sum_{i=1}^m \gamma_i = 1, \gamma_i \geq 0, i = \overline{1, m}$
2. Задается $p_i, i = \overline{1, m}$ – число шагов по каждой i -ой координате.
3. Определяется $h_i = \frac{1}{p_i}, i = \overline{1, m}$ – величины шагов для изменения координат весового вектора γ_i .
4. Построить набор весовых векторов $\gamma^1, \gamma^2, \dots, \gamma^N, N = (p_1 + 1)(p_2 + 1) \dots (p_m + 1)$, варьированием координат на отрезках $[0, 1]$ с шагом h_i .
5. ЛПР задается значения уступки для локальных критериев $\Delta_i, i = \overline{2, m}$.
6. Если $\mu_0^i(x), i = \overline{1, m}, \gamma = (\gamma_1, \dots, \gamma_m)$, и $\Delta_i, i = \overline{2, m}$ нечеткие, то для них определить терм-множества и построить функции принадлежности.
7. Определяется терм-множество и строятся функции принадлежности выполнения ограничений $\mu_q(x), q = \overline{1, L}$.
8. Определяются координаты идеальной точки. В качестве координат этих точек можно использовать максимальные значения функции принадлежности – $\mu^u = (\max \mu_1(x), \dots, \max \mu_L(x))$ или единицы (если функции принадлежности нормальные) – $\mu^u = (1, \dots, 1)$.

9. Выбирается вид метрики $\|\mu(x) - \mu^u\|_D$, определяющей расстояние полученного решения x^* от идеальной точки - μ^u .
10. Решается задача максимизации $\max \mu_0^1(x)$ на множестве X , определяемое по выражению (4). Определяются решения $(x(\gamma, \Delta, \|\cdot\|_D))$, $\mu_0^1(x(\gamma, \Delta, \|\cdot\|_D)), \dots, \mu_0^m(x(\gamma, \Delta, \|\cdot\|_D)), \mu_1(x(\gamma, \Delta, \|\cdot\|_D)), \dots, \mu_L(x(\gamma, \Delta, \|\cdot\|_D))$.
11. Решение предъявляется ЛПР. Если текущие результаты не удовлетворяют ЛПР, то им назначаются новые значения γ , и (или) Δ и (или) $\|\cdot\|_D$ осуществляется возврат к пункту 2. Иначе, перейти к пункту 12.
12. Поиск решения прекращается, выводятся результаты окончательного выбора ЛПР: значения вектора управления $x^*(\gamma, \Delta, \|\cdot\|_D)$; значения локальных критериев $\mu_0^1(x^*(\gamma, \Delta, \|\cdot\|_D)), \dots, \mu_0^m(x^*(\gamma, \Delta, \|\cdot\|_D))$ и степень выполнения ограничений $\mu_1(x^*(\gamma, \Delta, \|\cdot\|_D)), \dots, \mu_L(x^*(\gamma, \Delta, \|\cdot\|_D))$.

Приведем несколько вариантов использования евклидовой метрики ($D=E$):

$$\begin{aligned} \|\mu(x) - \mu^u\|_D^2 &= \sum_{q=1}^L \beta_q \left(\frac{\max_{x \in \Omega} \mu_q(x) - \mu_q(x)}{\max_{x \in \Omega} \mu_q(x)} \right)^2, \\ \|\mu(x) - \mu^u\|_D^2 &= \sum_{q=1}^L \beta_q \left(\max_{x \in \Omega} \mu_q(x) - \mu_q(x) \right)^2, \\ \|\mu(x) - \mu^u\|_D^2 &= \sum_{q=1}^L \left(\frac{\max_{x \in \Omega} \mu_q(x) - \beta_q \mu_q(x)}{\max_{x \in \Omega} \mu_q(x)} \right)^2, \\ \|\mu(x) - \mu^u\|_D^2 &= \sum_{q=1}^L \left(\max_{x \in \Omega} \mu_q(x) - \beta_q \mu_q(x) \right)^2, \\ \|\mu(x) - \mu^u\|_D^2 &= \sum_{q=1}^L \left(\beta_q \frac{\max_{x \in \Omega} \mu_q(x) - \mu_q(x)}{\max_{x \in \Omega} \mu_q(x)} \right)^2, \\ \|\mu(x) - \mu^u\|_D^2 &= \sum_{q=1}^L \beta_q \left(\max_{x \in \Omega} \mu_q(x) - \mu_q(x) \right)^2. \end{aligned}$$

Пусть известен ряд приоритета для ограничений $I_r = \{1, \dots, L\}$. Поставим задачу нечеткого математического программирования, используя и модифицируя идеи метода главного критерия (ГК) и лексикографического принципа (ЛГП) оптимальности:

$$\max_{x \in X_L} \mu_0^1(x), \quad (5)$$

1. $X_1 = \{x : \arg(\mu_0^i(x) \geq \mu_r^i) \wedge \arg(\max_{x \in \Omega} \mu_1(x), i = \overline{2, m})\}$
 2. $X_2 = \{x : \arg(\mu_0^i(x) \geq \mu_r^i) \wedge \arg(\max_{x \in X_1} \mu_2(x), i = \overline{2, m})\}$
 -
 - $L-1$. $X_{L-1} = \{x : \arg(\mu_0^i(x) \geq \mu_r^i) \wedge \arg(\max_{x \in X_{L-2}} \mu_{L-1}(x), i = \overline{2, m})\}$
- (6)

$$L. X_L = \{x : \arg(\mu_0^i(x) \geq \mu_r^i) \wedge \arg(\max_{x \in X_{l-1}} \mu_L(x), i = \overline{2, m})\}$$

где множество X_L образуется в результате решения последовательности $1, 2, \dots, L$, $\wedge$ – логический знак «и», требующий, чтобы все связываемые им утверждения были истинны, μ_r^i – граничные значения для локальных критериев $\mu_0^i(x)$, $i = \overline{2, m}$ задаваемые ЛПР.

По этой схеме сначала оптимизация проводится по наиболее важному ограничению $\mu_1(x)$ и получают множество оптимальных значений X_1 для критерия. Далее оптимизируется критерий на множестве X_1 и получают множество оптимальных значений для второго критерия X_2 и т.д.

Часто в результате решения первой задачи получают только одну точку и решение задачи заканчивается уже на первом этапе и значения второго и последующих критериев не учитываются. Недостатки лексикографического принципа оптимальности, связанные с его «жесткостью», проявляются и здесь. Можно ослабить жесткость требований к ограничениям, воспользовавшись *лексикографическим принципом квазиоптимальности*. Тогда вышеприведенная задача (5)–(6) переписывается в виде:

$$\max_{x \in X_i} \mu_0^1(x), \quad (7)$$

$$1. X_1 = \{x : \arg(\mu_0^i(x) \geq \mu_r^i) \wedge \arg(\mu_1(x) \geq \max_{x \in Q} \mu_1(x) - \Delta_1, i = \overline{2, m})\}$$

$$2. X_2 = \{x : \arg(\mu_0^i(x) \geq \mu_r^i) \wedge \arg(\mu_2(x) \geq \max_{x \in X_1} \mu_2(x) - \Delta_2, i = \overline{2, m})\}$$

$$\dots\dots\dots(8)$$

$$L-1. X_{L-1} = \{x : \arg(\mu_0^i(x) \geq \mu_r^i) \wedge \arg(\mu_{L-1}(x) \geq \max_{x \in X_r} \mu_{L-1}(x) - \Delta_{L-1}, i = \overline{2, m})\}$$

$$L. X_L = \{x : \arg(\mu_0^i(x) \geq \mu_r^i) \wedge \arg(\mu_L(x) \geq \max_{x \in X_{L_i}} \mu_L(x) - \Delta_L, i = \overline{2, m})\}$$

Диалоговый алгоритм решения задач оптимизации (5) – (6) и (7) – (8) состоит из следующих основных пунктов.

Алгоритм ГК-ЛГП:

1. Задается ряд приоритета для локальных критериев $I_k = \{1, \dots, m\}$ (главный критерий должен иметь приоритет 1).
2. ЛПР назначаются граничные значения локальных критериев $\mu_r^i, i = \overline{2, m}$.
3. Определяется терм-множество и строятся функции принадлежности выполнения ограничений $\mu_q(x), q = \overline{1, L}$.
4. На основе информации от ЛПР назначить значения уступки $\Delta_q > 0, q = \overline{1, L}$ (в случае использования лексикографического принципа квазиоптимальности, т.е. в задаче (7) – (8), при постановке (5) – (6) $\Delta_q > 0, \Delta_q > 0, q = \overline{1, L}$
5. Решить задачу максимизации главного критерия $\max_{x \in X_L} \mu_0^1(x)$ на множестве X_L , которое определяется путем решения последовательности задач:

$$X_q = \{x : \arg(\mu_0^1(x) \geq \mu_r^1) \wedge \arg \max_{x \in X_{q-1}} \mu_q(x), i = \overline{2, m}, q = \overline{1, L}\},$$
при постановке (5) – (6),

$X_q = \{x : \arg(\mu_0^1(x) \geq \mu_r^1) \wedge \arg(\mu_q(x) \geq \max_{x \in X_{q-1}} \mu_q(x) - \Delta_q), i = \overline{2, m}, q = \overline{1, L}\},$ при

постановке (7)– (8). При $q = 1$: $X_{q-1} = X_0 = \Omega$.

Определить текущие значения решения, т.е. значения: вектора управления $x(\mu_r^i, \mu_q(x), \Delta_q)$; локальных критериев $\mu_0^1(x(\mu_r^i, \mu_q(x), \Delta_q)), \dots, \mu_0^m(x(\mu_r^i, \mu_q(x), \Delta_q))$ и степени выполнения ограничений $\mu_1(x(\mu_r^i, \mu_q(x), \Delta_q)), \dots, \mu_L(x(\mu_r^i, \mu_q(x), \Delta_q))$, $i = \overline{2, m}, q = \overline{1, L}$, при постановке (5) – (6) $\Delta_q = 0, q = \overline{1, L}$.

6. Решение предъявляется ЛПР. Если текущие результаты не удовлетворяют ЛПР, то им назначаются новые значения $\mu_r^i, i = \overline{2, m}$ и (или) корректируются значения $\mu_q(x)$ и (или) Δ_q (при постановке (7) – (8) $q = \overline{1, L}$, и осуществляется возврат к пункту 3. Иначе, перейти к пункту 7.
7. Поиск решения прекращается, выводятся результаты окончательного выбора ЛПР: значения вектора управления $x^*(\mu_r^i, \mu_q(x), \Delta_q)$; значения локальных критериев $\mu_0^1(x^*(\mu_r^i, \mu_q(x), \Delta_q)), \dots, \mu_0^m(x^*(\mu_r^i, \mu_q(x), \Delta_q))$ и степень выполнения ограничений $\mu_1(x^*(\mu_r^i, \mu_q(x), \Delta_q)), \dots, \mu_L(x^*(\mu_r^i, \mu_q(x), \Delta_q))$.

ВЫВОДЫ

Получены новые постановки многокритериальных задач оптимизации химико-технологических систем в виде задач нечеткого математического программирования и разработаны диалоговые алгоритмы их решения. Разработанные алгоритмы основаны на идее различных компромиссных схем (принципы квазимаксимина и идеальной точки, методы главного критерия и лексикографические принципы оптимальности), модифицированных для работы в нечеткой среде на основе методов теории нечетких множеств.

Оригинальность и научная новизна результатов заключается в том, что задачи ставятся и решаются в нечеткой среде без предварительного преобразования к детерминированным задачам. Это обеспечивает более полное использование собранной нечеткой информации и получения адекватного решения сложной производственной задачи при нечеткости исходной информации. Теоретическое значение работы заключается в развитии теории векторной оптимизации в условиях неопределенности, в разработке и развитии методов оптимизации в нечеткой среде.

Практическое значение работы определяется эффективным решением сложных производственных задач в условиях многокритериальности и нечеткости, которые не решаются или трудно решаются традиционными математическими методами. Полученные результаты позволяют эффективно решать сложные производственные задачи, повышать экономические показатели и улучшать экологическое состояние производственных объектов.

Список литературы

- 1 Ягер Р. Нечеткие множества и теория возможностей. Последние достижения. М.: Радио и связь, 1986. - 391 с.
- 2 Zaichenko Y.P. Operations research: fuzzy optimization. -Kiev: Vishcha School. 1991.- 203 p.

- 3 Orlovsky S.A. Decision making with fuzzy initial information. -Moscow: 1981.- 206 p.
- 4 Kuznetsov Y.N., Kuzubov V.N., Voloschenko A.B. Mathematical Programming. - Moscow: Higher School. 1980.- 327 p.
- 5 Aliyev, R.A., Tserkovnii A.E, Mamedova G.A. Control of Production in the case of Fuzzy Input Data -Moscow: Energoatomizdat. 1991.- 250 p.
- 6 Rykov A.S., Orazbayev B.B. Multi criterial fuzzy choice. -Moscow: Moscow Institute of Steel and Alloys, Metallurgy. 1995. - 124 p.
- 7 Orazbayev B.B. Mathematical Methods for the Optimal Planning and Control of Processes. Almaty: Gilim, 20007 – 200 p.
- 8 Orazbayev B.B., Rykov A.S. Multicriteria's fuzzy choice in the management of complex technology and algorithms for their solution // Automation, telemetry and communications in the oil industry-Moscow: 1995. N 9. – P.15-20.
- 9 Rykov A.S., Orazbaev B.B. and Kuznetsov A.G. Fuzzy sets application for modeling and control of rectification technology. Preprints IFAC, International Symposium ADCHEM 91, Advanced control of chemical process. –Toulouse: France. - P. 95-99.
- 10 Orazbayev B.B. Modelling process using the theory of fuzzy sets // Proceedings of young scientists and specialists of the Moscow Physical-Technical Institute. -Moscow: 1990. – P. 44-49.
- 11 Rykov A.S., Orazbayev B.B.. Application of fuzzy mathematical programming techniques for optimization of process systems // Automation, telemetry and communications in the oil industry. -Moscow: 1996. N 1. – P. 15-20.
- 12 Zadeh L.A., Fuzzy Sets. – Information and Control. Vol 8, 1965. – P. 338-353.
- 13 Dubois D. The role of fuzzy sets indecision sciences: Old techniques and new directions. Fuzzy Sets and Systems Vol. 184. 2011. – P. 3–28.
- 14 Orazbayev B.B. Methods of mathematical modeling of technological systems with fuzzy initial information //Automation, telemetry and communications in the oil industry. - Moscow: 1994. N4, - P. 11-13.
- 15 Yazenin A.V. Linear programming with fuzzy random data //As technical cybernetics, N 5, 1991. – P. 8-17.
- 16 Antczak T. A new characterization of (weak) Pareto optimality for differentiable vector optimization problems with G-invex functions//Mathematical and Computer Modelling Volume 54. 2011.– P. 59–68.
- 17 Оразбаев Б.Б., Муханбеткалиева А.К. Задачи и методы многокритериального выбора оптимальных режимов работы объектов нефтепровода Almaty: Evtro: 2007. -138 p.
- 18 Сериков Т.П., Оразбаева К.Н. Интенсификация технологических объектов нефтепереработки на основе математических методов. Almaty: Evtro. 2006. -150 p.

Түйіндеме

Экономикалық–экологиялық, экономикалық критерий бойынша химиялық-техникалық жүйелердің көпкритерийлі тиімділігінің математикалық есебінің қойылымы нақтыланды.

Айқын емес жиындар теориясы әдісі негізінде сұхбаттық алгоритм шешімі алынды. Тәжірибеде көрсетілгендей, химиялық – техникалық жүйе айқын емес ортада жиі қолданылады, көпкритерийлі тәсілмен сипатталады. Шешілетін есептердің жаңа математикалық қойылымы айқын емес ортада және олардың шешілуінің сұхбаттық алгоритмі тиімділігінің түрлі модификациялау тәсілімен айқын емес және көпкритерийлі шарттар үшін алынды.

Summary

Mathematical statements of problems of processing facilities optimization are formalized and obtained in the article by the examples of optimization of benzene processing unit parameters also dialog algorithms of their solution are developed. As well as the subject of research is characterized by multicriteriality and often functions in fuzzy environment, original problems are formalized as multicriterion problems of fuzzy mathematical programming.

Дата приема 09.02.2015 г

ӘОЖ 004.94

М.Ж.Мұхамбетова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212
E-mail: miroshka.a@mail.ru

ОҚУ ҮРДІСІНЕ АРНАЛҒАН ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ 3D МОДЕЛЬДЕРІН ДАЙЫНДАУДЫҢ КӨКЕЙКЕСТІЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада үш өлшемді модельдеуді оқу үрдісінде қолданудың көкейкестілігі баяндалған. Осы мәселенің шешімі ретінде 3D Studio MAX бағдарламасында бөлшектер мен динамика құбылыстарын компьютерлік модельдеу топтамасын дайындаудың алғышарттары ұсынылады.

Негізгі сөздер: модельдеу, үш өлшемді графика, плагин, бөлшектер, динамика.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда кез - келген қызмет ету саласында қай дәрежеде болмасын модельдеу тәсілдері қолданбайды деп айтуға болмайды. Әсіресе, ол әртүрлі өндірістермен және жүйелермен басқару негізіне, яғни онда келіп түсетін ақпараттардың негізінде қабылданатын шешімдер жатады. Бүгінде компьютермен модельдеу және талдау имитациялық модельдерді қолдануға негізделген ақпараттанудың қарқынды дамып келе жатқан бағыты болып табылады және экономикада, өнеркәсіпте, экологияда, қойнауларды пайдалануда және басқа да адам қызмет ететін салаларда кеңінен қолданылады. Физикалық табиғаты әртүрлі объектілерді модельдеу танымның бір тәсілі болып табылады, ал модельдерді құру үрдісінің негізгі заңдылықтары таным теорияларының әртүрлі бөлімдерінде зерттеледі. Модельдеу қоршаған болмысты зерттеудің негізгі әдістерінің бірі және қызметтің барлық салалары мамандарының ғылыми және практикалық қызметіндегі құрал болып табылады. Компьютерлік моделдеудің мәні құбылыстың, нысанның, жүйенің үрдістің сандық және сапалық сипаттамаларын практикалық қызметте пайдалану үшін жарамды түрде алудан тұрады [1].

Ақпараттар ағынының жеделдеп артуымен, техниканың даму жағдайында қоғам өмірінің барлық саласына дерлік компьютерлер, үнемі өзгеру үстіндегі жаңа технологиялар қарқынды енгізілуде. Бұл өзгерістер жан – жақтан қабылданып жатқан ақпараттар легі, ашық интернет көздерін үздіксіз пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қоймай, күнделікті сабақтардағы пәндерге қызығушылық деңгейліктерін азайтып отырғандығын да айтуға болады. Алайда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру

мақсатында әртүрлі деңгейдегі электронды оқулықтар, автотест бағдарламалары және тағы да басқа бағыттағы көптеген әдіс – тәсілдер қолданылуда. Осы ретте пәндерді оқыту кезінде компьютерлік модельдеу тәсілдерін тиімді пайдалану, модельдеу кезінде бейнелер мен құбылыстарды шынайы өмір бейнесіне жақындатып, кеңістікте имитациялау жетілдіруді қажет ететін информатика ғылымының бір саласы екендігін айтуға болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінде үш өлшемді графикада қолданылатын көптеген бағдарламалар кешені бар. Олардың барлығы ортақ қалыптасқан қасиеттерге ие. Осындай орталардың ішіндегі бірегейі ретінде 3D Studio MAX бағдарламасын айтуға болады. 3D Studio MAX бағдарламасы үш өлшемді модельдеу саласындағы қуатты бағдарламалық қамсыздандыру екендігін айта аламыз. 3D Studio MAX–тың қосымша модульдерін өз кезегінде тиімді қолдану жұмысты жеңілдетіп, көздеген шешімдерге жетуге ықпал етеді. 3D Studio Max бағдарламасы ортасында reactor және particle плагиндерін қолданып, бөлшектер мен динамика құбылыстарының кеңістіктегі модельдерін жасақтай аламыз. Reactor – бұл физикалық есептер мен 3D Studio MAX ортасында динамика көріністерін модельдеуге арналған таптырмас қуатты утилиттердің бірі [2]. Reactor арқылы денелердің құлау кезіндегі әрекеті, су бетінің имитациясы, материя және тағы да басқа үрдістерді орындай аламыз. Бұл плагин аталған жұмыстарды жеңіл ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Particle Flow - бөлшектер жүйесі плагині анимациялық эффекттер құруға болатын кіші өлшемді бөлшектер жиынтығын құруға мүмкіндік береді. Бөлшектер көмегімен табиғат нысандары мен құбылыстарын имитациялауға болады. Мысалы, қар, жаңбыр тағы да басқалар. Бұлар анимация бөліктері болып табылмайды, яғни бұларды нысан түрінде манипуляциялауға болмайды. Бұл нысандарды басқару параметрлерді өзгерту және сыртқы күштер қолдану көмегімен жүзеге асады. Құрылатын бөлшектер жүйесі сахнада уақыт бойынша динамикалық түрде орындалады. Олардың жүрісі параметрлер мәндері және сыртқы күштер әсерлеріне тәуелді болады [3].

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұрпақ тәрбиесі, оқу –тәрбие үрдісін кешенді жетілдіру әр кезде өзекті мәселелер қатарында болмақ, бұл салаға үлес қосу еліміздің әр перзентінің парызы деп білемін.

Физика курсын оқытуға арналған құбылыстардың үш өлшемді модельдері топтамасын дайындауды мақсат етіп, оны іске асыруда алдымызға мынадай міндеттер қоюды жөн көрдік:

- 1) Бөлшектер мен динамика құбылыстарының теориялық негіздерін қарастыру.
- 2) Компьютерлік модельдеу тәсілдерінің қолданылу ерекшеліктерін салыстыру.
- 3) 3D Studio Max ортасында плагиндермен жұмысты меңгеру.
- 4) 3D Studio Max ортасында бөлшектер мен динамика құбылыстарының модельдерін жасақтау.

Ал, зерттеу үдерісіміз, осы бағыттағы көрсетілген теориялық негізді басшылыққа ала отырып, оны іске асыру құралдарын жасақтау мен құрылымдарын нақтылау арқылы әріқарай өз жалғасын табуда.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Баймуратова А.Ж. Компьютерлік моделдеудің негіздері [Электрон. ресурс]. - 2012. – URL: <http://7sotok.satu.kz/a6933-kompyuterlk-modeldeud-negzder.html> (қарау уақыты: 28.03.2014).
- 2 Шаммс М. Autodesk 3Ds Max 9. - СПб.: Диалектика, 2007. – С. 91-93.
- 3 Приписнов Д.Ю. Моделирование в 3D Studio MAX., - СПб.: БХВ – Санкт-Петербург, 2000. – С. 352-353.

Аннотация

В этой статье рассматривается актуальность применения трехмерной графики в учебном процессе. Как решение этой проблемы предлагаются предпосылки подготовки комплекса, включающего компьютерное моделирование частиц и динамических явлений.

Summary

In this article examined actuality of three-dimensional in an educational process. As by the decision of this problem offered preparation of complex including the computer design of particles and dynamic phenomena.

Қабылданған күні 09.02.2015 ж

ӘОЖ 373.5.016.02:004.42(574)

Э.А. Абдыкеримова, Ж. Шахтыбаева

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Қазақстан Республикасы, 130003, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 32 шағын аудан
E-mail: Abdykerimova_el@mail.ru

КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ АРҚЫЛЫ АУАНЫҢ МЕНШІКТІ ЖЫЛУ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Мақалада физикалық құбылыстар мен процестерді модельдеуде компьютерді пайдаланудың маңыздылығы туралы айтылады. Компьютерлік модельдеу арқылы Клеман-Дезорм әдісімен ауаның меншікті жылу сыйымдылығын анықтау жолы баяндалған.

Негізгі сөздер: *физикалық құбылыстар, процестер, ақпараттандыру, компьютерлік модельдеу.*

КІРІСПЕ

Білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі – оқыту үдерісін жан-жақты және жүйелі түрде ақпараттандыру.

Оқыту үдерісін ақпараттандырудың, соның ішінде физика курсына қатынасын атап көрсетуге болады. Физиканы оқыту үдерісін ақпараттандыруды түрлі жолдармен жүзеге асыруға болады. Соның бірі қазіргі буынғы компьютерлік техника мүмкіндіктерін физикалық құбылыстар мен процестерді компьютерлік модельдеуде кеңінен пайдалану.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Физикалық құбылыстар мен процестерді модельдеуде компьютерді пайдаланудың маңыздылығы туралы пікір педагогика ғылымында берік орнықты. Академик В.Г.Разумовский «оқу үдерісіне компьютерді енгізуге байланысты көптеген ғылыми дүниетаным әдістерінің, әсіресе модельдеу әдісінің мүмкіншіліктері бірден артады, модельдеу кезінде құбылыстың мәні ерекше айрықшаланып, олардың бірлігі нақтылана түсетіндіктен, бұл оқыту тиімділігін арттыруға мүмкіндік туғызады» деп көрсетеді [1].

Физикалық құбылыстардың компьютерлік модельдерін пайдаланып оқыту оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, білімгерлерді физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу әдістерін толық түсіндіруге, білімгерлерге білім беру жүйесі мен ғылыми, зерттеу әдістері арасындағы тығыз байланыстардан хабардар етуге мүмкіндік береді [2]. Яғни, компьютердің физика пәнін оқытуға берер көмегі көп. Осы ойымызды дәлелдеу үшін физикалық эксперименттер жасау барысында компьютерік модельдерді қолдану арқылы ауаның меншікті жылу сыйымдылықтарының қатынасын адиабаталық ұлғаю әдісімен анықтауға арналған зертханалық сабақ барысынан мысал келтірейік.


Клеман-Дезорм әдісімен ауаның меншікті жылу сыйымдылықтарының қатынасын анықтауға арналған қондырғының сұлбасы 1-суретте көрсетілген.

Клеман-Дезорм приборы насостан (2), манометрден (3), сыйымдылығы 20-25 л жылу өткізбейтін қалың қабырғалы шыны ыдыстан (1) тұрады.

Шыны ыдыс түтікше және резеңге шланга арқылы насоспен және манометрмен жалғанған. K_1 кран арқылы ыдыс сыртқы атмосферамен жалғасады.

K_2 кран арқылы насоспен шыны ыдысқа ауа жіберіледі. Шыны ыдыстың ішінде өтетін процесті талдау үшін, ойша көлемі V молярлық көлемге тең, қысымы P , температурасы T бір моль газды бөліп алайық. Шыны ыдыстағы ауаның тәжірибе басталар алдындағы қысымы атмосфералық қысымға тең. Насоспен ыдысты ауамен тез толтырғаннан кейін, K_2 кранды жабамыз. Монометр ішінде сұйық денгейлерінің бірдей болмауы, шыны ыдыстағы қысымның атмосфералық қысымнан артық екенін көрсетеді. Ауаның қысымы ғана артып қоймай, оның температурасы да жоғарылайды. Өйткені, шыны ыдысқа қосымша газ енгізу кезіндегі адиабаталық сығылу нәтижесінде жұмыс істеледі. 2-3 минут өткеннен кейін манометр ішіндегі сұйық денгейлерінің айырмасы h_1 шамасына дейін төмендейді. Бұл шыны ыдыстағы ауаның температурасының төмендеп, қоршаған ортаның температурасымен теңелгендігін көрсетеді. Сонда молярлық көлемі V_1 , қысымы $P_1 = h_0 + h_1$, ал температура T_1 болады. Осыдан кейін K_1 кранын шыны ыдыстағы қысым атмосфералық қысымға теңелгенше ($P_2 = h_0$) ашып, газ жаңа күйге көшіріледі. Шыны ыдыс ішіндегі ауа адиабатты түрде ұлғайып, оның температурасы T_2 -ге дейін төмендейді. Ал ойша бөліп алған газ мөлшерінің көлемі V_2 , ($V_2 > V_1$) болады. Тез ұлғайған газ өзінің ішкі энергиясының есебінен жұмыс істейді. Сондықтан оның температурасы (T_1), сыртқы ауаның температурасынан (T_2) төмен болады.

Параметрлері P_2 , V_2 , T_2 газдың жаңа күйіне сәйкес келеді. Газдың бірінші күйден екінші күйге көшуі Пуассон теңдеуімен өрнектеледі $P_1 V_1^\gamma = P_2 V_2^\gamma$.



1-сурет Клеман-Дезорм әдісімен ауаның меншікті жылу сыйымдылықтарының қатынасын анықтауға арналған қондырғының сұлбасы

K_1 кранын жапқаннан кейін шыны ыдыс ішіндегі қысым 3-4 минут ішінде қайтадан артады. Себебі, ыдыс қабырғалары арқылы қоршаған ортамен жылу алмасу нәтижесінде ауа қызады. Шыны ыдыстың ішіндегі ауаның температурасы сыртқы ортаның температурасымен (T_1) теңелгенде, ыдыстың ішіндегі қысымның артуы тоқтайды. Дәл осы кездегі манометр шкаласының көрсетуін жазып аламыз. Осы мезетте баллон ішіндегі қысым (P_3) атмосфералық қысымнан манометр ішіндегі сұйық деңгейлерінің айырымындай (h_2) шамаға артық болады $P_3 = h_0 + h_2$.

Кран жабық болғандықтан, ыдыс ішіндегі ауаның көлемі өзгермейді. Параметрлері P_3 , V_2 , T_1 болатын жаңа күйге келеді.

Компьютерлік модельдің көмегімен экспериментті төмендегідей ретпен орындаймыз:

1. Шыны ыдыстың K_2 кранын ашып ішіне насоспен манометрдегі судың деңгейлер айырмасын 30-40 мм болғанға дейін ауа үрлейміз.
2. K_2 кранды жауып, манометрдегі су деңгейлерінің айырмасы (h_1) тұрақты болғанша 3-5 минут күтеміз.

3. K_1 кранды ашқанда шыны ыдыстан ауа шығып жатқан дыбыс естіледі, осы дыбыс тоқталған сәтте K_1 кранды жаба қойып, тағы да 3-5 минут күтеміз.

Газ көлемін ұлғайтқанда суынады, сондықтан шыны ыдыстан ауа шығу нәтижесінде ондағы ауаның температурасы сыртқы ауаның температурасынан төмендеп кетеді. Шыны ыдыстағы ауа, сыртқы ортамен жылу алмасу салдарынан температурасы жоғарылай бастайды, ал K_1 кран жабық болғандықтан оған сәйкес газдың қысымы да жоғарылай бастайды, оны манометрдегі су деңгейінің аздап өзгеруінен байқауға болады. Сондықтан, 3-5 минут күткенде, манометрдегі су деңгейінің айырмасы тұрақталады, ол шыны ыдыстағы ауа температурасының сыртқы температурамен теңескендігін білдіреді. Осы сәттегі су деңгейлер айырмасы h_2 -ге тең болады.

4. Алынған өлшеу нәтижелерін $\gamma = \frac{h_1}{h - h_2}$ өрнекке қойып, ауаның тұрақты

қысымдағы жылу сыйымдылығының тұрақты көлеміндегі жылу сыйымдылығына қатынасын анықтаймыз.

5. Тәжірибені 5 рет қайталап, өлшеу нәтижелерінің мәндерін «Отчет» батырмасын басып, кестеге енгізіп толтырамыз (2-сурет).

6. Адиабаталық ұлғаюдың тәуелділік графигін тұрғызамыз.

Отчет

Результаты измерений и расчетов

Атмосферное давление $P_0 = 1033$ см водяного столба

Температура в лаборатории $T_0 = 300$ К

Погрешность измерения уровня воды: см

Погрешность измерения давления: см. вод. ст.

№	dh1, см	dh2, см	t, с
1	1		

Удалить текущую строку таблицы

Начальное давление:

$p' = 0 \pm 0$ см. вод. ст.

Конечное давление:

$p'' = 0 \pm 0$ см. вод. ст.

$\gamma = 0 \pm 0$

Принтер ... Распечатать отчет ОК

График зависимости $p''(t)$

Результаты обработки по МНК: $\ln p''(t) = a t + b$

$a = \text{ } \pm \text{ } \quad b = \text{ } \pm \text{ }$

Фамилия: _____

Имя: _____

Отчество: _____

Группа: _____

2-сурет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Физикалық эксперименттердің компьютерлік модельдерін пайдалану оқу үдерісінің тиімділігін арттырады; өтілетін материалдың көрнекілігін қамтамасыз етеді; білімгерлердің білім сапасы мен іскерліктерін, танымдық қызығушылығы мен ой-өрісін жетілдіреді; олардың ғылыми таным әдісі ретіндегі модельдеу туралы түсініктерін кеңейтеді. Сөзіміздің дәлелі ретінде, В.А.Извозчиков [3] компьютерлік модельдерді пайдалану төмендегідей жағымды нәтиже береді деп көрсетеді:

1) зертханалық сабақтарда тәжірибе санын арттыруға болады, есепті шынайы шарттармен, яғни, техникадан алынған параметрлермен шешуге мүмкіндік туады;

2) физикалық экспериментті жобалау мүмкіндігі ашылады; эксперименттік мәліметтерді өңдеу уақыты қысқарады; өлшем саны артады; физикалық, техникалық және тұрмыстық мазмұндағы жобалық-конструкторлық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік ашылады;

3) өзіндік психологиялық көтеріңкі күй байқалады: білімгерлердің шаршап-шалдығуы төмендеп, эмоциялық көтеріңкі көңіл-күй пайда болады; реакцияның шапшаңдығы артады; зерде тұрақтанып, материалдың физикалық мәні оңай меңгеріледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Разумовский В.Г. ЭВМ и школа: научно-педагогическое обеспечение //Советская педагогика, 1985. - №9. - С. 38-41.
- 2 Абдыкеримова Э.А. Физикалық құбылыстарды компьютерлік модельдер арқылы оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы, 2007. – 182 б.
- 3 Извозчиков В. А., Мартыненко В. П. Применение ЭВМ в эксперименте при обучении физике. Сборник научных трудов. - Свердловск, 1987. – С. 89-92.

Резюме

В статье рассматривается использование компьютера при моделировании физических явлений и процессов. Излагаются способы определения удельной теплоемкости воздуха с помощью компьютерного моделирования методом Клемана-Дезорма.

Summary

In article importance of use of the computer when modeling the physical phenomena and processes is considered. Ways of determination of specific heat of air by means of computer modeling are stated by Clement-Dezorm's method.

Қабылданған күні 10.02.2015 ж

ӘОЖ 004.422.8'275**Г.Еркін, А.Фазылова, Г.Б.Тұрмұханова, А.Ж.Майлыбаева**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: erkingulden@mail.ru, mjkka@mail.ru

MACROMEDIA FLASH БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ ЖАСАҚТАУДА ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақала Macromedia Flash бағдарламасының мүмкіндіктерін қолданана отырып, электронды оқу-әдістемелік нұсқаулық жасақтауға арналған.

Негізгі сөздер: *Macromedia Flash технологиясы, интерактивтілік, мультимедиялық, анимациялар, видео, аудио эффектілер.*

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда технологияның қарқынды дамуына байланысты компьютерлердің графикалық мүмкіндіктері күннен - күнге үлкеюде. Қазіргі компьютерлердің мүмкіндігіне байланысты программалар да аз жасалып жатқан жоқ. Соның ішінде, анимация жасауда көп қолданысқа ие Macromedia Flash программасы. Бұл программаны көбінесе Web - сайттарды құруда көп қолданады. Соңғы кезде электронды оқыту өнімдері нарығында, Macromedia Flash технологиясы негізінде жасалған және тәжірибесі жоқ компьютер қолданушысына программалық өнімдер жасау мүмкіндігін беретін оқу құралдары мен мультимедиялық оқулықтар саны көбейіп барады. Қазір Macromedia Flash - технологиясы ең жаңа және кең қолданылып жатқан технология болып табылады [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Macromedia Flash MX бағдарламасын сурет – сызба салу өнерінде, анимациялардың әр түрлерін құруда, интерактивті анимация үшін басқару элементтерін (батырмалар, мәзір және т.б.) жасауда, жұмыс кезінде Action Script сценарийлер тілін кең пайдалануда, Flash – фильмдерді, роликтерді құрастыруда, Web – парақтар мен презентацияларды құру жұмыстарында қолданады [2, 3].

Macromedia Flash технологиясы анимация жасаушылар үшін өте қолайлы программа, өйткені ол төмендегі сапаларға ие:

1. Жинақтылық (компьютерде тез жүктеледі) – векторлық графиканы пайдалану есебінде;
2. Интерактивтілік – пайдаланушы Flash-фильмдегі іс әрекеттерді тікелей басқара алады;
3. Мультимедиялық – фильм және Internet-ке информацияны визуалдаудың стандартты құралдары үшін қол жетпес видео, аудио эффектілер;
4. Көпсалалығы – Macromedia Flash-те қарапайым үй парақтары сияқты арнаулы серверлер де (пошталық, виртуальді дүкендер) орындалуы мүмкін;
5. Қолайлылық – Macromedia Flash технологиясының негізі, компьютермен жұмыс істеудің минимальді дағдысы бар кез-келген адамға түсінікті. Сондай-ақ компьютер жадында өте аз орын алуы мен тез жүктелетіндігі Macromedia Flash пайдаланушылары үшін үлкен мүмкіндіктер туғызады. Осы мақсатымызға жету үшін, бізге Macromedia Flash технологиясын білу өте маңызды рөл атқарады [4].

Компьютерлік технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі, сондықтан, күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже. Macromedia FLASH-те анимация, мультфильмдер, роликтер рекламалар жасау өте қызықты. Әрине, бұл програмамамен жасау үлкен еңбекті қажет етеді, сол үшін оны оқып үйрену керек [5,6].

Зерттеп отырған «Macromedia Flash MX курсының практикалық» жұмыстарын орындауға арналған электронды әдістемелік нұсқаулық жасақтау» тақырыбы да сондай мақсатта жасалған болатын. Бұл нұсқаулық FLASH – те жасалған электронды оқу-әдістемелік құрал ретінде жасақталған. Жұмыстың ғылыми болжамы бойынша: егер Macromedia Flash бағдарламасын үйренуде, осы бағдарламаның өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сабақтарды оңайынын қиынына қарай реттеп, нұсқаулық жасақталып, анимациялармен мысалдар келтірілсе, сабақ қызықты өтіп, білім алушылардың сол сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы артып, сабақтың сапасы да арта түсер еді.


Сонымен қатар, осы жұмысты орындау барысында мынадай міндеттер қойылды: компьютерлік технологияларға талдау жасау арқылы оқытуде технологияның мүмкіндіктерін айқындап, оқыту үдерісінде Macromedia Flash MX бағдарламасын информатика пәніне оқытуға қолданудың әдістемелік нұсқаулығын жасақтау.

Алға қойылған міндеттер бойынша Macromedia Flash программасында бірнеше практикалық жұмыстар жасалынды. Мысал ретінде атап кетсек, 1 – суретте кітапхана элементін қолдана отырып, қоңыз бейнесін алу.




1- сурет. Кітапхана элементін қолдана отырып, қоңыз бейнесін алу

Ал, 2 және 3 суреттерде шардың үстел үстінен жерге траектория арқылы құлауы мен берілген із бойынша көбелектің қозғалысы бейнеленген.



2- сурет. Шардың үстел үстінен жерге траектория арқылы құлауы

Macromedia Flash технологиясының атқаратын қызметтері орасан зор, мүмкіндіктері көп.



3- сурет. Берілген із бойынша көбелектің қозғалысы

ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалынған жұмыс нәтижесінде электронды оқыту жүйесіне қойылатын талаптар қалыптастырылған, яғни көрнекілік, белсенділік, жүйелік, жеткіліктілік, ғылыми, білім меңгерудің беріктігі сияқты дидактикалық талаптарды жүзеге асырудың деңгейі көрсетілген.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мырзабекова Г. Е., Күлмұратова А. Ш., Смаилова Л. Қ., Тәжібай Л. К. Интернет технологиясы.
- 2 Қайнарбаева Қ.//Ғылыми – әдістемелік журнал «Информатика негіздері».- №1, 2013 ж.
- 3 «Информатика негіздері» журналы.- 2012, №1.
- 4 «Информатика негіздері» журналы.- 2013, №3.
- 5 «Математика, информатика, физика» журналы.- 2013, №1.
- 6 www.modern-computer.ru

Резюме

В статье рассматриваются возможности Macromedia Flash при создании электронного учебно-методического пособия.

Summary

The article maps the possibility Macromedia Flash when creating electronic teaching aids.

Қабылданған күні 10.02.2015 ж

ӘОЖ 004.07

Р.Н.Молдашева, К.Б.Багитова, Г.Б.Турмуханова, А.О.Мукашева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212

E-mail: raushan85_07@mail.ru, kalamkasb@yandex.kz, gulnurtb_85@mail.ru, ainurm@inbox.ru

ДРОПВОХ БҰЛТТЫ ҚҰЖАТ САҚТАУ ҚОЙМАСЫ

Аңдатпа

Мақалада Dropbox арнайы бұлтты құжат сақтау сайтымен жұмыс істеу, жүктеу, орнату, еркін қалаған уақытта қолдану туралы және құжатты өзгерткенде автоматты түрде серверде өзгертілініп, сақталатындығы, тұтынушыға түсінікті, қолдануға ыңғайлылығы қарастырылған.

Негізгі сөздер: *dropbox, флеш, бұлтта, сақтау сервистері, тарих - журналы, синхронизация, аккаунт, виртуалды сервер.*

КІРІСПЕ

Соңғы жылдары ақпарат сақтауға арналған құрылғылар белсенді қолданыла бастады. Бұл құрылғылар заманауи адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Бүгінгі күні білім үдерісін USB - жинақтағышсыз елестету мүмкін емес. Соңғы екі жылда Wuala, Dropbox, Ubuntu One, Google Drive, Яндекс сияқты «бұлтты» сақтау сервистері қарқынды дамуда. Аталған «бұлтта» клиенттің көзқарасы бойынша үлкен виртуалды сервер ретінде мәліметтер сақталады және өңделеді. Жинағыш құрылғыларды жоғалту жиі кездеседі, ал олармен бірге маңызды құжаттар, есептеулер, зерттеулер және басқа да бағалы жұмыстар бірге жоғалады. Бұлтты қойма мәліметтерді тасымалдауда қолымызда артық құрылғылардан босатып қана қоймай, ақпаратты сақтауда жоғары дәрежеде қамтамасыз етеді. ІТ құрылымды ауқымды ұйымдарда (білім мекемелерінде) флеш - жинағыштарды қолдану қауіпсіздік тұрғысынан тиімсіз, өйткені статистика бойынша нақ осы жинағыш құрылғылар қауіпті программа тасығыштар болып табылады. Жағдайды талдасақ, оқу орындарында мәлімет сақтағыштар қай уақытта қолданылады? Әрбір қызметкер және студент үшін дискіден есептік жазба арқылы енуге болатын арнайы кеңістік бөлінеді. Бұл сәйкес мекеменің есептеуіш техникаларының физикалық қорларын уақытша жалдау болып табылады. Жалдау уақыты қызметкер жұмыстан кеткенде немесе студент оқудан шыққанда ғана тоқтатылады. Бұл жағдайда есептік жазба жойылады және босаған орын жаңа пайдаланушыларға беріледі. Мұндай орталықтандырылған қойма оқытушыларға және студенттерге, өздерінің оқу әдістемелік, ғылыми, зерттеу жұмыстарын және өзге де құжаттарды бір жерде құруға және сақтауға мүмкіндік береді. Соңында, «бұлтты» қолданушылар кез келген уақытта әлемнің кез келген бұрышынан ғаламтор көмегімен құжаттарына қол жеткізе алады. «Бұлт» технологиясын ұялы және қашықтан оқыту аумағында кең қолдау табатыны әбден айқын. Ерікті нәтиже бере алатын талдау бойынша «бұлт» мәлімет сақтағышты ұйымдастыруға сөзсіз көшбасшы жариялады, ол – Dropbox [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Dropbox — қолданушыға қандай да бір файлдарын интернет желісінде сақтауға мүмкіндік беретін интернет сервис. Dropbox - тың (1 - сурет) мүмкіндіктері (қысқаша):


- ✓ 2ГБ тегін жады;
- ✓ кез келген файлды сақтап, кез келген интернет бар жерден сол файлдарды алуға болады. Компьютерде жады жетіспеген жағдайда немесе компьютер бұзылса файлдан айрылып қалмау үшін сақтап қоюға болады;
- ✓ сақталған файлдармен бөлісуге болады, сілтемесі оңай алынады.
- ✓ сіздің компьютер өшіп немесе интернет желісіне қосылмай тұрса да, сілтемелер жұмыс жасап тұрады;
- ✓ синхронизация — яғни сіздің компьютеріңізде бір папка Dropbox - қа арналады. Сол папкаға салынған файл автоматты түрде сіздің интернеттегі жәшігіңізге жүктеледі;



1 - сурет. Dropbox сервисінің терезесі

- ✓ тарих - журналы – сіздің жүктеу/өзгертулеріңіздің тарихы жазылады және 30 күн өтпей тұрып қайтару мүмкіндігі бар. мысалы 1 файлды өшірген болсаңыз бұл ісіңіз журналда тіркеледі, сол жерден 30 күн арасында сол файлды қалпына келтіруге болады. Достарыңызды шақыратын болсаңыз әр адам үшін сізге тағы 500МБ жады қосылады. Егер шақыру бойынша тіркелсеңіз сізге де бастапқы 2ГБ - тың орнына, 2,5ГБ беріледі. Бағдарламасы ағылшын тілінде болса да түсінікті жасалған [2].


Dropbox – файлдарды интернет желісінде сақтауға мүмкіндік беретін интернет сервис. Яғни, интернет жады (память). Dropbox - тан берілетін жадыңызды пайдалану үшін, алдымен, тіркелу керек және арнайы бағдарламаны жүктеп алып, қондыру керек. Сол кезде, сізге дроббокстың толық сыры ашылады. Сіздерді осы сервиспен жақынырақ таныстырайық. Осы жазбаға толықтыру ретінде, бағдарламның толық қолданылуы жайында жазып өтеміз [3]. Dropbox - тағы тіркелу беті мынандай:



2 - сурет. Dropbox сервисіне тіркелу терезесі

Байқағаныңыздай бұл жерде бәрі ағылшын тілінде! Қазақ тіліндегі нұсқасы өкінішке орай әзірге жоқ. Жақын арада пайда боларына сенеміз. Бірақ, біз сіздерге бұл беттің аудармасын ұсынамыз! Төменгі суретте барлық жазулардың аудармасын келтірдік. Осы суретке қарай отырып, сіз оңай тіркеле аласыз деп ойлаймыз. Не бары 4-ақ жолды толтырып сіз Dropbox - тың қолданушысы бола аласыз. Барлық жолдарды толтырып болғаннан кейін, «Dropbox ережелерімен келісемін» деген

ұяшықты белгілеп "Create account" деген көк батырманы бассаңыз сіздің ақпарат сақталып, сізді программаны жүктеу бетіне (3 - сурет) ауыстырып жібереді. Егер үстіңгі беттен өтіп, төменгі суреттегідей сізге Dropbox - тың бағдарламасын жүктеуді ұсынса, онда сіз тіркеуден өтіп қойған болып есептелесіз. Ендігі қадам, бағдарламаны жүктеп, синхронизацияның мүмкіндігін пайдалану. "Сохранить файл" дегенді басып жүктеу үрдісін бастаймыз. Жүктеу аяқталғаннан кейін бағдарламаны екі рет шерту арқылы қондырасыз. Ал егер жүктеу ұсынысы әлі де шықпаған болса, онда көк жазумен жазылып тұрған "restart the download" деген сілтемені басып көріңіз [4].



3- сурет. Dropbox бағдарламасын қондыру терезесі

3

Қондыру барысында, төменде көрсетілгендей жаңа бейнешік пайда болуы тиіс (4 - сурет). Ол сізге бағдарламаны пайдалануға мүмкіндік беретін болады. Сонымен қатар, жүктелу үрдісі кезін және тағы да бірнеше жағдайларды бейнелеп, сізді ақпараттыңдырып отыратын болады [5].




4 - сурет. Жүктелгеннен кейінгі Dropbox сервисінің бейнесі


Қондыру аяқталғаннан кейін, бағдарлама сізге екі нәрсеге таңдау қояды. Олар:

- ✓ Сізде аккаунт жоқ
- ✓ Сізде аккаунт бар

Біз суреттегідей, аккаунт бар деген екінші таңдауды шертіп, төмендегі бұрыштағы "Next" батырмасын шертеміз (5,6 - суреттер). Себебі, біз жоғарыда аккаунт жасап алған едік. Егер біреулер аккаунт жасамай, бірден бағдарламаны қондырған жағдайда, олар бірінші таңдауды таңдап, аккаунтты бағдарлама арқылы жасауына мүмкіндік жасалған [6].



5 - сурет. Аккаунтқа таңдау жасау терезесі



6 - сурет. Жәшікке кіру терезесі

Ендігі қадам, өз жәшігімізге кіру. E-mail мен құпия сөзімізді (E-mail - agustudent@mail.ru, құпия сөз - 123456789) енгіземіз. «Computer name» деген жерге компьютердің атын оның қолданылу аясына қарай атау қажет. Яғни, егер жұмыста қондырсаңыз «Жұмыс компьютері», үйде болса үйдегі. Бұлай атау кейін қай компьютерден қай файлды жүктегеніңізді және жалпы қай компьютермен қандай амал жасағаныңызды ажыратып алуыңызға септігін тигізеді. Осымен біз қондыру үрдісін толық аяқтадық. Қалғаны оңай, төмендегі батырманы шерте беру ғана қалды. Енді, қондыруды аяқтаған кезде бағдарламаның қолданылуына тоқтала кетсек. Бағдарламаның тағы қандай мүмкіндіктері бар екен? [7].

Бағдарламаның бейнешесіне тышқанның оң жақ батырмасын шертсеңіз төмендегідей бейнені көресіз. Жоғарыдан төмен қарай менюдағы тізім мынандай:

- ✓ Dropbox папкасын ашу;
- ✓ Dropbox - тың web-сайтына өту;
- ✓ Жақында өзгертілген файлдар;
- ✓ Жәшігіңіздің жалпы көлемі және қанша пайызы қолданылып тұрғаны туралы;
- ✓ Файлдардың күйі (жүктелген, жүктеліп жатыр, тағы сол сияқты);
- ✓ Жәшік көлемін көбейту;
- ✓ Синхронизацияны уақытша тоқтату;
- ✓ Баптаулар;
- ✓ Көмек;
- ✓ Шығу - бағдарламаны жауып тастау.

Баптаулардың (Preferences) мүмкіндіктеріне тоқталайық [8]. Алдымен Genetral (жалпы) баптаулар беті ашылады. Терезенің үстінгі бөлігінде үш амалдың белгішесі берілген:

- ✓ Жұмыс үстеліне хабарландыруларды көрсету;
- ✓ Дропбоксты уиндоуспен бірге қосу;

- ✓ Синхронизацияны қосу.

Осы үш белгішенің астында сізге автоқосылуларды басқаруға мүмкіндік берілген. Бұл амал флешканы компьютерге салған кезде, диск салынғанда орындалатын автоқосылу терезесіндегі дробокстың активтілігін басқаруға қатысты.



дروبокстың активтілігін басқару



жәшігіміздегі папкалардың тізімін көру.

Егер белгішені алып тастасаңыз, сол папка сіздің компьютерге жүктелмейтін болады. Бірақ интернет жәшігіңізде сол күйінде тұра береді. Сол жақ төменде «Switch to Advanced view» деген батырма арқылы тек бастапқы папкаларды емес, олардың ішіндегі папкаларды да басқаруға мүмкіндік бар.



проксиді баптау. Көбінесе бұл баптау қозғаусыз тұрады. Ал егер сіз қандай да бір серверге баулаулы тұрсаңыз, осы жерден өз серверіңіз бен портыңызды енгізуіңіз керек.



желілік баптау. Бұл жерде сіз жүктеу немесе жаңарту жылдамдықтарына шектеу қоя аласыз.



аккаунтарды баптау. Бұл беттен сіз бағдарламаға бекітілген аккаунттарды қосып өшіре аласыз. Миллиондаған қолданушыларды өзіне қаратып алған Dropbox бастамасының құпиясы да осында. Бұлт технологиясына негізделген жаңа жоба бір күннің ішінде бірнеше техникамен жұмыс істейтін жандар үшін тиімді болып отыр.

Бұлтты қоймалардың артықшылығы:

- ✓ Клиент іс жүзінде пайдаланатын қоймадаға орыны үшін ғана төлейді, бірақ серверді жалдауына төлемейді, ол барлық ресурстарды пайдаланбауына да болады.
- ✓ Клиентке сатып алуға, қолдау алуға және өзіндік деректерді сақтау инфрақұрылымдық қызмет көрсетумен айналысуына қажеті болмайды, бұл түпкі есепте, өндірістің жалпы шығынын кішірейтеді.
- ✓ Барлық рәсімдер деректерді резервтеу мен сақтау тұтастығы бұл процеске клиенттерді қатыстырмайтын бұлтты ортаның провайдерлерімен өндіріледі [9].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Эрик Спирли «Корпоративные хранилища данных. Планирование, разработка и реализация. Т.1» Вильямс, 2001.
- 2 Архипенков С.Я., Голубев Д.В., Максименко О.Б. «Хранилища данных», Издательство: Диалог – МИФИ, 2002.
- 3 Аносова Н. П., Бородин О.О., Гаврилов Е.С., Марасанов А.М. «Распределенные базы и хранилища данных», Издательство: ИНТУИТ, 2009.
- 4 Дейт К. Введение в системы баз данных. 6-е изд. – К.; М., СПб.: «Вильямс», 2000.
- 5 Хомоненко А.Д., Цыганков В.М., Мальцев М.Г. Базы данных: Учебник для высших учебных заведений/Под ред. проф. А.Д. Хомоненко. – СПб.: КОРОНА принт, 2002.
- 6 Корнеев В.В., Гареев А.Ф., Васютин С.В., Райх В.В. Базы данных. Интеллектуальная обработка информации. – М.: Нолидж, 2001.

- 7 Праг К., Ирвин М. "Библия пользователя Access для Windows 2000", К.:Диалектика, 2001.
- 8 Хансен Г., Хансен Д. Базы данных. Разработка и управление. – М.: Бином, 2000.
- 9 Мещеряков Е.В., Хомоненко А.Д. Публикация баз данных в Интернете. – СПб.: БХВ-Петербург, 2001.

Резюме

В статье рассматривается работа с облачной системой хранения информации в виде папок и файлов, о работе с программой, загрузке, установке, об использовании применении программ в удобное для пользователя время и об автоматическом изменении документов в сервере и т.д.

Summary

The article discusses the work with cloud storage system in the form of folders and files on the program, download, install, use of application programs at a convenient time for the user and the automatic document changes in the server, etc.

Дата приема 13.02.2015 г

ӘОЖ 371.134:004.9

Т.Атимова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада жоғары оқу орнында ақпараттандырудың алғышарттары, мақсаты мен міндеттері, одан туындайтын өзекті мәселелері қарастырылған. Білім беруді ақпараттандыру мен басқару жүйесінің бағыттары мен жолдары туралы айтылған.

Негізгі сөздер: *білім беруді ақпараттандыру, ақпараттық технологиялар, мамандардың кәсіби даярлығы, білім беруді басқару жүйелері.*

КІРІСПЕ

Бүгінгі күні адамзаттың шығармашылық әрекетінің жемісі – ақпаратты тиімді пайдалану арқылы ғана ғылыми-техникалық прогресті одан әрі дамыту керек болатындығы белгілі болып отыр. Өйткені ол ақпараттық қоғам жағдайында экономика, техника, ғылым, саясат және жалпы қоғам дамуының шешуші күшіне айналады. Қазіргі кезеңдегі білім беру үдерісіне жаңа ақпараттық технологияны кеңінен енгізудің, сонымен қатар студенттің ақпараттық мәдениетін дамытудың негізгі ерекшелігі оның қолданбалы бағыттылығын, пәнаралық байланыстарды сәйкестендіретін оқудың мазмұны мен мақсатын нақты көрсететін жолдарын іздестіру болып табылады.

Қоғамды ақпараттандыру ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың ең басты тетігі ретінде «Біздің білім беруді, денсаулық сақтауды, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларымыз жалғаса береді. «Нұрлы Жол»

Жаңа Экономикалық Саясат – әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына бару жолындағы біздің ауқымды қадамымыз» - деп атап көрсеткен болатын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында [1, 2].

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңында, "2011-2020 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы" стратегиялық құжатында Білім беруді ақпараттандыру - мемлекеттік білім беру саясатын жүзеге асырудың маңызды механизмі ретінде бекітілген [3].

Еліміздегі қоғамды ақпараттандыру Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды дамыту концепциясы негізінде жүзеге асырылуда, яғни ол электрондық үкімет, ашық ақпараттық-коммуникациялық жүйелер құру, ақпараттандыру жүйелері мен құралдарын стандарттау мен сертификаттау, жергілікті және ғаламдық желілер мен ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету, сандық жүйеде мемлекеттік тіліміздің жан-жақты қолданылуын кеңейту және мемлекеттік ресурстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қорғау жүйелері т.с.с. бағыттарды қамтиды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Еліміздің ЖОО-да білім беру жүйесінің қазіргі тәжірибесі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) білім беру үдерісіне кең көлемде ендірудің шарттары төмендегідей екендігін көрсетті:

- оқу үдерісін ақпараттандырудың жоғары деңгейін;
- корпоративтік ақпараттық-білімдік желі және АКТ құрал-жабдықтар, интерактивті және мультимедиялық технологиялар, оған қосылған компьютерлік сыныптар санының артуы;
- оқу үдерісін ұйымдастырудың ақпараттық-басқару жүйесінің болуы;
- электрондық каталогтың көмегімен кітапханалық ақпаратты іздеудің ашық жүйесі бар электрондық кітапхананың, негізгі оқу курстарының электрондық және мультимедиялық үлгілерінің, сонымен қатар әртүрлі тасымалдағыштардағы оқу материалдарының видеоүлгілерінің болуы.

Жоғары оқу орындары жағдайында бұл мәселеге бірқатар зерттеушілердің еңбектері арналған: А.Е.Әбілқасымова, Б.Б.Баймұханов, Ә.К.Қағазбаева, И.А.Новик, Д.Рахымбек, Т.Сабыров, А.Нугусова, Г.С.Базарбаева, С.К.Әбдібекова және т.б [4].

Қазіргі еліміздегі білім беру жүйесін жүзеге асырудың маңызды бөлігі – оқу үдерісін ақпараттандыру және коммуникация құралдарымен қамтамасыз ету жағдайында студенттің қазіргі АКТ құралдарын еркін меңгеруін қалыптастыру болып табылады.

Оқытудың компьютерлік технологиясы педагогикалық оқыту технологиясының құрамдас бір бөлігі. Компьютерлік технология белгілі бір педагогикалық технологияның оқу үдерісіне енгізілуіне қолайлы жағдай жасап, студенттердің оқуға деген ынтасын арттыруға, оқу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

ЖОО оқыту жүйесінде әр студент компьютерлік технология негізінде интернет, қашықтықтан оқыту, электрондық почта арқылы дүниежүзілік білім кеңістігіне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін ақпаратты толығымен алуға, қажетті ақпараттық мәліметтерді, ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді, ізделіп отырған мәселенің шет елдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туып отырғандығын, сонымен қатар жаңа ақпараттық технологияны білім алу саласына пайдалана білудің құзіретті болуы және ең ыңғайлы, қолжетімді жолдарын меңгеруді талап етуінде.

Білім беруді ақпараттандыру – білім беру саласының теориясы мен практикасына жаңа ақпараттық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыратындай жағдайда оның мүмкіндіктерін қолдану үдерісі.

Білім беруді ақпараттандыру екістратегиялық мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді:

- біріншісі АКТ-ны пайдалану негізінде білім беру қызметінің барлық түрлерінің тиімділігін арттыру;

- екіншісі ақпараттық қоғам талаптарына сай, ойлауы жаңа түрдегі мамандарды дайындаудың сапасын арттыру.

Жоғарыда аталғандардан ақпараттық технологияларды білім беруде қолдануға байланысты мынадай тұжырымдар жасауға болады, яғни білім берудегі ақпараттық технологиялар (АТ):

- ✓ оқу үдерісін жетілдіретін оқыту құралы;

- ✓ өзін-өзі және қоршаған ортаны танудағы таным құралы;

- ✓ студентті тұлғалық дамыту құралы;

- ✓ ақпараттық технологиялар пәндері курсын игеру шеңберіндегі зерттеу нысаны;

- ✓ оқу-тәрбие үдерісін, оқу орындарын, оқу мекемелері жүйесін басқару және ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету құралы;

- ✓ алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды тарату мақсатындағы (телекоммуникациялық желілер негізіндегі) байланыс құралы;

- ✓ оқу тәжірибелерінің (зертханалық, тәжірибелік) нәтижелерін өңдеу және оқу, интерактивті және мультимедиялық құрал-жабдықтарын басқаруды автоматтандыру құралы;

- ✓ оқу әрекетінің, тестілеудің, психодиагностиканың нәтижелерін бақылау, түзеу үдерісін автоматтандыру құралы;

- ✓ зияткерлік демалыс уақытын ұйымдастыру құралы.

Жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып, төмендегі тұжырымдарды жасауға болады:

- білім беру жүйесіне ақпараттық технологияларды белсенді енгізу педагогке өз жұмысын ұйымдастырудың түрлерін және әдістерін үнемі жаңартып отыруға, студенттердың жеке ерекшеліктерін дамытуға, олардың танымдық қабілеттерін қалыптастыруға, сонымен қатар, оқытудың жылдам икемделу түрлері мен әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

- білімді ақпараттандыру қоғамды ақпараттандырудың бір бөлімі ретінде педагог мамандардан сабақ беруде және оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда ақпараттық технологияларды белсенді әрі сауатты пайдалануда тиісті дайындықты талап етеді;

- педагогтің ақпараттық мәдениетін мақсатты таңдауы мен құруы, қойылған міндетті іске асыруы, зерттелуші үдерістердің ақпараттық моделін жасау және автоматты ақпараттық жүйелердің көмегімен талдау, ақпараттық моделдеудің мәнін түсіну, өз тәжірибесінде деректер қорын, жасанды интеллект жүйесін және басқа да ақпараттық технологияларды қолдану, сонымен қатар өз пәнін оқытуда АТ құралдарын пайдаланудың мүмкіндіктерін зерттеп білу қажеттігі туындайды;

- ақпараттық технология пәндері жалпы білім беру жүйесі мен студенттердің жалпы ақпараттық құзыреттілігі мен мәдениетін қалыптастыру дайындығында маңызды орын алады. Оларды оқытуда АТ қолдану студент пен оқытушылардың

компьютерді меңгеру әрекетін белсенділендіруге, пәнді оқытудың сапасын арттыруға, оқу мақсаты мен міндеттеріне сай оқытылатын физикалық-математикалық нысандар мен құбылыстардың маңызды сипатын ұсынуға мүмкіндік беретін пән болып табылады;

- қазіргі уақытта ақпараттық технология пәндерін оқытуда АКТ қолдану әдістеріне арналған педагогикалық бағдарламалық құралдардың әртүрлілігімен ерекшеленеді. Алайда педагогикалық зерттеулер мен тәжірибелерге жасалған талдау ЖОО-да АТ пәндерін оқытуда қолданылып жүрген АКТ бағдарламалардың студенттердің меңгеруінде кемшіліктерінің барлығын және көптеген АТ пәндері студенттерінің АКТ құралдармен жұмыс жасаудың тиісті дағдысының және компьютерлік дидактикадан білімі өз дәрежесінде емес екендігін байқатады;

- жоғары оқу орындарының студенттерін оқытудың маңызды міндеті бүгінгі таңда студенттерге білім беруде оқытудың ақпараттық технологияларын табысты қолдану, яғни олардың ақпараттық құзыреттілігі мен мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көптеген ғалымдардың ғылыми, әдістемелік және тәжірибелік жұмыстарының зерттеулері нәтижесінде студенттерді заманауи ақпараттық технологияларды сауатты, белсенді және табысты қолдануға дайындау әдістемесі мен мазмұнының теориялық негіздері кең көлемде зерттеліп, білім беру үдерісіне енгізілуде. Бұл болашақ кәсіби білікті мамандар даярлауда, еліміздің білім саласының алдына қойған стратегиялық мақсаттарды орындауда өз жемісін береді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 17.01.2014 ж.- www.e.gov.kz сайты.
- 2 Нұрлы жол – болашаққа бастар жол: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 11.11.2014 ж.- www.akorda.kz сайты.
- 3 Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж, №1118. - www.edu.gov.kz сайты.
- 4 Идрисов С.Н. Студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру: теория және тәжірибе: Монография. Алматы: «Полиграфия-сервис и К^о», 2014. – 210 б.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы формирования личности с высокой информационной культурой, умеющей использовать новые информационные технологии в системе обучения. В результате информатизации образования каждый студент должен иметь возможность свободно пользоваться информацией и анализировать ее в соответствии со своими потребностями. А также затронуты проблемы совершенствования развития системы образования посредством усиления интеллектуальной активности участников образовательного процесса.

Проанализированы вопросы внедрения в учебный процесс вуза новых технологий обучения, обеспечение новыми информационными технологиями и

применение в учебном процессе современных технологий и технических средств обучения.

Summary

In article questions formation of the personality with the high information culture able to use new information technologies in system of training are considered. As a result of education informatization each student has to have opportunity freely to use information and to analyze it according to the requirements. Improvement of development of an education system by means of strengthening of intellectual activity of participants of educational process.

Introduction in educational process of higher education institution of new technologies of training and providing with new information technologies and application in educational process of modern technologies and technical means of training.

Қабылданған күні 18.02.2015 ж

ӘОЖ 378.14:37.031.2

В.Е.Махатова, Г.Қ.Шамбилова, Ж.Т.Қабылхамит

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: mahve@mail.ru

ЛЕБЕГ ИНТЕГРАЛЫ

Аңдатпа

«Математикалық талдаудың қосымша тараулары» курсы өлшемдер теориясынан, интегралдау теориясынан тереңдетілген білім береді және функционалдық талдау, дербес туындылы теңдеулер пәндерін оқып үйрену үшін базалық негіз болады. «Математикалық талдаудың қосымша тараулары» курсына нақты айнымалылы функциялар теориясын қамтитын ұғымдар беріледі: саналатын жиындар, жиынның қуаты, өлшемі, Лебег, Жордан бойынша өлшенетін жиындар, Евклид кеңістігі, Лебег және Стилтьес интегралдары.

Анализдің қосымша тарауларын өту нәтижесінде студенттер саналатын жиындардың қасиеттерін, жиындардың қуатын, өлшенетін жиындардың және функциялардың қасиеттерін, Евклид және Лебег кеңістіктерін білулері қажет.

Негізгі сөздер: Лебег интегралы, Риман интегралы, Кошидің тұжырымы, кесінді, элементтер, функция, жеткілікті шарты, жиын.

КІРІСПЕ

Шектелген өлшемдерде функциялар жиыны қанша кең болса, Лебег мағынасында интегралданатын функциялар жиыны да соншама кең болады.

Лебег қосындысының α -нің нольге ұмтылғандағы шегі E жиынындағы

$f(x)$ функциясының $\lim_{\alpha \rightarrow 0} \sum_{k=0}^{n-1} y_k E(y_k f < y_{k+1}) = \int_E f(x) dx, (\alpha) \int_E f(x) dx$ арқылы

белгіленеді және Лебег интегралы деп аталады [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Лебег мағынасындағы интеграл ұғымымен танысу үшін, Коши – Риман мағынасындағы интеграл ұғымын еске түсірелік. Берілген $f(x)$ функциясы анықталған кесіндіні, ұсақ $[x_k, x]$ кесінділерге өз қалауымызша бөліп, олардың әрқайсысынан кез – келген ε_k нүктесін алып, $\sum_k f(\varepsilon_k) x_k$, мұндағы Δ

$x_k = x_{k+1} - x_k$ қосындысын жасақтадық делік. Бұл жағдайдағы $[a, b]$ – кесіндісінде берілген $f(x)$ функциясының әр x_k – нүктесіндегі мәні, кесіндідегі өз қалауымызша алынған ε_k нүктесіндегі мәндерімен ауыстырылған болсын. Бірақ, мұндай ауыстырылу орынды болады, сол уақытта, егер де $f(x)$ функциясының әр кесінділері өзара жақын болса. Сонымен қатар, Риман интегралы ең әуелі бір айнымалысы, одан кейін көп айнымалысы бар функциялар үшін қарастырылған. Сөйтіп, $\lim \sum (f 3k)^* X_k = (R) S_a^b f(x) 2x$, мұндағы $\alpha = \max [X_{k+1}, X_x]$, $f(x)$

функциясы мағынасында интегралдануы үшін, ол – функция шектелуі керек. Кошидің тұжырымы бойынша, бұл мағынадағы интеграл азды – кемді үзілісті функциялар үшін де, бар болады. Өзі анықталған аралықтағы үзілісті нүктелері соншама көп немесе өлшемі нольге тең болмайтын функциялар класы үшін интегралы бар болатын Коши – Риман интегралын жалпы жағдайға көшіру мақсатында Лебег атындағы интеграл ұғымы енгізілген болатын [2]. Бұл ұғымның негізгі айырмашылығы, интеграл ұғымын енгізуде, Риман интегралындағы сияқты аргумент x –тің әртүрлі мәндерін олардың бір – біріне жақын орналасу қасиеттері бойынша бір жиынға жатқызбай сәйкесті, функциялардың сол аргументтегі мәндерінің бір – біріне жеткілікті жақын орналасуы қасиеттері бойынша бір топқа енгізіліп қарастырылуында. Осы мақсатпен Лебег $f(x)$ функциясы анықталған (a, b) кесіндісін емес, сол кесіндідегі аргумент x –тың әртүрлі мәндеріне сәйкесті функциялардың ординаты, өсінді орналасқан мәндер жиынын қамтитын (a, b) кесіндісін ұсақ бөліктерге бөлген, яғни $A \leq Y_0 < Y_1 < \dots < Y_n = \beta$, мұндағы элементтер жиынын $E(y_k \leq f < y_{k+1})$ түрде белгілесек, онда $x \in E$ әртүрлі мәніне функциялардың өзара жақын орналасқан мәндері сәйкестендіріледі. Риманда (a, b) кесіндісіндегі x –тың мәндері бір – бірінен алшақта орналасуы мүмкін. Осылайша енгізілген интеграл ұғымы үшін жинақталған қосынды $\sum_{k=0}^{n-1} Y_k mE(Y_k \leq f < Y_{k+1})$ алынады. Бұл жағдайда E – жиыны шекті өлшенетін, ал ондағы анықталған $f(x)$ – функциясы өлшемді болуы керек [3].

Лебег интегралымен толықтай танысу үшін және әрі түсінікті болу мақсатында қарапайым функция деген атпен белгілі, функцияны қарастыралық. Өлшемі белгілі кеңістікте анықталған $f(x)$ функциясы қарапайым делінеді, егер ол сол жиын кеңістігінде өлшенетін және ондағы қабылдайтын жиын мәндері

есептелетін жиыннан артық болмаса, мұндай функциялар төмендегі сөйлемдерге негізделген:

1. $f(x)$ функциясының есептелетін жиынынан артық болмайтын әртүрлі мәндер тізбегі $Y_1, Y_2, \dots, Y_n$ өлшемді болуы үшін $\{x \div f(x) = Y_n\} = E_n$ жиындарының өлшенуі қажетті және жеткілікті.

Қажеттілік шартының дәлелдемесі, A_n жиынының әрқайсысына сәйкесті нүктелер жиынының бейнесі болатындығына негізделген. Жеткілікті шарты $\bigcup_{k=1}^n E_k$

бірігу жиыны есептелетін өлшемді A_n жиынынан аспайтындығын негізге алу бойынша сипатталады.

2. $f(x)$ функциясы өлшемді болу үшін оның қарапайым өлшенетін функциялардан құралған бірқалыпты жинақты тізбектің шегі түрінде болуы қажетті және жеткілікті. Қажеттілік шартын дәлелдеу үшін, кез-келген $f(x)$ өлшенетін функциясын қарастырып, олардың мәндерінен: $f_1(x), f_2(x), f_n(x)$ - тізбегін жасақталық. Сонда $f_n(x) = m_0 \div n_0$, мұндағы m_0 - бүтін, ал n_0 - бүтін оң сандар. Сол жағдайда $E_n(x)$ - функциясы қарапайым функцияларға айналады және $\lim f_n(x) = f(x)$, себебі $|f(x) - f_n(x)| < 1 \div n_0$.

Ал, жеткілікті шартының дәлелдемесі, өлшенетін функциялардың негізгі қасиетіне негізделген. Сөйтіп шекті немесе саналымды санды мәндерді – қарапайым функциялар - өлшенетін функциялар болатын болды және ол өлшемді $E(Y_k \leq f < Y_{k+1})$ жиынында анықталған.

Енді, осылайша енгізілген қарапайым функциялар арқылы, математика ғылымына ең бірінші енгізілген Лебег интегралы анықтамасына тоқталайық. Ол үшін өлшенетін E жиынында анықталған шектелген $A \leq f(x) < \beta$ және mE өлшемді $f(x)$ функциясы берілсін делік. (a, b) кесіндісін, ординат өсінде орналасқан нүктелер арқылы ұсақ кесінділерге $[Y_k, Y_{k+1}]$ бөлектелік $A \leq Y_0 < Y_1 < \dots < Y_n = \beta$, бұл ұсақ кесінділердің ең ұзын кесіндісі

$\max(y_{k+1} - y_k) = l$ арқылы белгілеп, $\sum_{k=0}^{n-1} y_k mE(y_k \leq f \leq y_{k+1})$ қосындысын

жасақталық. Бұл қосындыдағы $mE(y_k \leq f < y_{k+1})$ жақша ішіндегі шартты қанағаттандыратын $f(x)$ функциясының мәндерінен жасақталған E жиыны белгінің өлшемі – ол бөлікті жиын өлшемінің анықтамасы бойынша, өлшенетін болады. Лебегтың интегралдық қосындысы делінеді. Ең ұзын α -нің ұзындығы нольге ұмтылғандағы, Лебег қосындысының шегі E жиынындағы $f(x)$ функциясының Лебег интегралы деп аталынып, яғни

$\lim_{\alpha \rightarrow 0} \sum_{k=0}^{n-1} y_k E(y_k \leq f < y_{k+1}) = \int_E f(x) dx, (\alpha) \int_E f(x) dx$ арқылы белгіленеді. Егер

$E = [a, b]$ болса онда, $(\alpha) \int_E f(x) dx = \int_a^b f(x) dx$ түрінде жазылады [4]. Лебег интегралының бұл айтылымын Риман интегралындағы төмендегі және жоғарғы Дарбу қосындылары арқылы атайды. Ол үшін әр жарты $[y_k, y_{k+1}]$ сегментке сәйкесті жиынды E_k арқылы белгілелік, яғни $E(y_k \leq f < y_{k+1}) = E_k (k = 0, 1, \dots, n-1)$, жоғарыдағы бойынша, бұл E_k жиыны төмендегідей төрт қасиетті болатындығына оңай көз жеткізуге болады:

1. $k \neq k_1$ болғанда E_k жиындары өзара қос-қостан қиылыспайды; яғни $E_k E_{k_1} = 0$.

2. E_k – жиындары - өлшенетін жиындар.

$$3. E = \sum_{k=0}^{n-1} E_k.$$

$$4. mE = \sum_{k=0}^{n-1} mE_k.$$

Енді Лебегтің төменгі және жоғарғы қосындылары туралы ұғымды енгізелік:

$$S = \sum_{k=0}^{n-1} y_k mE_k, S = \sum_{k=0}^{n-1} mE_k. \text{ Егер } \max(y_{k+1} y_k) = \alpha \text{ болса, онда } 0 \leq S - s \leq \alpha mE.$$

Басқаша айтқанда бөліктердегі нүктелерді жаңа нүктелермен толықтырса, төменгі Лебег қосындысы азаймайды, жоғарғысы өспейді.

Шынында: жаңа нүктені y^* арқылы белгілесек, онда

$$y_k < y^* < y_{k+1} \quad (1.1)$$

Ол жағдайда $[y_k, y_{k+1}) = [y_k, y^*) + [y^*, y_{k+1})$. Сол себептен $E_k^{(1)} + E_k^{(2)} = E_k$, мұндағы $E_k^{(1)} = E(y_k \leq f < y^*)$, ал $E_k^{(2)} = E(y^* \leq f < y_{k+1})$, әлбетте $E_k^{(1)} E_k^{(2)} = 0$; сондықтан

$$mE_k = mE_k^{(1)} + mE_k^{(2)} \quad (1.2)$$

бұдан S -қосындылары S_0 -қосындысынан $y_k mE_k^{(1)}$ және қосындылары шегергеннен туындайды. Сонда, (1.1) және (1.2) өрнектерінен $S \geq S_0$ жоғарғы қосындылар үшін дәлелдеме, осы айтылғандар ұқсас баяндалады. Енді осы айтылғандарды ескере, кейбір айқындалған жоғары S_0 қосындыны таңдап алайық.

Ал, кез – келген төменгі қосынды S үшін $S \leq S_0$, осыдан $\{S\}$ жиынының төменгі Лебег қосындыларының жиыны болып, жоғарғы жағынан шектелген болады. Оның дәл жоғарғы шекарасы S^* арқылы белгілесек, яғни $S^* = \sup \{S\}$. Ол жағдайда: $S^* \leq S_0$; S_0 -қосындысының кез-келгендігін ескерсек, онда соңғы теңсіздік төменгі жағынан шектелген болады. Оның дәл төменгі шекаралықтарын S_* арқылы белгілесек онда $S_* = \inf \{S\}$. Сонда (a, b) кесіндісін, ұсақ бөліктеріне бөлу әдісіне байланыссыз, $S \leq S^* < S^* < S$ теңсіздігі орындалуға тиісті. Бұдан $S - S \leq \alpha mE$

үшін $0 \leq S^* - S_* \leq \alpha m E$ - саны соншама аз болуға тиісті екендігі ескерсек, онда $S_8 = S^8$. Сол жағдайда, S_8 және S^8 шамаларының ортақ мәнін кейбір әдебиеттерде, E жиыны бойынша функциясының Лебег интегралы деп түсіндіреді, яғни $S \leq (1)Sf(x)dx \leq S$. Сонымен қатар, Лебег интегралының мәні A және B – сандарына байланыссыз болады [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

1. $f(x)$ функциясының есептелетін жиынынан артық болмайтын әртүрлі мәндер тізбегі $Y_1 Y_2, \dots, Y_n$ өлшемді болуы үшін $\{x \div f(x) = Y_n\} = E_n$ жиындарының өлшенуі қажетті және жеткілікті.

Қажеттілік шартының дәлелдемесі, A_n жиынының әрқайсысына сәйкесті нүктелер жиынының бейнесі болатындығына негізделген. Жеткілікті шарты $\bigcup_{k=1}^n E_k$

бірігу жиыны есептелетін өлшемді A_n жиынынан аспайтындығын негізге алу бойынша сипатталады.

2. $f(x)$ функциясы өлшемді болу үшін оның қарапайым өлшенетін функциялардан құралған бірқалыпты жинақты тізбектің шегі түрінде болуы қажетті және жеткілікті. Қажеттілік шартын дәлелдеу үшін, кез-келген $f(x)$ өлшенетін функциясын қарастырып, олардың мәндерінен: $f_1(x), f_2(x), f_n(x)$ - тізбегін жасақталық. Сонда $f_n(x) = m_0 \div n_0$, мұндағы m_0 - бүтін, ал n_0 - бүтін оң сандар. Сол жағдайда $E_n(x)$ - функциясы қарапайым функцияларға айналады және $\lim f_n(x) = f(x)$, себебі $|f(x) - f_n(x)| < 1 \div n_0$.

Ал, жеткілікті шартының дәлелдемесі, өлшенетін функциялардың негізгі қасиетіне негізделген. Сөйтіп шекті немесе саналымды санды мәндерді – қарапайым функциялары - өлшенетін функциялар болатын болды және ол өлшемді

$E(Y_k \leq f < Y_{k+1})$ жиынында анықталған. Олай болса, $\sum_{k=0}^{n-1} y_k m E(y_k \leq f \leq y_{k+1})$

қосындысы Лебегтің интегралдық қосындысы делінеді. Егер $E = [a, b]$ болса, онда

ол $(\alpha) \int_E f(x) dx = \int_a^b f(x) dx$ түрінде жазылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Айдос Е.Ж. Жоғары математика. – Алматы: Иль-Тех-Кітап, 2003.- 744 б.
2. Темиргалиев Н.Т. Математикалық анализ. Т. 2: - Алматы: Ана тілі, 1991.- 400 б.
3. Жәутіков О.А. Математикалық анализ курсы. Алматы: Оқу-педагогика баспасы, 1958. – 775 б.
3. Ахметқалиев Е. Математикалық талдау. Оқулық. 3-бөлім. – Алматы: РБҚ, 1997. - 279 б.

4 Бұлабаев Т., Матақаева Г. Математикалық талдау негіздері. Оқу құралы. - Алматы: Қайнар, 1996.- 368 б.

Резюме

Интеграл Лебега допускает безотказный переход к пределу. Именно это свойство интеграла Лебега делает его весьма удобным, а часто и неизбежным инструментом во многих исследованиях. В частности, интеграл Лебега совершенно необходим в теории тригонометрических рядов, в теории функциональных пространств и других разделах математики.

Summary

Lebesgue's integral accesses trouble-free transition to a limit. It is the property of integral of Lebesgue does it very convenient, and is frequent also the inevitable tool in many researches. In particular, Lebesgue's integral is absolutely necessary in the theory of trigonometrical ranks, in the theory of functional spaces and other sections of mathematics.

Қабылданған күні 13.02.2015 ж

ӘЖК 378.14:37.031.2

В.Е. Махатова, Ш.Қ. Ележанова, Р.О. Түлеуова, З.Ә. Бекбаева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: mahve@mail.ru

ЖИНАҚТАЛАТЫН ТІЗБЕКТЕРДІҢ МҮШЕЛЕНІП ИНТЕГРАЛДАНУЫ

Аңдатпа

Қарапайым тізбектер, қатарлар барлық жерде, өлшем мағынасында жинақты болғанымен, олардың барлығы бірдей бірқалыпты жинақты бола бермейді, яғни шек белгісін интеграл таңбасының астына енгізуге бола бермейді.

Негізгі сөздер: қатарлар, жинақталатын тізбектер, қарапайым тізбектер, функциялар тізбегі, Лебега интегралы.

КІРІСПЕ

Дербес жағдайда, барлық шектелмеген жиындар - өлшенбейтін жиындарға жатады. Бірақ, өлшем түсінігі кейбір шектелмеген жиындарға жалпыланады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Математикалық талдау курсына айтылғандай жинақталатын тізбектердің немесе қатарлардың мүшеленіп интегралдануы, олардың жинақталуы бірқалыпты болуы жеткілікті болатынды. Ал, қарапайым тізбектер, қатарлар барлық жерде, өлшем мағынасында жинақты болғанымен, олардың барлығы бірдей бірқалыпты жинақты бола бермейді, яғни шек белгісін интеграл таңбасының астына енгізуге бола бермейді. Мұндай жағдайды түзетуге төмендегі қарастырылатын теоремалар көмектерін тигізеді.

Е өлшемді жиынында анықталған өлшенетін функциялар тізбегі $f_1(x), f_2(x), f_3(x), \dots$ шектелген, өлшенетін $f(x)$ функциясына жинақталған,

яғни $\lim_{n \rightarrow \infty} f_n(x) = f(x)$ және берілген тізбектің жалпы мүшесі, E жиынында интегралданатын $g(x)$ функциясы арқылы: $|f_n(x)| \leq g(x)$ шектелсін делік. Сол жағдайда шекті $f(x)$ функциясы да E жиынында интегралданып,

$$\int \lim_{n \rightarrow \infty} f_n(x) = \int_E f(x) dx \quad (1)$$

теңдігі орынды болады.

Дәлелденуі: көмекші төмендегі түрде жиындарды құралық:

$$E_k = \{x \div k - 1 \leq g(x) < k\}, E_i = \bigcup_{k \geq i} E_k = \{x \div g(x) \geq i\}$$

Онда

$$\int_E g(x) dx = \sum_k \int_{E_k} g(x) dx \quad (2)$$

қатар абсолютті жинақты болады. Сонда (2) қатардың жинақталығынан, кез-келген

i - үшін $\int_{E_i} g(x) dx < \frac{E}{5}$. Сол жағдайда, E / E_i^* жиыны үшін $g(x) < i$ теңсіздігі

орынды болады. Теореманың шарты бойынша: $E / E_i^* = E_1 \cup E_2$, мұндағы $m(E_2)$

$< \frac{E}{5i}$, ал E_1 жиынында берілген тізбек $f(x)$ функциясына бірқалыпты жинақты.

Сонымен қатар E_1 жиыны үшін $n > N$ теңсіздігін қанағаттандыратындай, соншама

үлкен N санын таңдау арқылы: $|f_n(x) - f(x)| < \frac{E}{5mCE_1}$.

Сонда

$$\int_E (f_n(x) - f(x)) dx = \int_{E_i} f_n(x) dx - \int_{E_i} f(x) dx + \int_{E_2} f_n(x) dx - \int_{E_2} f(x) dx + \int_{E_1} (f_n(x) - f(x)) dx < 5 \frac{E}{5} = E$$

Бұл пайда болған теңсіздіктен, дәлелденуге тиісті – Лебега интегралын пайдаланып жинақталатын тізбектің мүшелерін интегралындағы, яғни интеграл таңбасынан шекке көшуге болатындығы сипатталады.

Салдарлар: Егер $|f_n(x)| \leq g(x) = K - const$ және $\lim_{n \rightarrow \infty} f_n(x) = f(x)$ болса,

онда (1) теңдігі орындалады.

1. Берілген функциялар тізбегі $f(x)$ функциясына барлық жерде дерлік жинақты болады.

Шынында: функцияның өлшемі нольге тең болатын жиындардағы қабылдайтын мәндері, интегралдың мәнін, 1-қасиет бойынша залалын тигізбейтіндіктен, $\{f_n(x)\}$ тізбегі $f(x)$ функциясына барлық жерде, жинақты болады.

2. Әр мүшесі келесі мүшесінен аспайтын интегралданатын және олар кез-келген K – тұрақты шамасынан аспайтын E жиынында анықталған, $\{f_n(x)\}$ функциялар тізбегі берілсін, яғни:

$f_1(x) \leq f_2(x) \leq \dots f_n(x) \leq \dots \int_E f_n(x) dx \leq K - const$. Сол жағдайда E жиынында интегралданатын функциясы берілген тізбектің шекті шегі болып, теңдігі

$$\int_E \lim_{n \rightarrow \infty} f_n(x) dx = \int_E f(x) dx$$

орынды болады.

Дәлелдеме: Берілген тізбектің бірінші мүшесі теріс болмасын делік. Олай болмаған жағдайда, тізбектің жалпы мүшесі үшін: $\int_n^*(x) = f_n(x) - f_1(x)$ айырымды қарастыруға болады. $\{x; x \in E, \lim_{n \rightarrow \infty} f_n(x) \Rightarrow \infty\} = A$ жиынын қарастыралық. Сол

жағдайда $\bigcup_i A_n^{[i]} = A$, мұндағы $A_n^{[i]} = \{x, x \in E, f_n(x) > y\}$ теңдігінің орынды болатындығына оңай көз жеткізуге болады және Лебег интегралы бойынша

$$m(A_n^{[i]}) \leq \frac{K}{i}$$

теореманың шартына сәйкес: $A_1^{[i]} \leq A_2^{[i]} \in \dots \in A_n^{[i]} \in \dots$ онда: $m(\bigcup_n A_n^{[i]}) \leq \frac{K}{i}$.

Бірақ, кез-келген i -арқылы: $A \in \bigcup_n A_n^{[i]}$ болуынан: $m(A) \leq \frac{K}{i}$. Бұдан, i -шамасының аздығынан $m(A) = 0$. Сөйтіп берілген кемимейтін монотонды тізбектің E жиынында түгел дерлік $f(x)$ функциясына жинақталатындығы осылайша тұжырымдалады.

3. Әрбір мүшесі теріс болмайтын, өлшенетін функциялар тізбегі, $\{f_n(x)\}$ E жиынында түгел дерлік $f(x)$ функциясына жинақталып және $\int_E f_n(x) dx \leq K - const$ теңсіздігі орындалсын дерлік. Сол жағдайда $f(x)$ функциясы E жиынында интегралданып, $\int_E f(x) dx \leq K$ теңсіздігін қанағаттандырады.

Шынында: Ол үшін $\inf_{k \geq n} f_k(x) = g_n(x)$ арқылы белгілейік. $\{x \div g_n(x) < c\} = \bigcup_{k \geq n} \{y; f_k(x) < c\}$ болғандықтан $g_n(x)$ көмекші функциясы өлшенетін және $0 \leq g_n(x) \leq f_n(x)$ теңсіздігі арқылы интегралданатын болады да:

$$\int_E g_n(x) dx \leq \int_E f_n(x) dx \leq K$$

Ең соңында, берілген тізбектің шартына сәйкес: $g_1(x) \leq g_2(x) \leq \dots \leq g_n(x) \leq \dots$ теңсіздігі орынды болады да, ол тізбек E жиынында түгел дерлік, $f(x)$ функциясына жинақталады, яғни $\lim_{n \rightarrow \infty} g_n(x) = f(x)$.

Бұдан 2 теорема бойынша дәлелденуіне тұжырымдалады.

4. $E = \bigcup_k E_k, E_i \cap E_j = \emptyset, i \neq j$ және $\sum_k \int_{E_k} |f(x)| dx$ қатары жинақты болсын. Сол жағдайда, $f(x)$ функциясы E жиынында интегралданып,

$$\int_E f(x) dx = \sum_k \int_{E_k} f(x) dx \quad (3)$$

теңдігі орынды болады.

Бұл сөйлемнің дұрыстығын қарапайым функция үшін қарастыралық. Ол үшін, оның B_i жиынындағы қабылдайтын мәндерін f_i - арқылы белгілелік. Сонда $E_n \cap A_i = E_{ni}$ арқылы белгілеу арқылы: $\int_E |f(x)| dx = \sum_i \int_{E_{ni}} |f_i| m(E_{ni})$ (3) қатардың жинақтылығынан $\sum_n \sum_i \int_{E_{ni}} |f_i| m(E_{ni}) = \sum_i \int_{A_i \cap E} |f_i| m(A_i \cap E)$.

Қатардың жинақтылығы туындайды. Оның жинақтылығынан, интегралдың: $\int_E g(x) dx = \sum_i \int_{A_i \cap E} f_i m(A_i \cap E)$ бар болуы туындайды, мүмкіншілікті ашық жиындар, өлшемдерінің дәл бөлінгі шекарасы болады.

Шынында жоғарыдағы сияқты, F жиынын қамтитын ашық шектелген ω жиынын тұрғызып, оның өлшемі $m\omega$ өлшеміне жақын болатындығын дәлелдеу жеткілікті. Сол мақсатпен, $F \subset (a, b)$ аралығын алып, $C_{(a,b)}$ F - ашық жиынын қарастыралық. E – саны 5 – қасиет бойынша мына жағдай орындаламындай: $F^1 \subset C_{(a,b)} F$, $mF^1 > m[C_{(a,b)} F] - E$ жабық F^1 жиынын таба аламыз. Енді $\omega_0 = C_{(a,b)} F^1$ делік. Сонда F жиынын қамтитын ω_0 жиыны ашық болады. Сонымен қатар

$$m\omega_0 = m(a, b) - mF^1 < m(a, b) - m[C_{(a,b)} F] + E = mF + E$$

5. Егер F жиыны, қосылғыштарының саны шекті, өзара қиылыспайтын жабық жиындардың қосындысынан жасақталса, яғни $F = \bigcup_{k=1}^n F_k$ ($F_k \cap F_{k+1} = \emptyset, k=1, \dots, n$) болса, онда $mF = \sum_{k=1}^n mF_k$.

ҚОРЫТЫНДЫ

Лебега интегралын пайдаланып жинақталатын тізбектің мүшелерін интегралындағы, яғни интеграл таңбасынан шекке көшуге болатындығы сипатталады.

Әдебиеттер тізімі

1. Айдос Е.Ж. Жоғары математика. Алматы «Иль-Тех-Кітап». - 2003.
2. Ильин В.А., Позняк Э.Г. Основы математического анализа. Часть 2. Москва. «Наука». Физматлит, 2000.
3. Привалов Н.И. Введение в теорию функции комплексного переменного. Москва «Наука» Физмалит, 2000.

4 Колмогоров А.Н., Фомин С.В. Элементы теории функции и функционального анализа. – М.: Наука, 1997.

Резюме

Интеграл Лебега характеризуется использованием членов генерирующих цепей, т.е. переходом от знака интеграла к пределу.

Summary

Lebesgue integral will be characterized using members of generating circuits, i.e. the transition from the integral sign to the limit.

Қабылданған күні 13.02.2015 ж

ӘОЖ 51

Г.С.Әуелбаева, Р.Қ.Бегайдарова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212
E-mail: guli0408@mail.ru

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада математика сабағында деңгейлік тапсырмаларды қолданудың тиімділігі қарастырылады. Деңгейлік тапсырмаларды бастауыш және жоғары сыныптарда қолдануға болады.

Негізгі сөздер: *математика сабағы, деңгейлік тапсырмалар, алгоритмдік деңгей, репродуктивтік деңгей, логикалық есептер.*

КІРІСПЕ

Математика - барлық ғылымдардың логикалық негізі және ғылым мен техниканың қарқынды дамуына қосар үлесі зор. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі негізгі құндылық – оқушы және оның жеке тұлғасы болса, демек, математика – жеке тұлғаның дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шыңдай түседі және әлемде болып жатқан жаңалықтарды дұрыс қабылдауға көмек береді. Математика сабағында п.ғ.д. Ж.Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Өйткені қазіргі экономикалық жағдай оқушының жаңа үрдістерін талап етуде. Сондықтан ғылыми ізденіс барысында педагогика саласында оқытудың деңгейлік жүйесі оқушыларға ғылым негізін меңгертудің негізгі тиімді жолы болып табылады. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Деңгейлік тапсырмалар ауқымы өте кең. Оқулықтағы тапсырмалар - өтілген ережелер бойынша қайталау, пысықтау, бекіту жұмыстарына арналған жұмыстар жүйесі. Деңгейлік тапсырмалар есептер, сөзжұмбақтар, логикалық есептер, тестік

сұрақтар, іскерлік ойындар мен тренингтер жүйесін қамтиды. Бұлар оқытудың деңгейіне сәйкес оқу бағдарламасы оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай құрылып, оқулыққа қосымша пайдалануға беріледі.

Деңгейлік тапсырмалардың мақсаты:

- жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар;
- оқушы ізденіске, шығармашылыққа бөленеді;
- дарынды оқушылар мүмкіндігі анықталды;
- әр оқушы өзін-өзі бағалайды, өз білімін жоғары деңгейге жеткізе алады, материалды толық меңгереді;
- жаңа тақырыпты жаңа әдіспен түсіндіріледі;
- тест арқылы тақырып меңгеріледі;
- өзіндік жұмыстар жүргізіледі;
- бақылау жұмысы алынады;
- бақылау парағы жасалады.

Оқушыны деңгейге бөліп оқыту үшін сабақ жаңаша жоспарланады. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы сан түрлі жұмыс жүргізіледі. Оқушының алған білімін жүзеге асыралатыны тексеріледі. Өз бетімен жұмыс орындауға бейімділігі бақылауға алынады. Қорытындысында деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Оқушының белсенділігі мен іскерлігі артып, шығармашылыққа ұмтылады. Деңгейлік оқыту барысында біліктілікке жетеді [2].

Деңгейлеп оқытуда жұмыс міндеті деңгейлік, яғни шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады.

1- деңгей: оқушылық деңгей- репродуктивтік деңгей

✓ жаттап алуға лайықталған анықтамалар, тұжырымдамалар, аксиома, теорема т.б.

✓ алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауға арналған сұрақтар;

✓ тапсырмалар жаңа тақырып үшін тиімді және өмірмен байланысты болуы керек.

2- деңгей: алгоритмдік деңгей – елеулі белгілерді есте сақтау дағдысына негізделеді

✓ өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар, бірақ оларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп, тереңдете пайдалануды қажет етеді;

✓ логикалық есептер, тапсырмалар, зертханалық жұмыс.

3-деңгей: тапсырмалары – эвристикалық танымдық іздену түрінде орындалатын тапсырмалар

✓ анализ бен синтез, салыстыру арқылы тақырыптағы негізгі білімді анықтау, қорытындылау, әр түрлі әдіс тәсілдермен есептер шығару, ребустар, сөзжұмбақтар құрастыру, диаграмма салу, өлшем жасау, проблемалық жағдайларды шешу, дағды қалыптастыруға арналған сұрақтар.

4-деңгей: шығармашылық деңгей

✓ олимпиадалық тапсырмалар;

✓ өз бетімен, тақырыпқа резюме, теорема, дәлелдеудің жаңаша дүниежүзілік ғылым дейгейіндегі нұсқауларын орындау.

Деңгейлік оқыту тапсырмаларының тиімділігі:

- ✓ оқушы деңгейлік тапсырмаларды өздері таңдайды. Егер қиын деңгейлік тапсырманы орындай алмаса, онда ол тапсырмадан жеңілірек алады;
- ✓ әрбір оқушы тапсырмамен қамтамасыз етіледі;
- ✓ оқушыларда бір-бірінен көшіру әдеті жоғалады, адамгершілік қасиетке, жоғары саналылыққа баулиды;
- ✓ оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады, ақыл-ойын, ойлау қабілетін дамытады;
- ✓ оқушы шығармашылық жеке тұлғасын қалыптастыруға және ынтасын дамытудағы рөлі үлкен;
- ✓ жеке тапсырмалардың әр түрлі болуы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оны әдебиеттерден ізденіп оқуға және өз бетімен білім алуға дағдыландырады;
- ✓ тапсырмалардың деңгейлік болып берілуі оқушылардың қызығушылықты өз бетімен орындауға дағдыландырады;
- ✓ деңгейлік тапсырмалардың орындалуына қарап бағалау жеңіл болады;
- ✓ деңгейлік жеке тапсырмалар жеке тұлғаның өзіндік қалыптастырып, дамытып, оны ақпараттық қоғамдық өмірге дайындауда үлкен рөл атқарады [3].

Деңгейлеп оқыту оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі заман талабы әр оқушының сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, соны игеріп, ізденіп, жоғары деңгейіне жету мақсатын көздейді.

Деңгейлеп оқытудың тиімді жақтары:

1. Өтілген материалды толық меңгереді, өйткені сабақ сайын қайталанып, пысықталынып отырады.
2. Тақырыпқа байланысты оқулықта берілген тапсырмалар толығымен орындалады.
3. Оқушы өзін-өзі тексереді, өзінің жіберген қателерін біліп отырады.
4. Талдау жұмыстарын үнемі жүргізіп отырады. Талдаудың барлық түрінде сабақ сайын қайталап отырады.
5. Білім сапасы әр сабақ сайын тексеріліп отырады, алған білімдерінің нәтижесі айқын көрініп тұрады.
6. Ойлау қабілетін арттыратын тапсырмалар орындайды.
7. Әр оқушының барлық тақырып бойынша ең болмағанда міндетті 1-деңгейді игеруін толық жүзеге асырады.
8. Әр деңгейдің барлық тапсырмаларын дұрыс орындағаны үшін оқушылар сол деңгейді игергеніне сәйкес балдық жүйемен ерекше бағаланады.
9. Сынып оқушыларын жаппай жұмыс істеуге әкеледі, бос отырған оқушы болмайды
10. Таланттылар өздерінің қабілетті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады [4].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Математика сабағында берілетін деңгейлік тапсырмалар оқушылардың ойлауына әсер етеді. Тапсырманы орындау үшін оқушы жауапты өзі іздестіреді. Оны шешуде ақыл – ойы дамиды, ойлануына жан – жақты әсер етеді деп түйіндеуге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қараев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. - Алматы. 2005.
- 2 Кобдикова Ж.У. Деңгейлеп саралап оқыту. 2000. - 15 б.

3 Ахметов С. Білім берудің тиімді жолдары. 1989.- 254 б.

4 Жақыпбекова Г.Т. Математика сабағында математикалық сауаттылықты қалыптастыру. Автореферат: Алматы. 2001.

Резюме

В данной статье рассматривается эффективность применения уровневого задания на уроках математики, которые также можно использовать в начальных и старших классах.

Summary

In this article efficiency of application of level task is examined on the lessons of mathematics. Levelled job as one can use in elementary and high school.

Қабылданған күні 13.02.2015 ж

УДК 621.644.01

М.Б. Туркменбаева, А.Б. Туркменбаев

Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова
Республика Казахстан, 130003, Мангистауская область, г. Актау, 32 микрорайон
E-mail: sangar_almas@mail.ru

УСОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ЛАБОРАТОРНОЙ РАБОТЫ ПО ИЗУЧЕНИЮ ВЯЗКОСТИ МЕТОДОМ СТОКСА

Аннотация

В статье рассматривается усовершенствованная методика определения вязкости жидкости по методу Стокса, которая обеспечивает лучшее раскрытие физической сущности формул Стокса и демонстрирует значение числа Рейнольдса в гидравлике.

Ключевые слова: гидравлика, вязкость, жидкость, метод Стокса.

ВВЕДЕНИЕ

В курсе общей физики явление внутреннего трения наиболее подробно изучается в разделе молекулярной физики. Поэтому лабораторная работа по изучению сопротивления вязкой жидкости движению шариков обычно включается в практикум по молекулярной физике. Это решение вызывает возражения. Формула Стокса относится к законам гидромеханики и связь падения шариков в жидкости с молекулярными явлениями невыразительна. В то же время традиционный практикум по гидравлике беден работами по механике жидкости. Мы считаем целесообразным перевести рассматриваемую работу в соответствующий раздел практикума по гидравлике.

ПРАКТИЧЕСКАЯ ЧАСТЬ

Лабораторная работа по изучению вязкости методом Стокса в самой простой постановке (постоянная температура, малые числа Рейнольдса) не способна эффективно загрузить 2 - часовое занятие. В практикуме по гидравлике целесообразно оставить температуру постоянной, дополняя экспериментальную задачу изучением зависимости сопротивления вязкой жидкости от числа Рейнольдса [1]. Это обеспечит лучшее раскрытие физической сущности формул Стокса и демонстрирует значение числа Рейнольдса в гидравлике. Одновременно

появляется возможность ознакомить студентов с задачей линейной регрессии, которая в физическом практикуме встречается редко.

Исходя из выше изложенного, мы предлагаем усовершенствованную лабораторную работу.

Для определения вязкости жидкости по методу Стокса берётся высокий цилиндрический сосуд с исследуемой жидкостью (рисунок 1). На сосуде имеются две кольцевые метки A и B , расположенные на расстоянии l друг от друга. Расстояние между метками можно изменять. Уровень жидкости должен быть выше верхней метки на $l_0 = 4...5\text{ см}$, чтобы к моменту прохождения шарика мимо верхней метки его скорость ϑ можно было считать установившейся.

При движении шарика слой жидкости, граничащий с его поверхностью, прилипает к шару и движется со скоростью шарика. Смежные слои жидкости также приводятся в движение, но получаемая ими скорость тем меньше, чем дальше они находятся от шарика. При небольших скоростях движения и небольших размерах шарика, движущегося в жидкости, сопротивление среды обусловлено практически только силами трения [2].

Согласно закону Стокса, сила сопротивления T_C в этом случае пропорциональна коэффициенту вязкости η , скорости движения шарика ϑ относительно жидкости и размеру шарика, т.е. его радиусу r .

$$T_C \sim \eta r \vartheta$$




Рисунок 1 - Цилиндрический сосуд для определения вязкости жидкости по методу Стокса

Коэффициент пропорциональности для тела, имеющего форму шара, равен 6π . Поэтому сила сопротивления движению шарика в жидкостях, в соответствии с законом Стокса, равна

$$T_C = 6\pi\eta r \vartheta \quad (1)$$

Кроме силы F_T на движущийся шарик действуют еще две силы. Сила тяжести $F_T = \rho_{ш} g V = \frac{4}{3} \pi r^3 \rho_{ш} g$, где $\rho_{ш}$ - плотность материала шарика; g - ускорения свободного падения; r - радиус шарика. Сила гидростатического выталкивания $F_A = \rho_{ж} g V = \frac{4}{3} \pi r^3 \rho_{ж} g$, где $\rho_{ж}$ - плотность жидкости; V - объем жидкости, вытесненной шариком и равный его объему.

По второму закону Ньютона результирующая сила $F = m \frac{d\vartheta}{dt}$, и она равна сумме трех сил, действующих на шарик, движущийся в жидкости, то есть

$$m \frac{d\vartheta}{dt} = \frac{4}{3} \pi r^3 \rho_{ш} g - \frac{4}{3} \pi r^3 \rho_{ж} g - 6\pi\eta r \vartheta \quad (2)$$

В начальный момент времени скорость шарика равняется нулю. Затем при движении шарика скорость начнет увеличиваться и достигнет значения ϑ_0 , в которой ускорение станет равным нулю. Тогда уравнение (2.2) примет вид:

$$\begin{aligned} \frac{4}{3} \pi r^3 \rho_{ш} g - \frac{4}{3} \pi r^3 \rho_{ж} g - 6\pi\eta r \vartheta &= 0 \\ 6\pi\eta r \vartheta &= \frac{4}{3} \pi r^3 g (\rho_{ш} - \rho_{ж}) \end{aligned} \quad (3)$$

В этом случае движение шарика становится равномерным со скоростью ϑ . Это движение называется установившимся. Из (3) получим выражение для коэффициента вязкости жидкости

$$\eta = \frac{2(\rho_{ш} - \rho_{ж})gr^2}{9\vartheta} \quad (4)$$

Для средней части сосуда, ограниченной метками А и В, (рис. 1), где движение равномерное, скорость равна $\vartheta = \frac{l}{\tau}$ где l - расстояние АВ; τ - время падения шарика между метками А и В.

Подставляя значение скорости в уравнение коэффициента вязкости, получим:

$$\eta = \frac{2gr^2\tau}{9l} (\rho_{ш} - \rho_{ж}) \quad (5)$$

Это уравнение справедливо лишь тогда, когда шарик падает в безграничной среде. Если шарик падает вдоль оси трубки радиуса R , то приходится учитывать влияние боковых стенок. Поправки в формуле Стокса для такого случая теоретически обосновал Ладенбург.

Формула для определения коэффициента вязкости с учетом поправок принимает следующий вид:

$$\eta = \frac{2gr^2\tau}{9l\left(1 + 2,4\frac{r}{R}\right)}(\rho_{ш} - \rho_{ж}) \quad (6)$$

Для уменьшения возможных систематических ошибок шарики опускаются по одному из каждого размера в последовательности увеличения диаметра, повторяя цикл 10 раз. По результатам измерений вычисляются значения функции $f(x)$ в n точках, соответствующих разным диаметрам, составляется график функции $f(x)$, находится прямая регрессии и ее параметры η и $2a\rho$, оценивается допустимость линейного приближения. Прямую регрессии можно определить не глаз, но лучше обучить студентов применению метода наименьших квадратов.

Выбирая вязкость жидкости и диаметры шариков, надо учитывать, что уравнение $T_c = 6\pi\eta r g\left(1 + a \operatorname{Re}\left(1 + 2,4\frac{r}{R}\right)\right)$ допустимо лишь в области малых чисел Рейнольдса. В области слишком малых чисел Рейнольдса изменения функции $f(x)$ покрываются ошибками измерения. В качестве компромисса можно рекомендовать значение $\operatorname{Re}_{\max} = 2$, тогда отношение крайних значений функции $f(x)$ будет порядка 1,3. Из условия $\operatorname{Re}_{\max} = 2$ можно найти, что

$$r_{\max}^3 \approx \frac{6\eta^2}{g(\rho_{ш} - \rho_{ж})\rho} \quad [3].$$

Ниже показана зависимость максимального диаметра стальных шариков и соответствующего времени прохождения расстояния в 1м от вязкости:

n	1	2	3	4	5
$2r_{\max}$	1,8	2,9	3,8	4,6	5,4
τ	11	8,7	7,5	6,9	6,3

Диаметр наименьшего шарика должен быть приближенно равен радиусу наибольшего шарика, тогда отношение крайних значений аргумента x будет примерно 6...7. Качественные шарики малого диаметра трудно достать, обычно приходится пользоваться шариками от шарикоподшипников. Тогда размер наименьшего шарика определяется возможностями снабжения. Остальные шарики подбирают так, чтобы кубы диаметров распределились приблизительно равномерно.

В качестве примера можно рекомендовать следующий набор шариков:

n	1	2	3	4	5
$2r_{\max}$	1,3	1,7	2,0	2,2	2,5

Вязкость в этом случае должна быть около $1,6 \text{ Па} \cdot \text{с}$.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Вязкость смеси глицерина с водой регулируется процентным составом или температурой. Особое внимание следует обратить на обеспечение постоянства

температуры, что необходимо для сохранения заданной вязкости, а с тем и оптимальных условий опыта.

Список литературы

- 1 Гиргидов А.Д. Механика жидкости и газа: учебник для вузов. – М.: ИНФРА-М, 2014. – 704 с.
- 2 Трофимова Т.И. Курс физики. – М.: «Академия», 2014. – 560 с.
- 3 Штеренлихт Д.В. Гидравлика: учебник для вузов. – М.: Энергоатомиздат, 1984. – 640 с.

Түйіндеме

Мақалада Стокс әдісімен сұйықтың тұтқырлығын анықтаудың жетілдірілген әдістемесі қарастырылады. Бұл әдіс – Стокс формуласының физикалық мәнін айқындап, гидравлика саласындағы Рейнольдс санының мәнін көрсетеді.

Summary

In article the usovershenny technique of determination of viscosity of liquid on Stokes's method which provides the best disclosure of physical essence of formulas of Stokes is considered and shows value of number of Reynolds in hydraulics.

Дата приема 17.02.2015 г

ӘОЖ 378.16:004.85

М.Н.Наубетжанов, Б.Т.Абыканова, Н.Нұролла

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: bakitgul@list.ru

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Мақала ЖОО оқыту процесін электрондық оқулықты пайдалану арқылы жандандыруға арналған. Электрондық оқулық оқыту процесін оңтайландыруға, ақпаратты қабылдау процесін жеделдету мүмкіндігін береді. Электрондық оқулықтың құрамы аталған.

Негізгі сөздер: *электрондық ресурстар, иллюстрациялар, модульдік электрондық оқулық, гипермәтін, технология, оқыту технологиясы.*

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [1].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада «E-learning» электронды оқыту жүйесі бойынша білім беру сапасын және басқару

тиімділігін арттыру үшін оқу процесін автоматтандыру, педагогтар мен студенттер ең жақсы білім беру ресурстарына және технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаты атап көрсетілді [2].

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында студенттер меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру мен жаңа ақпараттық технологияны оқу – тәрбие үрдісінде пайдалану студенттің өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайтыны сөзсіз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда. Қашықтан оқыту формасы бүгінде, уақыт және кеңістік белдеулерінен тәуелсіз, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Одан басқа, қашықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына (студентке, азаматтар мен әскерилерге, жұмыссыздарға) қарамастан және еліміз бен шет елдің кез-келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орындарындағы статистикалық физиканы оқытудың зерттеулері мен талдауларынан физиканы оқытудың мазмұндық және әдістемелік жағынан жаңарып, электрондық ресурстардың тиімділігін арттыруда қойылатын талаптар мен критерийлер жүйесі жасалса дейміз.

Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі жаңа ақпараттық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Статистикалық физика пәнін оқытуда электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, теориялық курсты түсінуге және шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Электрондық оқулықтар – ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Электронды оқулықты дайындаудың негізі – модульдік оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Онда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі, графикалық иллюстрациялар, әртүрлі суреттер арқылы теориялық білім толықтырылады. Электронды оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты – оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту.

Оқыту мазмұнының құрамына әрдайым теория, білімді тәжірибелік бекіту және білімді тексеру кіреді.

Электрондық оқытудың әдістемелік оқыту моделінде оқыту құралдарының орын алуы өзгерді. Олар оқыту құрылымы мен мазмұнын, әдістерін және оқытудың

формаларын анықтайды. Енді бүгінгі күнде электронды оқыту шеңберінде жиі қолданылатын оқыту әдістері мен формаларына тоқтала кетейік [3].

Электрондық оқыту құралдарына оқытуды ұйымдастыру және жүргізу үшін арналған бағдарламалық өнімдерді жатқызамыз. Нақты бағдарламалық өнімді жасау мен қолдану технологиясы жеке-дара және топтық оқыту сияқты әртүрлі әдістерді қолдана отырып, оқытуды іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар электрондық оқыту шеңберінде оқытудың басқа да формаларын ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады.

Статистикалық физика пәнін оқытуда электрондық оқулықпен және оның бөліктерімен жұмыс жасау туралы әдістемелік нұсқаулар:

- ұсынылатын білім беру бағдарламалары;
- теориялық материалдар (дәріс конспектілері);
- теориялық материалдарға негізделген оқу құралы;
- практикалық жұмыстарды орындауға негізделген әдістемелік құрал;
- практикалық жұмыс пен бақылау жұмыстарының тапсырмаларының тізімі;
- бақылау тапсырмалары.

Ұсынылатын аспаптар жиынтығы оқыту мазмұнының құрылымын қандай да бір тәсілмен қалыптастырып, әртүрлі типті сабақтарды ұйымдастыруға жол ашады [4]. Студенттер электронды оқулықтан оқығанын, көргенін елестете отырып тақырыпқа берілген тест сұрақтарын шешеді. Ал электронды оқулықта тест сұрақтары күрделенген тест және жеңілдетілген тест түрінде болады.

Енді электронды оқулықты пайдаланудың тиімді және тиімсіз жақтарына тоқталайық.

Тиімді жақтары:

- Тақырыптың үлкен, қиын бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар, клиптер, аудиохабарларды пайдаланады.
- Таңдап алған хабарды көшіруге мүмкіндік бар.
- Бағдарламаны меңгеруге арналған тест сұрақтармен қамтамасыз етілген.
- Көрнекілік құралдарға деген мұқтаждықты азайтады.
- Оқытушының әр студентпен дербес жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік туғызады.
- Студенттің ой өрісін, дүниетанымын кеңейтуге, тану үрдісіне ықпал етеді.
- Зерттеушілік қабілеті бар тұлға қалыптасады.

Тиімсіз жақтары:

- Психология - педагогикалық талаптардың жоқтығы.
- Көрнекілік материалдарды бірыңғай таңдау.
- Оқып үйренудегі мамандық бойынша бағыты ескерілмеген.
- Материалды толық қамтуы немесе оқулықтарды толық аудару.
- Студенттің жеке ерекшелігі, денсаулық жағдайы ескерілмеген, берілген материалдағы санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталмауы.
- Компьютердің графикалық мүмкіншілігінің қолданылуының нашарлығы және әлсіздігі [5].

Жоғарыда айтылған тиімсіз жақтарды болдырмау үшін төмендегідей ұсыныс жасауға болады:

1. Компьютерді сабақтың белгілі бір кезеңдерінде ғана пайдалану;
 2. Компьютерді пайдалану уақытын сақтау;
 3. Компьютерді пайдалануда қауіпсіздік ережесін сақтау;
 4. Дәстүрлі және электронды оқытуды кіріктіру арқылы жүргізу.
- Қорыта айтқанда компьютерді сабақта қолдану барысында студенттер:

1. Қарастырылып отырған тақырыптың мағынасын терең түсінеді.
2. Студент жұмысты орындау барысында ғылыми зерттеу жұмысына тартылады, оның бойында зерттеушілік қабілет пен ынта қалыптаса бастайды.
3. Жай оқулықтағы кездеспейтін қосымша материалдарды электронды оқулықтардан қысқа уақытта табуға болады;
4. Гипермәтінді түсіндірмелерге өту барысында уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Электрондық оқулықтың мазмұнын «СТАТИСТИКАЛЫҚ ФИЗИКА ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ КИНЕТИКА НЕГІЗДЕРІ» пәнінен типтік бағдарламасына сай етіп құрастырдық. Электрондық оқулықты негізінен бір нұсқасы бойынша көрсеттік: қазақ тілінде көрсетіліп шығады. Оның қазақ тілінде қысқаша мазмұны төменде келтірілген.

Тарау 1. Статистикалық физиканың негізгі қағидалары

Статистикалық физика заңдары. Жүйенің макроскопиялық және микроскопиялық күйлері. Гиббстің каноникалық үлестірілуі.

Тарау 2. Кванттық статистикалар негіздері

Планк осцилляторы. Бозе-Эйнштейннің статистикалық үлестірілуі. Ферми-Дирактың кванттық статистикасы.

Тарау 3. Физикалық кинетиканың негіздер

Больцманның кинетикасылық теңдеуі. Релаксация уақытын жуықтау. Тасымалдау теңдеуі. Бір және көп компонентті жүйелердегі тепе-тең емес процестер.

Жоғарыда айтылғандай, оқулық қазақ тілінде жазылған. Ол мынадай бөлімдерден тұрады:

Кіріспе


Тарау 1. Статистикалық физиканың негізгі қағидалары.

Тарау 2. Кванттық статистикалар негіздері

Тарау 3. Физикалық кинетиканың негіздері [6, 7].

Оқу материалы тараулар және параграфтарға бөлінген. Сондай-ақ, әр тараудан кейін және жалпы курс бойынша тесттер келтірілген, яғни пайдаланушы өз бетінше білім деңгейін тексере алады. Оқулық пайдаланушының бір бөлімінен екінші бөліміне оңай өтетіндей жасалған. Мысалы, әр тараудан және «Кіріспе», «Тесттер», «Әдебиеттер» бөлімдерінен жасалған сілтемелер көмегімен мазмұнына немесе титул бетіне өтуге болады.

Оқулық қазақ тілінде құрастырылды. Жобаның титул (бірінші) бетін сіз 1-суреттен байқайсыз. Аталып өткен терезені құрудың мен ең оңай жолын қарастырып жасадық: MS WORD-та терілген дайын материалды өңдеп, «Файл» мәзірінен «WEB-парақ түрінде сақтау» параметрін таңдап, дайын болған HTML құжатқа сілтеме жасап, фондық музыка енгіздік. Одан кейін де электрондық оқулықтағы лекция парақтарына да осылайша сілтеме тегін қойдық.



1 – сурет. Оқулықтың жалпы құрылымы

Егер сіз қажетіңізге қарай «СТАТИСТИКАЛЫҚ ФИЗИКА ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ КИНЕТИКА НЕГІЗДЕРІ» сілтемелерін шертсеңіз, сәйкесінше тілдегі оқу материалын аласыз. Бізге керегі қазақ тіліндегі оқулық.

Бірінші сілтеме әрине оқулықтың «Кіріспе» бөлімін ашады. Бұл бет фреймдік құрылым болып табылады. Көрініп тұрғандай фрейм екі терезеден тұрады. Сол жақта орналасқан WEB параққа екі сілтеме қарастырылған. Егер «Мазмұны» немесе «Шығу» сілтемені шертсеңіз, онда сәйкесінше оқулықтың мазмұнына немесе титул бетіне өтесіз. Оң жақта орналасқан WEB параққа оқу материалы шақырылады.

WEB беттің жасалу технологиясын «Кіріспе» терезесінің жазылу жолын еске түсірсеңіз жеткілікті.

Егер біз «Тарау 1», «Тарау 2» және т. с. с. сілтемелерді шертсек, онда терезе ашылады. Бұл беттің де құрылымы фреймдік болып табылады. Көрініп тұрғандай фрейм екі терезеден тұрады: «Тарау мазмұны» және «параграф материалы». Бірінші аталған WEB парақ сол жақта орналасқан, және де тараудың параграфтарына сілтемелер қарастырылған. Оның кез келгенін шертсеңіз оң жақ бетте сол параграфқа сәйкесінше оқу материалының терезесі шақырылады. «Тарау мазмұны» терезесінің соңғы жағында тікелей «Мазмұны» немесе «Титул» беттерге өтетін екі бағдар көрсеткіш бар. Сондай-ақ пайдаланушы тараудың материалын үйреніп болып, келтірілген тесттер көмегімен өз білім деңгейін тексере алады. Әрбір тарау бойынша тест бес сұрақтан тұрады, әрбір сұраққа да бес түрлі жауаптар болады, олардың ішінде біреуі дұрыс. Студент барлық сұрақтарға жауап беріп "RESULTAT" батырманы басатын болса, бағдарлама дұрыс жауаптар санын көрсетеді.

«Мазмұны» бетінде «Тесттер» парағының құрылымы да сондай, бірақ ол бағдарламада жалпы курс бойынша он сұрақ берілген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, статистикалық физика пәнін оқытуда электронды оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады:

- шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді;
- дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті ақпаратты тез табуға көмектеседі;
- гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді;
- қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды, т.с.с. (мультимедиа - технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді);
- әрбір студентке дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді;
- белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 ж. № 319-III
- 2 Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 3 Теңгебаев Т., Мыңжасарова Т. «Электронды оқулықтар – оқыту үрдісінде» Қазақстан мектебі - №7/2008

4 Абубаева А. «Электронды оқулықтарды пайдалану, Информатика негіздері.» Алматы. №4 – 2006.

5 «Дәстүрлі және электрондық оқытуды кіріктіру.» Қазақстан мектебі, №7,8 – 2006.

6 Истеков К.К., Косов В.Н., Стрыгин Д.П. Статистическая физика. Основы физической кинетики. Алматы. ТОО Триумф «Т» 2007.

7 Терлецкий Я.П. Статистическая физика Москва «Высшая школа» 1973

Резюме

Статья посвящена активизации процесса обучения в вузе через использование электронных учебников. Электронный учебник позволяет оптимизировать процесс обучения, дает возможность ускорить процесс восприятия информации. Перечислен состав электронного обучающего средства.

Summary

There is considered the activation of the teaching process at a higher school through using electronic teaching aids. An electronic teaching aid permits to optimize the teaching process, gives the possibility to accelerate the process of information perceiving. There is shown an optimal structure of an interactive teaching edition. There is presented the structure of an electronic teaching aid.

Қабылданған күні 17.02.2015 ж

ӘОЖ 373.1.013

Б.У. Куанбаева¹, А.Х.Шамарова²

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212

E-mail: Bayan_Kuanbaeva@mail.ru

²Ж.Мырзағалиев атындағы орта мектеп
Қазақстан Республикасы, 060000, Атырау облысы, Исатай ауданы

ФИЗИКА ПӘНІН ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада оқыту үрдісінде білім беру, тәрбие беру, дамытушылық сипатының арасындағы байланысты құру мақсатында пәнаралық байланысты ұйымдастыру әдістері талданады. Пәнаралық байланыс – білім беру процесінде оқушылардың бойында әлемнің біртұтас ғылыми көрінісінің қалыптасуына ықпал етеді.

Негізгі сөздер: *физиканың жаратылыстану пәндерімен байланысы, оқушылардың білімін жүйелеу, кинематика негіздері, физиканың негізгі ұғымдары, нүктенің координаталары, вектордың проекциялары.*

КІРІСПЕ

Пәндерді пәнаралық байланыс арқылы оқытудың теориялық негізіне: әлем бейнесінің біртұтастығы, дүниенің бірегей жаратылыстанымдық көрінісі және оларды бейнелеудегі ғылыми-жаратылыстық әрі гуманитарлық мәдениеттердің бірлігі сияқты іргелі методологиялық ұстанымдар (принциптер) жатады [1]. Бұл ұстанымдар оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда, білім мазмұнын анықтауда

оқытудың қарқынды (интенсивті) технологияларына негізделген жаңа амалдар мен әдістерді табуды және оларды мектеп практикасына енгізуді талап етеді.

Пәндерді пәнаралық байланыс арқылы оқытудың психологиялық-педагогикалық қырлары көптеген ғалымдардың ғылыми жұмыстарында қарастырылған. Мысалы, педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы В.В.Краевский, А.В.Петровский, М.Н.Берулава, Н.Ф.Талызналардың; білім беру мазмұнындағы интеграция В.С.Леднев пен Г.Д.Глейзердің; пәнаралық байланыстың балаға тәрбиелік әсер етуі Л.Новикова мен В.Караковскийдің; оқытуды ұйымдастырудағы пәнаралық байланыс Г.Ф.Федорец пен С.М.Гапеевкованың еңбектерінде зерттелген.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінде пәнаралық байланыстың білім берудегі теориялық-әдіснамалық негіздері мына құрылымда жүйеленген:

- баланың дамуындағы қаракеттік амалдың басты рөлі жөніндегі философиялық-психологиялық тұжырымдама (концепция);
- білім беру мен дамыту процестерінің өзара бірлігі мен шарттастығы жөніндегі психологиялық теориялар;
- оқу-тәрбие процестерінің бірлігі мен жүйелілігі туралы педагогикалық ұстанымдар.

Аталмыш авторлар пәнаралық байланысқа байланысты өз еңбектерінде “пәнаралық байланыс процесі”, “пәнаралық байланыс ұстанымы”, “пәнаралық байланыс процестер”, “пәнаралық байланыс тәсіл” сияқты әр түрлі санаттық (категориялық) ұғымдарды қолданады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Пәнаралық байланыс процесі - бұрын бір-бірінен бөлініп кеткен немесе жаңадан туындаған бөліктерді бір бүтінге біріктіру процесі. Бұл процесс бұрыннан қалыптасқан жүйенің көлемінде, сондай-ақ жаңа жүйенің көлемінде де өткізілуі мүмкін. Пәнаралық байланыс процесінің мәні – жүйеге кіретін элементтердің әрқайсысының сапалы өзгерістерге ұшырап, тұтас жүйенің жаңа сапалық қасиетке ие болуы [2].

Пәнаралық байланыс ұстанымы оқыту процесінің барлық құрама бөліктерінің өзара байланысын, жүйе элементтерінің арасындағы байланысын анықтауға бастайды. Ол оқу мақсаты мен мазмұнын анықтауда, оның түрлері мен әдістерін талдауда басты рөл атқарады [3].

Пәнаралық байланыс тәсіл педагогикалық процестің кез-келген бөлігінде интеграция ұстанымының іске асуын білдіреді. Бұл тәсіл педагогикалық процестің біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етеді [4].

Пәнаралық байланыс процестер дегеніміз – жүйенің кейбір элементтерінің немесе бүкіл жүйенің сапалы түрде қайта өзгеруі [5].

Психологтар мен педагогтардың пәнаралық байланыс мәселесі жөніндегі пікірлері әлі де болса бір арнаға жүйеленіп түскен жоқ.

Пәнаралық байланыстың ең негізгі дидактикалық міндеті – оқыту үрдісінде білім беру, тәрбие беру, дамытушылық сипатының арасындағы байланысты құру болып табылады [6].

Соған байланысты, физика курсының басқа оқу пәндерімен байланысының жүзеге асуы келесі мақсаттарды көздейді:

- жаратылыстану ғылымдарының диалектикалық бірлігі негізінде табиғат туралы бірыңғай көзқарасты қалыптастыру;

- оқу пәнінің ғылымдардың жалпы жүйесіндегі орнын түсіну; білімнің жүйелілігін қамтамасыз ету;
- оқушылардың білімін жүйелеу - табиғаттың негізгі заңдарының жалпылығы туралы түсінікті орнықтыру;
- құбылыстардың, ұғымдардың, теориялардың, әлемнің ғылыми бейнелері арасындағы жан-жақты байланыстарды оқушылардың орнықтыра алу біліктілігін қалыптастыру;
- пәнаралық байланыстың теориялық және практикалық білімді дамытуға және тереңдетуге себептесетін эвристикалық ұстаным ретінде түсінілуін қамтамасыз ету;
- оқыту үрдісінде пәнаралық байланыстарды пайдалану арқылы әлем дамуын әлемнің бірлігімен байланысты қарастыру.
- оқытудың мазмұндық және процессуалдық жақтарының бірлігін бейнелейтін білім мазмұнын интеграциялау мәселесін шешу.

Мысалы, 9 сыныпта «Физика және астрономия» курсын оқытқанда «Кинематика негіздері» тақырыбын өткенде механиканың негізгі ұғымдарын оқып-үйрену, векторлар және оларға амалдар қолдану, нүктенің координаталары, вектордың проекциялары, сызықтық функция және оның графигі, квадрат теңдеулер, теңдеулер жүйесі, шеңбер, оған жанама жайлы білім пайдаланылып, іске асырылады.

«Тербелістер» және «Толқындар» тақырыптарын өткенде жылдамдық пен үдеу, синус және косинус функцияларының графиктері жайлы математикадан (8-сынып) алған білімді ескерген жөн. Ал тербелістер мен толқындар туралы алған білім 9-сыныпта биологиядан дыбыс органдарының құрылысы мен қызметі туралы тақырыпты өтуде пайдаланылады.

«Аспан сферасы және аспан координаталары» тақырыбын оқып-үйрену кезінде оқушылардың дүниетану курсында (4-сынып) біздің планетамыз және басқа да аспан денелері туралы алған алғашқы ұғымдарды: географиялық координаталар, уақыт санау және бағыт анықтау тәсілдері туралы, Жер және оның табиғи-климаттық заңдылықтары, уақыт пен күнтізбе туралы география курсынан (5-7 сыныптар) алған толығырақ мәліметтерге сүйену қажет.

Аспан денелерінің табиғатын қарастырғанда химия курсында (8-9 сыныптар) алған заттардың құрамы, құрылысы және қасиеттері туралы деректерді пайдаланған жөн.

Атомдық және ядролық құбылыстарға байланысты тақырыптар бойынша материалды игеру жарықтың биологиялық әсері, фотосинтез, рентген сәулелерінің клеткаға тигізетін мутациялық әсері, ультракүлгін сәулелер мен инфрақызыл сәулелердің тірі организмдерге тигізетін әсері туралы биологиядан (7-сынып, III тоқсан) алған білімге, элементтердің периодтық жүйесі, изотоптар және атом ядросының құрылысы туралы химиядан (8-сынып) алған білімдеріне сүйену арқылы іске асады.

Бұл білім биология сабағында палеонтологиядағы уақыт аралығын өлшеудің радиоактивтік тәсілін қарастырғанда; жаңа тарих сабағында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында физика ғылымындағы қол жеткен табыстар туралы, А.Беккерель, Дж.Томсон, М.Склодовская-Кюри, П.Кюри, Э.Резерфорд, Н.Бор сияқты ғалымдардың еңбектері туралы материалды өткен кезде, сондай-ақ тарих сабағында атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану, еліміздің экономикасын дамытудың негізгі бағыттары туралы айтқанда тереңдетіле түседі.

Есеп шығарғанда және лабораториялық жұмыс орындағанда оқушылардың сызықтық теңдеулер мен сызықтық теңдеулер жүйесін шеше білетіндіктері ескеріледі (Математика, 4-сынып).

Сондай – ақ, физиканы басқа пәндермен байланыстыру үшін қолданылатын нәтижелі әдістердің бірі – пәнаралық байланыс мазмұнындағы есептерді шығару [7]. Мұндай есептерге негізінен екі немесе бірнеше пәндерді қамтитын тапсырмалар мен есептер жатады. Физика сабағында пәнаралық байланысқа берілген есептерді оқушылардың алған білімдерімен дағдыларын жалпылау мен жүйелеу үшін, теория мен практиканы байланыстыру үшін, жалпы ғылыми түсініктерді қалыптастыру үшін политехникалық оқыту және кәсіби бағдар беру үшін қолданылады. Бірақ, оқу үрдісінде мұндай есептердің ролін асыра бағалауға болмайды. Есептерді таңдауда мұғалім дидактикалық материалдарды, "Математика-физика" мен "Физика және Астрономия" сияқты журналдардан мақалаларды және басқа әдістемелік әдебиеттерді пайдалануына болады. Мазмұны бойынша бұндай есептерді 3 түрге бөлуге болады: есептеу есептері, сұрақ есептер(физиканың биологиямен, еңбекпен, географиямен және т.с.с.) пәнаралық байланысына арналған дидактикалық тапсырмалар. Есептердің бұл түріне карта мен масштабты пайдаланатын есептерді жатқызуға болады.


Мысал келтірейік. Бірқалыпсыз қозғалыстың орташа жылдамдығын оқып-үйрену барысында ("Денелердің өзара әсерлесуі" тақырыбында) 7-сынып оқушыларына оқулық пен физикадан есептер жинағындағы қарапайым есептермен қатар мынадай есептерді ұсынуға болады.

1. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Т-34 танкінің массасы 31,4 т. Шынжыр табанының жерге тиетін бөлігінің ұзындығы 3,5 м, ені 50 см. Танктің жерге беретін қысымы мен 7-сынып оқушысының жая жүргендігі жерге беретін қысымын ($P=36\text{кПа}$) салыстыр.


Шығарылуы: Берілгені: $m=31,400\text{ кг}$ $b=3,5\text{ м}$ $a=0,5\text{ м}$ $P_1=36000\text{ Па}$	Формуласы: $P=F/S;$ $n=P_1/P;$ $S=ba;$ $P=mg/2ba=9,8\text{м}/2ba$ $F=mg$
$P=?$ $n=?$	$P=9,8\text{Н/кг}\cdot 31,400\text{кг}/2\cdot 3,5\text{м}\cdot 0,5\text{м}=8970\text{Па}$ $n=36000\text{Па}/8970\text{Па}=4\text{ рет}$

Жауабы: Танктің жерге беретін қысымы 8970 Па, ал оқушының жүргендегі қысымы танктен 4 есе аз.


Физика есептерін шешу кезінде көбіне математикалық білімге жүгінеміз. Бірақ 7-сыныпта графиктік функцияға және физикалық шамаларды (жылдамдық, жол, уақыт, салмақ, тығыздық, қысым және т.б.) есептеуге берілген есептердің маңызы зор.



2-сурет



3-сурет



4-сурет

2, 3, 4 - суреттегі график бойынша функциялардың түрлерін анықтаңдар және оны аналитикалық түрде жазыңдар. Осы графиктегі тәуелдіктерді қандай физикалық формуламен байланыстыра аламыз.

2. Тропикалық суларда кездесетін "Ұшқыш балық" 150 м-ге дейін ұша алады. Егер ол 25 км/сағ жылдамдықпен ұшса қанша уақыт ұшып жүреді?

Материалдарды қайталау немесе бақылау жұмыстарын жүргізу үшін келесі түрдегі пәнаралық сипаттағы есептерді қолдануға болады.

Материалдарды қайталау немесе бақылау жұмыстарын жүргізу үшін келесі түрдегі пәнаралық сипаттағы есептерді қолдануға болады.

1. Не үшін өзендегі суға қарағанда теңіздегі суда оңай қалқып тұрасыз? Жауабы: Теңіздегі тұзды судың тығыздығы тұщы суға қарағанда көбірек. Яғни, Архимед күші көп.

2. Балықтың торсылдақтары не үшін бір-біріне қатынасты екі бөліктен тұрады? Жауабы: Балық алдыңғы және артқы тарсылдақтарына ауаны толтыру арқылы өзінің қозғалысында бағдарын тік бағытқа өзгерте алады.

3. Өткен жылы біз география пәнінен жер беті атмосфералық қысымының әрбір 10м биіктеген сайын 1мм сын.бағ. азаятынын білдік. Неге осы заңдылық ауа қабатының жерге жақын қабаттарында ғана орындалады. Бұл заңдылық биіктеген сайын қандай өзгеріске ұшырайды? Жауабы: Ауа тығыздығы биіктеген сайын тез азаяды. Тығыздығы аз ауаның жоғарғы қабатындағы атмосфералық қысымы 1мм сын.бағ. қысымға азаю үшін 10м биіктіктен де көп жоғарылауға тура келеді.

4. Неліктен Қазақстанда Каспий теңізінің жағалауындағы ауыл шаруашылығының шабындықтар мен егістіктердің айналасы үлкен топырақ үйінділерімен қоршалған? Жауабы: Теңіздер мен көлдер жағалауларындағы жерлер теңізден төмен орналасқан. Егер үлкен топырақ үйінділері болмаса, қатынас ыдыстар заңдылығы бойынша бұл жерлерді су басады.

5. Не үшін дене шынықтыру сабағында кейбір снарядтарда жаттығу жасау кезінде алақанды магнезиямен, ал табанды конифольиямен сүртеді? Жауабы: Үйкеліс күшін көбейту үшін, сырғанауды азайту үшін.

6. Судан шыққан жануарлар сілкінеді. Олардың осы судан сілкініп құрғатылуы физиканың қандай заңдылығына негізделген? Жауабы: Инерция заңы.

7. Жаңбыр өлшегіш құрал арқылы түскен судың биіктігі 6мм-ге тең екенін анықтады. 1га жерге (массасы бойынша) қанша су түсті? Жауабы: $6 \cdot 10^4$ кг.

8. Кемпірауыз бен қысқаш ернеулеріндегі бүдірлер не үшін орналасқан? Жауабы: Аз күш жұмсау арқылы үлкен қысым тудыру үшін.

9. Ауыр физикалық жұмыс кезінде адамның жүрегі минутына 150 рет жиырылады. Әрбір жиырылған сайын массасы 0,5кг жүкті, 0,47м биіктікке

көтергендей жұмыс атқарады. Осы жағдайдағы жүректің өндіретін қуатын анықта. Жауабы: 4,9Вт.

10. Кета балығы Амур өзенімен тәулігіне 50км жүріп өтеді. Оның орташа қозғалыс жылдамдығын анықтаңыз. Жауабы: = 0,58м/сек немесе 2км/сағ.

11. Лимонад пен газды су неліктен жабық ыдыста тыныш, ал тығынын ашқан кезде көпіршіп тасиды? Жауабы: Бұл сусындарға үлкен атмосфералық қысымдағы көмірқышқыл газды араластырылған. Тығынды ашқан кезде шөлмектегі қысым төмендейді, ал сұйықтықтағы газ ұлғаяды, осының әсерінен сұйықтық көпіреді де дауыс естіледі.

12. Неліктен биік тауларда адам буының жұмыс істеу қызметі бұзылады? Буындары босап, қайырылу, шығу жағдайларына бейім болады? Жауабы: Атмосфералық қысым буындардың бір-біріне тығыз орналасуына ықпалын тигізеді. Атмосфералық қысымның азаюынан буындағы байланыс әлсірейді. Нәтижесінде буындар босап, қайырылу, шығуға бейім болады.

13. Айда жердегіге қарағанда тартылыс күші 6 есеге аз болатын жер ареометрін пайдалануға болады ма? Жауабы: Болады, өйткені, ареометрдің салмағы мен, ондағы құйылған сұйықтықтың салмағы бірдей санға қысқарады.

14. Неге судан шыққан балықты қолда ұстау қиын? Жауабы: Өйткені балықтың денесі үйкелісті азайтатын сілекейлі қабықшамен қапталған.

15. Оқу шеберханасында саймандарды қайрау кезінде қандай физикалық құбылыс пен заңдылық қолданылады? Жауабы: Қысым; қатты денелер арасындағы үйкеліс.

16. Оқу шеберханасында жұмыс істей отырып, сіздерге шайба қою арқылы бұранданы бұрауға тура келеді. Шайбаның қызметі қандай? Жауабы: Бұранданы дұрыс бұрауды қамтамсыз ететін тірек алаңын үлкейті үшін.

21. Көтергіш кранда қандай қарапайым механизм қолданылады? Жауабы: Рычаг, блок және т.б. олардың бірігуі.

22. Неліктен көтеру кранында қарсы салмақ қолданылады? Мұны физикалық көзқараспен қалай түсіндіруге болады? Жауабы: Ауыр жүк көтеру кезінде көтергіш кран қимылдамау үшін. Мұны рычагтың тепе-теңдік шартымен түсіндіруге болады.

23. Жел двигателінің жұмыс істеу үшін қандай механикалық энергия қолданылады? Жауабы: Желдің кинетикалық энергиясы.

Жоғарыда берілген есептердің мазмұнындай жалпыға бірдей білім беретін негізгі мектептер мен сыныптардың оқу процесінің мақсатына байланысты «Физика және астрономия» курсының басқа оқу пәндерімен байланысының жүзеге асуыруына қажетті оқу материалдарының көлемі мен мазмұны анықталды. Ол төмендегідей талаптарды:

- ғылымның адамзат санасында берік орнығып, кең тараған ең маңызды мағлұматтары ғана енуін;

- білім мазмұны оқушылардың әр түрлі талғам-мүдделеріне лайықталып құрылуын;

- оқу материалының дүниетанымдық және практикалық мәні жоғары болуын;

- оқушылардың ойлау қабілетін шыңдап, үнемі жетілдіріп отыруын;

- оқушыны жан-жақты дамытып, әлеуметтік-әрекетшіл тұлғаны қалыптастыруын қанағаттандырады.

Осы анықталған мазмұнға сәйкес «Физика және астрономия» курсының басқа оқу пәндерімен пәнаралық байланыс негізінде оқытудың әдістемесі жасалды. Бұл әдістеме төмендегідей дидактикалық талаптарды қанағаттандырады:

- оқу материалының мазмұны ғылыми және әдістемелік жағынан ұстамды болуы керек. Олар тым жеңілдетуден және тұрпайылықтан, ғылыми мәліметтерді бұрмалаудан тыс болып, ғылымның ақиқаттығына және тексерілген қорытындыларына сәйкес болуы;
- оқу материалы қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздің практикасымен байланысты болуы;
- қоғамның және мәдениеттің жеке салаларынан мәліметтер беретіндей тарихи материалдар қамтылуы;
- сынып бойынша оқу жылдарына оқу бағдарламаларының материалдарын бөлгенде оқушылардың бұрынғы даярлықтары ескерілуі;
- әр сыныпта оқылатын материалдар тек мазмұны жағынан емес, көлемі бойынша да оқушыларға түсінікті, жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы;
- оқу материалында пәнішілік байланыстың болуымен қатар, пәнаралық байланыс қағидасында құрылуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұсынылған әдістеме негізінде жалпыға бірдей білім беретін мектептер мен сыныптар үшін физика пәнін басқа оқу пәндерімен пәнаралық байланыс негізінде оқыту жалпы білім беретін бағдарламаларды өз еркінше білдіруден бой тартуға, сөйтіп бағдарлы пәндерге көбірек сағат бөлуге жағдай жасап, оқушыларға Әлемді тұтастай түйсіну мүмкіндігін береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Оразахынова Н.А. Межпредметные связи как средство совершенствования учебно-воспитательного процесса // Высшая школа, 2005. №4. – С. 9-10.
- 2 Аббасова Р.К. Формирование научных понятий у старшеклассников на основе межпредметных связей // Высшая школа, 2006. - №5. – С. 23-28.
- 3 Межпредметные связи курса физики в средней школе /под ред. Дик Ю.И., Турышев И.К. – Москва: Просвещение, 1987. – 212 с.
- 4 Мендигалиева Г.А. Педагогические основы интеграции науки и практики в школах нового типа // Высшая школа, 2005. - №6. – С. 36-39.
- 5 Мұханбетжанова Ә. Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері //Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы, 2002. - №1(2). – Б. 203-209.
- 6 Межпредметные связи курса физики в средней школе /под ред. Дик Ю.И., Турышев И.К. – Москва: Просвещение, 1987. – 212 с.
- 7 Башарұлы Р.Б., Түркменбаев Ә.Б. Физика және астрономия пәндерін интеграциялаудың ғылыми-методологиялық ұстанымдары // Ізденістер, нәтижелер. 2003. №1. - Б. 110-112.

Резюме

Межпредметные связи курса физики с другими предметами могут быть установлены успешнее, если предварительно вскрыть логические связи разных курсов естественных наук. Это позволит, не нарушая логики развития отдельных предметов, использовать знания того или иного предмета.

Summary

Interdisciplinary communication course in physics with other subjects can be installed successfully if you first open the logical connections between different courses of natural sciences. It will allow, without breaking logic of development of separate subjects, to use knowledge of this or that subject.

Қабылданған күні 20.02.2015 ж

ӘОЖ 512.643

М.А.Айғабыл

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212
E-mail: miroshka.a@mail.ru

КВАЗИАНЫҚТАУЫШТАР**Аңдатпа**

Бұл жұмыста квазианықтауыштың жалпы теориясы келтірілген. Еркін қисық симметриялы өрістегі матрица үшін квазианықтауыш ұғымы берілді және оның негізгі қасиеттері сипатталды.

Негізгі сөздер: матрица, детерминант, өрнек, коммутативті сақина, рационал функциясы.

КІРІСПЕ

Матрицалар тобын сипаттауда детерминант (анықтауыш) ұғымы маңызды рөл атқарады, ал матрицалар тобының көптеген физикалық және техникалық мәселелерді қарастыруда қолданылатындығы белгілі.

Коммутативті емес элементтерден құралған анықтауышты есептеуді алғаш қарастырған А.Кэли болатын.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Элементтері R сақинасынан алынған $A = (a_{ij})$, $i \in I$, $j \in J$ матрицасын қарастыралық, мұнда I, J – шекті жиындар. A^{ij} арқылы A матрицасынан i – ші жолды және j – ші бағанды алып тастағаннан шығатын матрицаны, r_i^j арқылы A матрицасының i – ші жолынан a_{ij} – ді алып тастағаннан шығатын жолдық матрицаны, c_j^i арқылы A матрицасының j – ші бағанынан a_{ij} – ді алып тастағаннан шығатын бағандық матрицаны белгілейміз. Сонда $|A|_{ij}^Q$ квазидетерминанты мына формула арқылы анықталынады [33, 36]:

$$|A|_{ij}^Q = a_{ij} - r_i^j (A^{ij})^{-1} c_j^i,$$

егер A^{ij} ішкі матрицасы R сақинасында қайтымды болса.

Кей жағдайда a_{ij} элементтерінің ұяшығының ашық ұғымын пайдаланып, $A = (a_{pq})$, $p, q = 1, \dots, n$ матрицасы үшін мынаны аламыз:

$$|A|_{ij}^Q = \begin{vmatrix} a_{11} & \dots & a_{1j} & \dots & a_{1n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{i1} & \dots & a_{ij} & \dots & a_{in} \\ \dots & \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{n1} & \dots & a_{nj} & \dots & a_{nn} \end{vmatrix}$$

және $I = \{i\}, J = \{j\}$ үшін $|A|_{ij}^Q = a_{ij}$ деп аламыз.

Бұл анықтамада I және J жиындарының реттелгендегі немесе олардың арасында биективті сәйкестіліктің болуы қажет болмайды.

Егер $p \in I \setminus \{i\}, q \in J \setminus \{j\}$ үшін барлық $|A^{ij}|_{pq}^Q$ квазидетерминанттары анықталған және қайтымды болса, онда ([36] бойынша):

$$|A|_{ij} = a_{ij} - \sum_{p,q} a_{iq} \left(|A^{ij}|_{pq}^Q \right)^{-1} a_{pj},$$

мұнда қосынды барлық $p \in I \setminus \{i\}, q \in J \setminus \{j\}$ бойынша алынады.

Егер A квадраттық $n \times n$ - матрица (A матрицасының барлық квадраттық ішкі матрицалары қайтымды) болса, онда A матрицасының n^2 квазидетерминанттары бар болады. Дегенмен, жалпы түрдегі емес матрицалардың k ($0 \leq k \leq n^2$) квазидетерминанты бар болуы мүмкін.

Мысалға (2×2) ретті $A = (a_{ij})$, $i, j = 1, 2$ матрицасы үшін төрт квазидетерминанттар бар болады:

$$|A|_{11}^Q = a_{11} - a_{12} \cdot a_{22}^{-1} \cdot a_{21},$$

$$|A|_{21}^Q = a_{21} - a_{22} \cdot a_{12}^{-1} \cdot a_{11},$$

$$|A|_{12}^Q = a_{12} - a_{11} \cdot a_{21}^{-1} \cdot a_{22},$$

$$|A|_{22}^Q = a_{22} - a_{21} \cdot a_{11}^{-1} \cdot a_{12},$$

және бұл өрнектердің оң жағындағы a_{ij}^{-1} элементі R сақинасында анықталған болса, онда бұлардың әрқайсысы анықталынады,

Үшінші ретті квадраттық $A = (a_{ij})$, $i, j = 1, 2, 3$ матрицасы үшін тоғыз квазидетерминанты табылады, олардың біреуі мына түрде болады:

$$|A|_{11}^Q = a_{11} - a_{12}(a_{22} - a_{23}a_{33}^{-1}a_{32})^{-1}a_{21} - a_{12}(a_{32} - a_{33} \cdot a_{23}^{-1} \cdot a_{22})^{-1}a_{31} -$$

$$-a_{13}(a_{23} - a_{22}a_{32}^{-1}a_{33})^{-1}a_{21} - a_{13}(a_{33} - a_{32} \cdot a_{22}^{-1} \cdot a_{23})^{-1}a_{31},$$

егер R сақинасында барлық кері элементтер анықталған болса.

Квазидетерминант ұғымы коммутативті сақинада анықталынған детерминанттың жалпылауы емес, дегенмен екі детерминанттың қатысының жалпылауы болады.

Мысалға барлық a_{ij} айнымалылары өзара коммутативті болса, онда

$$|A|_{pq}^Q = (-1)^{p+q} \frac{\det A}{\det A^{pq}}$$

Квазидетерминанттарды түрлендіру. $A = (a_{ij})$ квадраттық матрица болса, онда мына қасиеттер орындалады:

1) $|A|_{pq}^Q$ квазидетерминантының мәні A матрицасының жолдарының және бағандарының орындарын алмастырғанда өзгермейді, егер p -шы жол және q -ші бағандар өзгеріссіз қалса.

2) $B = (b_{ij})$ матрицасы A матрицасының i -ші жолды сол жағынан λ скалярына көбейтуден, яғни $b_{ij} = \lambda a_{ij}$ және $k = i$ болғанда $b_{kj} = a_{kj}$ болса. Онда

$$|B|_{kj}^Q = \begin{cases} \lambda |A|_{ij}^Q, & \text{егер } k = i; \\ |A|_{kj}^Q, & \text{егер } k \neq i \text{ және } \lambda \text{ қайтымды.} \end{cases}$$

$C = (c_{ij})$ матрицасы A матрицасынан j -ші бағанды μ скалярына оң жағынан көбейтуден, яғни i және $l \neq i$ болғанда $c_{ij} = a_{ij}\mu$ және $c_{il} = a_{il}$ болса. Онда

$$|C|_{il}^Q = \begin{cases} |A|_{ij}^Q \mu & \text{егер } l = j \\ |A|_{il}^Q & \text{егер } l \neq j \text{ және } \mu \text{ қайтымды} \end{cases}$$

Квазидетерминанттардың қасиеттерін қарастыралық. Жалпы түрдегі $A = (a_{ij})$ матрицасы берілсе, онда $B = (b_{ij})$ матрицасы кері A^{-1} матрицасына тең болады, сонда тек қана сонда, егер барлық i, j үшін $b_{ji} = (|A|_{ij}^Q)^{-1}$ теңдігі орындалса.

Квадраттық $A = (a_{ij})$ матрицасы үшін $IA = A^{-1}$ арқылы кері матрицаны және $HA = (a_{ji}^{-1})$ арқылы Адамар матрицасын белгілелік. Сонда IA матрицасы анықталған болса, онда $I^2 A = I(IA) = IA = A^{-1}$. Егерде HA матрицасы анықталған болса, онда $H^2 A = H(HA) = HA = A^{-1}$.

Енді $A^{-1} = (b_{ij})$, $b_{ij} = (|A|_{ij}^Q)^{-1}$ болсын. Сонда бұл формуланы мына түрде жазуға болады: $HI(A) = (|A|_{ij}^Q)$.

Қандай да бір квадраттық матрицасының екі квазидетерминантының қатысы – реті кішірек екі рационал функцияның қатысына тең болады [36].

Ал бұл мына гомологиялық қатыстардан шығады:

а) Жолдың гомологиялық қатысы:

$$-|A|_{ij}^Q \cdot |A|_{sj}^{Q-1} = |A|_{il}^Q \cdot |A|_{sl}^{Q-1} \quad \forall s \neq i$$

б) Бағанның гомологиялық қатысы:

$$-|A|_{kj}^{Q-1} \cdot |A|_{ij}^Q = |A|_{kt}^{Q-1} \cdot |A|_{kj}^Q \quad \forall s \neq i$$

$A = (a_{ij})$, $i, j = 1, \dots, n$ матрицасының блоктық жіктелуі мына түрде болсын:

$$A = \begin{pmatrix} A_{11} & A_{12} \\ A_{21} & A_{22} \end{pmatrix}.$$

Мұнда квадраттық A_{11} матрицасы реті k және A_{22} қайтымды болса, онда барлық $i, j = 1, \dots, k$ үшін

$$|A|_{ij}^Q = |A_{11} - A_{12}A_{22}^{-1} \cdot A_{21}|_{ij}^Q.$$

Басқаша айтқанда n – ші ретті квадраттық A матрицасының $|A|_{ij}^Q$ квазидетерминатын есептеу екі қадамнан тұрады.

Біріншісінде, екінші ретті квадраттық $\tilde{A} = \begin{pmatrix} A_{11} & A_{12} \\ A_{21} & A_{22} \end{pmatrix}$ матрицасы үшін мына квазидетерминат $|\tilde{A}|_{11}^Q = A_{11} - A_{12}A_{22}^{-1} \cdot A_{21}$ есептелінеді.

Екінші қадамда $|\tilde{A}|_{11}^Q$ матрицасына сәйкес келетін k – шы ретті квазидетерминат есептелінеді.

Жалпы жағдайда $A = (a_{ij})$, $i, j = 1, \dots, n$ матрицасы үшін оның блоктық

$$A = \begin{pmatrix} A_{11} & \dots & A_{1s} \\ A_{s1} & \dots & A_{ss} \end{pmatrix}$$

жіктелуі қарастырылады. Элементтері A_{ij} болатын $\tilde{A} = (A_{ij})$, $i, j = 1, \dots, s$ матрицасын қарастырамыз. Сонда

$$A_{pq} = \begin{pmatrix} a_{kl} & \dots & a_{k,l+m} \\ \dots & \dots & \dots \\ a_{k+m,l} & \dots & a_{k+m,l+m} \end{pmatrix}$$

матрицасы квадраттық болып, $|\tilde{A}|_{pq}$ детерминанты анықталынады және барлық $k' = k, \dots, k+m$, $l' = l, \dots, l+m$ үшін мына теңдік орындалады [36]:

$$|A|_{k'l'}^Q = |\tilde{A}|_{pq}^Q.$$

Мысалға төртінші ретті мына матрица үшін:

$$A = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} & a_{13} & a_{14} \\ a_{21} & a_{22} & a_{23} & a_{24} \\ a_{31} & a_{32} & a_{33} & a_{34} \\ a_{41} & a_{42} & a_{43} & a_{44} \end{pmatrix},$$

оның блоктық жіктелуіндегі матрицалар мына түрде болады:

$$A_{11} = \begin{pmatrix} a_{11} & a_{12} \\ a_{21} & a_{22} \end{pmatrix}, \quad A_{12} = \begin{pmatrix} a_{13} & a_{14} \\ a_{23} & a_{24} \end{pmatrix},$$

$$A_{21} = \begin{pmatrix} a_{31} & a_{32} \\ a_{41} & a_{42} \end{pmatrix}, \quad A_{22} = \begin{pmatrix} a_{33} & a_{34} \\ a_{43} & a_{44} \end{pmatrix}.$$

Сонда $\tilde{A} = \begin{pmatrix} A_{11} & A_{12} \\ A_{21} & A_{22} \end{pmatrix}$ болып, квазидетерминант мына түрге келеді:

$$|\tilde{A}|_{12}^Q = A_{12} - A_{11}A_{21}^{-1} \cdot A_{22} = \begin{pmatrix} a_{13} - \dots & a_{14} - \dots \\ a_{23} - \dots & a_{24} - \dots \end{pmatrix},$$

$$|A|_{13}^Q = \begin{vmatrix} a_{13} - \dots & a_{14} - \dots \\ a_{23} - \dots & a_{24} - \dots \end{vmatrix}_{13}^Q.$$

Енді квазидетерминант пен матрицаның рангісі арасындағы байланысты қарастыралық. $A = (a_{ij})$ матрицасы бөлу орындалатын алгебраға тиісті болсын. Егер $|A|_{ij}^Q$ квазидетерминанты анықталған болса, онда мына тұжырымдар мәндес болады:

1) $|A|_{ij}^Q = 0$; 2) A матрицасының i -ші қатары A матрицасының басқа қатарларының сол жақ сызықты комбинациясы болады; 3) A матрицасының j -ші бағаны A матрицасының басқа бағандарының оң жақ сызықты комбинациясы болады

Мысалы, $i, j = 1, 2$ және $|A|_{11} = 0$ болсын. Сонда квазидетерминантты анықтауымыз бойынша $a_{11} - a_{12} \cdot a_{22}^{-1} \cdot a_{21} = 0$. Бұдан $a_{11} = \lambda a_{21}$ болатындығы шығады, мұнда $\lambda = a_{12} \cdot a_{22}^{-1}$. Сонда $a_{12} = (a_{12} \cdot a_{22}^{-1})$ болып, A матрицасының бірінші жолы екіншісіне пропорционал болады.

A матрицасының r - ші ретті квазиминорын A матрицасының $(r \times r)$ - ші ретті ішкі матрицасының квазидетерминанты ретінде анықталық. Сонда A матрицасының рангісі қиғаш симметриялы өрісте r - ден кем болмайды, сонда тек қана сонда, егер A матрицасының r - квазиминорларының ішіндегі ең кішісі анықталып, нөлге тең болмаса.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, жұмыста қазіргі суперсимметриялық теория мен кванттық топты таныстыратын теорияда негізгі рөл атқаратын коммутативті емес анықтауыштар мен квазианықтауыштарға талдау жасалды. Алынған нәтижелер өрістің суперсимметриялы және коммутативті емес теорияларын, элементар бөліктерін құруда пайдалануға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кириллов А. А. Элементы теории представлений. - М.: Наука, 1978. - 343 с.
- 2 Хэмфри Д. Линейные алгебраические группы. - М.: Наука, 1980. - 399 с.
- 3 Gelfand I., Gelfand S., Retakh V., Wilson R. // Quasideterminants. - Piscataway, 2002. - 39 p. (Preprint / Rutgers Univ.).

Резюме

В работе представлена общая теория квазидетерминантов. Дано понятие квазидетерминанта для матриц над свободным кососимметричным полем, описаны его основные свойства.

Summary

The general theory of quasideterminant is in-process presented. The concept of quasideterminant is Given for matrices above free askewsymmetric we weed, his basic properties are described.

Қабылданған күні 20.02.2015 ж

**ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЭКОЛОГИЯ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

УДК 504.054+332.368+622.24**М.Ж. Наукенов, Г.К.Мукушева**

Атырауский государственный университет имени Х.Досмұхамедова
проспект Студенческий 212, г.Атырау, 060011, Республика Казахстан
E-mail: meirbekk@mail.ru

**МОНИТОРИНГ ЗАГРЯЗНЕНИЯ ПОЧВЫ ОТХОДАМИ БУРЕНИЯ СКВАЖИН
В АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ****Аннотация**

Экологическая обстановка в области напрямую зависит от добычи и переработки нефти и нефтепродуктов. Химические реагенты, применяемые при бурении скважин, добыче и подготовке нефти, а также добываемые углеводороды и примеси к ним являются вредными веществами для растительного и животного мира, а также для человека. При хранении, переработке и транспортировке нефти и продуктов его синтеза на окружающую среду выбрасываются отходы и загрязняющие вещества. В данной статье приводятся результаты заключения экологического мониторинга степени загрязнения почвы на месторождениях Атырауской области, который заключался в выборе участков отбора проб, отборе почвенных образцов.

Ключевые слова: мониторинг, экология, почва, нефтяная и газовая промышленность, загрязнение окружающей природной среды, токсичность, углеводороды.

ВВЕДЕНИЕ

В настоящее время ни одна категория нефтяных промыслов не относится к "безотходным" производствам. При нынешнем уровне технологий от 1.0 до 16,5% нефти и продуктов ее переработки теряется при добыче, переработке и транспортировке. Мировые потери сырой и товарной (обессоленной) нефти составляют 107 т/год, из них 20% приходится на Мировой океан, остальные - на почвы и пресные воды [1].

В Атырауской области интенсивно эксплуатируются крупные месторождения нефти и газа. Рост добычи нефти и газа значительно осложнил экологическую ситуацию в этом регионе. На производственных площадях нефтепромыслов, вдоль линий нефтепроводов и транспортных коммуникаций, на участках разведочного и геофизического бурения широкое распространение получают антропогенно деградированные почвы. Они возникают из-за механических нарушений почвенного покрова, аварий на скважинах, повреждений и коррозии трубопроводов, прорывов карт с нефтешламом и буровыми отходами, загрязнений сточными водами и из-за выбросов токсичных соединений в атмосферу. Засоленность почв, близкое залегание грунтовых вод и экстремальные климатические условия и ряд других причин определяют высокую коррозионную опасность окружающей среды на нефтепромысле и сложность проведения мероприятий по рекультивации почв. Все это указывает, что контроль загрязнения

почв и оценки изменений их химических и биологических свойств жизненно необходимо для работы месторождения.

ЗАГРЕЗНЕНИЕ ПОЧВЫ В РЕГИОНЕ

Атырауская область занимает особое место среди регионов и зон экологического бедствия Казахстана. Нарращивание добычи нефти и газа, высокая агрессивность извлекаемого сырья влияют на процессы интенсивного загрязнения атмосферы, поверхностных и грунтовых вод, а через них – почвенного и растительного покрова, в которых накапливаются тяжелые металлы, радионуклиды и нефтепродукты.

Неблагоприятная экологическая обстановка в области усугубилась с ростом нефтедобычи на Тенгизском месторождении. В связи с освоением и развитием нефтедобычи в прибрежных районах северо-восточной части Каспийского моря, месторождений Тенгиз и Прорва экосистема наиболее подвержена загрязнению серой и серосодержащими соединениями, которыми очень богата казахстанская нефть [2].

Значительные площади залиты выбросами нефти и буровыми растворами. В почвах всех месторождений валовые формы тяжелых металлов (кадмий, ртуть, медь, кобальт, селен, сурьма, свинец) не превышают ПДК, за исключением отдельных участков на Тенгизском месторождении, где содержание свинца составляет 60 мг/кг и превышает ПДК в 2 раза, а на профиле 1 и УП – превышает ПДК в 8-12 раз, а валовое содержание цинка в 18-29 раз. Содержание мышьяка местами в 15-30 раз превышает ПДК. Накопление в почвах тяжелых металлов происходит в основном через техногенные выбросы в атмосферу пыли, дыма, аэрозолей. В растениях происходит накопление тяжелых металлов (меди, цинка, кобальта, свинца, кадмия). Однако их содержание значительно ниже максимально-допустимого уровня (МДУ) для кормов, исключая никель. Высокой поглощающей способностью обладают сочные солянки.

На территории Тенгизского нефтегазозоносного месторождения в весенний период концентрация свинца колеблется в пределах 0...4,5 (в растениях) и 3...15 мг/кг (в почве); цинка – 19,5...63 и 16,5...28; меди – 4,5...19,5 и 7,5...25,5; железа – 675,0...967,0 и 10,5... 3622,5 мг/кг. Осенью концентрации свинца составляли 1,5...19,2 (в растениях), 1,5...7,5 (в почве), цинка 4,5...138 и 10,5...39; меди – 4,5...18 и 4,5...12 мг/кг соответственно [3].

Техногенные нарушения являются доминирующей формой антропогенной деградации почв, в результате которой почвенный покров уничтожается полностью или частично. Они связаны с неупорядоченным движением автотранспорта, разведкой и освоением нефтегазовых месторождений, строительством линий связи и передачи электроэнергии, различными строительно-монтажными работами, отчуждением земельных участков под складирование промышленных и бытовых отходов, карьеров.

Загрязнение почвы тяжелыми металлами происходит вследствие нерационального использования природных ресурсов, в том числе при нефтегазодобыче. Основными источниками загрязнения биосферы при нефтедобыче являются строительство нефтяных и газовых скважин (сточные буровые воды и шламы, выбросы из скважин, горюче-смазочные материалы и др.), сбор и транспортировка нефти по магистральным трубопроводам; подготовка нефти

к переработке; внутрипромысловая переработка нефти и хранение, сливочно-наливные операции [4].

Почвы вблизи месторождений Танатар и Искене, а также скважины П-2 загрязнены умеренно, а вблизи Каратайкыз – слабо. На остальных 61 станциях наблюдения почвы характеризуются как чистые. Для характеристики степени загрязнения почв тяжелыми металлами их содержание сравнивается с ПДК в почвах. Для кадмия ПДК не существует, а установлена ОДК, зависящая от механического состава почв.

Так, для песчаных и супесчаных почв ОДК равна 0,5 мг/кг, для кислых суглинистых и глинистых – 1,0 мг/кг, для суглинистых и глинистых нейтральных – 2,0 мг/кг. Таким образом, для интерпретации результатов анализов сначала уточнялся гранулометрический состав почв, а затем обнаруженное содержание кадмия в почве сравнивалось с соответствующим значением ОДК.

Почвы описываемой территории в основном суглинистые и глинистые. На этих участках превышений ПДК по кадмию не обнаружено. Вблизи месторождений Айранкуль, Ботахан, Искене имеются участки с супесчаными почвами. Здесь уровень кадмия варьирует около 2-х ОДК. Очаги сверхнормативного содержания никеля сосредоточены около месторождений Доссор (от 1,1 ПДК до 2,5 ПДК), Макат (1,2-1,3 ПДК), Байшонас (1,2 ПДК), Тентексор (1,3 ПДК), Ботахан (1,6 ПДК), Карсак (1,4-1,6 ПДК). Очень высокое содержание меди (27 ПДК) обнаружено в пробе, отобранной вблизи месторождения Доссор. В этой же пробе обнаружены сверхнормативные концентрации свинца (4,7 ПДК), никеля (2 ПДК) и нефтепродуктов (48 ПДК). Концентрация меди, равная 2 ПДК обнаружена на месторождении Макат, и равная 2,9 ПДК на месторождении Доссор. Содержание нефтепродуктов на этих месторождениях составляет 4,3 ПДК и 0,3 ПДК соответственно. В других пробах превышений ПДК по меди не обнаружено. Сверхнормативные содержания кобальта обнаружены только в двух точках вблизи месторождений Макат и Доссор на загрязненных нефтью участках. Установлена корреляция между содержаниями цинка и нефтепродуктов. Так, на незагрязненных нефтепродуктами участках содержание цинка в почвах варьирует в пределах от 0,72 до 3,59 мг/кг (при ПДК=23 мг/кг). На загрязненных нефтепродуктами участках содержание цинка возрастает в несколько раз, хотя и не превышает ПДК.

Максимальное содержание цинка (10 ПДК) обнаружено на месторождении Макат. На основании проведенного анализа напрашивается вывод о приуроченности загрязнений тяжелыми металлами (никелем, медью, свинцом, цинком и кобальтом) к местам проведения нефтяных операций. Здесь явно видна корреляция между повышенным содержанием указанных тяжелых металлов и нефтепродуктов. Возможно, в этих местах был пролит буровой раствор или другие сопутствующие буровым операциям химические реагенты. Обнаружены участки со сверхнормативным содержанием мышьяка. Несмотря на то, что содержание мышьяка в почвах на многих участках превышает ПДК, мы не можем сделать вывод о техногенном происхождении данного загрязнения.

Известно что, источниками повышенного содержания мышьяка являются выбросы металлургических и химических предприятий по производству удобрений. Таких предприятий на данном блоке и в его непосредственной близости нет. Согласно данным исследований многих авторов кларковое содержание мышьяка в земной коре составляет 5 мг/кг [4-5]. Фоновые уровни содержания данного

элемента в верхнем горизонте почв, как правило, невелики, хотя и превышают в несколько раз его концентрации в горных породах. Среднее содержание мышьяка в почвах США и мира оценивается в 6,7 и 8,7 мг/кг [6-7]. Максимальные концентрации мышьяка, как правило, связаны с аллювиальными почвами и почвами, обогащенными органическим веществом. Концентрации мышьяка в глинистых отложениях достигают 13 мг/кг. Поскольку верхние горизонты почв в основном глинистые и суглинистые, то высокое содержание мышьяка в них может объясняться природными факторами. Сверхнормативное содержание фенолов в почвах не обнаружено.

МОНИТОРИНГ ПОЧВЫ

Исследуемый участок расположен в Жылыойском районе Атырауской области. Исследование включило в себя 4 скважины нефтедобычи с 2012 по 2014 года.

Для выявления степени загрязнения почв на месторождениях проводился экологический мониторинг, который заключался в выборе участков отбора проб, отборе почвенных образцов, камеральной обработке и интерпретации данных.

В пробах почв определялись следующие показатели: pH, хлориды, нефтепродукты, сульфаты, медь, свинец, цинк, кадмий.

Таблица 1. Жылыойский район, 2012 г

№ п.п.	Наименование определяемой характеристики	Обозначение НД на метод испытаний, номер пункта	Норма ПДК, мг/кг	Фактическое значение, мг/кг			
				Точки отбора			
				Скв. № 1	Скв. № 2	Скв. № 3	Скв. № 4
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Нефтепродукты	ПНД Ф 16.1:2.21-98	-	20,15	37,2	43,75	20,65
2	Медь	М 02-902-125-2005	3,0	< 0,02	< 0,02	< 0,02	< 0,02
3	Кадмий	М 02-902-125-2005	-	< 0,01	< 0,01	< 0,01	< 0,01
4	Свинец	М 02-902-125-2005	6,0	< 0,1	< 0,1	< 0,1	< 0,1
5	Цинк	М 02-902-125-2005	23,0	< 0,1	< 0,1	< 0,1	< 0,1
6	Хлориды	ГОСТ 26425-85	-	159,7	177,5	142,0	248,50
7	Сульфаты	ГОСТ 26426-85	-	179,8	224,0	174,5	183,3
8	pH	ГОСТ 26423-85		7,56	7,63	7,34	7,23

Таблица 2. Жылыойский район, 2013 г

№ п.п.	Наименование определяемой характеристики	Обозначение НД на метод испытаний, номер пункта	Норма ПДК, мг/кг	Фактическое значение, мг/кг			
				Точки отбора			
				Скв. № 1	Скв. № 2	Скв. № 3	Скв. № 4
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Нефтепродукты	ПНД Ф 16.1:2.21-98	-	43,7	37,7	43,75	20,65

2	Медь	М 02-902-125-2005	3,0	0,16	0,15	0,23	0,23
3	Кадмий	М 02-902-125-2005	-	0,004	0,007	0,009	0,016
4	Свинец	М 02-902-125-2005	6,0	0,70	0,62	0,40	0,47
5	Цинк	М 02-902-125-2005	23,0	0,16	0,07	0,19	0,19
6	Хлориды	ГОСТ 26425-85	-	1420,0	1313,5	1952,5	2023,5
7	Сульфаты	ГОСТ 26426-85	-	994,08	972,74	1125,60	1214,40
8	pH	ГОСТ 26423-85		7,60	7,46	7,39	7,23

Таблица 3. Жылыойский район, 2014 г

№ п п	Наименование определяемой характеристики	Обозначение НД на метод испытаний, номер пункта	Норма ПДК, мг/кг	Фактическое значение, мг/кг			
				Точки отбора			
				Скв. № 1	Скв. № 2	Скв. № 3	Скв. № 4
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Нефтепродукты	ПНД Ф 16.1:2.21-98	-	20,15	116,0	148,5	100
2	Медь	М 02-902-125-2005	3,0	2,968	2,452	2,180	2,430
3	Кадмий	М 02-902-125-2005	-	0,056	0,022	0,040	0,050
4	Свинец	М 02-902-125-2005	6,0	4,094	4,826	5,278	4,036
5	Цинк	М 02-902-125-2005	23,0	4,03	4,26	7,41	4,29
6	Хлориды	ГОСТ 26425-85	-	3727,50	3017,50	4082,50	4437,50
7	Сульфаты	ГОСТ 26426-85	-	5826,6	5959,9	6106,6	6973,40
8	pH	ГОСТ 26423-85		7,55	7,46	7,50	7,23

По результатам испытаний почвы показано, что содержание загрязняющих веществ в почве не превышает предельно-допустимых концентраций (ПДК).

Концентрация нефтепродуктов варьировало от 10,05 до 148,0 мг/кг.

Хлориды от 142,0 до 4437,0 мг/кг.

Сульфаты от 174,5 до 6973,10 мг/кг.

pH изменяются от 7,23 до 7,63.

Как показывают, данные таблиц содержание нефтепродуктов во всех пробах заметно ниже этой величины. В Казахстане предельно допустимых концентраций (ПДК) для нефтепродуктов в почве утверждены только для месторождений «Аксын -Каламкаское» - 100мг/кг [5]. В отсутствие официально установленных ПДК для суммарного содержания нефтепродуктов в почве на практике (при выполнении экологических анализов и оценке их результатов) принято пользоваться ориентировочной допустимой концентрацией для нефтепродуктов в почве, равной 1000 мг/кг [6].

Содержание тяжелых металлов, медь, кадмия, свинца в пределах ПДК.

Превышения содержания меди в почве по ПДК не наблюдается, но по последним данным видно что она предельно близка к этому значению. Свинец в первые годы проведения мониторинга практически отсутствовал либо его содержание было меньше значения возможного определения. В последующие годы его содержание выросло но не превышает ПДК. Содержание цинка в почве не превышает ПДК. Если

сравнивать содержание за 2013 и за 2015 годы можно увидеть значительные изменения и повышение его содержания в почве. Содержания кадмия в почве не превышает нормы ПДК во всех четырех исследуемых почвах.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

В заключении следует констатировать, что формирование нефтегазового комплекса в Атырауской области значительно усилило антропогенную нагрузку на почвенно-растительный покров. Основными причинами экологического нарушения почвенного покрова в регионе стали: техногенное разрушение, нефтехимическое загрязнение и засоление сточными промышленными водами, буровой шлам, токсичные химические элементы и др.

Очередность проведения работ по восстановлению естественного плодородия почв должна определяться их природной способностью к самовосстановлению, хозяйственной значимостью и характером воздействия нарушенных почв на окружающие территории. Хотя в настоящее время почвы данного района имеют низкую хозяйственную ценность и используются только как пастбища, с экологических позиций после окончания работ необходимо провести восстановление их до исходного уровня плодородия. На дальнейших этапах производственной деятельности необходимо будет проводить ежегодный производственный мониторинг, в ходе которого исследования содержания загрязняющих веществ в почвах должны быть продолжены. Это позволит уточнить значения фоновых концентраций химических веществ в почвах данных участков и своевременно реагировать на нарушения изагрязнения почв.

Список литературы

- 1 Клименко И.А. Охрана окружающей среды при разведке и освоении нефтяных месторождений. Обзор ВНИИ экономики минерального сырья и геологоразведочных работ. М.:ВИЭМС, 1987.
- 2 Сериков Т.П., Сагандыкова Р.Р., Югай В.М., Ескужиева А.Б. Об охране окружающей среды в условиях добычи нефти и газа на предприятиях ОАО «Казахойл-Эмба» // Нефть и газ. – 2001. - № 1. – С.83-87
- 3 Ищанова Н.Е., Дюсенов Б. Тяжелые металлы в почве и растениях Тенгизского нефтегазоносного месторождения Атырауской области // Академик Сатпаев и его роль в развитии науки, образования и индустрии в Казахстане: Тр. Междунар. симп., посвящ. 100-летию со дня рожд. К.И.Сатпаева. – Алматы: КазНТУ, 1999. – Ч.1. – С.288-290.
- 4 Ищанова Н.Е., Бигалиев А.А. Исследование содержания тяжелых металлов в образцах почвы Тенгизского нефтегазоносного месторождения Атырауской области // Вестник КазГУ. Сер. Экологическая. – 2001. – С. 83 – 85.
- 5 Методические рекомендации по выявлению деградированных и загрязненных земель (М., Министерство охраны окружающей среды и природных ресурсов РФ, 1995, 94 С)
- 6 Другов Ю.С., Родин А.А. «Экологические анализы при разливах нефти и нефтепродуктов» Санкт – Петербург, 2000.

Түйіндеме

Аймақтағы экологиялық жағдай тікелей мұнай өнімдерін шағаружәне өңдеуге қатысты. Бұрғы ұңғымасын бұрғылау, мұнайды өңдеу және дайындау кезінде пайдаланылатын химиялық реагенттер өсімдіктерге, жануарлар мен адамға зиянды болып келеді. Мұнайды сақтау, өңдеу және тасымалдау кезінде қооршаған ортаға зиянды қалдықтар мен ластаушы заттар бөлінеді. Бұл мақалада Атырау обласындағы кен орындарындағы топырақтың ластанғанын бақылау үшін өткен экологиялық мониторингтің қортындысы жазылған.

Summary

Ecological situation in state directly depends on the production and processing of oil and oil products. Chemicals used in drilling, oil production and treatment, such as hydrocarbons and other impurities are harmful substances for the flora and fauna, as well as for humans. During storage, processing and transportation of oil and the products of its synthesis the environment is highly exposed to the risk of pollution by the wastes and pollutants. This article contains the results of the environmental monitoring on the degree of contamination of the soil in the fields of Atyrau region, which consisted in selecting sampling sites and soil.

Дата приема 14.02.2015 г

ӘОЖ 373.1.013

М.Т.Рахметова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212
E-mail: Maira_12_05@mail.ru

ЭЛЕКТРОДИНАМИКА КУРСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ

Аннотация

Физика курсынағы электродинамика бөлімінің негізгі ұғымдарын қалыптастырудағы экологиялық білімді қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Табиғат дамуының заңдылықтарын білмеу, қоғамдағы экологиялық сауаттылық пен тәрбиеліліктің жетіспеуі – экологиялық дағдарысты туындатушы басты себеп болғандықтан, өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беру көзі болып табылатын мектеп пәндерінен ұйымдастырылатын оқу-тәрбие үдерісінде пәнаралық байланыс негізінде жүйелі түрде экологиялық тәрбие беру күн тәртібінің алғашқы кезеңінде тұрған мәселе.

Негізгі сөздер: физиканың жаратылыстану пәндерімен байланысы, электродинамика курсынағы оқушылардың экологиялық білімін жүйелеу, электр өрісі және оның өсімдік, жануарлар әлеміне әсері; электр энергиясын алу және тиімді пайдалану.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2030» жолдауының негізінде қоғамдық өмір салаларының, соның ішінде білім саласының бірқатар стратегиялық жоспарлары мен бағдарламалары қабылданды [1]. Жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру бүгінгі күн тәртібіндегі бірден-бір қажетті кезек күттірмес мәселе екендігі Қазақстан Республикасы «Қазақстан-2030»

даму стратегиясында, «Экологиялық білім бағдарламасында» және Ата заңымызға негізделіп жасалған ҚР «Білім туралы» заңдарда көрсетілген. Елбасы өткен жылы "Жасыл экономика" бағдарламасын жариялады. "ЭКСПО-2017" халықаралық көрмесі энергетикалық қуаттардың экономикалық тұрғыдан тиімділігіне, экологиялық жағынан тазалығына арналғалы отыр [2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінгі таңда бірінші орында тұрған ғаламдық мәселелердің бірі экологиялық дағдарыстың алдын алу, бұл адамдардың мақсатты бағытта ойластырған іс-әрекеті арқылы ғана жүзеге асады. Физика пәні арқылы экологиялық білім бере отыра:

- оқушыларға әлемнің біртұтас бейнесінің тірі және өлі табиғат қасиеттерінің алуан түрлілігі мен бірлігін қалыптастыруды жалғастыру;
- әр түрлі нысандарға физика теориясы мен заңдарының қолданылуы, табиғат заңдарының біртұтастығын көрсету;
- физиканың тек техникалық қолданылу аймағы емес, соларға байланысты жердегі, жерден тыс кеңістіктердегі экологиялық мәселелерге көңіл аудару;
- тірі организмге қоршаған ортаның параметрлік ластануының әсері (жылу, жарық, шу, электромагниттік, радиациялық, вибрациялық және т.б.)
- қоршаған ортаны қорғаудың әлеуметтік және экологиялық аспектілерін талдау (табиғи орта мен адамның өзара әрекеті, атмосфера және адам, су ресурстары және адам және т.б.)

Жоғарғы сынып оқушыларының экология ғылымы негіздері, жалпы табиғатты қорғау қажеттігі жөнінде жалпы мағлұматтары болатындықтан экологиялық білімді қабылдауға дайын болады. Сонымен қатар, олардың ғылыми ойлау тұрғысынан: талдау, салыстыру, қорытындылау сияқты дағдылары қалыптасқандықтан, физиканы оқытуда экологиялық сұрақтарды жоғары деңгейде қарастыра отырып, пән бойынша оқушылардың осы саладағы білімдерін кеңейтіп, тереңдетуге мүмкіндік бар.

Жоғары сыныптарда экологиялық білім беру кіріктіру принциптері мен пәнаралық байланыстарға негізделеді және іргелі ғылыми білімге сүйенеді [3]. Бұл сатыда жекелеп оқыту, икемді оқу жоспарлары және арнайы бағдарламаларымен оқыту қолданылады.

Электродинамиканы оқытуда оқушыларды экологиядағы келесі сұрақтармен таныстыруға болады:

Электр өрісі және оның өсімдік, жануарлар әлеміне әсері; электр энергиясын алу және тиімді пайдалану, энергияның басқа түрлерімен салыстырғанда экологиялық тұрғыдан артықшылығы; халық шаруашылығындағы электр тогының қолданылуы, өндіріс пен ауыл шаруашылығының электрленуі; жердегі организмдер өміріндегі атмосфералық электрленудің маңызы [4].

Электродинамика курсына электр энергиясын пайдалану және тасымалдау мәселелері қарастырылады. Энергия шығынын есептеуді үйреткенде оқушылардың «Тұрақты электр тогының заңдары» тақырыбы бойынша алған білімдерін ескеруге болады. Электр құбылыстарын оқи отырып, оқушылар тұрмыстағы электр энергиясының кең қолданылатындығымен танысады. Мектепте көбінесе электрофикацияның физикалық негізін құрайтын құбылыстар мен заңдар оқытылады.

Асқын өткізгіштікті оқыту оқушылардың осы құбылыстың ғылым мен техникадағы қолданысымен танысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар

энергетиканың басты проблемасы болып табылатын электр энергиясын тасымалдау кезіндегі шығындарды болдырмау үшін асқын өткізгішті пайдаланудың маңызы зор екенін айта кеткен жөн [5].

Экологиялық мазмұндағы сабақтар

№	Сабақтың мазмұны	Экологиялық білім және ұғымдар	Экологиялық білім мен ұғымды қалыптастырудың әдістері мен тәсілдері
1	2	3	4
1	Электр зарядтары. Денелердің электрленуі	Адам организміне атмосферадағы электр зарядтарының әсері	Дәріс элементтері арқылы түсіндіру
2	Электростатикалық индукция. Электр өрісі.	Электрлік күштердің табиғаты, атмосферадағы электр өрісі	Тәжірибелерді демонстрациялау. Қосымша әдебиет пайдалану
3	Электр өрісінің кернеулігі	Кернеуліктің шектік мәні	Электр өрісінің спектрін демонстрациялау
4	Электр өрісінің потенциалы	Потенциал. Электростатикалық өріс потенциалының экологиялық тұрғыдан маңызы	Дәріс сабағы
5	Конденсатор	Ультражоғары жиіліктегі өріс көзі әсерінен қорғану	Экологиялық мазмұндағы есептер шығару
6	Электр өрісінің энергиясы	ЖЭС-тің қоршаған ортаға теріс әсері және онымен күрес жолдары; электр энергиясы алудың альтернативті тәсілдерінің даму тенденциясы; электр энергиясын тұрмыс және халық шаруашылығында ұтымды пайдалану, тоқпен емдеу, табиғатты қорғауға арналған техникалық құрылғылар; табиғи қорларды кешенді пайдалану; энергетиканың дамуындағы физиканың ролі.	Пәнаралық байланыс сипатындағы кіріктірілген конференция сабағы «Электр двигателдері және қоршаған ортаны қорғау»
7	Электр тогы. Ток күші	Электр тогының биологиялық әсері. Термо-, фотоэлементтермен, Күн	Дәріс элементтері арқылы түсіндіру

		батареясымен танысу	
1	2	3	4
8	Электр тогының жұмысы мен қуаты	Электрлік транспорттар және олардың экологиялық сипаттамалары, гальвани элементтерін пайдалану. Электрлік балқыту пештері, олардың артықшылығы мен экологиялық қауіпсіздігі. Қыздыру лампы мен оның газбен жарықтандырудан артықшылығы	Әңгімелесу, ғылыми-көпшілік әдебиеттермен өзбетімен жұмыс
9	ЭҚК-і. Ток көздерінің түрлері	Акумулятор батареяларындағы қышқылдар және сілтілермен жұмыс істегенде экологиялық қауіпсіздік ережелерінің сақталуы	«Тұрмыстағы электр энергиясы», «Электрофикацияның физикалық негіздері» тақырыптарында баяндамалар оқу
10	Электр тізбектері. Тізбектей және параллель жалғау	Пайда болатын электр өрісінің механизмге, ортаға, адамға зияны	Тәжірибелерді демонстрациялау. Қосымша әдебиет пайдалану
11	Джоуль-Ленц заңы	Электрлік құралдар мен тұтынушылардағы температуралық режимді сақтау заңдылығы	Экологиялық мазмұндағы есептер шығару
12	Электр өткізгіштік. Металдардың электр өткізгіштігі	Жоғарғы вольтты желілердің электр өрісінің тірі организмдерге әсері	Дәріс элементтері арқылы түсіндіру
13	Асқын өткізгіштік	Электр энергиясын тасымалдау кезіндегі энергияның қоршаған ортаға әсері	Рефераттар дайындау, оларды талдау
14	Жартылай өткізгіш құралдар	Жартылай өткізгіштегі электр өрісінің кернеуі және ток күші шамаларының өндіріс, транспорт, шаруашылықта және күнделікті өмірде қолдану мәндері мен шекаралары	«Жартылай өткізгіштер және олардың қолданылуы» бейнефильмі
15	Вакуумдағы электр тогы	Электрондық-вакуумдық лампалардағы (ксенон, аргон, гелий, неон) электр тогының табиғаты және оның қоршаған орта мен адамға әсерінің зиянды жақтары	Әңгімелесу, ғылыми-көпшілік әдебиеттермен өзбетімен жұмыс

1	2	3	4
16	Газдардағы электр тогы	Ауаның иондануы. Электр фильтрлерінің жұмыс істеу принципі. Электрлік доғалық пештерде (мейлінше экологиялық таза әдіс) олардың оксидтерінен таза металдар алу. МГД генераторларының ПЭК-н арттыру жолдары (жану өнімдеріне электрондары оңай берілетін металдарды қосу). Жоғарғы вольтты желілердегі тәж разрядымен күресу, динамикалық тепе-теңдік	«Өздік разрядтың түрлері және оның әсері» тақырыбындағы конференция сабағы, ««Электр доғасы» тақырыбындағы экологиялық мазмұндағы бейнефильмді демонстрациялау
17	Сұйықтардағы электр тогы	Тұзды суды тұшыту. Электролиттегі зат қоспасының бөлінуі кезіндегі кернеу шамасына электролиз құбылысының басталуының тәуелділігін қолдану	Экологиялық мазмұндағы сапалық есептер шығару
18	Магнит өрісі	Магнит өрісінің тірі организмдерге әсері.	Оқушыларға тапсырмалар: «Адам денсаулығына магнит өрісінің әсері
19	Магнит индукциясы	Магниттік дауылдар және оның адамға әсері.	«Магниттік дауылдардың қоршаған ортаға әсері» тақырыбындағы семинар
20	Магнит ағыны	Жердің магнит өрісіне организмнің бейімделуі, табиғаттағы энергия айналымы, электромагниттік өрістің әсері, олардан қорғану	Экологиялық мазмұндағы шығармашылық есептер шығару
21	Магнетиктер. Магнетиктер түрлері	Қоршаған ортаның маңызды экологиялық факторы, оның тіршілік иелеріне әсері.	Әңгімелесу, ғылыми-көпшілік әдебиеттермен өзбетімен жұмыс

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы тәрізді әдіс-тәсілдерді қолдансақ мектепте физиканы оқытуда бірыңғай экологиялық бағытты жүзеге асыруға мүмкіндік болады және оны жеке адамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі құрал деуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 14.12.2012

- 2 Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылға арнаған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы // Атамекен, 2004 . - Б. 3-6
- 3 Экология / Мамедов Н.М., Суравегина И.Т//М,1996 – С.101-102
- 4 Рахметова М.Т. Экологический аспект современной энергетики // Сборник научных трудов по материалам международной научно – практической конференции «Современные направления теоретических и практических исследований» . Том 22. – Одесса. 2011.
- 5 Рахметова М.Т., Имашев Г.И. Экологическое воспитание учащихся на уроках физики. «Ұлт тағылымы» басылымы, Алматы, 2009, №4 , Б. 139-142.

Резюме

Рассмотрены вопросы раздела электродинамики с использованием экологических знаний в современных условиях. Раскрыты основные направления научно-технического прогресса и элементы экологического воспитания в процессе обучения физики.

Summary

Questions of the section of electrodynamics ecological knowledge in modern conditions of scientific and technical progress are considered. The main directions of scientific and technical progress and elements of ecological education in the course of training of physics are considered.

Қабылданған күні 12.02.2015 ж

ӘОЖ 332.368

М.Н.Кадеева¹, С.З.Сағындықова¹, А.У.Тұяқбаева²

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212
E-mail: maral-kadeeva@mail.ru, sofiyazul@mail.ru

²С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62
E-mail: kmara1.t@inbox.ru

СУБСТРАТТАН МИКРООРГАНИЗМ ШТАМЫН БӨЛІП АЛЫП МҰНАЙМЕН ЛАСТАНҒАН ТОПЫРАҚТЫ ТАЗАРТУДА ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада Маңғыстау облысындағы Қаражанбас кен орнының мұнайымен ластанған топырағын тазарту процесі зерттелді. Зерттеу нәтижесі бойынша мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған топырақтың биоремедиациясы ферменттерге, соның ішінде дегидрогеназаның белсенділігіне тікелей тәуелді екендігі анықталды.

Негізгі сөздер: биоремедиация, мұнай көмірсутектері, микроорганизмдер, жалпы микробтар саны, көмірсутек тотықтырғыш микроорганизмдер.

КІРІСПЕ

Мұнай өндірісі дамыған Батыс Қазақстан аймағындағы кедей топырақ қабатының мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануы топырақ деградациясына әкеледі және олардың табиғи тазарту мен табиғи қалпына келуіне мүмкіндік бере бермейді. Осымен байланысты мұнай кәсіпорындарының қалдықтарын қайта

өңдеумен мұнаймен ластанған топырақтардың биоремедиациясы ерекше маңыздылыққа ие болады. Қалдықтарды азайтатын және бұзылған топырақтардың ремедиациясының көптеген тәсілдері бар, бірақ, өкінішке орай, мұнаймен ластанған барлық аймақтарды тазартуға жарамды ремедиацияның әмбебап тәсілдері жоқ. Микробиологиялық тәсілдердің артықшылығы мұнай концентрациясын қауіпсіз деңгейге дейін төмендететіндігінде, микробиологиялық тәсіл салыстырмалы түрде арзан, қазып алуы қиынға түсетін топырақтарды үздіксіз өңдеуге мүмкіндік береді, қоршаған ортаның қайталанып ластануын болдырмайды, қосымша күрделі құрал – жабдықтарды талап етпейді [1].

Сондықтан, мұнаймен ластанған топырақты тазарту мақсатында көмірсутек тотықтырғыш микроағзаларды бөліп алып, оларды қолдана отырып ластанған топырақты тазартудың тиімділігін анықтау өзекті мәселелерді алдын алудың бірден бір жолы [2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мұнайды өндірудің көлемінің, тасымалдаудың және Қазақстан территориясындағы мұнайды қайта өңдеудің артуына байланысты үлкен көлемде сулар, су жағалары, терең тұнбалар мен топырақтардың мұнай өнімдерімен ластанған. Мұнайдың көмірсутектері микро және макроорганизмдерге бірдей өте улы болады. Олардың улылығы су биоценоздарда мұнай концентрациясы 0,3 мг/л болғанда, бентос организмдеріне 0,01 мг/л, топырақ организмдеріне мұнай мен мұнай өнімдерінің концентрациясы 0,1-0,3 мг/кг болғанда байқалады. Сонымен, мұнай өндіруші және мұнайды қайта өңдеуші өнеркәсіп салаларының жетістіктері мұнай поллютанттарының топырақты, су қоймаларын және тағы басқа сыртқы қоршаған орта нысандарын ластауымен қатар жүреді. Олардың улы әсері ауыл шаруашылығына үлкен көлемдегі зардаптарды әкеледі, далалық жерлерді пайдалануға жарамсыз күйге ұшыратады, су экосистемалерінің және бүкіл планетаның қызмет етуін бұзады. Құнының қымбаттығымен, жүргізілудің күрделілігімен, аралық улы өнімдер мен қатты қалдықтардың түзілуімен сипатталатын топырақ пен су қоймаларын мұнай мен мұнай өнімдерінен тазартудың физико – химиялық әдістері бар екені [3-4].

Батыс Қазақстан аймағындағы топырақ қабатының мұнаймен және мұнай өнімдерімен ластануы топырақ деградациясына әкеледі және олардың табиғи тазарту мен табиғи қалпына келуіне мүмкіндік бола бермейді. Осыған байланысты мұнай кәсіпорындарының қалдықтарын қайта өңдеу және мұнаймен ластанған топырақтардың биоремедиациясы ерекше маңыздылыққа ие болады. Қалдықтарды азайтатын және бұзылған топырақ ремедиациясының көптеген тәсілдері бар, бірақ, өкінішке орай, мұнаймен ластанған барлық аймақтарды тазартуға жарамды ремедиацияның әмбебап тәсілдері жоқ. Микробиологиялық тәсілдердің артықшылығы мұнай концентрациясын қауіпсіз деңгейге дейін төмендететіндігінде. Сонымен бірге, микробиологиялық тәсіл салыстырмалы түрде арзан, қазып алуы қиынға түсетін топырақтарды үздіксіз өңдеуге мүмкіндік береді, қоршаған ортаның қайталанып ластануын болдырмайды, қосымша күрделі құрал – жабдықтарды талап етпейді [5-6].

ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Зерттеу нысандары ретінде Маңғыстау облысындағы Жетібай және Қаражанбас кен орнынан алынған мұнаймен ластанған топырақ, сонымен бірге,

Жетібай кен орнының мұнайы қолданылды. Жалпы микробтар саны мен көмірсутектотықтырғыш микроорганизмдер санын салыстырмалы түрде бағалау үшін бақылау сынамасын кен орнынан 7 км қашықтықта орналасқан Жетібай ауылының топырағы алынды.

Жетібай мұнайдың құрамы аз күкіртті, парафиндер мөлшері жоғары (парафин мөлшері 6-14,9%). Мұнай пласты тығыздығы орташа есеппен 793,4 кг/м³, тұтқырлығы 5,01 МПа*с, салқындау температурасы + 33°C. Микроорганизмдер Жетібай және Қаражанбас кен орнынан алынған топырақтан бөлініп алынды.

Мұнай көмірсутектерін тотықтырғыш микроорганизмдер «Тікелей егу» және «Жинақталған культуралар» тәсілдері арқылы бөлініп алынды. Бактерияларды идентификациялауда «Берги» анықтағышы, ал микроорганизмдер санын анықтауда «Кох әдісі» қолданылды. Топырақ сынамасындағы мұнай мөлшері «Гравиметриялық» әдіспен орындалды және қорытындысы төменгі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Сынамадағы мұнайдың мөлшері

Зерттеу нысаны	Сынама алынған тереңдік (см)	Мұнай мөлшері мг/кг	Ластану деңгейі (Давыдов бойынша)
Бақылау ст. Жетібай	0-10	0	фондық
	10-20	0	
Ұңғыма 1	0-10	1980	аз
	10-20	1800	
Ұңғыма 2	0-10	6350	орташа
	10-20	5800	
Ұңғыма 3	0-10	18460	жоғары
	10-20	18050	

Бұл аймақтағы топырақта гумус деңгейі төмен (0,2-0,5%), тұздылық деңгейі жоғары, ылғалдың жетіспеушілігі әсерінен микроорганизмдер салыстырмалы түрде аз болып келеді.

Көмірсутек тотықтырғыш қасиетіне ие барлық бөлініп алынған бактерия штамдарының саны-7, бірақ соның ішінде аса белсенділік көрсеткені 2 штамм. Олардың құрамында мұнай бар синтетикалық ортада өсуінің көрсеткіші 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Синтетикалық агарлы ортада бөлініп алынған микроорганизмдердің өсуі

Штамм	Көміртек көзі- мұнай
A1	1
A2	3
A3	2
A4	2
A5	2
A6	1
A7	3

Микроорганизмдердің өсуі 3 балдық жүйемен анықталды: 1-төмен, 2-әлсіз, 3-жоғары.

Көмірсутектерді тотықтыруда аса белсенділік көрсеткен микроорганизмдердің штамының -A2 және A7 морфолого-культуралық қасиеті 3 кестеде көрсетілген:

Кесте 3 – Бөлініп алынған белсенді бактериялардың морфолого-культуралық қасиеті

Штамм	Клетканың морфологиясы	ЕПА колонияның түсі	Грам бойынша бояуы	Қозғалмалылығы	Спора түзуі
A2	Таяқша	ақсары	Гр ⁻	+	-
A7	Таяқша	сарғыш	Гр ⁻	+	-

Лабораториялық жағдайында Жетібай кен орнының мұнайымен ластанған топырақты тазартуда ғылыми тәжірибе қойылды, топырақтың ластану деңгейі 5% 60 тәулік ішінде бақыланды.

Тәжірибе абorigенді және арнайы салынған микроорганизмдердің мұнайды ыдырату белсенділіктерін дұрыс бағалау үшін стерильді және стерильді емес топырақ сынамаларымен жүргізілді. Топырақ сынамаларын стерилизациялау 1,5 А жүргізілді.

Әрбір сынамаға A2 және A7 штамын титрі 10^6 кл/мл қостық.

Ремедиация процесіне аридті жағдайды жасанды түрде туғыздық: лабораторияның күн түсетін жеріне бөлме температурасында ұстадық, топырақты әлсін-әлсін қопсытып ылғалдылығын 40 – 60 % сақтап отырдық.

Топырақты мұнайдан тазартуда қолданылған микробиологиялық әдістің сапасы мен деңгейін мынаған байланысты бағаланды:

- Микроорганизмдердің саны, соның ішінде көмірсутек тотықтырғыш;
- Мұнай көмірсутектерінің сандық және сапалық өзгерісімен;
- Топырақтың агрохимиялық қасиетінің өзгерісі.

Микробиологиялық жолмен тазартуда мұнай өнімдерінің концентрациясы мен микрофлоралар саны өзгерісі тәжірибе уақытындағы әрбір 10 күн сайын бағаланды, химиялық және агрохимиялық сараптамалар тәжірибе соңында, яғни 60 тәуліктен соң бағаланды.

Ластанған топырақтың биоремедиация процесінде мұнайды тотықтырғыш микроорганизмдер консорциумы және минералды тыңайтқыш қолданылды. Салынған микроорганизмдер мөлшері 10^6 клетка/г топырақ, ал аммофос 80 мг/кг топырақ.

Тәжірибе нұсқалары:

1. Мұнаймен ластанған топырақ
2. Мұнаймен ластанған топырақ+ тыңайтқыш
3. Мұнаймен ластанған топырақ + аммофос + микроорганизмдер

Кесте 4 – тәжірибе барысындағы мұнаймен ластанған топырақтағы микроорганизмдер саны кл/г топырақ

Нұсқалар	Тәжірибе барысындағы микроорганизмдер саны, тәулік					
	10		30		60	
	ЖМС	КТМ	ЖМС	КТМ	ЖМС	КТМ
Топырақ	$5,2 \cdot 10^4$	$3,1 \cdot 10^3$	$3,2 \cdot 10^5$	$1,6 \cdot 10^4$	$7,8 \cdot 10^5$	$3,1 \cdot 10^4$
Топырақ+ тыңайтқыш	$3,4 \cdot 10^5$	$2 \cdot 10^4$	$9,4 \cdot 10^5$	$7,3 \cdot 10^4$	$5,8 \cdot 10^6$	$3,7 \cdot 10^5$
Топырақ+ тыңайтқыш+ микроорганизмдер	$3 \cdot 10^6$	$9 \cdot 10^5$	$3,2 \cdot 10^7$	$5,7 \cdot 10^6$	$6,9 \cdot 10^7$	$9,2 \cdot 10^6$

Алайда микробиологиялық сараптама нәтижесінде зерттеліп отырған сынамаларда микроорганизмдердің деңгейі айтарлықтай жоғары болды, бұл жағдайды сынама алынған уақытпен, яғни көктем мезгілінде және жауыннан 2 күннен кейін алынды. Микробиологиялық сараптама қорытындысы 5 кестеде көрсетілген.

Кесте 5 – Жетібай кен орнындағы топырақ микроорганизмдерінің саны

Топырақ	Микроорганизмдер тобы, кл/г топырақ	
	ЖМС	КТМ
Бақылау	$12,3 \cdot 10^5 \pm 1,1$	$81 \cdot 10^3 \pm 0,6$
Ұңғыма 1	$60 \cdot 10^5 \pm 5,8$	$1,5 \cdot 10^6 \pm 0,12$
Ұңғыма 2	$20,5 \cdot 10^4 \pm 1,9$	$9,2 \cdot 10^4 \pm 0,7$
Ұңғыма 3	$42,7 \cdot 10^3 \pm 3,7$	$1,3 \cdot 10^3 \pm 0,08$

ЖМС мен КТМ санын анықтау топырақтағы көмірсутектердің таралуына байланысты. КТМ саны ластанған сынамада фондық сынамаға қарағанда салыстырмалы түрде жоғары болды. Яғни мұнай компоненттерінің көп таралуы бұл топтағы микроорганизмдердің санының артуына әкеледі. Мұнаймен өте төмен деңгейде ластану болған жағдайда микроорганизмдердің жекелеген түрлерінің саны бірден көбейеді. Топырақтағы мұнай концентрациясы $1,8$ г/кг болғанда мұнайды тотықтырғыш бактериялар саны $1,3 \cdot 10^6$ кл/г топыраққа тең болады. Бұл фондық сынама қорытындысынан екі есе артық [7-9].

Топырақ биоценозында мұнай көмірсутектерінің мөлшері артқан сайын микроорганизмдер саны кемиді. Өте қатты ластанған аймақта мұнай мөлшері 18400 мг/кг болғанда, КТМ саны $1,3 \cdot 10^3$ кл/г топырақ, ал орташа ластанған аймақта $9,2 \cdot 10^4$ кл/г топырақ.

Бұл дәлел көптеген ғалымдардың мұнай өнімдері топырақта көбейген сайын микроорганизмдердің басым көпшілігінің саны азаятыны туралы теориясының дұрыстығын дәлелдейді [10].

Осыған байланысты көмірсутектотықтырғыш микроорганизмдер санын мұнай және мұнаймен ластану деңгейін бақылауда индикатор деп қарастыруға болады [11].

ҚОРЫТЫНДЫ

Алынған нәтижелерді сараптай келе келесідей қорытындыға келдік:

1. Қаражанбас, Жетібай кен орнының сортаң топырағы техногендік әсерден морфологиялық, агрохимиялық құрамы жағынан өзгерістерге ұшыраған, ондағы микробиоталар саны да айтарлықтай төмен.
2. Мұнайды ыдыратушы микроорганизмдерге антропогенді факторлардың кері әсер еткені және олардың жыл мезгілдеріне тәуелді екені анықталды. Топырақты ластаушы мұнай концентрациясы жоғары болған кезде (16 г/кг топырақ) топырақтағы микрофлора саны төмендесе $1,1 \cdot 10^3 \pm 0,07$ кл/г, мұнай концентрациясы төмендеген сайын олардың саны $1,3 \cdot 10^6 \pm 0,12$ біртіндеп арта бастайтыны анықталды.
3. Қаражанбас және Жетібай кен орнынан 7 деструктор микроорганизмдер бөлініп алынып, оның ішінде 2 түрі- *Pseudomonas fluorescens* –A2, *Bacillus subtilis*–A7 басым белсенділік көрсетті.

Микробиологиялық тазартудың комплексті жүйесі, яғни *Pseudomonas fluorescens* –A2, *Bacillus subtilis*–A7, аммофос. Бұл жүйелі тазарту нәтижесінде көрсеткіш $63 \pm 5,4\%$.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Габбасова И.М., Абдрахманов Р.Ф., Хабиров И.К., Хазиев Ф.Х. Изменение свойств почв и состава грунтовых вод при загрязнении нефтью и нефтепромышленными сточными водами в Башкирии //Почвоведение.- 1997, №11. – С. 1362-1372.
- 2 Кожевин П.А. Биотический компонент качества почвы и проблема устойчивости //Почвоведение. – 2001, №4. – С. 448.
- 3 Мухамбетов Б., Сагындыкова С.З. Эксперимент по очистке нефтезагрязненных почв. //Опытно-агрономический журнал. – Волгоград: Нижневолжеский НИИ сельского хозяйства. 2012.- №1.
- 4 Мухамбетов Б., Сагындыкова С.З., Нурлыбеков А. и др. Очистка нефтезагрязненных почв с помощью микроорганизмов //Вестник АТУ. – Алматы, 2012. - № 3(92).
- 5 Мухамбетов Б., Сагындыкова С., Нурлыбеков А. и др. Модельный эксперимент по очистке нефтезагрязненных почв //"[Успехи современного естествознания](#)" - Москва: РАЕ. - 2013.- №1.
- 6 Туякбаева А.У. и др. Изучение нефтеокисляющей активности углеводородоокисляющих микроорганизмов иммобилизованных на природные минеральные носители //Биотехнология. Теория и практика. – 2009, №3. – С. 49–54.
- 7 Туякбаева А.У. и др. Изучение нефтеокисляющей способности микроорганизмов выделенных из нефтезагрязненных почв месторождения Каражанбас Мангистауской области //«Вестник ПГУ». – Павлодар, 2009, №3. – С. 172–183.
- 8 Туякбаева А.У. и др. Испытание консорциумов микроорганизмов – нефтедеструкторов в полевых условиях на месторождении «Узень» Мангистауской области //Вестник КазНУ. Сер. Биология. – Алматы, 2011, №2. – С.70-72.

9 Исмаилов И.М. Микробиология и ферментативная активность нефтезагрязненных почв.- М.: Наука, 1988. - С 42–56.

10 Глазовская М.А., Пиковский Ю.И. Скорость самоочищения почв от нефти в 11 различных природных зонах //Природа. – 1980, № 5. - С. 118-119.

11 Чахмаев В.А. Геохимия процесса миграции углеводородных систем. - М., 1983. – 228 с.

Резюме

В данной статье был изучен процесс очистки нефтезагрязненной почвы месторождений Каражанбас и Жетибай в Мангистауской области. В результате исследований было установлена эффективность микробиологического метода в восстановлении нефтезагрязненной почвы.

Summary

This paper studied the process of cleaning oil-contaminated soils of oilfields Karazhanbas and Zhetibay Mangistau region. As a result, studies have found that the effectiveness of microbiological method in the oil-contaminated soil rehabilitation.

Қабылданған күні 14.02.2015 ж

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВО**

ӘОЖ 343.972**Ә.О.Турдалиев, Г.Н.Бахшатова**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212

ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН-АЛУ БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС**Андатпа**

Аталған мақалада бүгінгі таңда халықаралық мәселеге айналған терроризмге қарсы күрес, оның алдын алу мәселелері қозғалады. Жастар арасында діни төзімділікті қалыптастырудың және діни экстремизмнің алдын алудың ең тиімді тәсілі - діни сауаттылықты арттыру деген тұжырым жасалған.

Негізгі сөздер: *экстремизм, терроризм, діни сепаратистік ағымдар, ұйымдасқан топ, «Шәһидизм», «Қызыл бригада», «Баадер-Майнхоф», «Аум синрикё».*

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда адамзат алдында шешуін таппай жүрген қиында, қасіретті де, қауіпті мәселе – экстремизм, терроризм.

Терроризм (лаңкестік) термині - араб тілінде «ирхаб» сөзімен аталады (рахаб, ирхабу, рахбатан), мағынасы – «қорқыту».

Терроризм - [лат. *terror* - қорқыныш, үрей] - саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану; ұғым XVIII соңында ұлы француз төңкерісі кезінде якобиндықтар жүргізген репрессиялық саясатты атауда қолданылды.

"Террор" ұғымы қазіргі әдебиеттерде диктаторлық немесе тоталитарлық жүйелердің өз азаматтарына қатысты күш қолдану және үрей туғызу саясатын сипаттауда қолданылады.

Саяси сөздіктерде терроризм ретінде "әлсіздің" тарапынан болатын (радикалды саяси оппозиция, экстремистік пиғылдағы ұлттық немесе діни азшылық, діни фанатиктер және т.б.) әрекет түсініледі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ұйымдасқан топ діттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс - терроризм. Қазіргі жағдайларда террористер аманат алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады. Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады. Аталған әрекеттерге қарсы күрескен демократиялық елдер 1977 жылы Еуропалық Кеңеске мүше-мемлекеттер жиынында терроризммен күрес жөнінде Еуропалық конвенция қабылдап, түрлі шаралар арқылы тосқауыл қойып бағуда. Мұндай амалдар елімізде де алынуда. Мәселен, 2014 жылы шілде айында Ақтау қалалық сотының үкімімен Виджай Зухрабов деген азамат, 2015 жылдың қаңтар айында үкімімен интернеттегі WhatsApp жүйесі арқылы терроризмді насихаттағандығы үшін А. деген азаматша төрт жылға бас бостандығынан айрылған.

XX ғ. екінші жартысында жағдай түбегейлі өзгерді, терроризмнің әртүрлі түрлерінің күрт жіктелуі орын алды. Ол өмір сүріп отырған бүкіл саясат тәртіптеріне, институттарға, заңды билік құрылымдарына қарсы жаппай соғысқа айналды.

Терроризмнің иррационалдық қыры саясатқа еш қатысы жоқ қарапайым халықты жаппай қырудан көрініс тапты. Нәтижесінде зорлық-зомбылық апаты және вакханалия жер шарының әрбір адамын терактіні ұйымдастырушылардың ақылға қонымсыз идеяларының бұғауында қалдырды.

XX ғ. соңында терроризм қазіргі заманның өткір ғаламдық мәселелеріне айналды. Терроризм тек мұсылман әлеміне ғана емес, сан түрлі саяси қозғалыстарға тән. Ол түрлі елдерде, әрқилы діни сепаратистік ағымдар арасында орын алып отырғаны белгілі.

Терроризм (ең алдымен, көрнекті саяси және қоғам қайраткерлерін өлтіру) тарих ағынына елеулі ықпал етеді, бірақ саяси қайраткерлерге қарсы терактілер өздігінен жалпы адамзатқа аса қауіп төндіре қоймайды. XX ғасырдың екінші жартысында АҚШ президенті Джон Кеннеди, Индия елі премьер министрі Индира Гандидің сикх сепаратистері қолынан өлтірілуі мысал бола алады.

1960-1970-шы жылдары солшыл экстремистік пиғылдағы Италиядағы «Қызыл бригада» және Германиядағы «Баадер-Майнхоф» сияқты топтардың әрекеттерімен байланысты терроризм толқыны Батыс Еуропаны, 1980 жылдары жапон елінде «Аум синрикё» террорлық әрекеттері шарпып өтті. 1990-шы жылдардың басында Ресей қанды террористік зомбылықтың ортасында қалды.

Сондықтан терроризмді тек қана исламмен байланыстыру қате пікір. Осыған орай, қазіргі кезде терроризм мәселесін исламмен байланыстыру көптеп орын алуда. Ислам терроризмді насихаттамайды керісінше, дәстүрлі дініміз оған қашан да қарсы. Басқа бір бекүнә адамның өміріне қарсы зұлымдық әрекет жасау қашан да күнә болып табылған.

Тәуелсіз Қазақстан қалыптасуы барысында діни бостандықтың жариялануы, заңның осалдығы елде сепаратистік ағымдардың пайда болуына алып келді, 2011 жылы қазан айында «Дін туралы» заңының, "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының [1] қабылдануы терроризмге қарсы жасалған алғашқы үлкен әрекет болып табылды. Заңның қабылдануы сепаратистер тарапынан қарсылық туғызды. Қазіргі таңға дейін бұл мәселе күн тәртібінен түспеуде.

Терроризммен күрес тек қана құқық қорғау органдары жұмысы емес, оның алдын алу бүкілхалықтық іс, жан-жақты кешенді мәселе. Оның пайда болуының әлеуметтік-құқықтық, экономикалық т.б. жақтарына тоқталсақ.

Жастарды терроризмге тартудың көпшілікке белгілі таныс жолы ислам дінінің хадистерін біржақты түсіндіру. Әсіресе, терроризмге тартуда жиі қолданылатын «шаһидизм» теориясы (**шахид** (араб. شهيد šahīd, көптік түрі شُهَدَاء šuḥadā'; араб сөзі شهادة šahāda **шахада**, «құрбан болу»). Исламда Алла үшін қан майданда жауларына қарсы соғыста опат болғандарды атаған, олардың жаны пейіште болады деп түсіндіріледі). Террористер бейкүнә адамдарды, сәбилерді өлтіру күнә болатындығын есепке алмайды. Мәселенің екінші бір жағы лаңкестік жасаушы «шаһид» өз ата-анасы ғана емес, сонымен бірге басқа бейкүнә адамды өлтіру, жарақаттау арқылы оның отбасына қасірет әкеледі. Осыдан кейін оның пейішке аттануы да екіталай.

Ислам діні бейкүнә адамдардың өміріне қолсұғушылыққа әрқашанда қарсы болған. Исламның құқық негіздерінде жеке тұлғаларға «кісі ақысы» деген түсінік бар. Мысалы, біреудің жанына, малына, арына қол сұғу – харам. Сонымен қатар, Ислам құқығы ниетке де үлкен мән береді. Ал бұл зұлымдыққа тосқауыл. Сондай-ақ, қоғамның ең маңызды тірегі – адамдар арасындағы тепе-теңдік. Пайғамбарымыздың

шығарған заңдарында бұл мәселеге айрықша орын берілген. Заң алдында адамдардың бәрі бірдей, сол үшін ешкімнің ешкімде ақысы кетпеуі, қылмыс жасаса жазасын тартуы қажет[2. 57 б].

Исламдағы заң алдындағы теңдік адамзат тарихындағы барлық демократиялық конституцияларда көрініс тапқан. Бұл үндестік еліміздің конституциясының басты кепілдігі, оның 14 бабында көрсетілгендей, «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды [3].

Ата заңымыздың 15 бабында көрсетілгендей: «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді»[3]. Негізгі заңымызда көрсетілгендей, ұлтаралық татулықты бұзатын, діни қақтығыстар туғызатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

Қазақ дәстүрлі діні мен әдеп-ғұрпы да ата-ананы құрметтеу арқылы, Алланың ризашылығына ие болуды негіздейді. Ислам діні «жұмақ» анаңның аяғынан астында деп насихаттайтындығын ұмытпаған жөн. Салт – дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор [4. 8 б].

Міне, жоғарыда айтылған қоғамға жат идеялар арқылы жастардың бойын билеуге ұмтылатын теріс ағымдар өкінішке орай өмірімізде белең алып отыр.

Мәселенің әлеуметтік жағына келер болсақ, Терроризм жастарға тән құбылыс, ол жылдан-жылға жасаруда. Бұғанасы қатпаған жастардың басын айналдыру лаңкестік ұйымдардың басты әрекеті. Еліміздің Бас прокуратурасының есебі бойынша экстремизм мен терроризм бойынша қылмыс жасап сотталғандардың дені 17-29 жас аралығындағы жастар. Тіпті, Сириядағы заңды үкіметке қарсы соғысушы сепаратистердің қатарында 12 жасар жасөспірім болғандығы жөнінде ақпарат бар.

Кеше мектеп қабырғасынан шыққан біліммен қаруланбаған жас, өсе келе сенімге ие болуы хақ, сол жолда сепаратистік ағымдарға тап болуы мүмкін.

Сондықтан, жастарды жат ағымдардан сақтау, олардың бойында патриотизм, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру ісін үнемі назарда ұстау керек. Жастардың әлеуметтік жағынан басым бөлігі ауыл жастары, ауылдық жерлерде әлеуметтік жағынан қорғалмаған, тіпті интернет арқылы танымайтын адамдар уағыздарына ілесу де кездеседі. Осы топпен жұмыс жүргізу үшін аудандарда ауыл жастары орталықтарын ашу керек. Осы іске үкіметтік емес ұйымдарды жұмылдыру керек.

Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында діни жағдайға байланысты студент жастармен көптеген іс-шаралар жүзеге асу үстінде. Бұл шаралар негізінен радикалдық діни ағымдармен күреске бағытталған, соның ішінде жастармен және студенттермен жұмысқа көп көңіл бөлініп отыр. Жастар арасында діни төзімділікті қалыптастырудың және діни экстремизмнің алдын алудың ең тиімді тәсілі діни сауаттылықты арттыру екені белгілі. Осы орайда, лаңкестіктің психологиялық аспектілері (еліктеу, сөзге илану) басты есепке алынып, психолог мамандарда өзіндік жұмыстар атқаруда. Басты мақсат терроризмнің құқықтық-әлеуметтік қондырғысының жоқ екендігін түсіндіру болып табылады. Осыған сәйкес,

студенттердің діни танымдық, діни сауаттылық деңгейін көтеруге бағытталған іс-шаралар еліміздің барлық оқу орындарында жүргізілуде.

Студенттерге еліміздің дәстүрлі діни құндылықтарын түсіндіру, дін аралық және ұлт аралық толеранттылықты насихаттауға арналған әр түрлі бағыттағы оқыту, тәрбиелеу, насихаттау әдістері қолданылады. Осы бағыттағы жұмыстар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенттері арасында жоспарлы түрде өткізіліп келеді. Мысалы, барлық мамандықтардың 1 курс студенттеріне «Дінтану» пәні оқылады. Сонымен қатар «Діни экстремизм» тақырыбында арнайы курс оқылады. Аталған курс әлемдік қауіпті құбылыс ретінде діни экстремизмнің ерекшелігімен және бағыттарымен, оның алдын-алу жолдарымен таныстырады. Бұл арнаулы курс тек студенттерге ғана емес күш құрылымдары, қауіпсіздік органдары үшін де оқылып келеді.

Университетте 2014 жылға арналған экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларының жұмыс жоспары құрылған. Сол жоспарға сай университет басшылығы төмендегі жұмыстар іске асырылып отыр:

- Атырау облысы Дін істері басқармасының теолог мамандарымен студенттер кездесуін жоспарлы түрде ұйымдастырылады.

- «Біз діни экстремизмге қарсымыз», «Мен зайырлы мемлекетімді мақтан етемін», «Мен ұлттық дәстүрді қолдаймын» тақырыптарында студенттер эссе жұмысының конкурсын ұйымдастырылды.

- «Университет» газетінде діни экстремизмнің алдын алуға және дәтүрлі құндылықтар мен Қазақстандық патриотизмді, зайырлы мемлекет құндылықтарын насихаттауға арналған студенттер мақаларын, көзқарастарын «Дін және жастар», «Заманауи білім және дін» айдарларымен үнемі жариялап отыр

- Университет оқу теледидары орталығы арқылы діни экстремизмнің алдын алуға және дәтүрлі құндылықтар мен Қазақстандық патриотизмді насихаттауға арналған көрсетілімдерді тұрақты түрде жүргізіледі.

- Университет жатақханаларында «Дін және ұлттық құндылықтар», «Дін жастарға не береді», «Діни экстремизмнің қоғамға қауіптілігі», «Қазақтандық патриотизм және дін» тақырыптарында кездесу-пікір алмасулар өткізу дәстүрге айналған.

- «Дін және жастар». «Дін және дәстүрлі мәдениет» тақырыбындағы пікірталастар өткізу әрбір студенттік топтардың тәрбие жоспарына енгізілген.

- «Шапағат» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы Қоғамдық қоры мамандарымен кездесулер өткізіліп, студенттер сұрақ-жауап шарасын өткізіп жүр.

- Облыстық құқық қорғау орындары және жергілікті БАҚ өкілдерімен экстремизм мен терроризмнің алдын-алу шаралары жөнінде кездесулер өткізіліп жүр.

- «Деструктивтік діни ағымдардан жапа шегудің жеке тұлғаға психологиялық әсері» тақырыбындағы «дөңгелек үстел» психолог студенттер арасында тұрақты жүргізіліп оған басқа мамандық студенттері қатысып жүр.

- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы шығарған «Дін мен дәстүр» Кітабының тұсаукесері Атырау облысы Дін істері басқармасы бастығы, бас имамның, студенттердің қатысуымен өткізілді.

- Университет оқытушы-профессорлары Астана және Алматы, Атырау қалаларындағы жоғарыда талған тақырыпқа сай форумдарға қатысып, ой бөлісіп, өзіндік пікір білдіруде.

Студенттік жастармен терроризмге қарсы бағыттау жұмысы жүргізілуде.

Бұл мәселеде қалыс қалып отырған жастардың тағы бір әлеуметтік тобы, экстремизм мен терроризм бойынша қылмыс жасап сотталғандар, олармен құқық қорғау ұйымдары, қоғамдық ұйымдар жұмыс жасауғанымен бостандыққа шыққан соң назардан тыс қалып жатады.

Ал өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген жастармен діни сауат жұмысын жасау қоғам алдындағы өзекті проблема болып табылады. Оларды діни сауаттылықты арттыру жұмыстарына тартып жатқан қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік ұйымдар өте аз.

Мәселенің экономикалық жағы, сепаратистерді қаржыландыру, адамдардың қиын материалдық жағдайын, отбасындағы қайғысын оңтайлы пайдалану т.б. амалдарды қамтиды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Экстремизм мен терроризмнің алдын алу ісі біріншіден, ұлт тарихын әдеп-ғұрпын насихаттау арқылы жүргізу керек. Халқымыздың аяулы перзенттері, ислам дінін насихаттай отыра, дін аясында қаншама істер бітірген. Мәселен, ислам өркениетіне үлесін қосқан бабаларымыз Аль-Фараби, Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, Қадырғали Жалайыр, Бекет ата т.б. еңбегі ұшан теңіз. Ислам дінінің қазақ мәдениетіндегі орны ерекше екендігі баршаға аян.

Екіншіден, ата-аналармен жұмыс, балаларды дәстүрлі дін, ата-баба салты, әдеп-ғұрып, ұлт мәдениеті аясында тәрбиелеу. Бейбітшілік пен төзімділікті, үлкенге ізет, кішіге ілтипатты насихаттайтын ата салт-дәстүріміз келешек жастарға берері мол екеніне сенім мол. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзінде, «қазақ халқының жеткен жетістігі, шыққан биігі ата-бабаларымыздың, салт-дәстүріміз арқасы» - деп атап өткен болатын [5].

Терроризмнің алдын алу ісінде ауыл жастарын, студенттерді, өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген жастарды қоғамдық ұйымдар арқылы қамту, осы істе бұқаралық ақпарат құралдары жұмыстарын одан әрі дамыту керек деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 18 қазан 2011ж.
- 2 Ш.Әділбаева. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз. Алматы, 2011.
- 3 ҚР Конституциясы. Алматы.1995.
- 4 Дін мен дәстүр. 1 кітап. Алматы, 2014.
- 5 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14 Желтоқсан 2012 ж.

Резюме

В данной статье рассматривается вопрос о терроризме, который стал международной проблемой современного мира. Авторы затрагивают проблему предотвращения и борьбы с терроризмом и предлагает различные пути повышения религиозной грамотности среди молодежи, а также сделан вывод об эффективных методах решения данной проблемы.

Summary

This article discusses the issue of terrorism, which has become an international problem of the modern world. The author touches upon the issue of preventing and combating terrorism and offers a variety of ways to improve religious literacy among young people, as well as the conclusion of the effective methods for solving this problem.

Қабылданған күні 20.02.2015 ж

ӘОЖ 343.851

Б.К.Тажгарина

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ, Студенттік даңғылы 212
Tazhgarina@mail.ru

ЖАСТАР ОРТАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ЖӘНЕ ӨНЕГЕЛІК ҚАСИЕТТІҢ ДЕҢГЕЙІН ЗЕРДЕЛЕУ

Аңдатпа

Бұл мақалада – жастар ортасындағы рухани және өнегелік қасиеттің деңгейі зерделенген. Жастардың құқық бұзуға бейім мінез-құлқының алдын алудың теориялық және тәжірибелік мәселелері қарастырылған.

Негізгі сөздер: *криминология, биоәлеумет, психология, жасөспірім, руханилық пен имандылық.*

КІРІСПЕ

Қоғамды жаңғырту және демократияландыру процесінде, республиканың егемендікке ие болуы жағдайында, біздің қоғамымыздың тарихы, оның көптеген әлеуметтік институттарының қызметі қайта ой елегінен өткізіліп жатқан кезде халықтың рухани өмірінің өз кезінде ұмытылған немесе тыйыс салынған құбылыстары қайтып оралуда, өткеннің әдеби-тарихи мұрасын қайта өркендету қазіргі заманның аса көкейкесті проблемаларының біріне айналып отыр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасында ересек адамдар арасында да, жастар арасында да қоғамға қауіпті қылмыс жасау барған сайын көбейіп келеді. Сондықтан да қылмыспен күресу үшін және оның алдын алу үшін, бүгінгі таңда жас адамдардың қылмысқа барудағы негізгі себептерін анықтай отырып, оған қатысты ұсыныстар жасалынуы аса қажет. Өйткені қазіргі таңда Қазақстан Республикасы аумағында осы бағытта жұмыстардың жеткіліксіз тұстары кездесуде. Мысал ретінде тоқталатын болсақ, соңғы жылдары криминологиялық зерттеулерде жастардың қарама-қарсы екі санатын – студенттер мен ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері бойынша бөлімшелерінде есепте тұрған жастарды біріктіріп, зерделеу мақсаты алға қойылған жоқ. Жасөспірімдердің құқық бұзуға бейім мінез-құлқын оларға нашар әлеуметтік орта әсер еткендіктен, сол ықпалдан барып қалыптасқан бейморальдық, бірақ қылмыстық емес мінез-құлық (девианттық) деп қарастырады. Сонымен қатар, құқық бұзуға бейім мінез-құлық криминогендік деп те қарастырылады. Әрине, ондай мінез-құлықтан (делинквенттік) қылмыстың жасалу мүмкіндігі зор. Бірақ бұл жерде құқық бұзуға бейім мінез-құлықтың пайда болуына әсер ететін ортақ әлеуметтік жағдайлар ғана емес, жастарға тікелей әсер ететін

кейбір келеңсіз жағдайларды, олардың жеке басының психикалық ауытқуларын қамтып зерделеуді қажет еді. Себебі соңғы жылдары Қазақстан Республикасында да күрделі криминогендік жағдай қалыптасты, онда қылмыстық көріністердің ауқымы жағынан да, азаматтың, қоғамның және мемлекеттің тіршілігіне тигізетін келеңсіз ықпалы жағынан да едәуір ерекшеліктер бар. Сонымен қатар жастардың құқық бұзуға бейім мінез-құлық мәселесі сан қилы әрі күрделі сипат алған жағдай ұдайы өзгеріп отырады, мұның бәрі ғылыми зерттеулерді керек етеді.

Криминологиялық ғылым да адамның өмір бойы басынан кешіретін өзгерістерін, биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, тарихи және эволюциялық факторлардың жиынтықтарынан туындаған ықпалының нәтижесі және сол ықпалдар нығайған кезде ғана байланыс арта түседі – деп санайды. Мысалы, криминологиядағы биологиялық тұжырымдама бойынша адамның қылмыстық мінез-құлқының тетігінде биологиялық қасиеттер мынадай түрде көрініс тапты: а) қылмыскердің шыққан тегіне, содан барып өзіне, оның табиғи қасиетіне әсер етеді; ә) қылмыскердің жан-тәнінің, яғни бойға біткен қасиетінің дамуын анықтайды; б) қылмыс жасап жатқан кезде тұлғаға әсер етеді; в) тәрбие табиғи даму процесін тек ғана тездетеді, не баяулатады. Оған әлеуметтік факторлар әсер етеді. Мысалы, 1) адам өмірге биологиялық тұлға болып келеді, содан кейін өз ортасының, төңірегіндегі өзі қатысатын топтардың әсерінен біртіндеп әлеуметтенеді; 2) орта – адамның қалыптасуының басты факторы; 3) тәрбие орта ықпалының сипатына түзету енгізуге тиіс; 4) даму деңгейі неғұрлым төмен болса, адамның биологиялық кейпі соғұрлым айқын көрінеді. Бірақ, «шыққан тектің жамандығы», физиологиялық немесе психикалық ауытқулар, қылмыстылықтың дамуында шешуші рөл атқармайды, себебі қоғамда адамды әлеуметтік құбылыстар өзгертеді, ал көрсетілген факторлар адам өмірінің әлеуметтік негіздерінің туындысы ғана болады [1].

Сонымен қатар, адамның дұрыс өсіп, дұрыс қалыптасуына азаматтық тәрбиенің орны өте зор. Азаматтық тәрбиенің, әр адамның қоғамдағы адамгершілігін, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Азаматтық тәрбие тиімділігін көтерудің арқасында төмендегідей жетістіктерге қол жеткізуге болады: азаматшылық идеяларын қабылдаудың психологиялық кейбір жағдайлары жасалады; азаматтар өз араларындағы міндеттерді мойындайтын болады; тату өмір сүруге дағдыланады; өз талаптарында, әрекет-қылықтарында, әдеттері мен әрекеттерінде, ниеттері мен қалауларында да астамшылыққа бармауға үйренеді; басқалар мүддесін де ескерудің қажеттігін сезінетін болады; қоғамдағы бейбітшілік, өзара түсіністік, ымырашылдық пен тәртіптілік сақтау үшін қажет азаматтық ортақтасудың басты шарты өзіндік бақылау мен қадағалау жүргізуге бейімделеді.

Криминологиядағы биоәлеуметтік тұжырымдаманың, адамның құқық бұзуға бейім мінез-құлқының тетігі мен психикалық өзгерістердің (ынта мен құмарлықтың) сыртқы жағдайлармен өзара әрекеттестігі бар бағыт екендігі дәлелденеді: 1) адамның құқық бұзуға бейім мінез-құлқын психологтармен, педагогтармен бірлесіп зерттеумен қатар, болашағы зор әлеуметтік биология ғылымының жетістіктерін де пайдаланған жөн; 2) адамның құқық бұзуға бейім мінез-құлық көрсетуіне, негізінен, биологиялық факторлар (әлеуметтік биология ғылымдарының, сондай-ақ кейбір криминологтардың пікірінше) себеп болады, олардың ең негізгісі – агрессия, ал ол қалыпты шамада ешқандай теріс салдарға алып келмейді. Бірақ адамның бұл психикалық қасиеті қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға қарай ұшығуы мүмкін. Мысалы, жұмыссыздық, мұқтаждық, ешқайда қажет болмай қалу, әлеуметтік

дәрменсіздік, тіршілік деңгейінің төмендеуі, қауіпсіздікке кепілдіктің болмауы адамдардың психикасына теріс әсер етеді, агрессивтігін көтереді, қылмысқа итермелейді; 3) жастар бойындағы агрессивтік мінез-құлықтың асқындауына оларға ата-ана тарапынан көрсетілген қатыгездік, ата-ананың арасындағы өзара түсініспеушілік, төңірегіндегілердің басқа адамдарға агрессивтік мінез көрсетуі, өмір құндылықтарының бұрмалануы және т.б. қатты әсер етеді; 4) агрессивтік (биологиялық) деңгейінің төмендеуі әлеуметтік факторлармен тікелей байланысты. Сондықтан да мемлекет әлеуметтік-экономикалық саясатқа көбірек назар аударып, халықтың тұрмыстық деңгейін ұдайы көтеріп отыруы керек. Жас ұрпақты сөзбен, уәдемен алдамай, нақты істерді жүзеге асыру қажет, тәрбиелеу, оқыту, моральдық-өнегелік құндылықтарды санасына құю, тамаша эстетикалық және этикалық сезімдерге баулу – агрессияны азайтудың бірден бір жолы; 5) этология ғылымының тұжырымына сүйенсек, жануарлар өздерінің агрессивтік әрекетін туыстарына қарсы мақсатсыз жасамайды екен. Өзіне қажеттіден артық ешнәрсе өлтірмейді. Ал, адам қылығы мүлде басқа, бәлкім ол оның ақылдылығымен байланысты болар. Сол ақыл оған өз қажеттілігін қандай жағдайда толығырақ қанағаттандыруға болатындығын көрсететін болу керек. 6) жабайы аңдарда табиғи жағдайларда өмір сүрудің ішкі талаптары мен сыртқы жағдайлары арасында қақтығыс болмайды, яғни оның ішкі талабы қоршаған табиғи ортамен қандай да бір үйлесімде болады. Ал адамның жоғарғы интеллекті, оның мәдени дамуын және онымен байланысты барлық атрибуттарды қамтамасыз етіп, туыстарынан бөлек, жеке өз тірлігін жасауға, бөлініп шығуға мүмкіндік береді. Бұл мән-жай адамның генетикалық деңгейде ерекшеленуін күшейтті [2].

Әр адам үшін, әлеуметтік ұстанымның маңыздылығы аса қажет. Әлеуметтік ұстаным арқылы, адамда қандай да бір із қалдыруға, бір қасиетті дамытып, ал екінші бір қасиетін жойып жіберуге болады.

Мысалы, егер кәмелетке толмағанның қалыптасуы, негізінен, бейресми демалу топтарының арасында жүзеге асырылса, онда оның бойында биресми арақатынастар үшін маңызды қасиеттер дамиды. Ол адамдармен тез сөз табысады, олардың көңіл-күйін қабағынан біліп тұрады және т.б. Сонымен қатар, олардаға еңбек ұжымында бағаланатын қасиеттер: тәртіп, кәсіби шеберлік және басқалар да әсер етеді. 1) жеке бастың айналасындағылардың құқыққа қарсы және бейморальдық іс-қимылдары жағдайында қалыптасуы (отбасы, жолдастары); 2) бұрындары биморальдық іс-әрекеттер мен әртүрлі құқық бұзушылық жүйесі ықпал етудің заңда белгіленген шараларын қабылдағаннан кейін де қайталануын қоймаған; 3) адамның қоғамдағы орнын; 4) өз іс-қимылын теріс бағалағанға көну, өзін-өзі қорғаудың әлеуметтік-психологиялық тетіктерін пайдалану; қылмыс жасау жағдайындағы белсенділік және себептерсіз қылмыс жасау және т.б.

Сонымен қатар, бұл жерде әлеуметтік ұстанымның маңыздылығын аша келе, криминология ғылымында бөлінген дәйекті-криминогендік, ситуациялық-криминогендік, ситуациялық типтермен байланыстыра отырып, әлеуметтік жағдай мен адамның жеке басының өзара әрекеттестігінің сипаты осы көрсетілген тип тармақтарын бөліп алудағы негізгі критерийлер болып табылатындығы анық. Мысалы, дәйекті-криминогендік тип тармағының, мораль және құқық нормалары ұдайы бұзылатын микроортада қалыптасатындығын, қылмыс іс-қимылдың дағдылы мәнерінен туындайды және оған субъектінің тұрақты қоғамға қарсы көзқарасы, әлеуметтік мақсаты, бағдары себепші болатындығын; мұндай адамдар қылмыс

жасау жағдайында белсенділік танытатындығын; бұл типтің өкілдері нақты ортаны өз мүдделеріне қарай өзгерте алатындығын.

Кәмелетке толмаған қылмыскерлерге 10-20 жылдан кейін жүргізілген криминологиялық зерттеулер көрсетіп отырғандай, дәйекті-криминогендік тип тармағы өкілдерінің 72% рецидивистер санатына, қалғандары – азғындаған адамдар (маскүнемдер, жезөкшелер) қатарына қосылғандығы, жұбайы, ата-анасы, әкесі немесе шешесі тарапынан жасалған қатаң бақылау нәтижесінде қылмысқа бармағандар енжар түзелгендігі, ал өз ықтиярымен құқық бұзуға бармағандар – тез түзелген адамдар қатарына жататындығы, соңғылар, әдетте, кездейсоқ қылмыскер болғандығы көрсетіледі.

Сонымен қатар, құқық бұзуға бейім мінез-құлыққа әсер ететін келеңсіз әлеуметтік жағдайларды экономикалық, саяси, идеологиялық, мәдени-тәрбие салаларында, сондай-ақ әлеуметтік қатынастар саласында көруге болады. Мысалы, экономика саласында ол: жұмыссыздық, дағдарыс, өндіру мен тұтыну арасындағы қайшылық, еңбек түрлері, нысандары және жағдайлары арасындағы айырмашылықтар, материалдық қамтамасыз ету деңгейінің әртүрлілігі және т.б.

Саяси салада: сыбайлас жемқорлық; билік пен басқару жүйесіндегі қайшылықтар; демократияның деңгейі мен оны жүзеге асырудағы қайшылықтар; заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етудегі қайшылықтар және т.б.

Әлеуметтік қатынастар саласында: отбасы табыстарының әртүрлілігі; ең төменгі күнкөріс мөлшерінің аздығы; жастардың қоғамдық еңбекке толық қамтылмауы; әртүрлі елді мекендердегі (қала-ауыл, орталық-шалғай) тұрмыс жағдайының бірдей еместігі және т.б.

Идеологиялық салада: білім беру және тәрбиені ұйымдастыру жұмыстарындағы қайшылықтар; қоғамдық сана мен жеке адам санасы арасындағы қайшылықтар; қоғам мүшелерінде өнеге деңгейінің төмендігі; әртүрлі діндер арасындағы алшақтық және т.б.

Мәдени-тәрбие саласында: білімділіктің, ғылымның, кәсіби іскерліктің беделінің түсуі; құндылық бағдарының өзгеруі; мемлекеттен қолдау таппаған мәдениеттің, ғылымның, өнердің коммерциялануы; қылмыстық әрекетке, маскүнемдікке, нашақорлыққа, жезөкшелікке тарту, кейде оларға жағдай тудыру; қасақана қылмыс үшін жауапқа тартылуды, соттылықты ұятқа санамау және т.б.

Осы аталғандарға орай бүгінгі жағдайға тоқтала келе, елдің экономикалық жағдайының жалпы нашарлауы, нәтижесінде соңғы кездері әлеуметтік және экономикалық сипаттағы келеңсіз процестер орын алды, әлеуметтік институт болып табылатын отбасының керегесі босады, балалардың өмірі мен денсаулығына дұрыс қамқорлық болмағандығы, реформа кезінде Қазақстан халқының өмір деңгейі 30%-ға төмендеді (бұрын да онша жоғары емес еді), табысы ең төменгі күнкөріс мөлшерінен аз отбасылар саны көбейді. Қазіргі кезде балалардың 10%-на жуығы кедей отбасыларында тұратындығы айтылады. Бұл мән-жайлар жасөспірімдердің мінез-құлқының дұрыс қалыптаспауына, ақыл-естерінің ауытқуларының пайда болуына әсер етіп отыр. Мысалы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтеріне қарасақ, 2006 жылдың өзінде жүйке-психикалық ауру балалардың саны артып, 45% құрап отыр. Ал, экономикалық жағдайдың нашарлауынан отбасыларына әлеуметтік қызмет көрсетудің көлемі ұдайы азаюда. Төлемақының көтерілуінен ондай қызмет көрсетуді пайдалану қиынға түсті. Жұпыны отбасыларының балалары (олар көпшілік) өздері қызығатын клубтарға, спорт секцияларына бару, сауықтыру лагерьлерінде демалу, сауықтыру орындарында

емделу мүмкіндігінен айырылды. Нәтижесінде олардың қолы бос уақыты қылмыстық сипат ала бастады, тіптен, криминологиялық әдебиетте «бос уақыттағы қылмыстылық» термині пайда болды. Криминологиялық зерттеулерге сүйенсек, барлық «бос уақыттағы» құқық бұзушылықтың 80%-нан астамы 16 сағат пен 24 сағат аралығында жасалады екен. Ата-ананың әлеуметтік қауқарсыздығы, әдепсіз өмір салты, маскүнемдік, әсіресе әйелдердің ішімдікке салынуы балалардың қауіпті ортаға түсу мүмкіндігін арттырды. Соттар жылына ата-ана құқығынан айыру туралы 23 мыңдай іс қарайды екен. Қамқоршы органдарға да соншалық іс түседі. Қазақстан Республикасы ІІМ есебіне жүгінсек, соңғы 6 жыл көлемінде Республика аумағында қылмыстың 42%-ын жасөспірімдер жасап отыр. Отбасыларында, сондай-ақ мектепке дейінгі мекемелерде, оқу орындарында, балалар үйлері мен интернаттарда, жабық арнайы оқу-тәрбиелеу мекемелерінде балаларға қатыгездік көрсету, ар-намысын таптау, психикалық және тәндік зорлық-зомбылық жасау жиі кездеседі (барлық балалар жарақатының 70%-ы отбасында, тұрмыста болған). Қатыгездікке шыдай алмай жылына 2 мыңдай бала өзіне өзі қол жұмсаған, 30 мыңға жуығы өз үйінен, 6 мыңдайы балалар үйінен және мектеп-интернаттардан кетіп қалады. Шамамен 5-7 мың жасөспірім қылмыстық озбырлықтың құрбанына айналады. Ішкі істер органдары жыл сайын 5 мыңнан аса балаға іздеу жариялайды. Балалардың жүріс-тұрысын ата-аналардың бақыламауы, оларды өз бетімен жіберуі, нені қызықтайтынын, қалай оқитындығын білмеу және т.б. немқұрайдылық педагогика тұрғысынан алғанда «қиын» баланың қалыптасуына жағдай тудырады, ол алғашында ұсақтан бастап (карта ойнау, ішімдіктің, есірткінің дәмін тату, ұрлық және т.б.), кейін елеулі құқық бұзушылыққа барады. Ішкі істер органдарының әсіресе, бұрын жастар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу міндеті жүктелген бөлімшелердің жұмысындағы кемшіліктер мен қателіктер. Бұл, ең алдымен, ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімшелердің құқық бұзушы жасөспірімдерді, қолайсыз отбасыларын дер кезінде анықтау жұмыстарын ұйымдастырудағы кемшіліктер; криминалдық полицияның жедел тобының кәмелетке толмағандардың қылмыстарын тез ашып, жастардың қылмыстық тобын ыдырату жөніндегі жұмысында орын алып отырған кемшіліктер; кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын ерте бастан болдырмауға бағытталған іс-шараларды жоспарлаудағы кемшіліктер; ішкі істер органдарының мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен өзара байланысының нашарлығы. Беделі бар қылмыскерлерге еліктеу, солардай болуға ұмтылу, олардың өмір салтына қызығу кәмелетке толмағандардың мінез-құлқына қалайда теріс ықпалын тигізеді.

Сонымен қатар, статистика бойынша кәмелетке толмағандар арасында қылмыс ауылды жерге қарағанда қалалық жерлерде 2 есе көп жасалынады екендігі, оған мынадай жағдайлар әсер ететіндігі көрсетілген: 1) отбасындағы байланыстың нашарлауы, күнұзақ жұмыста болғандықтан ата-аналардың баланың жүріс-тұрысын бақылай алмауы; 2) қылмыстық элементтердің қалаларда шоғырлануы, ал олардың бір мақсаты – жастарды қылмыстық әрекетке тарту; 3) қалаларда мінез-құлқы қоғамға жат адамдардың өзара байланысу, топқа бірігу мүмкіндіктері зор; 4) кәмелетке толмағандардың ересектердің көзінен таса жерде уақыт өткізуге мүмкіндік табуы; 5) тұрған жерді тез ауыстырып, сол қала аумағында басқа жерге оңай жинала салу мүмкіндігі; 6) тұрған жері мен бос уақытын өткізетін жер аралығының алшақтығы, мұндай жағдай әсіресе отбасылар бір жерден екінші орынға жаппай көшкенде болады, балалар бос уақытын бұрынғы тұрған жерде өткізуге ұмтылады; 7) қалада материалдық қаражатты қылмыстық жолмен табу

оңай; 8) қалада жастарды өзіне тартатын «бұзылған» жерлер жеткілікті; 9) ауыл жастары сияқты табиғатқа жақын емес, оларда мейірімділік, басқаларды аяушылық сезімі жақсы қалыптаспайды; 10) ауылдағы сияқты емес, төңірегіндегілердің пікірімен онша санаспайды; 11) ауылға қарағанда қалада кәмелетке толмағандардың бос уақытты өткізуі көп шығынды керек етеді және жастарға арналған демалу орындарының болмауы құқыққа қарсы мінез-құлықтың асқындауына алып келеді.

Осыған байланысты, бүгінгі таңда елімізде әлеуметтік жағдайды арттыру басты мақсат екендігі, қоғам өміріндегі келеңсіз әлеуметтік мән-жайлар мен адамның жеке басының әлеуметтік жағдайы (жұмыссыздық, кедейшілік және т.б.) психикаға тікелей әсер етеді (ашу, ыза, кек пайда болады). Бұл нақты мән-жайлар адамға теріс ықпал еткенмен, қылмысқа себеп болмайтындығы, сондықтан, кез-келген іс-әрекет адамның жеке басымен тығыз байланыстылығы дәлелденген.

Қылмыстылықтың жекелеген түрлерінің криминологиялық маңыздылыққа ие ерекшеліктерін ескермеу – онымен күресте мақсатты және нақты тәсілдерді қамтамасыз етпеу деген сөз. Сонымен қатар, қылмысты жасаудағы қылмыскердің мінез құлқын да жетік талдап өту аса қажет. Қылмыскердің жас ерекшелігіне, оның өскен ортасына, әлеуметтік жағдайына қарай. Мысалы, кіші және ересек жастағы жасөспірім арасында ортақ ұқсастықтар көп және ол аралықты бозбалалық шаққа өту кезеңі дейді. Кәмелетке толмаған 11 мен 15 жас аралығындағы жасөспірімдерге әлеуметтік тәжірибенің жетімсіздігі, жоғары сезімдік, қозғыштық, еліктеуге бейімділік, көзқарасы мен мінез-құлқындағы қарама-қайшылық пен тұрақсыздық, сырт адамның ықпалына икемделгіштік, сырт көзге ересек көріну ниеті тән. Олар тіпті өзін ересек етіп көрсету үшін жұрт көзінше темекі шегіп, ішімдік ішуге, жанжалға, ұрысқа араласуға дайын. Ондай балалардың көпшілігі ата-аналарымен бірлесіп шешетін мәселелерді өз бетінше, үлкендердің келісімінсіз шешуге тырысады (мектепті тастап кету, өзінше бір жұмысқа тұру, өзінің жеке заттарын сатып жіберу немесе басқа зат сатып алу). Ал, жасөспірімдік кезеңнің табалдырығын аттаған 11 жастағы бала мен бозбалалық кезеңге ауыса бастаған 15 жастағы жасөспірімнің физикалық және психикалық жағынан, ал соған байланысты әлеуметтік сана тұрғысынан ерекшеленетінін, аңғаруға болады. Кіші жастағы жасөспірімдік кезең ол балалық шақтан ересек шаққа көшу мерзімінде бала ағзасының мінез-құлық, әрекетіне белгілі бір дәрежеде әсерін тигізетін физиологиялық өзгерістер процесі жүреді. Бұл жас аралығында бала мінез-құлқында көріне бастайтын өзгерістерге байланысты дисгармония (үйлесімсіздік) кезең деп атауға болады. Міне осындай талдаулар арқылы, қылмыстың алдын алуда үлкен жетістіктерге жетуге болатындығы көрсетіледі.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында көптеген діни ағымдар, діни секталар жұмыс істеуде. Олар біздің жастарымызды қандай жолға бағыттайтыны белгісіз. Сондықтан жастардың қылмысқа бармау, құқық бұзбауының, адаспаудың негізгі бағыты ол діни сауаттылықта. Қазақстанның әрбір жас мүшесі діни жағынан сауатты болса, қылмысқа, құқық бұзуға бармайды. Ол үшін жастармен тікелей жұмыс істейтін педагогтар мен заңгерлер өздері діни сауатты болуы шарт. Мысалы, дінге мысал ретінде «ислам» діні көрсетіледі. Себебі, қоғамда исламдық мораль нормалары мен мінез-құлықтың этикалық ережелері нормаларының қайта жандануы және мемлекет заңдарын сақтау рухани-өнегелілігі жоғары адамды қалыптастыруда оң нәтиже бере алады. Ислам өз көрінісін өнегелік және өнегесіздік туралы ұғымдар мен түсініктерден, моральдық нормалардың жиынтығынан табады. Құранда ол

туралы нақты жазып көрсеткен. Ол, адамдардың рухани, өнегелік және сана-сезімдік мәселелерін дін ғана біржола шеше алады, ол адамға соншалықты қажет ұстамдылық, төзімділік сияқты қасиеттерді баулиды, адамды қоғам мен мемлекеттің ешқашан толық жетілмейтіндігін ұғынуға және оның деңгейінен жоғары көтерілуге үйретеді. Ислам этикасының нормалары ұтымды ақыл-оймен және адам интеллектісімен сәйкес келеді. Егер «жоғарыда» ешнәрсе болмаса, бұл өмірде ойға келгеннің бәрін істей беруге болады деп санау адамның азғындауына алып келеді. Сондықтан да этикалық тәрбие мәселесі әруақытта мәңгілік әмбебап өнегелік негізге сүйену керек, содан ғана мәдениет, тәрбие, білім дәні өсіп шығады. Исламдық этика мұсылман дінін ұстанатын адам үшін сондай негіз болып табылады.

Құқықтық тәрбиеде қолданатын, ескеретін жай қазақ үшін заң – әдет, салт-дәстүрінің өзі моральдық құқық ретінде өмір сүрген. Сондықтан болашақ заңгерлер, педагогтар халықпен, оның ішінде жастар мен құқықтық тәрбие жүргізілгенде өз халқының ғасырлар бойы жинаған құқықтық мәдениетін бойына сіңіре, оны бүгінгі талапқа сай кәсіби қызметінде пайдаланса, құқықтық тәрбиенің маңызы арта түседі. Бұл – жастарды құқыққа қарсы мінез-құлықтың қалыптасуындағы негізгі тәрбиелік жолы.

Қылмыстылықтың алдын алу дегеніміз – бұл мемлекеттің, қоғамның, жеке және заңды тұлғалардың қылмыстылыққа жаңа адамдардың тартылуына, жаңа қылмыстық іс-әрекеттердің жасалуына, қоғамдық қатынастардың ары қарай криминалдануына жол бермеу мақсатында қылмыстылықтың детерминация және себептілік процесіне мақсатты ықпал етуі.

Сонымен қатар, кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға ықпал етудің негізгі педагогикалық әдістері мен тәсілдерін қарастырыла келе, оны қалыпқа келтіруде кәмелетке толмағандардың істер жөніндегі бөлім қызметкерлерімен бірге психолог-мамандардың, педагогтардың, криминологтардың көмегі керек. Бұл жұмыстың ұтымдылығын арттыру үшін кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың, әсіресе дамуында қандай да бір ауытқушылық барлардың, ал олардың ішінде полицияда есепте тұратындары аз емес, жеке басын зерделеуге арналған жаңа әдістемелік нұсқаулар керек.

Криминологиялық теория әлеуметтік биология ғылымымен үйлесімін тапқан жағдайда ғана табысты дами алады, себебі оларды ортақ мәселе – адам болмысын зерттеу мәселесі біріктіріп тұр. Желікпеліктің (маниакальность) қандай кейпі криминогендік мінез-құлықтың: агрессияның, қатыгездіктің, іш тарлықтың, сараңдықтың және т.б. негізінде жатыр. Бұл табиғи теріс қасиеттер белгілі бір қолайсыз әлеуметтік жағдайларда үдеп, керісінше, тәрбиелеу, оқыту, моральдық-өнегелік құндылықтарға баулу нәтижесінде ол қасиеттерден арылуға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, адамның құқыққа қарсы мінез көрсетуінің басты себептері, негізінен, биологиялық факторларда жатыр, олар әртүрлі желікпелік тудырады. Адамның бұл психикалық қасиеттері қоғамның әлеуметтік-экономикалық ахуалынан, ата-ананың балаға қатыгездігінен, ата-ананың бір-біріне араздастығынан, сондай-ақ жасөспірімнің төңірегіндегі адамдардың оған көрсеткен зорлық-зомбылықтарынан шиеленісуі мүмкін.

Егер адамда (қоғамда да) агрессивтік, қатыгездік және желікпеліктің басқа түрлері артатындай мүмкіндік болса, онда оларды қалыпты деңгейге дейін

төмендететін де мүмкіндік бар. Ондай мүмкіндік тәрбиелеуде, оқытуда, этикалық және эстетикалық құндылықтарға баулуда жатыр.

Адамның желікпелік қасиеттерінің ішінен агрессивтіктің ерекше түрін – «криминалдық агрессияны» бөліп алуға болады, бұл адамның айырықша психикалық күйі. Себебі әлеуметтік биология және этология ғылымдары агрессияны адам бойында болуға тиісті табиғи инстинкт деп есептейді.

Қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық келеңсіз мән-жайлар (жұмыссыздық, дағдарыс, кедейшілік, өндірістегі қиындықтар, еңбектену саласындағы қайшылықтар) құқыққа қарсы мінез-құлықтың себептері бола алмайды, олар тек адамның ондай мінез-құлқын қоздыратын, оның психикасының өзгеруіне себеп болатын жағдайлар ғана.

Әртүрлі жас санаттарының жалпы құқыққа қарсы мінез-құлқына сипат беретін ортақ әлеуметтік жағдайлармен қатар (ортақ санат) екінші және үшінші деңгейдегілер де бар. Мысалы, келеңсіз сипаттағы объективтік жағдайлардың екінші деңгейіне жасөспірімді әлеуметтендіретін мән-жайлар және қалада бар барлық ерекше жағдайлар жатады (ерекше санат). Әртүрлі шамада барлық жастарға тән психикалық ауытқулар түрі үшінші деңгейді құрайды (бірлі-жарым санат).

Сыртқы мән-жай (жағдай), сөзсіз, құқыққа қарсы мінез-құлықтың генезисінде маңызды рөл атқарады. Адам болмысының күрделі жаратылысы генетикалық деңгейде айырықша жадының дамуын қарастырған (адамдар тіршілігінің ұтымды-әлеуметтік тәжірибесі), оны ең ұтымды тәжірибенің негізі – руханилық және өнегелік санаттар. Бұл аталғандар, адамда бойында бірімен-бірі тығыз байланысқан. Адамдардың құқыққа қарсы мінез-құлықтары сияқты, рухсыздық пен өнегесіздік, адамның тәжірибеде дұрыс болуын қалыптастыра алмайды, ал онсыз адам да, қоғам да жетіле алмайды.

Руханилық пен имандылықтың қайта жандануы елдегі криминалдық жағдаймен тікелей байланысты. Келеңсіз үрдістердің біртіндеп жинақталуы қоғамның, әсіресе зиялылардың сапалық күйінен көрініс тапты. Мұны қылмыстық статистика талдамасы, автордың зерттеулері көрсетіп отыр. Мысалы, руханилық деңгейді анықтауға және моральдық тиянақтың бар-жоқтығына қатысты сұрақтарға респондент – студенттердің 13,7%-ы әдептілік, өнегелік дегенді ұмытып, өте анайы, дөрекі сөздермен жауап берген. Олардың 15,4%-ы тоталитарлық режимге қайта оралу керек екендігін ашық айтқан.

Ұлттық рухани және имандылық қасиеттерінің қайта жандануы исламдық этикаға негізделуі тиіс, оның моральдық нормалары жастарды тәрбиелеудің қазіргі тұжырымдамасында өз орнын алуы керек.

Қазіргі тәрбиедегі басты мәселелердің бірі – еркін тәрбие мен мәжбүрлеп тәрбиелеудің шегін анықтау. Педагогикада адам бостандығының дәрежесіне қарай тәрбие процесінде гуманистік және авторитарлық бағыттар бөлініп алынады. Гуманистік бағыт адамды қоғамдық дамудың жоғарғы мақсаты және құндылығы деп қарастырады, ал авторитарлық, керісінше, адамды оның қоғамға қосқан үлесіне қарай бағалайды. Яғни, тәрбиенің қазіргі тұжырымдамасы осы екі бағытты ұстауы тиіс. Мысалы, авторитарлық бағыт, кәмелетке толмаған құқық бұзушылар арасында және олар үшін жабық типтегі мекемелерде оқу ұйымдастырғанда тиімді болар еді.

Сендіру әдісі шегінде авторитарлық педагогиканың тәрбиелік ықпалының әртүрлі тәсілдері, амалдары және құралдары қолданылады: криминалдық ортадағы жалған көзқарастар мен бедел иелерін әшкерелеу; жақын немесе әйгілі адамдарға

еліктеуге болатындай келбет жасау; қандай да бір құқыққа қарсы іс-әрекеттің теріс салдарларын, оның психологияға және өнегеге жат жақтарын көрсету.

Ықпал ету өрісіне байланысты (мысалы, санаға, мінезге, көңіл-күйге) тәрбие процесінің әдістері де, амалдары да, тәсілдері де өзгереді. Басқа сөзбен айтқанда, негізінен, құқықтық пікірлерді, білімді, теріс қылықты бағалауды, оң мінездің бағыттылығын және т.б. қалыптастыруға бағытталған әдістер бар. Оларды сананы қалыптастыру әдістері дейді. Және де әдеттерді, таптаурын мінез-құлықты, бір типті реакциялар қалыптастыруға бағытталған әдістер де бар. Оларды мінез-құлықты қалыптастыру әдістері деп атайды. Кейде қосымша деп аталатын, оң мінездің қалыптасуына біршама көмек ететін, көңіл-күймен байланысты да әдістер бар (мадақтау, жазалау, жарысу және т.б.).

Жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай бағып жүретін, көптің көкейіне үміт отын жағып жүретін адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретіндей болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1 Алауханов Е. Криминология. Учебник. – Алматы. 2008. – С.10.

2 Абдиров Н. М. Бороться – значит предупреждать //Предупреждение преступности. 2000. № 1.- С. 114.

Резюме

В статье исследована тема духовных и моральных качеств молодёжи. Рассмотрены проблемы практики и профилактики среди молодёжи, склонной к нарушению закона.

Summary

In the article the themes of spiritual and moral qualities of the young. We consider the practices and prevention among youth are prone to break the law.

Қабылданған күні 20.02.2015 ж

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ**

ӘОЖ 796.011.1

А.Қ.Мұхамбеталиев, Ғ.Б.Базарғалиев

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212

**ЖАСТАРДЫ СПОРТТЫҚ БІЛІМ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТАРАЛЫҚ ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСҚА ТӘРБИЕЛЕУ**

Аңдатпа

Жастарды спорттық білім негізінде ұлтаралық келісімділікке тәрбиелеу, жаттықтырушының, дене шынықтыру мұғалімінің қазіргі қоғамдағы ролі.

Негізгі сөздер: патриотизм, идеялық деңгей, спорттық сайыстар, интернационалдық қасиеттер, салауатты өмір.

КІРІСПЕ

Жастардың халықаралық жарысқа қатысуы кез келген мемлекет үшін үлкен аброй. Мұндай жарыстарда жеңімпаздар үшін өз елінің мемлекеттік туы көтеріледі, әнұраны орындалады. Бірақ, мұндай құрметке ие болу үшін спортшының алдында ұзақ бар. Ұстаздардан тәлім-тәрбие алып, шеберлігін шыңдай отырып, өз отанын мақтан тұта білетіндей, елжандылық, интернационалдық сияқты қасиеттерді де қоса игеру керек. Спорт еш уақытта өзімен-өзі шектеліп, жеке - дара өмір сүрмейді. Жастар ұжымда, мектепте, жоғары оқу орнында, өндірісте, спорт секцияларында тәрбиеленеді. Мұнда олар өзге әріптестерімен, өзге ұжымдармен өзара іштей бәсекелесіп, жарысып, спорттық сайыстардан қатысады. Міне, нақ осы жерде олардың өзара жолдастығы, достығы, қарсыласын тануы, құрметтеуі, тіл табысуы, өз мектебі, елінің абырой-беделі жолындағы елжандылығы бекіп, ерік-жігері, тәртіптілігі, бір сөзбен айтқанда, азаматтық болмысы қалыптасады. Мұндай жағдайда спортшының бойына идеялық сенім, шыншылдық, жоғары жауапкершілік, пәрменділік, оқу мен еңбекке деген көзқарас сияқты тәлім-тәрбие идеясын дарыта білу керек. Бұл істің жемісті болуы, әрине, жаттықтырушыға, педагог-ұстазға байланысты. Ол өз кезегінде оқу мен тәлім-тәрбие жұмысын байланыстырып, қатар жүргізіп отыруы тиіс. Әрбір жас ұланның өз ұстазына немесе үлгілі үлкендерге еліктейтіні бесенеден белгілі. Сондықтан да ұстаздың адамгершілігі жоғары болғаны абзал. Ол өзінің білік-білімін арттырып, идеялық деңгейін, көзқарасын, іс-тәжірибесін жетілдіріп отыруға тиіс.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тәрбие жұмысы кез келген жағдайға лайықты жүргізілуі керек. Ол шәкірттің болмысын жан-жақты терең білуге тиіс. Оның мінез-құлықтық тежелуін, әдет-дағдысын жете ұғынып, соған орай қатып қалған тәрбиелік айла-тәсіл қолданбай, керісінше, шәкіртінің сенімді көзқарасын жебеп, демей түсуге, алған ісінің дұрыс-бұрыстығын ажырата білуге, кездескен қиындықты жеңе білуге, келеңсіз мінез-құлықтан арылуына ықпал еткені жөн. Салауатты өмір сүріп, ағзаны зиянды, кеселді дерттен таза ұстағанда ғана, сондай-ақ оқу мен жаттығуға ынталы, жауапты көзқарас қалыптастырғанда, спортта алға қойған елеулі табыстарға жетуге болатынына сенімін арттыру керек. Мінез-құлқы берік қалыптаспаған, көзқарасы

тұрақсыз спортшылардың табысқа жетуі уақытша болады. Оларда «табыстан басы айналу» деген ауру пайда болып, спорттық тәртіпті бұзу жиі байқалады. Соның салдарынан рухани жұтаңдыққа ұшырап, күш-қуаты тоқырап, спорттан қол үзеді. Тәрбие жұмысында шәкірттермен ортақ әңгіме жүргізіп, немесе, қажеттілік туындаса, жеке-дара әңгімелесіп, оларға ақыл-кеңес берудің, топ алдында лекция оқу, баспасөзде жарияланған қызықты материалдарды оқып беру және өздеріне оқытудың, көрнекі құралдарды тиімді пайдаланудың, жарасамды әзіл-қалжың, сыни материалдарды оқытып, ой-санасына тәрбиелік түйсік берудің, спорттық разрядтардың белгісін салтанатты жағдайда табыстау мен марапат мадақ, мақтау сәттерінде бұған тәлім-тәрбиелік мен берудің, мәні зор. Сондай-ақ жеңімпаз атанған шәкіртіне сый-сияпат көрсеткенде де, оның қызғылықты, тартымды болуына назар аударудың, соғыс, еңбек, спорт ардагерлерімен кездесулер өткізудің пәрменділігі, тиімділігі ерекше.

Міне, осындай іс-шаралардың бәрі, тұтастай алғанда, жеткіншектердің, жастардың бойында берік идеялық сенім тудырады, көзқарасын қалыптастырады, рухани байлығын арттырып, жігерін жетілдіріп, спорттық табандылығын, қайсарлығын қайрайды. Олар өзінің іс-әрекетінің маңызды да мәнділігін терең ұғынады. Отан, халық алдындағы борышын сезінеді. Өскелең ұрпақ ұстазынан тәлім-тәрбиелік нәр алып, өз қабілетін, білік-білімін, бүгінгі таңда алда тұрған міндеттерді шешуге жұмылдыра білуі керек. Олар қоршаған ортада, спорт әлемінде нендей өзгерістер болып жатқанынан жан-жақты хабар алып, солардың ара-жігін ажырата білуі қажет. Бір сөзбен айтқанда, олар азаматтық парызын өтейтіндей дәрежеде болуы тиіс. Бұған кешенді іс-шаралардың өткізілуі өзіндік ықпал етеді. Бірақ, олар идеялық жағынан да, тәлім-тәрбиелік жағынан да үлгі аларлықтай дәрежеде ұйымдастырылу керек. Стадиондар мен кең тынысты жабық залдардың алаңдарында спортшылардың топтасып өнер көрсетуі, мемлекеттік тудың көтерілуі, жалт-жұлт еткен алуан түсті отшашулар, тек спортшылардың ғана емес, сонымен қатар іс-шаралардытамашалаған көрермендерді қуанышқа бөлеп, олардың спортқа деген ынтасын күшейтеді, отанға деген сүйіспеншілігін арттырады, патриоттық сезімін асқақтатады. Мұндай спорттық шаралар кезең-кезеңімен өткізіліп тұруы керек. Ол дене тәрбиесі ұжымдарында бастау алып, содан соң аудандық, қалалық, республикалық жарыстарға ұласады.

Міне, осылайша спорт жеткіншектер мен жастардың күнделікті тыныс-тіршілігінде өміршеңдік дағдының біріне айналады. Патриотизм - отанды сүю. Қай салада жүрсең де оған адал қызмет ету, оның қажетіне жарау, өркендеуіне үлес қосу, даңқын арттыру. Әрбір жеткіншек, жасөспірімнің, жеке тұлғаның елжандылықты сезіне білуі қажет. Қазіргіжастардың білік-білімі, ой-өрісі, адамгершілігі, мәдениеттілігі қандай дәрежеде? Отансүйгіштігің осы қасиеттердің жиынтығынан құралады. Ал, бұл адамда бірден бола қоймайды, бірте-бірте қалыптасады. Бастауын отбасынан алады. Жасжеткіншентер әуелі өз ортасын сыйлап, қадірлеп өсуі керек. «Отансүйгіштік отбасынан басталады» дегенде, міне, осы тұсты еске аламыз. Патриоттық сезім тіршілік өмірдің барлық саласында көрініс береді. Қазақстандық патриотизм дегенде оның жалпы патриотизммен тоғысатын тұстары да мол. Сонымен қатар өзіндік сыр-сипаты да бар. Тәуелсіздік алғанға дейін елімізде социалистік патриотизм белең алды. Ол кезде Отаныңды сүю үшін әуелі социалистік құрылысты қорғап, соны мойындап, сол үшін қызмет етуге тиіссің. Оны қорғауға міндеттісің. Онда бүкіл ақыл-ойың, бар болмасың бір шеңберге түсті. Соған қарамастан, отансүйгіштік тәрбиеге ерекше мән берілді. Халық осы социалистік

рухта өсіп қалыптасты. Ата-бабаларымыз нағыз патриотизмнің ұлы үлгілерін көрсетіп, жанқиярлықпен еңбек етті. Кеңес Одағы деп аталатын елді сыртқы жаудан қорғады.

Сондағы патриоттық іс-әрекет, жойқын қимыл, жасампаз еңбек тарих бетіне алтын әріптермен жазылып қалды.. Нақ сол тұста «патриотизм» деген ұғым «интернационализм» деген түсінікпен астасты. Ол бірін-бірі толықтырды. Қазақ халқының тілінде, «интернационализм» деген сөз болмаған. Себебі, ол тұмысында өзара да, көрші елдермен де интернационалдық достықта өмір кешкен. Өзге ұлттың өкілін жатсынбаған. Ешкімді де дініне, түр-түсіне, ұлттына қарап бөлмеген. Өзге ұлт өкілдері елінен, жерінен қуылғанда жылы ұяны Қазақстаннан таптуып, қазақтармен бірге еңбек етті. Ортақ жауға бірге аттанды. Тағдырдың ауыр-жеңілін бірге көрді. Өзге елдерден арып-ашып келгендерге қолындағысын бөліп берді, тіпті құрметтеп, төріне шығарды. Интернационалдық достық сезім дегенің қазақтарға ана сүтімен сіңіп, ұлттық дәстүріне енген. Мұны қазіргі ұрпақта орынды жалғастырып отыр.

Рас, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жастарға патриоттық тәрбие беру ісіне қылау түсті. Экономикалық күйзеліс елдің адымын аштырмады. Жастар жағы арақ-шарап ішуге, есірткіге еліктеуге бой алдырып, қылмыстық істерге дейін барды. Ұлт пен Отан тағдырына немқұрайлы қарау орын тепті. Жекелген адамдар қара басын ойлап, баюды көздеп, өз шаруасын күйттеп кетті. Балалар мен оқушы жастардың денсаулығы күрт төмендеп кетті. Мұндай келеңсіз көріністі түзеп, қалпына келтіру үшін шұғыл да пәрменді шараларды қолға алудың қажеттілігі күн тәртібіне келді. Сөйтіп, дене тәрбиесі мен спорт туралы, қорғаныс туралы, мемлекеттік рәміздер туралы, тіл туралы, бастапқы әскери дайындық туралы заң шығып, еліміз бойынша кешенді шаралар қолға алынды.

Қазақстандық патриотизмге қатысты жұмысты күшейту туралы елбасының жарлығыда шықты. Мұнда елдің өмірлік дамуындағы темір қазық болып саналатын жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесі жан-жақты қамтылды. Соның арқасында өскелең ұрпақтың дене тәрбиесімен шұғылданып, денсаулығын нығайтуда білім беру және медициналық мекемелердің рөлі артты. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде білім берумен қатар олардың салауатты өмір сүріп, азаматтық, моральдық-психологиялық санасын көтеру, патриоттық, интернационалдық сезімін қалыптастыру міндеті алға шықты. Сондай-ақ құқықтық, мемлекеттік жүйені, рәміздерді, соғыс пен жасампаз еңбек қаһармандарының өмірі мен қызметін, республикада тұрып жатқан халықтардың мәдениеті мен дәстүрін танып білудегі сапалық көрсеткішін арттыру талап етілді. Отанның тағдыры үшін оның табиғи байлығын сақтау, Отанды қорғауға дайын болу жолындағы жауапкершілік тәрбиесі де күн тәртібіне келді. Осы сапалы белгілер қоғамдағы ынтымақтастықты білдіреді.

Ең басты міндет министрліктер мен ведомстволардың, акционерлік қоғамдар мен жеке шаруашылық серіктестіктердің, еңбек ұжымдары мен жұртшылықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының күш-жігерін Қазақстан азаматтарына патриоттық, интернационалдық тәрбие беру жөніндегі кешенді шараларды орындауға жұмылдыру болып табылады. Патриот сөзі гректің «Отан», «Туған жер» деген атауынан шыққан. Патриоттық тәрбие, отанға деген сүйіспеншілік, бойдағы күш-қуат пен білімді Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жері мен тілін, халықының әдет-ғұрпы мен дәстүр-салтын, тарихын құрмет тұту сияқты абзал қасиеттерді қамтиды. Ол қоғамдық сананың бөлінбес бір саласы болып саналады.. Жастарды қазақстандық патриотизм мен интернационалдық халықтар достығы рухында тәрбиелеу барлық тәрбие ісінің күретаыры болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Патриоттық тәрбие – мемлекеттік, қоғамдық ұйым қызметіндегі идеялық тәрбиенің ең басты бағыты. Оның міндеті-азаматтарды өз Отанын шексіз сүйге баулу, олардың санасында Отанға адал қызмет етуді, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға әрқашанда сақадай сай дайын тұруын қалыптастыру. Интернационалдық тәрбие ұлтшылдықтың, шовинистіктің, нәсілшілдіктің қас жауы. Ол әр түрлі ұлт өкілдерінің туысқандық ынтымақтастығын қолдайды, халықтардың туысқандық қарым-қатынасын көздейді, достығын нығайтуға қызмет етеді, ұлт араздығына, алауыздығына, ұлттық жеке-даралыққа жол бермейді. Әрбір ұлт өкілдеріне құрметпен қарау, оның мәдениеті мен дәстүрін сыйлау қазақстандық патриотизмнің маңызды бөлшегі, тұрақтылық пен дамудың нығаю кепілі. Осы бағытта бұқараға ықпал етудің барлық құрал-әдісін пайдалану қажет. Бұған дене тәрбиесі мен спортта енеді. Өйткені, ол барған сайын халықтық, бұқаралық сипат ала бастады. Патриотизм мен интернационалдық достықтың спорттағы өрісі кең. Мұнда бәрі де өзара тең. Ең күштілері, мықтылары ғана жеңіске жетеді. Соның өзінде қарсыласың қандай ұлт өкілі болғандығына қарамастан, оны сыйлау спортшы бойында берік қалыптасады. Туысқандық, достық, ұжымшылдық сияқты мінез-құлықтар мен патриотизм мен интернационалдық деген ұғымдар қатар қалыптасады.

Резюме

В статье проанализированы вопросы воспитания учащейся молодежи межнациональному согласию на основе спортивного образования, рассмотрена роль тренера, учителя физической культуры в современном обществе.

Summary

Upbringing of the students to international consent on the basis of sports education, the role of trainer, the teacher of physical culture in modern society.

Қабылданған күні 23.02.2015 ж

ӘОЖ 373.2**Г.Е.Ищанова**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДАҒЫ ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ****Андатпа**

Бастауыш сынып оқушыларының халқымыздың дәстүрлеріне деген құндылық қатынасын қалыптастыруға ата-аналардың ықпалы зор екенін ескере отырып, олардың ықпалын жүйелі арнаға салу көзделеді. Осы мақсатпен отбасында ұлттық салт, дәстүрлерді пайдалануға ұмтылдыру, ынталандырып отыру, ата-аналардың осы бағыттағы істерін үлгі ету басты назарда болды.

Дәстүр, рәсімдерді орындау барысында қуанышты жағдайларды, көтеріңкі көңіл-күйді бастан кешіре отырып, олар елгезектік, эмоциялық еліктегіштік, әрқашан қарым-қатынаста жағымды бағыттылық дағдыларын меңгереді.

Негізгі сөздер: ұрпақ, болашақ, тәрбие, ұлттық құндылықтар, ұлттық салт, дәстүрлер.

КІРІСПЕ

Тәрбие дәрменсіз болмауы үшін ол халықтық болуы тиіс, яғни әрбір ұлттың өзіндік дәстүрін, салтын сақтап, сол рухта тәрбиелеуге баса назар аудару қажет. Болашақ ұрпақтың тәрбиесінің негіздері отбасы мен балабақшадан басталып, бастауыш сыныпта жүйелі жалғасын табады.

Кезінде белгілі қоғам қайраткері, педагог М.Жұмабаев: «Тәрбиеден мақсат - баланың тәрбиесін дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» - деген болатын [1].

Ал профессор Р.К.Төлеубекованың мына бір пікірлері осы тұжырымды жетілдіре түседі: «Тәрбиенің негізгі мақсаты- ұлттық сана-сезімі мол, рухани деңгейі биік, іскер, еңбекқор, иманды, әдепті адамды тәрбиелеу» [2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру жұмысы мұғалімнің осы бағыттағы атқаратын тәрбие жұмыстарына тәуелді. Оқушылардың ұлттық құндылықтар туралы білімін молайтып, белгілі бір құндылық бағалау, қатынас қалыптастыру үшін мұғалімнің шығармашылық сипаттағы іс-әрекеті, тұлғалық бағыттылығы, рефлексиялық қабілеттілігі мен осы жұмысқа дайындығы ерекше рөл атқарады.

Педагог ғалым К.Ж.Қожахметова мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиені ұлттық салт пен дәстүрге негіздеп ұйымдастыру және ұлттық құндылықтарға сәйкес мінез- құлық қалыптастыруды көздейтін этноәлеуметтік рольдерге баулуды ұсынады.

Қ.Қожахметова [3] әр адамның бойында қуат беретін, жігерін жасыртпай рухтандыратын ұлттық рухани- адамгершілік құндылықтарды еркеше бағалай келе төмендегідей түрде жіктейді:

Жалпы адамзаттық:

- Отан, отбасы, тәрбие, білім, махаббат, достық, бейбітшілік, теңдік, бостандық, ана, дін, өнер, жауапкершілік, адалдық, отансүйгіштік, сенім, ерлік, азаматтық, сыйластық, түсініспеншілік, мейірбандық.

Ұлттық:

- Ар, намыс, ана тілі, діл, рух, тәубашылық, ризашылық, Отанының тарихы, туған жер, ізеттілік, парасаттылық, рахымшылдық, қанағатшылдық, ата салты, дәстүр, жеті атасы, шежіресі.

Ерте жастан бастап туыстық қатынастың құндылығын сезіну, оның мәнін түсініп, соған сәйкес өз әрекеттерін реттеп отыру қоршаған ортамен қарым-қатынасының жағымды болуына жол ашады.

Отбасылық дәстүрлер негізінде ұлттық құндылықтарға бағыттау нәтижесінде төмендегідей дағдыларды қалыптастыру көзделеді:

- бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтар жөніндегі білімдерін кеңейте түсу, өз іс-әрекеттерін сол түсініктерге сәйкес реттеуге ұмтылдыру;
- ұлтымыздың қастерлейтін салт, дәстүрлерін оқушылардың санасына сіңіріп, өмір тәжірибесінде дағдыландыру;
- әр оқушының өзін-өзі тәрбиелеуінің мүмкіндіктерін кеңейту.

Осыған байланысты оқушылардың ұлттық салт, дәстүрлерді құндылық ретінде бағалап, оларды өз өмірлерінің басты бағыты деп тануларына ата-аналардың көмегін пайдалану мүмкіндігі бар. Себебі туысқандық қарым-қатынастағы бір-біріне өзара көмек көрсету дәстүрлері отбасында орындалып, балаларға үлгі етіледі. Көптеген отбасылық дәстүрлер балалардың қайырымдылық, өзара көмек көрсетудегі бағдарларын реттеуге әсер етеді. Ата-ана туысқандықтармен жағымды қарым-қатынастың мәнін түсіндіріп, көмек қажет ететін адамдарға қол ұшын беру керек екенін ұғындырып отырады.

Бастауыш сыныптағы тәрбие жұмыстарының оқушының жан-дүниесіне қаншалықты әсер етуін және ұлттық құндылық түсініктер негізінде құндылық бағдар қалыптастыруын бірыңғай жүйе ретінде белгіленді;

- Балаға эмоциялық ықпал жасау (сендіру, өнеге көрсету, түсіндіру, санасына сіңіру) (мотивациялық).

- Оқушылардың ұлттық құндылықтарды ажырата білудегі білімі мен білігін жетілдіру;

- Ұлттық құндылық бағдар қалыптастыруда тәрбие жұмыстарының әр түрлі әдістерін пайдалану (әңгіме, кеңес беру, талқылау) (әрекеттік).

Тәрбие үдерісінде бастауыш сынып мұғалімнің оқушылармен және ата-аналармен бірлескен жұмыстарын тереңдете түсу мақсатында ұлттық құндылық бағдар қалыптастыруға әсер ететін шаралардың тақырыптары мен формалары (дәріптеу кештері, кездесулер, сайыстар, драмалық қойылымдар, апталықтар, пед.лекторийлер, т.б.) белгіленіп, жүйелі жоспарлы түрде іске асырылды. Бастауыш сынып оқушыларының халқымыздың дәстүрлеріне деген құндылық қатынасын қалыптастыруға ата-аналардың ықпалы зор екенін ескере отырып, олардың ықпалын жүйелі арнаға салу көзделеді. Осы мақсатпен отбасында ұлттық салт, дәстүрлерді пайдалануға ұмтылдыру, ынталандырып отыру, ата-аналардың осы бағыттағы істерін үлгі ету басты назарда болды. Балаларға отбасында меңгертілетін ұлттық салт, дәстүрлер:

- туысқандық қарым-қатынас дәстүрлері: «жеті ата», «үш жұрт» ұғымдарына байланысты қарым-қатынас нормалары;

- достық, көршілік қарым-қатынас дәстүрлері;

- халқымыздың жас кезеңдеріне байланысты ырым-жоралғылары, рәсімдері;

- тәрбиедегі ұлттық дәстүр; тыйым сөздер мен ым-ишара;

- қонақжайлық дәстүрі – қонақ күту рәсімдері, қонаққа бару рәсімдері

жөнінде толық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін ата-аналарға арналған педагогикалық лекторий ұйымдастыру қолға алынады.

Профессор К.Ж. Қожахметова дәстүр ұғымына мынадай анықтама береді: «Дәстүр – тұлғаның маңызды рухани-адамгершілік сапаларын қалыптастыруға бағытталған күрделі қоғамдық қатынастардың жүйесі. Олар: өз халқына, отанына, тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік, оны қорғауға дайын болу, досқа адалдық, жауапкершілік, аманатты сақтау, ата-баба рухын қадірлеу, «қара шаңырақты» үлкендерді сыйлау. Дәстүр салттармен, рәсімдермен көрініс тауып отырады» [3, 273-6].

Ұлттық дәстүрлерді, мінез-құлық ережелерін эмоциялық-мағыналық талдау арқылы оқушылардың осы дәстүрлері ондағы әртүрлі рәсімдердің орындалу тәртібі әр отбасында сақталып, атадан балаға беріліп отырады. Қазақ халқының әдет-ғұрып рәсімдерін балалар отбасында көріп өседі, олардың түгелі дерлік балалардың қатысуымен орындалып отырады.

Халық үлгі тұтатын отбасылық құндылықтар деп мыналарды ерекшелейміз:

- үлкендерді сыйлау, олардың атын атамай ата, әже, аға, әпке деп қарым-қатынас жасау;
- бабаларды құрмет тұту;
- жасы үлкен қарияларға деген қамқолық.

Оқушыларға өз ұлтының дәстүрлерін, әдет, ғұрыптарын үйренуге қызығушылық туғызу баланың эмоциялық сферасының ерекшелігіне байланысты болады. Дәстүр, рәсімдерді орындау барысында қуанышты жағдайларды, көтеріңкі көңіл-күйді бастан кешіре отырып, олар елгезектік, эмоциялық еліктегіштік, әрқашан қарым-қатынаста жағымды бағыттылық дағдыларын меңгереді. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарға эмоциялық қатынасы олардың қызығуларының, икемділіктерінің және жағымды мотивациялары мен қажеттіліктерінің дамуының негізін құрайды.

Отбасылық дәстүрлер – тарихи қалыптасқан тұрақты қайталанып отыратын әлеуметтік өлшемдер шеңберіндегі отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы. Отбасылық дәстүр – халықтық тәрбиенің өзегі, әлеуметтік мәдени құндылықтарды беру құралы. Соның нәтижесінде құндылық бағдар қалыптасады. Халық үлгі тұтатын құндылықтар, үлкендерді сыйлау, бабаларды құрмет тұту, жасы үлкен қарияларға деген қамқорлық, бала дамуының түрлі кезеңдеріне қатысты отбасылық дәстүрлер (шілдехана, ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесер т.б.) арқылы үлгі етіледі. Отбасындағы құндылық бағдар қалыптастыруға ата-аналар тарапынан баланың қандай әрекеттерінің қолдау тапқандығы және қандай әрекеттері сынға ұшырап отырғандығы көп жағдайда әсер етеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын айқындайтын бірден – бір белгі – олардың отбасында жинақтаған құндылықтар жүйесіндегі білімдерін өмірде қолдана білуі [4,5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда театрландырылған мерекелер мен сайыс ойын сәттерін, ойын-мерекелерді көптеп пайдаланған жөн. Бұның өзі балалардың ойынға деген қажеттілігін жүзеге асырып, қозғалыс белсенділігін жетілдіреді. Ойын мерекелер балалардың ақыл-ой мүмкіндіктерін жұмылдырып, өзіндік тәртіп дағдыларын қалыптастырады. Мерекедегі жарқын көңіл-күй балалардың санасында ерекше із қалдырып, өзіне-өзі риза болуы және өз әрекетін объективті бағалауы жетіле түседі. Соның нәтижесінде баланың өзін-өзі бағалауы, құндылық бағдары жағымды болады. Ұлттық құндылықтарға бағыттайтын ойын-мерекелер арқылы балалардың ішкі жан-дүниесіне әсер етіп, олардың жүрек тәрбиесін іске асыруға мүмкіндіктер болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Рауан, 1992 – 112б.
- 2 Төлеубекова Р.К. Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану: пед.ғыл. канд...дисс-Алматы, 1993. – 162б.
- 3 Қожахметова К.Ж. Теоретика-методологические основы казахской этнопедагогика: дисс....пед. наук. -Алматы, 1998. - 431с.
- 4 Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. - Алматы: Комплекс, 2000.

5 Аңламасова Г.А. Мектеп оқушыларын адамгершілік құндылықтар негізінде әлеуметтендіру: пед. Ғыл. Канд...дисс.-Алматы, 2005.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы формирования национальных ценностей в воспитательном процессе начальной школы.

Summary

The article considers issues of formation of national values in the educational process of primary school.

Қабылданған күні 26.01.2015 ж

ӘОЖ 37.02

З.Н.Ыхсан

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: zaru_92@bk.ru

ШАҒЫН КОМПЛЕКТІЛІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Шағын комплектілі мектептердегі оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшелігін баяндаймын.

Негізгі сөздер: *шағын комплектілі мектеп, сабақ кестесі, әдістемелік қызмет.*

КІРІСПЕ

Шағын комплектілі мектептердегі оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшелігі Қазақстан Республикасының 2015 жылы дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында ауылдық жерде шағын жинақталған мектептердің балаларына арналған бейіндік (продилдық) мектеп – интернаттар ашу және салу қажеттілігі айтылып, осы мектептерге үлкен мән берілген.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Шағын жинақталған мектептердің оқу-тәрбие жұмысы әр кезде де педагог – ғалымдардың назарында болды. Атап айтқанда Ж.Аймауытов, З.Әділғазиев, Ғ.Бегалиев, Ә.Мұханбетжанова, Г.Қ. Шугаева т.б. ғылыми-әдістемелік еңбектерін атап өтуге болады. [1].

В статье были рассмотрены положения и принципы технологии гуманитаризации и гуманизации, гуманитарный потенциал современного образования. Применение элементов технологии гуманитаризации показало, что у учащихся повышается интерес к предмету и обучению как виду деятельности вообще.

Ключевые слова: технология гуманитаризации, гуманитаризация образования, гуманизация образования, гуманитарный потенциал.

ВВЕДЕНИЕ

Образование как процесс становления психических свойств и функций обусловлен взаимодействием растущего человека со взрослыми и социальной средой. Психологические явления, отмечал С.Л.Рубинштейн, возникают в процессе взаимодействия человека с миром [1]. А.Н.Леонтьев считал, что ребенок не стоит перед окружающим миром один на один. Его отношения к миру всегда передаются

через отношения других людей, он всегда включен в общение (совместную деятельность, речевое и мыслительное общение). Среди гуманистических тенденций функционирования и развития системы образования можно выделить главную - ориентацию на развитие личности. Чем гармоничнее будет общекультурное, социально-нравственное и профессиональное развитие личности, тем более свободным и творческим будет становиться человек [2].

Образование будет удовлетворять личные запросы, если оно, согласно Л.С.Выготскому, ориентировано на «зону ближайшего развития», то есть на психические функции, которые уже созрели у ребенка и готовы к дальнейшему развитию [3].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Сегодня есть реальная возможность дать человеку овладеть не только базовыми профессиональными знаниями, но и общечеловеческой культурой, на основе которой возможно развитие всех сторон личности, учет ее субъективных потребностей и объективных условий, связанных с материальной базой и кадровым потенциалом образования [4].

Развитие личности в гармонии с общечеловеческой культурой зависит от уровня освоения базовой гуманитарной культуры. Этой закономерностью обусловлен культурологический подход к отбору содержания образования. В этой связи самоопределение личности в мировой культуре - стержневая линия гуманитаризации содержания образования. Культурологический принцип требует повышения статуса гуманитарных дисциплин, их обновления, освобождения от примитивной назидательности и схематизма, выявления их духовности и общечеловеческих ценностей. Учет культурно исторических традиций народа, их единства с общечеловеческой культурой - важнейшие условия конструирования новых учебных планов и программ. Культура реализует свою функцию развития личности только в том случае, если она активизирует, побуждает человека к деятельности [2]. Чем разнообразнее и продуктивнее значимая для личности деятельность, тем эффективнее происходит овладение общечеловеческой и профессиональной культурой. Процесс общего, социально-нравственного и профессионального развития личности приобретает оптимальный характер, когда учащийся выступает субъектом обучения. Данная закономерность обуславливает единство реализации деятельного и личного подходов. Личностный подход предполагает, что и педагоги и учащиеся относятся к каждому человеку как к самостоятельной ценности, а не как к средству для достижения своих целей.

Педагог не воспитывает, не учит, а активизирует, стимулирует стремления, формирует мотивы учащегося к саморазвитию, изучает его активность, создает условия для самодвижения. Саморазвитие личности зависит от степени творческой направленности образовательного процесса. Данная закономерность составляет основу принципа индивидуально-творческого подхода. Он предполагает непосредственную мотивацию учебной и других видов деятельности, организацию самодвижения к конечному результату. Это дает возможность учащемуся ощутить радость от осознания собственного роста и развития, от достижения собственных целей. Основное назначение индивидуально-творческого подхода состоит в создании условий для самореализации личности, в выявлении и развитии ее творческих возможностей [1].

Гуманизация образования в значительной степени связана с реализацией принципа профессионально-этической взаимответственности. Готовность участников педагогического процесса принять на себя заботы других людей неизбежно определяется степенью сформированности гуманистического образа жизни. Данный принцип требует такого уровня внутренней собранности личности, при которой человек не идет на поводу обстоятельств, складывающихся в педагогическом процессе. Личность сама может творить эти обстоятельства, вырабатывать свою стратегию, сознательно и планомерно совершенствовать себя. Общеизвестно, что образование это обучение и воспитание, но не всем известно, в чем заключается философия образования, складывавшаяся веками. Философия всегда стремилась не только осмыслить существующие системы образования, но и определить его новые ценности и идеалы. Рассматривая философию образования как широкую рефлексию проблем образования и педагогики, следует учитывать, что в систему педагогических знаний кроме педагогики традиционно входят и дидактика, и методика, и психология.

Сейчас формируются самые различные виды педагогических практик: традиционная, развивающая, новая, гуманитарная [4].

В настоящее время в казахстанском образовании прослеживается несколько основных тенденций. Во-первых, кризис классической модели и системы образования, разработка новых фундаментальных педагогических идей, создание экспериментальных и альтернативных школ; во-вторых, движение в направлении интеграции в мировую культуру: демократизация школы, создание системы непрерывного образования, гуманизация и компьютеризация образования и, наконец, в третьих, восстановление и развитие традиций школы и образования.

Разные подходы к образованию, разные его интерпретации, разные виды педагогических практик еще только формируются, поэтому, по сути, сегодня трудно говорить о единых ценностях образования. Философия образования, по-видимому, должна заниматься выявлением исходных ценностей, основополагающих установок в образовании и воспитании, соответствующих тем требованиям и задачам, которые объективно выдвигаются в условиях современного общества. Сегодня кажется очевидным, что формирование культурной, свободной и ответственной личности - центральная задача всей системы образования. В этой связи для развития подходов к обучению особенно значимым представляется изменение социальной и жизненной роли знаний и познавательно-творческих возможностей человека. Нельзя забывать, что применение знаний не определяется автоматически, это творческая задача, решаемая каждый раз в новой, неповторимой ситуации. Человек в наши дни живет во все более и более сложных условиях, когда в каждом конкретном случае нет и быть не может готовых решений, когда нужно их находить, принимать и нести за них ответственность. Поэтому в процессе образования задача учить творчеству, воспитывать самостоятельную личность, умеющую критически мыслить, вести дискуссию, аргументировать, учитывать аргументы оппонента, выходит на одно из первых мест. Несомненно, востребованными становятся люди, умеющие быстро приспосабливаться к любым изменениям, гибкие, способные работать более чем в одной профессиональной позиции, сохраняющие самообладание в условиях неопределенности.

Необходимость формирования такой личности предопределяет направление коренных реформ в образовательной системе. На протяжении последних десятилетий среди педагогов в разных странах мира все шире распространяется

установка на создание для учащегося возможностей занимать в учебном процессе активную, инициативную позицию; не просто «усваивать» предлагаемый учителем, программой, учебником материал, но познавать мир, вступая с ним в активный диалог; самому ставить вопросы и искать на них ответы, не останавливаясь на найденном как на окончательной истине. В этом ключе ведутся поиски, направленные на превращение обучения в живой процесс.

Такой подход к обучению определяет и новые требования к личностным качествам и профессиональным умениям педагога. Трудности в решении назревших задач определяются как объективными, так и субъективными факторами. Нельзя не учитывать, что школа - один из наиболее инерционных социальных институтов. Эта черта характерна и для учебного процесса. Кроме того, с огромным трудом поддается изменению классическая система взаимоотношений в диаде «учитель - ученик». В поисках выхода из создавшейся ситуации представляются перспективными попытки «включить» образование в контекст культуры, так как становление и развитие человека именно «через культуру» - важнейшая цель образования. Образование и культура в современном мире, как ни странно, все дальше отходят друг от друга, что само по себе свидетельствует о серьезном кризисе в обществе. В равной мере и образование утрачивает функцию, формирующую национальное самосознание. В преодолении кризисных явлений значительная роль, несомненно, принадлежит возрождению, реанимации культурной функции образования, то есть гуманитарному образованию, основная ценность которого - идеи гуманизма.

Гуманитарное образование по своему определению непосредственно обращено к человеку, к его интеллектуальной и эмоциональной сфере, к осознанию им своего жизненного предназначения и своего места в обществе. Не новым будет и утверждение, что основной носитель нравственных ценностей - гуманитарное образование. О том, что хранителем моральных истин служит гуманитарное образование, писал еще в середине XIX века А.Ламартин. Его мысль «Если человек утратит хотя бы одну из моральных истин, погибнут и человек, и все человечество» и сегодня звучит более чем актуально. Реальность же такова, что сегодня гуманитарное знание находится на низком уровне. Чтобы восстановить целостность гуманитарной культуры, необходимо реализовать принципы целостности и междисциплинарности в представлении о гуманитарном знании и гуманитарных науках. Конструктивный подход к образованию требует его научного осмысления, точнее, переосмысления, именно с философских позиций. Рассматривая философию образования как широкую рефлексию проблем образования и педагогики, следует учитывать, что в систему педагогических знаний кроме педагогики традиционно входят и дидактика, и методика, и психология.

Педагогические цели - следствие социальных, а также социальной сущности обучения. Новые требования общества к образованию, а точнее, к уровню образованности и развития личности, и новые условия жизни меняют как методы преподавания, так и содержание педагогической практики. В связи с этим разработка новых концепций и технологий обучения, соответствующих актуальным целям образования, становится не только педагогической, но и социальной задачей. Именно поэтому изменение подходов к обучению следует рассматривать в широком контексте исторических, политических, экономических и социальных условий общества в целом. В современных условиях учебный предмет следует выстраивать таким образом, чтобы способствовать сознательному активному

соучастию обучаемых в процессе восприятия и творческого воспроизведения его содержания. А для этого необходимо преодолеть разрыв между содержанием образования и потребностями, интересами человеческой личности. Эта проблема может решаться путем организации так называемого интерактивного обучения, системообразующий фактор которого - взаимодействие участников учебного процесса с предметным содержанием, с другими участниками учебного процесса с предметным содержанием, с другими участниками учебного процесса, с их собственным опытом. Организация интерактивного обучения предполагает разнообразные формы актуализации, которые рассматриваются в качестве методических процедур и приемов, активизирующих личностную позицию и опыт участников обучения (диалог, коллективное решение проблемной ситуации, ролевая игра, «круглый стол», групповая дискуссия и т.п.) [5].

Социальный заказ, направляемый обществом системе образования, порождается в первую очередь именно этими изменениями. Вся история развития области педагогических знаний лишь подтверждает эту мысль. Новые требования общества к образованию, а точнее, к уровню образованности и развития личности, и новые условия жизни меняют как методы преподавания, так и содержание педагогической практики. В связи с этим разработка новых концепций и технологий обучения, соответствующих актуальным целям образования, становится не только педагогической, но и социальной задачей. Каждый, кто выбирает профессию педагога, берет на себя ответственность за тех кого он будет учить и воспитывать, вместе с тем он отвечает за самого себя, свою профессиональную подготовку, свое право быть педагогом, учителем, воспитателем [6]. Достойное выполнение профессионально педагогического долга требует от человека принятия ряда обязательств. Во-первых, следует объективно оценивать собственные возможности, знать свои сильные и слабые стороны, значимые для данной профессии качества (особенности саморегуляции, самооценки, эмоциональные проявления, коммуникативные, дидактические способности и т.д.). Во-вторых, педагог должен обладать общей культурой интеллектуальной деятельности (мышления, памяти, восприятия, перенимая то, что делает учителя. В-третьих, обязательной предпосылкой и основой успешной деятельности педагога являются уважение, знание и понимание своего представления, внимания), культурой поведения, общения и педагогического общения в частности. Педагог - это образец, которому сознательно, а чаще всего неосознанно, подражают ученики ученика как «другого». Ученик должен быть понят педагогом и принят им вне зависимости от того, совпадают ли их системы ценностей, модели поведения и оценок; это также предполагает знание психологических механизмов и закономерностей поведения и общения. В-четвертых, педагог является организатором учебной деятельности обучаемых, их сотрудничества и в то же время выступает в качестве партнера и человека, облегчающего педагогическое общение, то есть «фасилитатора», по К. Роджерсу. Это обязывает развивать организаторские, коммуникативные способности для управления процессом усвоения знаний учениками, включая их в активные формы учебного взаимодействия, стимулирующего познавательную активность его участников. Развитие таких профессиональных умений предполагает не только глубокие психолого-педагогические знания, но и постоянный, систематический профессиональный тренинг [3].

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Таким образом, профессиональные качества педагога должны соотноситься со следующими постулатами-заповедями его психолого-педагогической деятельности [2]:

- уважай в ученике человека, личность (что является конкретизацией золотого правила древности - относись к другим так, как ты хотел бы, чтобы относились к тебе);

- постоянно ищи возможность саморазвития и самосовершенствования (ибо известно, что тот, кто не учится сам, не может развивать вкус к учению, «умственный аппетит» у других);

- передавай ученику знания так, чтобы он хотел и мог их осваивать, был готов их использовать в различных ситуациях и в своем самообразовании.

Эти постулаты есть конкретизация общеизвестного тезиса: только личность воспитывает личность, только характер формирует характер. Педагог обязан быть Личностью, это его профессиональная характеристика [7].

Чтобы процесс развития проходил успешно, безболезненно для ребенка, должна быть создана вокруг него соответствующая атмосфера, так называемая «гуманистическое пространство» (И.Д. Демакова). В создании такого пространства педагог занимает определенное место, играет одну из главных ролей. Используя СЛОВО, ДЕЛО и НАБЛЮДЕНИЕ (диагностику), педагог создает условия, чтобы ребенок проявил себя. Для того чтобы помочь ребенку, можно определить основное правило - «Правило 7У»:

- «уверенность» - знание своих прав и прав ребенка, способность защитить его. Педагог гарант соблюдения прав ребенка [8];

- «успешность» - берясь за любое дело, педагог должен предвидеть положительный результат, то есть быть уверен, что оно под силу детям и ему;

- «удивительность» - надо развивать в себе незаурядность, дети не любят «пирожки ни с чем»;

- «убедительность» - уметь зажечь детские сердца, убедить их в важности дела;

- «уважительность» - необходимо взаимное уважение; уважаешь мнение детей, они уважают твое. Воспитание без уважения - подавление;

- «уравновешенность» - в классе нужно быть готовым ко всему, не падать в обморок, а анализировать и работать;

- «улыбчивость» - без чувства юмора в школе жить невозможно. Улыбка - это и оценка, и одобрение, и подбадривание.

Стремление жить в некой общности, быть ею защищенной, самоутверждаться в ее среде свойственно всем. Поэтому, если педагог хочет, чтобы дети были хорошими, необходимо делать все, чтобы воспитанники хотели быть таковыми, чтобы они находили удовольствие в хороших, нравственных поступках [6].

Значит, у педагога не может быть никаких других целей, кроме целей жизни воспитанников. Ведь для ребят идея не отделена от личности, и то, что говорит им любимый учитель, воспринимается совсем по-другому, чем то, что говорит неуважаемый и чуждый им человек. Самые высокие идеи в устах последнего становятся ненавистными [8].

Поэтому стоит чаще вставать на место детей, чтобы понять: что их интересует, что радует, что утомляет, что обижает. Ведь воспитательный процесс прекращается с того и до того момента, пока ребенок не поймет, почему с ним так

поступили; пока он не согласится с тем, как с ним поступили; пока он озлоблен, что с ним так несправедливо поступили.

Во всем этом объективная база единства воспитателя и воспитанника, то есть необходимое условие возникновения известной всем педагогики сотрудничества, которая строится на принципах гуманизации и демократизации отношений со своими воспитанниками.

Для решения всех педагогических задач есть два подхода. Один императивный, когда педагог сам решает задачу, заставляя своих воспитанников делать то, что необходимо для их будущего. Другой - гуманный, то есть такой, когда воспитатель стремится приобщить детей к решению педагогических задач, когда он сотрудничает с ними, делает их своими помощниками в воспитании, обучает тому, что умеет сам.

Самое главное приобретение, которое необходимо сделать ребенку в период школьного ученичества, - это чувство собственного достоинства, вера в себя, вера в то, что он знает, умеет и может [9].

И достичь этого можно только добром, ибо только добро порождает добро. Так завещал замечательный педагог - наш современник В.А. Сухомлинский.

Дети - источник вдохновения, и мой долг как педагога дать им детство, сохранить его, быть им другом.

«С рождения до трех лет - ребенок твой бог, с трех до десяти - он твой раб, с десяти лет - ребенок твой друг» (древнекитайская мудрость).

Список литературы

- 1 Бестужев-Лада И.В. Российская академия образования. Гуманизация образования.- М., 2003.-156 с.
- 2 Буракова Г.Ю. Гуманитаризация процесса обучения. - М.: Просвещение.- 1999.
- 3 Балицкая И. В. Гуманизация и гуманитаризация высшего образования в США и России как организационно-педагогическая проблема.- М.: Владос, 2000.- 200 с.
- 4 Кравец А.С. Гуманизация и гуманитаризация высшего образования.- М.: Просвещение, 2004.-75с.
- 5 Данилкова М.П. К вопросу о ценностных аспектах современного гуманитарного образования //Вопросы философии. – 2003, № 6. - С. 17-19.
- 6 Антропьянская Л.Н. Развитие процессов гуманизации и гуманитаризации в современном образовательном пространстве //Известия Томского политехнического университета. – 2006, Т.309, № 4.
- 7 Мудрик А.В. Социализация человека. Учеб.пос. для ст-в. высш. учеб. завед. - М., 2004.- 135 с.
- 8 Мудрик А.В. Социальная педагогика. - М., 2003.- 35 с.
- 9 Орешников И.М. Что такое гуманитарная культура? - Саранск, 1992.- 6 с.

Түйіндеме

Мақалада ізгілендіру ұстанымыдары мен қағидаттары, қазіргі заманғы білім берудің гуманитарлық әлеуеті қарастырылған. Ізгілендіру технологиясы элементтерінің қолданылуы оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артатынын көрсетті.

Summary

The article reviewed the provisions and principles of the humanization of technology and humanization, considered humanitarian potential of modern education.

The use of elements of technology humanization found that students increased interest in the subject and learning as activity in general.

Дата приема 17.02.2015 г

ӘОЖ 373.2

Ә.М.Мұханбетжанова, Г.Х.Куанышева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Студенттік даңғылы 212 Атырау қ., 060011, Қазақстан

E-mail: gulmira_070288@mail.ru

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ БАЛАЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы мектепалды білім берудің мазмұнын жаңартудың басым бағыттары мен оны қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жұмыстардың жайы, мектепалды даярлық сынып мұғалімдерінің ғылыми жаңалықтарды өз жұмыстарына шығармашылықпен енгізу мәселелері қарастырылады.

Негізгі сөздер: мектепалды даярлық, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған білім беру стандарты, құзыреттілік, білім беру саласы, мектепалды даярлық балаларына арналған педагогикалық-психологиялық диагностика.

Біз даналықты үш жолмен үйренеміз:

Ойлану – ең ізгі жол,

Еліктеу- ең жеңіл жол,

Тәжірибе жолы- ең ауыр жол.

Бенедикт Спиноза

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселесінің өрісі кеңейіп келеді. Балаларға берілетін білім мазмұнын игерту және оларды тұлғалық жағынан үйлесімді қалыптастыру басты бағыттардың бірі ретінде танылып отыр. Әсіресе мектепалды даярлық тобындағы балаларды оқу іс-әрекетін меңгеруге даярлау ерекше мәнге ие болуда.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейі мектепке дейінгі тәрбие және оқытуда баланың бойында оқу қызметін меңгеруге қажетті жеке қасиеттерді тәрбиелеуге, яғни мектепалды дайындыққа ерекше көңіл бөлініп отыр. Осы құжатта көрсетілгендей, мектепалды даярлықтың негізгі мақсаты 5-6 жасар балалардың дене дамуы мен психикалық саулығын қорғау және нығайту, ақыл-ойын жетілдіру, олардың бойында қарапайым білім негіздері, іскерлік пен дағдылардың алғышарттарын қалай отырып, бастауыш мектепте білім алуға бірдей бастапқы мүмкіндіктермен қамтамасыз ету [1].

Дүние жүзілік тәжірибе балаларды алты жастан бастап оқытудың пайдалы екенін растады және алты жастағы балаларға тән білуге құмарлық белгілі жүйемен қанағаттанып және олардың дамуы қарқынды түрде жүре бастайды. Жаңа зертеулер, бала бес-алты жаста болатын интеллектуалдық деңгейдің 2\3 бөлігіне жететіндігін дәлелдеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімі мектепте білім алуға бағытталған баланың әлеуеттік мүмкіндігін ашуды көздейді [2].

Баланың мектепке дейінгі тәрбиесі қай кезде болмасын педагогтар мен психологтар қауымы бала өмірінің жаңа бастауы ретінде оның әлеуметтік ортаға бейімделуі деп қарастырады. Бұл мәселені шешуде педагогтар мен психологтар (Л.И.Божович, А.В.Запорожец, Х.Шерьязданова, Т.А.Меңжанова, М.С.Сәтімбекова, М.Т.Тұрыскелдина, Ә.Әмірова, Ә.М.Мұханбетжанова, А.Е.Манкеш т.б.) еңбектеріне талдау жасай отырып, мектепалды даярлықта балалардың ақыл-ой белсенділіктері, баланың оқуға құштарлығы, әртүрлі нәрселерді тез түсінуі, кез-келген нәрсені әпсәтте қабылдап алатыны, олардың мінезін қалыптастыруда педагогтардың үнемі бақылау, мадақтау, әдістерін дұрыс қолданып отыруын, төзімділік, табандылық, шешімділік, т.б. қасиеттердің ойын іс-әрекеті үстінде белсенді дамитыны, әрі жетіле түсетіндігі ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда дәлелденгендігіне көз жеткізуге болады.

Стандарттың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімі бес білім беру саласын қамтыды және әр саланың мазмұны төмендегідей құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған: денсаулық сақтау; коммуникативтік-тілдік; танымдық; шығармашылық; әлеуметтік. Бағдарламаның мазмұнын іске асыру – белгілі бір мақсатқа бағытталған, бір-бірімен тығыз байланысты дербес бөлімдерден тұратын білім беру салаларының жұмысын жүргізу болып табылады.

«Денсаулық» білім беру саласында балалардың денсаулығын нығайтуға, салауатты өмір салтының ережелерін саналы түрде сақтауын қалыптастыруға, бала ағзасы мен маңызды қозғалыс дағдыларының функционалды мүмкіндіктерін жетілдіруге бағытталған педагогикалық жұмыстардың шарттары мен мазмұны, міндеттері белгіленген.

«Қатынас» білім беру саласында байланыстырып сөйлеуін, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тілдік іс-әрекетке жеке қабілеттерін, мазмұнды диалог пен монолог құра білу іскерлігін, сауат ашу және жазуды меңгеруге дайындау мақсатында тілдік шығармашылығын көрсетуге бағытталған жұмыстардың мазмұны мен міндеттері қарастырылады.

«Таным» білім беру саласында баланың қоршаған ортада бағдарын кеңейтіп, толықтыру, салыстыру, талдау, жалпылау, қарапайым іздеу іс-әрекеттерін меңгеру, табиғатты қорғау тәсілдерін меңгеруі, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жұмыстардың міндеттерін, мазмұны мен шарттарын айқындап көрсетеді.

«Шығармашылық» білім беру саласында баланың әлемге деген эстетикалық қатынасы мен ұлттық, классикалық және заманауи көркем құралдарының дамуымен бірге қалыптасуы қарастырылады. Балалар шығармашылығы мен іс-әрекеттерін біріктіру арқылы балалардың көркемдік қабілеттерін қалыптастырды.

«Әлеуметтік» білім беру саласында - әлеуметтендіруді қоғамдық қатынастар жүйесіне енуге қажетті балалардың әлеуметтік-мәдени тәжірибелерінің дамуы ретінде қарастырып, еңбек және білім-білік дағдыларын, қағидалар, құндылықтар, тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыру мәселелері қарастырылады [3].

Сонымен қатар, бұл сала кіріктірілген сипатта жұмыс атқарып, бес білім беру саласының мазмұнын іске асырады. Балалардың іс-әрекеттерін түрлендіруді ұйымдастыру негізінде олардың үлкендермен, құрбыларымен қарым-қатынас жасауда қарапайым өзін-өзі бақылау мен реттеу дағдыларын қалыптастырды.

ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Біз өз тәжірибемізде стандартқа сәйкес балалардың мәдени дағдылары, білімділігі, тұлғаның әлеуметтік қасиеттерінің дамуы және бірлесіп жұмыс жасау, қоршаған ортаға қамқорлық, бәсекелестік және ынталылық, дербестік пен тәуелсіздік, әлеуметтік ортаға бейімделушілік, ашықтық, икемділік сияқты мінез-құлық негіздерінің қалыптасуына ерекше көңіл бөлдік және оны диагностикалау әдістемелерін жүзеге асырдық.

Балалардың әр түрлі жақтарын және іс-әрекеттерін диагностикалау, ғылыми тексерілген зерттеу әдістері мен әдістемелер арқылы жүргізілді. Осы әдістемелердің сапалылығына, яғни валидтілік, дәлділік және сенімділік негізгі талаптары есепке алынып отырды. Валидтілік арқылы зерттеуде қолданылатын әдістемелердің сәйкестігі негізінде бағаланып тұрған сапалылықты анықтайды. Мысалы, бала өзінің мотивін өзі айтып тұрғаны әдіс валидтілік емес, себебі бала өзінің қылықтарының шын мотивтерін сезбейді. Дәлділік, зерттелініп отырған сапалылықтың айырмашылықтарын таба алуын көрсетеді.

Мектепалды жастағы балаларды зерттеу үстінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына барлық әдістерді қолдануға болады. Бірақ, кейбіреулері өте күрделі және арнайы бір құралдарды қажет ететіндері де кездеседі. Сондықтан тәжірибеде салыстырмалы жеңіл тесттерді, сауалнамаларды, бақылауды, құжаттарды талдауды және психологиялық-педагогикалық диагностикалық эксперименттер қолданылды.

Мектепалды жастағы балаларды оқуға бейімдеп, мектеп жағдайларында жетілдіру үшін педагог пен психологтар арасында әрбір баланың жан-жақты дамуы үшін ең қолайлы жолды іздестіріп, ортақ мақсатпен анықталатын серіктестік қатынасы орнығуға тиіс. Осындай әдістемелік қағидалардан психодиагностикалық әдістердің қолданылуы мен жасалуы үшін екі негізгі қорытынды келіп шығады. Педагогикалық нәтижелерді жасауға мүмкіншілік беретін әдістерді жасау қажет. Психодиагностика педагогикалық процестермен тығыз байланыста болып, психодиагностикалық сараптама негізінде құрылатын 5-6 жастағы балалар дамуының педагогикалық дамуын қарастыруда жауапкершілікті болады.

Психологиялық-педагогикалық диагностика – жеке баланың немесе топтың педагогикалық, психологиялық даму күйін немесе деңгейін, қасиеттерін, мектептегі оқуға бейімделуін, мектеп жағдайларына қалыптасуын нақты бағалау. Ол теорияны, әдіснаманы және әдістемені қарастырумен байланысты арнайы білімдерді психодиагностикалық бағалаудың объектісі ретінде балалардың түйсінуінен басталып және бір-бірімен өзара әрекеттескенде сонымен бірге, қарым-қатынас үстінде пайда болатын күрделі әлеуметтік-психологиялық процестерге дейін мүмкін болады.

Мектепалды жастағы балаларға білім беруде диагностикалық әдістер арқылы, олардың:

1. Дүниетанымдық түсініктерін анықтау.
2. Тапсырманы ауызша орындауын тексеру.
3. Балалардың заттарды тану ептілігін анықтау.

4. Оқиганың жүйелілігін анықтап, ептілікпен тауып орнатуға бейімделуін қалыптастырады.

Балалардың диагностикалық міндетін, алдын-ала өтілген материалдарды меңгеру деңгейін, мүмкіншілігінше жеке түрде анықтау қажет. Бұл жағдай баланы мектептегі жағдайларға қалыптасуының жандануын қамтамасыз етеді және осының негізінде жаңа материалдарды меңгеру үшін жағымды жағдайлар жасалынады. Жаңа материалдарды меңгерудің тиімділігі осындай базистердің қаншалықты негізделіп құралатындығына байланысты.

Мектепалды оқуға бейімделгенін анықтайтын психодиагностикалық әдістеменің сенімділік дәрежесі үш жағдайға: әдіс объективтігіне, тест міндеттерінің біртектілігіне және балалардың өлшенетін қасиеттерінің тұрақтылығына байланысты. Сондықтан, сенімділікті тексерудің дәстүрлі тәжірибесі қажет болмаса да, ол өз кезегінде, оның анықтауының жаңа модельдерін қалыптастыру қажеттілігін тудырады.

Диагностика негізінде балалардың дамуын, мектепке жетілу жағдайларын талдауда, психодиагностикалық әдістемелер көмегімен нақты мәліметтер жасалынады және олардың негізінде балалардың белгілі бір талаптарды орындау барысында іс-әрекеттерінің жүйелі даму жолы және деңгейі жайлы нәтижелер жасауға болады.

Ал, педагогикалық диагностикада әрбір сараптама мүмкіндігінше мынандай көзқарастар тұрғысында қарастырылуы тиіс:

а) мектепалды жастағы балалар тобына берілетін тәрбие мен оқыту мақсаттарын, баланың жеке басының даму деңгейі жайлы салыстырылған мәліметтерден (қалыпты деңгейде);

ә) осы жастағы балалардың дамуындағы жеке айырмашылықтар жайлы мәліметтерден;

б) алдыңғы жас кезеңдеріндегі дамуы жайлы мәліметтерден;

в) болашақтағы дамуы жайлы мәліметтерден: дамуы үшін қажет ететін нәрселерді, балалардың ары қарай жақсы дамуына қолайлы жағдайларды анықтау (өзгерістер жағынан).

Психологиялық-педагогикалық диагностикада балалардың мектептегі оқуға қабілеттілігіне байланысты жүргізілетін тәжірибелердің қиыншылығының ең бір негізгі себебі, баланың белгілі қабілеттерін педагогтар тапсырма беру кезінде, осы тапсырманы орындауы оның қабілеттілігіне ғана байланысты болмайды, сонымен бірге, мотивацияға, мектептегі оқуға бейімделіп, қалыптасуына және дағдыларына байланысты.

Біз стандартқа сәйкес тәжірибелік жұмысымызды балалар көркем әдебиетімен танысу, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, сауат ашу және жазу негіздері, тіл дамыту барысында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде және қосымша тәрбие жұмыстары бойынша жүргізілді. Оқу материалын балаға ойын арқылы жеткізіп, оны жалықтырып алмас үшін дер кезінде сергіту жаттығуларын жасату керек. Сонымен қатар, баланың жас ерекшелігіне сай, тиімді әдіс-тәсілдер қолданылды.

«Тіл дамыту», «Балалар көркем әдебиетімен танысу» сабақтарында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері бойынша балаларға ұсынылатын аталған мазмұнды мәтіндерде жас ерекшелігіне сәйкес таным мүмкіндігі ескеріледі және оқыту мақсаты бала тұлғасын тәрбиелеуге бағытталады. Сонымен бірге, баланың санасына, сезіміне, мінез-құлқына әсер етудің бірлігі қарастырылады. Мәтіндердің

мазмұнында қабылданған, мойындалатын құндылықтарға тікелей баға беріледі, эмоциялық қабылдауды белсендіретін, құндылыққа сендіруді көздейтін және қарама-қайшылық арқылы құндылықтарды көрсететін тұстары мол болады.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруда балалардың танымдық іс - әрекетін дамыту, олардың құзіреттілігін қалыптастыруда зерттеу жұмыстарының маңызы өте зор. Көптеген зерттеулер балалардың көзқарасын кеңейтуде және қасиеттерінің дамуына әсер етеді. Балалардың ойлау қабілетін дамытуда математика пәнінің алатын орны ерекше. Оның әрбір жұмысы ой белсенділігін қажет етеді. Зерттеу балалардың ойлау қабілетін жетілдіретін жаттығу жұмыстарын жүргізуге көп көңіл бөлу керек. Олар: әртүрлі математикалық логикалық есептер, сөзжұмбақтар, математикалық ребустар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, санамақтар.

«Сауат ашу» пәні – мектепалды даярлық балаларына ана тілінің байлығын меңгертудің алғашқы сатысы. Сауат ашу, қазақ тілінің дыбыстық, лексикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымын меңгеру үдерісі. «Сауат ашу» пәнінің басты мақсаты – оқу және жазу дағдылары қалыптасқан, алғашқы тілдік мағлұматтарды, сөйлеу әрекетінің түрлерін меңгерген, байланыстырып сөйлей алатын; ана тілін сүйетін, адамгершілік, Отансүйгішік сезімдері қалыптасқан, шығармашылыққа бейім жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасау. Сауат ашу және жазу негіздері: мектепалды даярлық балаларын оқу іс-әрекетіне психофизиологиялық тұрғыдан дайындауға; мектепалды даярлық балаларының тілін дамыту жұмыстарын сауат ашу кезеңдеріне сәйкес ұйымдастыруға; сөйлеу әрекетінің түрлерін (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) меңгерту және сөйлеу жанрларын әр түрлі жағдайларда қолдана білуге үйрету; алғашқы тілдік фактілерді танымдық нысан ретінде меңгерту, оларды талдау, салыстыру, топтау және жинақтау дағдыларын қалыптастыруға; оқушылардың сауатты, көркем жазу дағдыларын жетілдіруге; оқушының бойында адами құндылықтарды: қайырымдылықты, сүйіспеншілікті, елжандылықты, имандылықты дамытуға; қоршаған ортамен ізгі қарым-қатынас жасауға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Мектепалды жасындағы балаларда интеллектуалдық операцияларының қалыптасуында баланың алмасу көзқарасының ролін анықтады және сынып құрамындағы оқыту барысындағы қатынас жүйесінің әлеуметтік құрамында болды. Мектепке дейінгі балалар ойлауының дамуы үшін бұл ең қолайлы әдістеме болып табылады [4].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, жоғарыда баяндалған әдістемелерді қолдану, мектепалды даярлықтағы балалардың бойындағы оқушы болу ықыласын, маңызды әрекеттерді орындауын, оқудағы ерік-жігер қасиетінің дамуының жеткілікті дәрежесін, кейбір арнайы білімдер мен дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, баланың оқып, жаза білуін, санауды, математикалық есептерді шығаруды, баланың таным әрекеттерінің және танымдық қызығушылығының даму дәрежесін, бірлесіп ойлау қабілеттері, мектептегі оқуға ұсынылған жоғарғы талаптарға сай болуын, сөйлеудің дамуын, айналасындағыларға байланыстырып, жүйелендіріп және түсінікті етіп, заттарды, суреттерді, оқиғаларды және т.б. игеріп алу ептілігін, оның жалпы әрекетке енуін, сынып ұжымына үйренуін және сыныпта өз орнын таба алатын баланың жеке басының қасиеттерін, әлеуметтік мотивтерін, жүріс-тұрысын ережелерін және т.б. игеруіне жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2010.
- 2 ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімі.
- 3 Мұханбетжанова Ә.М., Мұханбетчина А.Г. Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекеттік құзыреттілігі. //Ізденіс. - Алматы, 2009, №1(1).- 247-249 б.
- 4 Мухина В.С. Шестилетний ребенок в школе.- М., 1986.- 143 с.

Резюме

В статье рассматривается основные направления развития содержания дошкольного образования в Казахстане, а так же состояние методической работы учителей дошкольных классов, творческое внедрение научных разработок.

Summary

The article contains the main aspects of developing of the education substances and conditions of systematic functions at the preschool organizations in Kazakhstan, improve teachers abilities at preschool training classes and bring in and use with creative the perfect experiences and scientific innovations.

Қабылданған күні 18.02.2015 ж

ӨОЖ 372.4+373.3

Ә.М.Мұханбетжанова, А.М.Рахметова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212
E-mail: bubek87@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушысының әлеуметтік құзыреттілігінің мазмұны, оның басқа да құзыреттілік түрлерінен ерекшеліктері сипатталады және оны бастауыш білім беру жағдайында нәтижелі қалыптастырудың педагогикалық, психологиялық, әдістемелік негіздері қарастырылады.

Негізгі сөздер: *бастауыш сынып оқушысының тұлғасы, мектеп-әлеуметтік орта, оқушының әлеуметтенуі, құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, қалыптастыру.*

КІРІСПЕ

Бүгінгі әлеуметтік-экономикалық үрдістердің қарқындылығы, олардың тез өзгерісі, ақпарат көздерінің көп болуы қоғамның жалпы мәдениеті мен жеке тұлғалық мәдениеті туралы жаңа мәселелердің туындауы тұлға мен қоғамның әрекеттесуінің жаңа әрекет тәсілдерін, әлеуметтік мінез-құлық белгілерін, бейімделу тәжірибесін қажет етеді. Білім беру көбінесе әрбір адамның жеке ерекшеліктерін, яғни оның білімге қабілетін, дағдыларын, әлемге көзқарасын және мінез-құлық басымдылығын анықтайды.

Қазақстандық білім беруді жаңғыртуды жалғастыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілгендей, жеке тұлғаның дамуының, мәдениаралық алмасуларының, пікірін еркін білдірудің, жаңашыл жобалардың, шығармашылық ойларды іске асырудың түпқазығы ретінде Қазақстанда орта қалыптасқан. Бағдарламадағы мақсаттардың бірі интеллектуалдылықты, рухани және дене жағынан дамыған азаматты қалыптастыру болып табылады [1].

Қазіргі кезде білім берудің мақсаттары мен нәтижесі құзыреттілік түсінігімен бірге қолданылуда. Құзыреттілік, біріншіден білім берудің интеллектуалдылығы мен дағдыларын біріктіреді; екіншіден құзыреттілік түсінігі білім берудің мазмұнымен сипатталады; үшіншіден құзыреттілікке мәдениет пен іс-әрекет аясында жүзеге асатын дағдылар мен біліктер жиынтығы жатады (әлеуметтік, коммуникативтік, ақпараттық және т.б.) [2, 3].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Нәтижеге бағдарланған білім беруде оқушылардың тұлғасын, құзыреттілігін қалыптастыру негізгі міндет болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асырудың білім беру негізінде қарастырылуы қазіргі педагогиканың өзекті мәселелерінің біріне айналып, мектеп оқушыларының құзыреттілігін қалыптастырудың жолдарын зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Дәстүрлі білім беру жүйесінің оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру нәтижесіне жетуге мүмкіндігі толық жетпейтіндігін іс-тәжірибе көрсетіп отыр. Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру олардың іс-әрекетінің ұйымдастырылуына, оқыту-тәрбиелеу ұстанымдары мен әдістеріне, формаларына тәуелді.

Мектептегі білім берудің нәтижесіне қол жеткізуге, білім мазмұнын толық меңгертуге деген қажеттіліктер өсіп отырғанымен, оның оқушыға тиімді ұсынылуына мән берілмеген. Оқушылардың білім беру үрдісінде қарым-қатынасқа түсу қажеттіліктері жоғары болғанымен, оған бастауыш сыныптарда жете көңіл бөлінбей отыр.

Бастауыш мектеп шағында адам өмірінің алғашқы білімі жинақталады. Сондықтан, бұл кезеңде тұлғалық білім беру траекториясын жасап, негізінде құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталу өзекті болып келеді. Кіші мектеп жасы және бастауыш білім беруде әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуы бұл бастапқы жеке тәжірибені игеріп, ұғыну мәселесі, әмбебап іскерліктерді сандық жинақтау үрдісі. Сандық өзгерістер сапалық өзгерістерге әкеледі, бірақ ол үшін баланың жеке тәжірибесіне негізделген белгілі бір сапалар жинақталуы керек. Сандық өзгерістер бала өміріндегі жетекші әрекеттерде – танымында, әлеуметтік қатынасында т.б. көрінеді.

Бастауыш сынып оқушысының әлеуметтік құзыреттілігінің мазмұны қандай және оның басқа да құзыреттілік түрлерін игеріп қолдану үшін негіз болып табылатын әмбебап және базалық ретінде анықтап отыр. *Бұл адамдар қоғамында өмір сүруге, әлеуметтік қоғамға енуге, келісімге келуге, ақпарат көздерін қолдануға және әрекет етуге дайындығымен және қабілетімен байланысты құзыреттіліктер болып табылады.*

Тұлғаның әлеуметтенуі мен әлеуметтік құзыреттілігінің педагогикалық және психологиялық негіздері Андреева Г.М., Алмазов Б.Н, Беляева М.А, Василькова Ю.В., Майерс Д., Мудрик А.В., т.б. еңбектерінде қарастырылған [2, 3, 4].

Әлеуметтену - жеке адамның қарым-қатынаста және іс-әрекетте жүзеге асырылатын әлеуметтік тәжірибені игеру, белсенді қайта жаңғырту процесі және нәтижесі.

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуі мен әлеуметтік құзыреттілігін қалыптасырдың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін қарастырсақ, бастауыш мектеп шағында адам өмірінің алғашқы білімі жинақталады. Сондықтан, бұл кезеңде тұлғалық білім беру траекториясын жасап, негізінде құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталу өзекті болып келеді. Кіші мектеп жасы және бастауыш білім беруде әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуы бұл бастапқы жеке тәжірибені игеріп, ұғыну мәселесі, әмбебап іскерліктерді сандық жинақтау үрдісі. Сандық өзгерістер сапалық өзгерістерге әкеледі, бірақ ол үшін баланың жеке тәжірибесіне негізделген белгілі бір сапалар жинақталуы керек. Сандық өзгерістер бала өміріндегі жетекші әрекеттерде – танымында, әлеуметтік қатынасында т.б. көрінеді [5].

Мектеп әлеуметтендіру институты ретінде әлеуметтік рөлдерді игертуге және тұлғаны мектеп жасында әлеуметтендіру үдерісін реттеуге ықпал ететін барлық қажетті жағдайларды функциональды түрде сақтайды.

Білім алушылардың түйінді құзыреттіліктерді игеруі олардың нәтижелі түрде әлеуметтендірілуінің, яғни әлеуметтік рөлдерді, нормаларды және құндылықтарды игерулерінің алғы шарттарын жасайды.

Бастауыш білім беру деңгейінде білім алушының табысты әлеуметтенуінің жеке нәтижелері мынадай жетістіктермен:

- оқу қызметінің жаңа түрін және әлеуметтік ынтымақтастық негіздерін игеруімен;
- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар және олардың тұлға ретінде: «Мен - адаммын, ұжымшылмын, патриотпын, азаматпын», Отан, Жер, Әлем, Табиғат ұғымдары туралы алғашқы түсінігінің болуымен;
- қазақстандық қоғамда және жер шарында бейбітшілікті сақтау үшін халықтар бірлігінің, ұлтаралық қатынастардың және шыдамдылықтың маңыздылығын түсінуімен;
- жаңа әлеуметтік маңызды рөлдер (оқушы, ұжым мүшесі, сыныптас, және т.б.) туралы ұғымының болуымен;
- рухани-адамгершілік мінез туралы білім мен іскерлік негіздерін игерумен, балалар ұжымындағы этикалық нормаларды білуімен, берік достық байланыс орнатуымен;
- балалар қоғамдастығындағы тұлғааралық қатынастардың негізін түсінуімен және оған жағымды әлеуметтік мәртебесін бекітуге талпынуымен;
- адам өмірі мен қоғамдағы еңбектің рөлін түсінуімен, мамандықтың көптүрлілігі туралы алғашқы көзқарасының болуымен;
- өзінің және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың мәдени құндылықтарын білуімен;
- алғашқы экологиялық білімі мен іскерлігінің болуымен, табиғатты қорғаудың қажеттігін түсінуімен;
- жеке және тазалық сақтаудың гигиеналық дағдыларын, дене тәрбиесінің негіздерін меңгеруімен;
- ер бала мен қыз бала арасындағы ерекшеліктер туралы және гендерлік әдеп туралы түсінігінің болуымен анықталады.

Бастауыш сынып оқушысының әлеуметтік құзыреттілігінің мазмұны оның басқа да құзыреттілік түрлерін игеріп қолдану үшін негіз болып табылатын әмбебап

және базалық ретінде анықтап отыр. *Бұл - адамдар қоғамында өмір сүруге, әлеуметтік қоғамға енуге, келісімге келуге, ақпарат көздерін қолдануға және әрекет етуге дайындығымен және қабілетімен байланысты құзыреттіліктер болып табылады.*

Әлеуметтік құзыреттілік:

- өз Отаны мен туған өлкесіне сүйіспеншілігін, мемлекеттік рәміздерге құрметпен, қоршаған орта, отбасы, түрлі ұлт өкілдеріне адамгершілікпен қарауға;
- балада қоршаған дүние, өзі және әлеуметтік ортасы туралы алғашқы түсініктің тұтас бейнесін қалыптастыруға;
- тәртіпке барабар мінез-құлықтың баламасын таңдауға;
- ересектермен және құрдастарымен бірлескен қызметке қосылуға;
- қазақ және Қазақстан Республикасында тұратын басқа халықтардың мәдени құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді.

ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Республика мектептерінде мектепке дейінгі және бірінші сыныптан ағылшын тілі оқытылады. Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты-оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырып, олардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік алады. Ал, әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Қазір ағылшын тілін білу-уақыт талабы.

Әлеуметтік тұрғыдан бағдарланған тұлғаны қалыптастыру үшін бастауыш мектеп оқушыларына ағылшын тілі сабағы барысында ұлттық мәдениетті көтеру, халық мұрасын пайдалану арқылы өз отбасын, отанын қорғай білетін азамат тәрбиелеу көзделген. Сонымен қатар шет елдердің мәдениетін түсіндіру арқылы оқушылардың әлеуметтік құзіреттілігін арттыру мақсатына қол жеткізе аламыз.

Бастауыш сыныптардағы шетел тілі сабақтарында балалардың белсенділігін ынталандыратын әлеуметтік ортасы мен қарым-қатынасы мақсатты ұйымдастырылса және бала дамуына педагогикалық қолдау жасалса, онда балалардың әлеуметтік құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға болатындығына көз жеткіздік. Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне біртіндеп өтуі жағдайында шетел тілдерін оқытудың рөлі артып келеді. Білім берудің жаңартылған мазмұнына көшудің қажеттілігі бес жасар балаларды мектепалды даярлықтан өткізудегі мәселе жалпы білім беретін мектептерде баланың білім, білімдік сапасын арттыру, оқушылардың бір мезгілде үш тілде-қазақша, орысша және ағылшынша ауызекі сөйлеудің негізін игеруге мүмкіндік береді. Білім беру жағдайында ағылшын тілін оқытуда әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру үрдісінде шетел тілін оқытуда оқушылардың әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту біліктілігін, оқушылардың қызығушылығын ұйымдастыруда әртүрлі интерактивті оқыту технологиялары қолданылды. Мұндай оқыту технологиялары оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі. Бастапқы кезеңде ағылшын тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолдануға болатынын сабақтың мазмұнына, мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдалуы керек екендігі назарға алынған жөн. Яғни ағылшын тілін меңгеру

барысында ойын элементтерін қолдана отырып, құзіреттілік тапсырмалар арқылы оқушының өздігінен дамуға, жетілуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда бастауыш және орта буында оқушылар белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, сабаққа аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрселерді көріп, соны бейнелеуді ұнатады. Рөлдік ойындарды табысты және қарқынды жүргізе біледі. Сөйлеу әрекетінде қозғаушы күш – ырғақ. Сөйлеу ырғағын құру мұғалімдердің рөлдік ойындарды ұйымдастырудағы ең қиын іс – әрекеті. Оқушылардың қызығуын арттыру мақсатында мұғалім ойынға қатысушының өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс құра білуі керек. Тақырыптық «рөлдік-ойындар» оқушылардың сөйлеу дағдысының қалыптасуын дамытады. Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушының: қисынды ой-қабілеті дамиды; өздігінен жұмыс істеуге үйренеді; сөздік қоры байиды, тілі дамиды; зейіні қалыптасады; байқампаздығы артады; өзара сыйластыққа үйретеді; ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды; бір-біріне деген оқушы сенімі артады.

Құзіреттілік тапсырмалар арқылы оқушының тілі, оқуға деген және пәнге деген ынтасы артады. Сабақта тиімді қолданылған тапсырмалар оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады, ізденімпаздыққа баулиды. Грамматикалық тапсырмалардың ерекшеліктері де бар. Бұлар әр түрлі жағдаяттар арқылы жүзеге асады. Тапсырмалар сабақтың әр бөлігінде, әр мақсатта жекеленіп, дараланып қолданылады. Жаңа тақырыпты түсіндіруде, өткенді қайталауда, пысықтау сабақтарында пайдаланылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, бастауыш сыныптарда оқушылар бойында әлеуметтік құзыреттіліктерді қалыптастыру төмендегі маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: баланың қоғамдық қатынастарға (оқушы-мұғалім, оқушы-оқушы) бейімделуі, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі. Баланың шынайы әлеуметтік қарым-қатынасқа енуіне мүмкіндік беретін іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады. Баланың әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әртүрлі қиындықтарды жеңуіне жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2010.
- 2 Мудрик А.В. Социальная педагогика. - М., 2005.
- 3 Мардахаев Л.В. Словарь по социальной педагогике. – М., 2002.
- 4 Мұханбетжанова Ә.М. Иргалиев А.С. Мұханбетчина А.Г. Әлеуметтік педагогика. - Орал, 2013.
- 5 Мұханбетжанова Ә.М., Мұханбетчина А.Г., Ерниязов А.Н. Әлеуметтік педагог жұмысының әдістемесі. – Орал, 2014.

Резюме

В статье рассматриваются основные направления формирования социальной компетенции учащихся начальных классов.

Summary

The article discusses the main direction of development of the content of the formation of the competence pupils in the primary grades in Kazakhstan.

Қабылданған күні 18.02.2015 ж

ӘОЖ 37.011.31:78

Т.М.Суингарина

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: tamara-58@inbox.ru

МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫ

Аннотация

Заман талабына сай білім беру саласындағы инновациялық үдерістер, музыка мұғалімінің кәсіби педагогикалық мәдениетінің шығармашылық бағыты - әртістік шеберлігі туралы.

Негізгі сөздер: педагогикалық инновация, инновациялық даярлық, педагогикалық әртістік шеберлік.

КІРІСПЕ

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі білім болып табылатыны мойындалды, оған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалардың, соның ішінде Болон үдерісінің қарқынды дамуы дәлел. Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр.

Қазақстан Республикасының Президентінің «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» Жолдауында атап өткендей, «ұлттық бәсекелестіктің қабілеті бірінші кезеңде білімділік деңгейімен анықталады» деп атауы, білім беру саласында жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас қалыптастыруды міндеттейді.

"ҚР білім беруді дамытудың 2005-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының" тұжырымдамасында: "Білімді, білік-дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылады", - делінген [1].

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру

бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» деп атап көрсеткендей-ақ, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды, психологиялық – педагогикалық диагностиканы игерген, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Педагогика ғылымында жеке тұлғаның жан дүниесі, іс-әрекеті мен қарым-қатынасына негізделген теориялық ілім басымырақ. Соңғы кезде педагогика саласында мұғалімнің жаңа зерттеушілік, технологиялық іс-әрекеттеріне негізделген зерттеулер көкейкесті мәселеге айналып отыр.

XX ғасырдың 80-жылдарында инновациялық іс-әрекеттің басым бағыттары анықталынды, әсіресе алдыңғы қатарлы озат іс-тәжірибенің мән-мағынасын В.А.Кан-Калик, Ю.Н.Кулюткин, Н.В.Кухарев, К.Н.Волков және т.б. ғалымдар ашып, олардың негізгі түрлерін анықтады.

Инновациялық үдеріс – білім беру жүйесін жаңарту және дамыту ғана емес, қоғамның, Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында жаңа қоғамның, жаңа әлемнің жаңа мұғалімі қажеттілігінен туындаған үдеріс.

XX ғасырдың 90-жылдарында осы инновация ұғымының педагогика ғылымына түпкілікті енуіне сәйкес, педагогикада «инновациялық үдеріс», «инновациялық әлеует» ұғымдары ендіріліп, кеңінен зерттеле бастады. Ғалым Н.Р.Юсуфбеков педагогика ғылымына өзара синоним болатын «білім берудегі инновациялар» мен «педагогикалық инновация» терминдерін енгізіп, ғылыми негіздемесін жасады [2].

Ғылыми – педагогикалық әдебиеттерге сүйенсек, ғалымдар «инновация» деген ұғымды білім беру ісіне тұрақты жаңа элементтер кіргізетін жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуіне апаратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет деп түсіндіреді. Қоғамдағы, білім беру саласындағы инновациялық үдерістер мен реформалар педагогика ғылымына «инновациялық білім», «инновациялық даярлық», «инновациялық іс-әрекет», «инновациялық технология», «педагогикалық технология», «мұғалімнің инновациялық даярлығы» және т.б. жаңа ұғымдарды өмірге алып келді.

Инновациялық оқыту қазіргі кезеңдегі әлеуметтік, мәдени ортадағы инновациялық өзгерістерді жете қарастыратын үдеріс және оқу, білім беру әрекетінің нәтижесі.

Инновациялық білім – құзырлық тұрғысынан білім беру жағдайында қоғамның мәдени, әлеуметтік, экономикалық сұранысты қанағаттандыратын, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатын, теориялық білімін кез-келген жағдайда өз іс-тәжірибесінде пайдалана алатын жаңа нәтижеге бағытталған білім.

Ал инновациялық педагогикалық білім - инновациялық педагогикалық технологиялардың қыры мен сырын, ерекшеліктерін ашып көрсететін және оны тәжірибеде жүзеге асырудың жолдарын айқындайтын педагогикалық білімдер жүйесі.

Музыка мұғалімі – музыкантқа да, педагогқа да ең қажетті тұлғалық қасиеттерді талап ететін қиын да әрқырлы мамандық иесі. Музыка мұғаліміне оқытудың инновациялық әдістерін (жаңа технология бойынша интерактивтік тақтамен топтау, галереяны шарлау, ой толғау т.б) меңгеру, үнемі педагогикалық және шығармашылық шеберлігін жетілдіру талабы қойылады. Педагогикалық шеберлік – кейбіреулерге ғана табиғаттың таңдап берген сыйы емес, ол үздіксіз ізденудің, өзін - өзі үнемі кәсіби жетілдірудің және өзінің қалаған мамандығына деген құмарлығынан туындайтын іс - әрекеттердің жиынтығы.

Шығармашылық ізденіс мамандықтың барлық салаларына да өте қажет, ал «музыка» пәні мұғалімі үшін ол – ұстаздық дарындылыққа жетудің жолы, педагогикалық еңбекте шешуші орын алады. Музыка мұғалімінің музыкалық қабілеті оның педагогикалық қызметінің барлық түрінде көрініс береді. Атап айтқанда, вокалдық және аспаптық орындаушылықта, жеке музыкалық – пластикалық әрекетінде, балалардың аспаптық орындаушылығына басшылық жасауда, драмаларды, мюзиклдарды ұйымдастыруда, музыкалық шығармаларды таңдауда т.б.

Жоғары оқу орындарында болашақ музыка мұғалімдеріне кәсіптік білімді меңгертуде теориялық және практикалық даярлығымен қоса, педагогикалық шығармашылық қызметке әртістік шеберлікті қалыптастыру арқылы даярлаумен тікелей сабақтасуы тиіс.

Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында: «Болашақ мұғалім тек өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай, педагогикалық үдеріске қатысушының әрқайсысының орнын көре біліп, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыра білуі, оның нәтижелеріне көз жеткізіп, реттей білуі тиіс. Мұндай нәтижеге жету үшін жоғары оқу орындарындағы мұғалім даярлау сатылы түрде, жеке тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында жүргізілуі керек» - делінген.

Бүгінгі жаңарған қоғамға өз бетінше дербес, сыни тұрғыда ойлайтын, өзекті мәселелерді көре алатын және шығармашылық тұрғыда педагогикалық әртістік шеберліктерді пайдалана отырып, кәсіби міндеттерді оңтайлы шеше алатын жаңа тұрпатты педагог қажет. Ғылыми зерттеулерде педагогикалық әртістік шеберлік болашақ музыка мұғалімінің жеке шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыратын жеке-тұлғалық кәсіби маңызды сапасын қалыптастыруды қарастырады. Осы орайда, В.В.Иванихиннің «мектепке мұғалім-әртіс керек, актер белгілі бір ролді ойнайды, ал әртіс – шығармашыл тұлға, өзінің барлық ізгі қасиеттерін педагогикалық үдерісте шебер пайдаланып, оқытуды нәтижелі етеді» деген пікірінің де маңызы зор [3].

Педагогика ғылымында әртістік шеберлік мынадай бағыттарды қамтиды:

- мұғалімнің даралық ерекшелігін бейнелейтін жеке тұлғалық сапасы;
- оқыту әдістерінің жиынтығын сапалы пайдалана білетін, ақпараттың мәні мен маңызын жарқын да ашық бейнелеуші өнер иесі;
- педагогикалық шеберліктің құрамдас бөлігі.

Болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық әртістік шеберлігін қалыптастыру мәселесі: біріншіден, оқу-тәрбие үдерісіндегі субъективтік

шығармашылық әрекеттерін жүзеге асырудағы кәсіби педагогикалық мәдениеті тұрғысынан қарастырылады; екіншіден, аксиологиялық бағдары тұрғысынан талданады: әлемді және адамзат баласының іс-әрекетін құндылық сипатында түсінуі жүзеге асады. Бұған кәсіби өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту жатады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, педагогикалық әртістік шеберлік кәсіби педагогикалық мәдениет құрамында бола отырып, мынадай мәселелерді қамтиды: идеяларды жүзеге асыру, стандартты элементтерден жаңа композициялар құрастыру, дәстүрлі және инновациялық элементтерді біріктіру, белгілі идеялар мен тәжірибелерді сабақтастыру, түрлі бағыттағы мәселелердің ортақ мәнін таба білу, ассоциациялау еркіндігі, педагогикалық үдерістің мәні мен ерекшелігін түсіну, эмоциялық тұтастық, рефлексия, сөйлеу мәнері, шығармашылық әрекет. Тұлғалық-шығармашылық бағдар тұрғысынан педагогикалық әртістік шеберлік музыка мұғалімінің кәсіби мәдениетінің шығармашылық бағыты бола отырып, кәсіби өсуі мен жеке-тұлғалық сапаларының көрінуі, шығармашылық еркіндігі мен ой өрісінің тереңдігі, ой ұшқырлығымен танылады. Педагог-музыкант шығармашылықпен ойлай отырып, өзінің және өзгенің өміріне жарқын сезімдер мен әсемдік ұялатып, жаңа идеяның пайда болуына, рухани дүниесінің жандануына белсенді әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы. Алматы: Қазақстан, 1994.- 40 б.
- 2 Юсуфбеков Н.Р. Педагогическая инноватика как теория инновационных процессов в системе образования: научный и передовой опыт в области педагогики и народного образования. - М., 1990, Вып.3. -43 с.
- ³ Павлова М. П., Иванихин В. В. Коммуникативно-артистическая среда урока // Вопросы современной филологии и методики изучения языкам в школе и вузе. Сборник материалов V международной научно-практической конференции. – 2005, С. 145-146.

Резюме

Рассматриваются инновационные технологии образования, проблема педагогического артистического мастерства будущих учителей музыки.

Summary

Considered innovative technology of education, the problem of teaching artistic skills of future music teachers.

Қабылданған күні 20.02.2015 ж

ӘОЖ 316.61

Г.М.Мусина

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДЕ САНАЛЫ ТҮРДЕ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Берілген мақалада саналы түрде мамандық таңдаудың маңыздылығы мен жасөспірімдердің психологиялық дайындығы мәселесі келтірілген.

Негізгі сөздер: кәсіби бағдар, мамандық, саналылық, еңбек, диагностикалық, ахуал.

«Мамандықтың жаман жоқ, бірақ, мұның кез – келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе»

Ж.Аймауытов

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде қоғам алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі бүгінгі таңдағы еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, тез өзгеруіне байланысты кәсіби бағдар мен мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастыру болып табылады.

Себебі, болашақта ел тұтқасын ұстайтын азаматтардың өз мамандықтарын дұрыс таңдауы қоғам үшін аса маңызды екендігі сөзсіз. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «әр оқушының білім мен қабілеті деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау керек» [1] деп атап өтуі бұл мәселенің қазіргі қоғамда өткір тұрғанын көрсетеді. Сонымен қатар бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде атап өтілген [2].

Кәсіби бағдар беру мақсаты жас ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау, үйрету екендігі мәлім. Осы мәселені ғылыми әдебиеттерде көптеген ғылымдар зерттеушілер қарастырған. Солардың ішінде П.П.Блонский, Г.Н.Стычинский, В.А.Сухамлинский, Ю.П.Сокольников, А.П.Сейтешов, Г.А.Уманов, Л.К.Керимовты ерекше атап өтуге болады. Олар баланы жас кезінен өзінің болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға ата-аналар, психологтар мен педагогтар үлкен үлес қосу керек екендігін айтады. Оның ішінде мектеп психологының қосатын үлесі өте үлкен. Өйткені жеке тұлғаның барлық қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашып, оларды салауатты өмір салтына үйретіп, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін жоғары сынып оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, олардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдап алуына психолог көмек көрсетуі керек.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мамандық таңдауға кәсіптік бағдар беруде әрбір оқушының психофизиологиялық, жеке қасиеттері, мамандық таңдаудағы басты себептері

назардан тыс қалмауы керек. Кәсіби бағдар беру оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық жағдайындағы роліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді.

Қоғамның әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресі жылдамдап отырған заманда адамның интеллектуалдық еңбек үлесі өседі және білім деңгейіне, шығармашылық даралығының дамуы мен кәсіби бағыттылығына қойылатын талап жоғарылайды. Кәсіби бағыттылық оқушының кәсіптік жағынан өзін-өзі айқындауының маңызды бөлігі ретінде мамандық таңдауға белсенді қарым-қатынасынан көрінеді.

Болашақ мамандықты саналы түрде таңдау дегеніміз – жасөспірімнің мамандық таңдаудағы баламалықты түсінуі, баламалы мамандықтардың айрықша белгілері мен өзіндік ерекшеліктерін ұғына отырып, қорытынды шешім қабылдай алуы (Ю.В.Казелецкий, О.И.Ларичев, Д.А.Леонтьев, Н.Ф.Наумова, О.В.Овчиникова, Н.В.Пилипко, Г.Н.Солнцева, Е.В. Шелобанова және басқалар).

Белгілі психологтадың іс-әрекетке психологиялық дайындық жайындағы зерттеулері негізінде (Б.Г.Ананьев, Л.С.Выготский, Н.И.Гуткина, Г.Крайг, Л.Е.Лоскутов, В.М.Поздняков, К.К.Платонов, С.Л.Рубенштейн, А.М.Столяренко, А.П.Чернявская, С.Н.Чистякова, Л.А.Ясукова т.б.) жасөспірімдік шақта болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға психологиялық дайындық осы дайындықты құрайтын ақпараттық, уәждік – құндылық және практикалық дайындықтармен айқындалады.

Психология ғылымы үшін қазіргі таңда жасөспірімдердің кәсіби іс-әрекет пен мамандық таңдауға саналы түрде дайын болуының ішкі субъективті факторын зерттеу қажеттілігі әркез маңызды болып табылады.

Оқушыларға мамандық бағдар беру қызметі - ежелден дамып келе жатқан әлеуметтік қызмет көрсетудің бір түрі. Мамандық бағдар беруде психологиялық қызмет көрсетудің қалыптасуы мамандыққа баулу және мамандыққа бағдар беру зертханаларынан басталды. Қазіргі уақытта бұл жұмыстың өзіне тән мақсаты мен міндеттері нақтыланып отыр.

Қазіргі таңда оқушыларға мамандыққа бағдар беру барысында олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және мамандыққа икемділіктерін анықтау мақсатында психологиялық кеңес беру жұмыстарын ұйымдастырады.

Мамандық - адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс-әрекетінің түрі.

«Мамандық» термині - белгілі дайындықты қажет ететін және адам тіршілігін материалды қамтамасыз етудің қайнар көзі ретінде қарастырылатын қызмет түрі деп түсініледі. Мамандық белгілі адамға тән білім, іскерлік және дағдылар жүйесі ретінде сипатталады.

Мектептің, отбасының, қоғамның бірлесе отырып жасаған әрекеті жасөспірімдерді саналы түрде мамандықты таңдауға дайындауда, олардың қызығушылығы, бейімділіктері мен қабілеттері, сонымен қатар еңбек ресурстары да қоғамның қажеттілігі ескерілуін кәсіпке бейімделу деп түсінеді.

Дұрыс қойылған еңбектік тәрбие, оқыту және кәсіпке бейімделу, оқушылардың қоғамға пайдалы шараларға қатысуы өндірістік еңбекте, оқуға саналы қатынасы, азаматтық қалыптасуы, тұлғаның физикалық және интеллектуалдық дамуының құрылуында негізгі фактор болып табылады.

Белгілі бір кәсіпке бейімделудің қоғамдық маңызы әлеуметтік-экономикалық және психопедагогикалық бағытталған кедергілерді кешенді түрде шешуді талап етеді.

Жастардың кәсіпке бейімделу кедергісін шешудегі психопедагогикалық тәсілдің мәні, біріншіден, әр адамға өзіне ғана тән психофизиологиялық ерекшеліктері бар: бағыттылығы, темперамент, ес, зейін, анатомио-физиологиялық мүмкіншіліктері, т.б. Екіншіден, мамандықты таңдау болашақтағы әлеуметтік жағдайымен байланысты.

Оқушылармен мамандық таңдау жұмысын ұйымдастыруда оның 2 негізгі аспектісін ажыратып білу қажет, ол диагностикалық және тәрбиелік.

1. Бақылау, анкеталық, әңгімелесу, мектеп құжатын талдау, шығармашылық жұмысының нәтижесі, медициналық тексеру, сауалнама әдістері.

2. Еңбекке және еңбек адамдарына сыйластық, сүйіспеншілікпен қарауға баулу, халық шаруашылығының негізгі бөлімдерімен таныстыру, еңбекке бейімділік пен қабілеттілікті құу, белгілі бір мамандық түріне қызығушылықты терең және табанды түрде тәрбиелеу. Экскурсия, әңгімелесу, диспут, жиналыс, кеш, т.б.

Қазіргі мектептің оқыту – тәрбиелеу үдерісінің ұйымында, оқушыларға кәсіптік бағдар берудің жұмысы маңыздылығы сонда, себебі ол білімді экологиялық жүйесімен байланыстырып отыр, ал оқушылардың тұлғалық мүддесі және қажеттілігі келешек үшін қажет. Қоғамның игілігі үшін мектептің әр түлегі мүмкіндігінше өзінің қызығушылығын, өзінің қоғамдағы орнын, айта кетсек азғана пайда әкеліп, өз еңбегінен терең қанағат білген қоғамдық өндірістік жүйеге бос уақыт жоғалтпауы тиіс.

Мамандық таңдауда оқушылар тоғызынша сыныптың соңында өз таңдауларын жасауы тиіс, мұның өзі, көптеген зерттеушілердің пікірінше, жастарға кәсіби бағдар берудің дәстүрлі қалыптасқан әдіс – тәсілдерін қайта қарастыруға негіз болады. Болашақ мамандық пен білім алуды саналы түрде таңдауға дайындық пен мүмкіндікті жасөспірім шақта қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін ғылыми негіздеу мен жасақтаудың қажеттілігі қазірдің өзінде туындап отыр.

Жасөспірімдерге мамандық таңдауда саналы қатынастарын қалыптастыру мен олардың психологиялық дайындығын анықтауда, ғалымдар түрліше түсіндіреді. Оқушылардың мамандық таңдауы бір қарағанда шешім қабылдаудағы бір мезеттік жұмыс тәрізді. Шын мәнінде Е.А.Климовтың пікірі бойынша, «бір мезеттік пен алдағы өмір қосындысы» формуласы бойынша жүзеге асады. [3, 40 б.]. Басқаша айтқанда, мамандықты өзінше таңдап анықтау болып табылады. Бұл үрдіс мектепке дейінгі топтардағы рөлдік ойындардан бастау алады. Бұл кезде олар кәсіби маманның функциясын және сыртқы атрибутын меңгереді; дәрігер адамдарды емдейді, ол ақ халат киіп жүреді, түтікшемен науқасты тыңдайды; өрт сөндіруші өртке су шашады, жанып жатқан үйден адамдарды құтқарады, сондықтан оған міндетті түрде арнайы қорғаныш костюм қажет, шлем, шланг, өрт сөндіргіш машина; балерина әдемі көйлек «пачка» киіп билейді және башпайларына «пуанта» киіп жүгіре алады т.б. одан әрі бұл үрдіс жасөспірімдік шаққа дейінгі кезеңде жеңілден қиынға қарай ауысады.

Мамандықты таңдаудағы психологиялық ахуал 9-11 сыныптарда көбіне маманданған кеңесшілердің көмегімен жүзеге асады. Бірақ, қазіргі жағдайда, әлеуметтік статистикаға сүйенсек, тек қана жоғары оқу орнын бітірушілердің жартысы өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасады, әрине бұл жеткіліксіз.

Белгілі болғандай, тек қана оқушылардың аз ғана бөлігі, кейбір мамандықтарға деген өз икемділіктерін көрсетеді және сонымен бірге тек қана қызығушылық қана емес, мысалы музыкаға, өнерге, тілге деген икемділігін байқауға болады. Әдеттегідей олар таңдаған – жоғары, арнайы орта оқу орындарына түсуде мақсат қоя отырып даяарланады. Бірақ әр кезде олардың қызығушылықтары мен икемділіктері таңдаған мамандықтарымен сәйкес келе бермейтін кездер де болады. Мысалы, жас жігіт, шебер суретші, нақты балет әртісі болуды шешеді, оның аса икемділігі болмасада, ол хореографиялық академияға түседі. Ата-анаға баланың балетке деген қызығушылығы сахнадағы жетістіктерге қызығушылығы екенін түсіндіруге бірнеше жыл уақыты кетеді, сонымен бірге кәсіби шеберлікті арттырудың көптеген жолдары бар екенін түсіндіреді.

Мамандықты таңдаудың жас адам үшін ең бірінші міндетті таңдауы одан қашып құтыла алмайтындығы, кейбіреуі жақын жуықтарының, ата-аналарының, мұғалімдерінің, достарының шешімімен келісіп жатады. Бұл әрине түсінікті олар мамандық таңдауды өте қиын әрі жауапты іс деп қабылдайды. Көптеген жағдайда олар былай жүйелейді: «мен кім болатынымды таңдадым, өз таңдауымның дұрыстығына көз жеткізу үшін мен сізге келдім». Басқаша айтқанда олар өзі таңдаған мамандықтарыменен жауапкершілікті ажыратқылары келеді. Бұл таңдаудағы қиындықтың себебі біріншіден, таңдалған мамандықтың әрдайым қаламайтын басқа да мүмкін болатын кедергілердің барлығы. Бұндай қиындықтар оқушылардың бастарынан жиі өтіп отырады.

Мамандық таңдаудағы оқушылар қиындығының тағы бір себебі түрлі факторларды есепке алуы. Ең бірінші олар өз мүмкіндіктеріменен икемділіктерін түсінуі қажет. Көп жағдайда қызығушылықтары өзара бәсекелесіп жатады, сондай жағдайда жасөспірім өзінің ең ауқымды қырын немесе оның сыртқы атрибутын ұғынуы қажет, мысалы, мүмкін болатын жетістігі, танымалдылығы. Бұл фактор «мен қажет етемін» деп аталады. Әрі қарай оқушы өзінің икемділігінің қаншалықты дәрежеде екенін түсінуі қажет. Бұл фактор «Мен жасай аламын» деп аталады. Бұл жағдайда да қиындықтар туындауы мүмкін, себебі оқушы қолынан келмейтін істі қалауы мүмкін немесе қолынан көп нәрсе келеді бірақ бұл жағдайда анық емес. Қай таңдау мамандық бола алады, қай таңдауы жай ғана хобби екенін оқушы ұғынуы керек. Сондай-ақ, таңдалған мамандықтың нарықта қажеттілігі барма және нарықтың жас маманнан нені талап ететінін білген абзал. Бұл фактор «қажеттілік» деп аталады. Сонымен бірге оның денсаулығы ол талапты көтере алатындығын есепке алу қажет және де оқушының мамандық таңдауда отбасының әлеуметтік жағдайы, дәстүрі, оған жақын достарының таныстарының пікірі ерекше әсер етеді. Сонымен бірге, «кәсіби жеке жоспар құруы қажет», ең болмағанда ойша, жақын мақсаттарды орындау, жетістіктерге қол жеткізу, жоспарды орындаудағы қиындықтарды жеңуді көздеу керек. [4, 55 б.] .

ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі жастардардың қолында. Мамандық таңдауда Ж.Аймауытовтың «Жан жүйесі және өнер таңдау» атты еңбегінен де жақсы ақыл-кеңестер алуға болады. Ол «Мамандықтың жаманы жоқ. Бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе.

Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да

өнімді, берекелі болмақ. Әлеуеті кең мемлекет те әр адамның еңбегі берекелі, пайдалы болуын тілейді, неғұрлым әр мүшесінің еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрмысы да тез оңалмақ », - дейді, сонымен бірге, «Өзін-өзі танымаған, өзгені тануға да шорқақ болады» дейді. Ал бұл мамандық таңдаудың өзінде жастарымыздың бойында қандай икемділік, зеректік қысқаша айтқанда, қандай қабілет бар екендігін түсініп, мамандық таңдауда дұрыс бағыт бағдар бере білген дұрыс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Егеменді Қазақстан». 2012. №828-831.
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. - Алматы, 2010.
- 3 Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. - Ростов н/Д, 1996.
- 4 Климов Е.А. Как выбирать профессию? - М., 1984.

Резюме

В данной статье рассматривается значение осознанного выбора профессии в подростковом возрасте, а также проблема ее разносторонней психологической подготовки.

Summary

In this article value of conscious choice of profession at teenage age, and also a problem of it's versatile psychological training.

Қабылданған күні 24.02.2015 ж

ӨОЖ 37.015.31

Г.Г.Кубышева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212
E-mail: GKubisheva@mail.ru

ОРТА МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ КЕЙБІР ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Андатпа

Мақалада орта мектеп мұғалімдерінің өзін-өзі ұстау мәдениеті және оқушылармен қарым-қатынасы психологиялық тұрғыда талданып, осы бағытта психологиялық қызметтің мәні айқындалады.

Негізгі сөздер: адекватты эмоционалды, қарым-қатынас, психологиялық зерттеулер, тәлім, циклотимия, үрей, эмотивтілік, педантизм.

КІРІСПЕ

Ұстаздық пен шәкірттік – адам баласы арақатынастарының ең бір абзал әрі мағыналы, мәнді түрі. Ұстаз – адамдардың өмірге көзқарасын, сенімін қалыптастыратын, оларға өмірден өз жолын дұрыс таба білуге көмектесетін, айналасына білім-тәрбие ұрығын шашып, адамгершілік нұрын төгетін қоғамдық

қайраткер, ойшыл тұлға. Ол жеке адамдардың өмірі дұрыс бағытта дамып, көркеюіне себепші болып, олардың тағдырында шапағатты із қалдыратын өмір тәжірибесі мол әрі дана адам болып табылады.

Ұстаздың үздік қасиетінің, яғни шын мәніндегі үлкен абырой – беделінің тәрбиелік күші шәкіртінің соларды мойындай отырып, сол әсерге міндеттеусіз, зорлаусыз өз ерік – қалауымен берілуінде, қабылдануында, еліктеуінде. Адам өзінің айрықша сыйлайтын, сенетін, тәнті болып, мақтан тұтатын кісісінің айтқанын екі етпейді, тапсырмасын ауырсынбайды, оны шын пейілі, ықыласымен, бар ынтасымен және шабытпен орындайды. Егер оқушы – шәкірттің бойында осы ынта – ықылас оянбаса, онда жүз мұғалімді төбесінен төндіріп қойсаң да, түк шықпайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Атақты неміс педагогы Адольф Дистервегтің (1790 – 1866): «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп, табуға үйретеді» немесе араб ақыны және ғалым Абу-ль-Фарадж аль-Исфаханидың (897 – 967): «... Түсінгендіктің шын белгісі – «иә» деген жауап емес, шәкірттің жүзіндегі қуаныш болып табылады», – дегендерінен де соны көреміз. Ұлы педагог Ян Амос Коменскийдің: «Бірақ осылайша мұғалімнің де оқушыға өзінің тәлімдерін үйретуден бұрын, алдымен оның бойында білім алуға деген талпынысты оятып алуы қажет екенін ойлайтын біреу бар ма екен» [1], - дегенінен шынайы ұстаздық еңбектің мәнді жағы неде екені ғана емес, әдетте, нақ сол мәселеге көңіл бөліне бермейтіні де аңғарылады. Бұл арада мектептен аулағырақ тұрған арынды, өршіл ақын В.Маяковский де: «Ұстаз ізденгіш болуы, ойлай білуі, қандай істі болсын, бар ынтасымен атқара білуі керек» - дейді [1]. Алғыр ақынның мәнді шындықты жіті аңғарып отырғанын жоққа шығару қиын. Өйткені қазіргі оқыту, үйретудің мазмұны да, сипаты да, соған орай, амал-тәсілдері де күрделене түсті. Бұрынырақта жалпылама негіздерді баяндап, мағлұмат-түсінік беріп, сонымен істі тамамға санайтын еді. Қазіргі күрделі техника және жалғаспалы технология, сондай-ақ білім-біліктің көп тармақтылығы бір нәрсені болса да, құнтпен, жете үйретуді талап етуде. Ұстаздықтың мәні осыған орай жаңа сипаттарға ие болуда. Демек, ұстаздың білім мен өнердің жеке, қиын саласына үйретуге өте мұқият бағыт ұстауы шәкірттің де оған зейін шоғырландырып, қызыға, ойын, қабілетін, икемділік дағдыларын жұмылдыра білуін талап етеді. Ұстаз шәкірттің бойында сол ынта мен ой күшін жұмылдыра білушілікті пайда қылып, соған қуанып, дем беріп отырады. Олай болмағанда, шәкірт алға баспайды, онда даму болмайды, бір орында тұралап қалады, бұл деген - өскелең талаптарға қатысты алғанда, кері кету деген сөз. Сондықтан қоғамдық даму заңдылығы тұрғысынан ұстаздың түпкі мұраты шәкіртті өз деңгейіне жеткізу ғана емес, өзінен озып, ілгері кетуге негіз қалау болуға тиіс. Халық «Шәкірт ұстаздан озса, игі» деп тегін айтпаған ғой.

Мұғалімнің еңбегіне терең талдау жасаған орыс педагогы В.А.Сухомлинскийдің пікірінше, «Жақсы ұстаз – бұл балаларды сүйетін, олармен қарым-қатынастан рахат алатын, өз пәнін жақсы меңгерген, психология мен педагогиканы жетік білетін, бала тәрбиесі туралы білім болмайынша оқушылармен жұмыс жасау мүмкін емес екенін түсінетін, өз оқушысының тұлғалық дамуына көмектесетін, оның ақыл-ойын дамытатын ұстаз» [1].

Оқытушы өз бойында психологқа тән сапаларды қалыптастыру керек [2]:

- адамның психологиялық ерекшеліктерін білу қажет. Бұл оларды түсінуге, жағдайын, көңіл күйін, мінез-құлқын дұрыс бағалауға көмектеседі;

- адамның психикалық жағдайына адекватты эмоционалды жауап бере алу керек;
- әр адамның даралық ерекшеліктеріне сай қарым-қатынас жасай алу қажет;
- адамдарға сыйластықпен қарау әдебін білу қажет.

Ұстаз тек психолог болып қана қоймай нағыз педагог та бола білу керек. Педагогикалық техника мен технология – бұл арнайы әдістер, амалдар мен білімдер жиынтығы. Қазіргі орта мектептерде көбіне мұғалімдер педагогикалық әдістердің жалаң техникасын қолданып жүр, оған жанын салмайды, шығармашылық танытпайды. Сонда бұл техника көмектеспейді, керісінше педагогикалық әсер ету процесіне кедергі келтіреді. Ал бұл өз алдына дами беруі керек емес пе? Сонымен қатар, сөйлеу, киіну мәдениетінің төмендігі де кездеседі. Оқытушы педагог болған соң атына сай тіл байлығы да, жарасымды киім киісі де болғаны абзал. Кейбір мұғалімдер әр баланың жас ерекшелігін ескермейді. Бұл да үлкен қателік.

Мұғалім тек психолог және педагог болып қана қоймай, психотерапевт те болуы керек деп есептеймін. Яғни, өзінің де, өзгелердің де жүйкелік-психикалық толқуын баса алу үшін, оқушыларға психологиялық проблемаларын шеше алу үшін, оларды депрессивті жағдайдан шығара алу үшін.

Қазіргі мектеп пен ЖОО-да мұғалімнің рөлі артуда, оның оқушыларға педагогикалық-психологиялық әсерінің диапазоны кеңеюде. Мұғалімнің авторитеті – оның ұжымдағы кәсіби, педагогикалық және тұлғалық орнының мінездемесі. Психологиялық зерттеулер негізінде авторитетті және авторитетті емес мұғалімнің мінездемесі анықталды. Авторитетті мұғалімдер жоғары педагогикалық байқағыштыққа, өз оқушыларын сыйлау, олардың белсенділігі мен интеллектуалды іс-әрекетін қолдау, педагогикалық мәселелерді шешудегі жаңашылдық, оқушылармен қарым-қатынасқа қанағаттану сияқты сапаларға ие. Ал авторитетті емес мұғалімдерге педагогикалық қарым-қатынастағы қатаңдық, авторитарлы әдістер басымдылығы, сабақ берудегі бірдейлік (өзгермеушілік), қарым-қатынастың монологтығы, өз оқушыларының оқудағы жетістіктеріне қарамастан оларды сүйе және сыйлай алмаушылық тән [3].

Педагогтар өз қызметінде кездестіретін негізгі проблемаларға тоқталайын:

- өз педагогикалық іс-әрекетінің, өзінің тұлғалығы мен даралығының барлық компоненттеріне талдау жасай алмау;
- оқушылардың даралық-психологиялық ерекшеліктерін толық түсінбеу және оларды есепке ала алмау;
- оқушыларымен және әріптестерімен қарым-қатынас процессін құра алмау;
- өзінің психикалық жағдайын билей алмау және психологиялық тосқауылдарды жеңе алмау.

Осы сияқты проблемаларды сәтті шешу үшін өзін-өзі тану керек, өзінің психологиялық портретін жасау керек, оқушыларды дұрыс түсініп үйрену керек және педагогикалық қарым-қатынасты іске асыру қажет. Бұның бәрін практикалық психология курсынан үйренуге болады.

Мен мысал ретінде бір орта мектеп оқытушыларына жүргізілген зерттеуді көрсеткім келеді. Бұл зерттеу нәтижесі бойынша барлық мұғалімдерден сангвиник пен меланхолик – 35%, флегматиктер - 19%, ал холерик - 11%. Яғни, сонда ұстаздық қызметке көбіне сангвиник пен меланхоликтік сапа тән болғаны, яғни, көпшілдік, қайырымдылық, сезімталдық мінез-құлық басым. Мұғалімнің жұмысын тітіркенгіштік, агрессивтілік, салқындық, жайбасарлық, қайырымсыздық сынды сапалар қиындатады [3].

Оқытушыларда айқын байқалғаны тұлғалық үрей (өзіндік сын, ішкі үрей және тынымсыздық). К.Леонгард-Г.Шмишектің мінез акцентуацияларын зерттеудің көмегімен анықталғаны, мұғалімдерге көбіне циклотимия (көңіл күйдің ауысуы), үрей, эмотивтілік (жоғары сезімталдық), педантизм тән [4].

Педагогикалық психологиядағы зерттеу мұғалімнің тұлғалығында тұлғалық пен іс-әрекеттік сапаларды біріктіру қажеттігін көрсетті.

Қиындық көбіне жас мұғалімдерде болады. Сондықтан оған қойылатын басты талап – материалды түсінікті жеткізу, қызықтыра білу. Ол үшін өз пәнін жетік білу және өз әрекеттеріне сырттай талдау жасап, бағалау қажет. Оқушымен қарым-қатынас маңызды болса, ең бастысынан бастау қажет – яғни сабақты бастай алу. Есіктен қалай кіретінізді, жүрісіңізді, сыныпқа алғашқы көзқарасыңызды елестетіңіз. Осы әрекеттерге үйде айнаның алдында дайындалыңыз. Айналаңызға бір қарап шығып, ойыңыздағы оқушыларға «Сәлеметсіздерме!» деңіз. Бұл өте маңызды сөз, оны әртүрлі жеткізуге болады. Бұл сөзді сүйікті ұстазыңыз, университеттегі сүйікті оқытушыңыз, сосын анаңыз қалай айтқанын есіңізге түсіріңіз. Содан кейін бұны бірінші тыңдаушыларыңызға қолданып көріңіз. Сосын, сабақтан кейін бағалап, қорытындылайсыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, педагогикалық жұмыстағы қиындықтарды жеңу жолдары әрбір ұстаздың психологиялық және педагогикалық мәдениетінің қалыптасуына байланысты деп ойлаймын. Сондықтан оқытушы психологиялық тілде ойлап үйрену керек, яғни өз даралығы мен оқушы тұлғалығының ерекшеліктеріне талдау жасай алу қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қалдыбаева Т. Білім социологиясы. - Алматы. 1997.
- 2 Бочарова В.Г. Социальное воспитание учащихся. – М., 1991.
- 3 <https://www.topreferat.com/Курстық-жұмыс/2412-Мұғалім-мен-оқушы-арасындағы-қарым-қатынас>
- 4 <http://kitaphana.kz> Бала, педагог, ата-ана-балаларды тәрбиелеудегі бірлікті қамтамасыз ету.

Резюме

В данной статье анализируются с психологической точки зрения культура поведения учителей средних школ и их взаимоотношения с учениками. При этом выясняется важность психологической стороны отношений.

Summary

In this article the culture of behavior of teachers of middle schools and their interrelation is analyzed from the psychological point of view. In this direction, turn out importance of psychological activity.

Қабылданған күні 24.02.2015 ж

ӘОЖ 82

Ә.Қ.ЫғыловаХ.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212**БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ
ТӘРБИЕЛІК МӘНІ****Аңдатпа**

Бауыржан Момышұлының аңызға айналған азаматтық тұлғасын аспандатқан батырдың майдандағы ерлігі емес, оның өмір сүру ұстанымдары десе болады. Бауыржан Момышұлының адамдық болмысы мен рухани өмірі - жас ұрпақты патриотизмге, Отанды сүйуге, халқының әдет-ғұрпын қастерлеуге бастайтын үлкен қасиеттерге толы дүние.

Негізгі сөздер: ұлттық болмыс, тәрбие, нақыл сөздер.

КІРІСПЕ

Кез келген суреткер шығармашылығы туралы сөз болғанда оны ішкі дүниетанымынсыз қарастыру орынсыз болар еді. Өйткені «биік дүниетану тұрғысы жоқ жерде, шындықты терең, дұрыс тану мүмкін емес» [1, 28 б.]. Ал шындық терең, дұрыс танылмаса, шынайы шығарманың тумасы да анық. Ендеше дүниетаным мен суреткерлік шеберлік бірін-бірі толықтырып тұратын егіз ұғым.

Жазушы еш уақытта қоғамнан тыс өмір сүрген емес. Оның суреткерлік дүниетанамын қалыптастыратын да өскен-өнген орта, қоғам, заманауи оқиғалар мен саяси-идеологиялық ұстанымдар. Осы тұрғыдан келгенде шығармашылықты дүниетанымның маңызы Б.Момышұлы шығармалары негізінде, оның ішінде «Ұшқан ұя» повесінен анық көрінеді. Ата, әже тәрбиесі, қазақ ауылындағы сафалтындай сақталған ұлттық салт-дәстүр мен әдет ғұрыптан сусындап өскен жазушы ұлттық мәдениетті терең біліп қана қоймайды, оны сақтап, қорғау қажеттігін де биік ой талғамымен ұғынады. «Ұшқан ұя» повесінің тек жалаң, суреткерлік қиялдан ғана емес, өмір материалын терең зерттеу, оны талдап, таразылау нәтижесінен туындағаны осының айғағы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Б. Момышұлының аты аталғанда, екі бірдей бейне көз алдымызға келеді. Бірі – батырдың, екіншісі – жазушының бейнесі. Бойынан осы қасиеттің бірі табылып, бірі табылмағанның өзінде Бауыржан Момышұлы халқының асқан ардақтыларының бірі болатыны анық еді деген пікірдеміз. Себебі, Бауыржан Момышұлының тұғырлы тұлғасында батырлық пен жасампаздық сипат бір – бірімен ғажап бірлік тауып, тұтастыққа айналған.

Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, Халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекенінде дүниеге келген. Ол 1928 жылы жеті жылдық мектепті бітірген соң, екі жылдай бастауыш мектепте мұғалім, одан кейін Жуалы ауданының атқару комитетінің жауапты хатшысы, біраз уақыт Жуалы ауданының милиция бөлімінің бастығы болып жұмыс істейді. 1931-32 жылдары Шымкент өнеркәсіп банкінде қызмет істеп, Леңгір шахтасында, Ащысай кенінде қызмет етеді.

1932 жылы кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Ленинград қаржы академиясында білім алады. 1936 жылы қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болады.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан Момышұлы даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 – атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанып, батальон, полк командирі болады. Соғыстың соңғы жылдарында тоғызыншы гвардиялық дивизияны басқарады.

Ол Ұлы Отан соғыынан кейін Кеңес Армиясы Бас штабының Жоғары Әскери Академиясына 1946 жылы түсіп, 1948 жылы толық курсын бітіріп шығады. 1950 жылдан әскери – педагогикалық жұмыспен шұғылданып, Кеңес Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан Момышұлы біржола шығармашылық жұмыспен шұғылдануға бет бұрады.

Соғыс кезінде Б.Момышұлы офицерлік жазба күнделігіне көргені мен түйгенін, өзіндік ойларын түсіре бастайды. Атап айтсақ, «Москва үшін шайқас» атты повесінде Б.Момышұлы: «Ол күндер – қатал да қаһарлы күндер еді. Халықтың намысы жолында қиян-кескі соғыс жүріп жатты. Әлдеқалай болады деген арпалыстағы сағаты еді. Әр жүрек осылайша қинала соғып, әр жүзден мейірімсіз жауға деген қаһарлы айбат туды. Жұрттың бәрінің қабырғасы қайысты. Сондықтан да «жаным – арымының садағасы» деген ата дәстүрін ұстап, өлім қаупіне бас байланды. Өйткені, ар кіндігі – артымыздағы Москвада еді. Москва үшін шайқас осылай басталды» [2, 228 б.].

Бұл алғашқы шығармашылық қасиетінің белгі бере бастауы деп ойлаймыз. Сондықтан да шығармашылық тұлға ретінде өзгелерден ерекшеленетін оның қаһармандық ерлігі мен ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігі өзіндік шығармашылық өзгешелігі ретінде көзге түседі.

Тұмысынан асқан дарынды Б.Момышұлы 46 жасында қалыптасқан тірлік дағдысын күрт өзгертіп, өзі үшін мүлде қиын да күрделі, қазақ айтқан «Инемен құдық қазғандай» азапты тірлікке бет қояды. Бұл жолда да ол тамаша табыстарға қол жеткізеді. Ол өз шығармалары үшін үкімет наградаларына ие болып, Кеңес дәуірінде ҚазССР-інің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

1990 жылдың 11 желтоқсанында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін полковник Бауыржан Момышұлына (қайтыс болғаннан кейін) Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» деген атақ берілді.

Б.Момышұлының әдеби мұрасы ақындықтан басталған.

Біздің ойымызша, Б.Момышұлының ақындығын үш кезеңге бөліп қарстыруға болады. Алғашқы кезеңге – 1928 жылы Шымкенттегі жеті жылдық мектепті бітіріп, өмірге енді араласа бастағанда жазған өлеңдері мен соғысқа дейінгі шығармашылық ізденістерін жатқызуға болады.

Бұл кезеңге колхоздастыру кезеңінде жазған – «Біреулерге», ашаршылық алдында жазған – «Омарбекке», репрессия жылдарында жазған – «Қ-ға» өлеңдері жатады.

Б. Момышұлының ақындығының екінші кезеңіне – Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған Отан мен ел алдындағы қарапайым жауынгердің парызы, туған жер мен жарға деген махаббаты туралы жазған өлең, терме, толғау, дастандары жатады.

Б. Момышұлының ақындығының үшінші кезеңіне – соғыстан кейінгі кезеңдерде жазылған өлеңдері жатады. Сонымен бірге Бауыржан Момышұлы бұл жылдары махаббат тақырыбына арналған – «Жардың мұңы», «Арман жер», «Солдат әні» және философиялық ой – пікірлерге арналған «Ескертпе» өлеңдерін жазған. Б.Момышұлы өмірдің бейбіт кезеңінде әрі ұшқыр, әрі мірдің оғындай өткір, тапқырлыққа толы бір қақпайлар да жазып отырған.

Қорыта айтқанда, Бауыржан Момышұлының ақындығының көзге түсер басты ерекшелігі өмірдің өзімен өзектес болып келуі. Ол шындықтан алып, толғандырған мәселеден толғамды толғау тудырған. Оның өлеңдеріндегі лирикалық қаһарманның тебіренісі мен толғанысы оқушыны бей-жай қалдыра алмайды. Б.Момышұлы поэзиясында өмірдің тамыры соғып тұр. Олар ойға ой қосады, сезімі тасытады, көңілді тебірентеді, жанды әлдилейді. Қатқылдау жырдың айбатынан жылылық лебі есіп тұрады. Ол – жанды да жалынды да поэзия.

Б.Момышұлы сөз өнерінің биік бір қиясы – қанатты сөздер. Өлеңмен өрістес шешендік сөздері мен мақал-мәтелінде қиядан шауып, қиып түскен кесімді пікір, тебіреністен шыққан терең ой, ұрпаққа үлгі, өнеге-өсиет бәрі-бәрі бір-бірімен иықтаса тіркесіп, даналықтың тәрбиелік мектебін түзгендей. Ал, ең бастысы, осынау қанатты сөз туғызуға деген шеберлік, мақал-мәтел шығаруға деген ұсталық жазушының киелі тілге деген ұқыптылығын, тіл тазалығына деген кірпияздығын, суретті сөзге деген зергерлігін қалыптастырды. Жалпы, Б.Момышұлы тудырған әрбір қанатты, нақыл сөздердің өзіндік тарихы бар. «Ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады» деп, Асанқайғы айтқандай іште жатқан ой, түбінде сыртқа шықпай ма?! Ол жай шықпай, алып таудың астында талай жылдар, ғасырлар бойы жиналған ыстық лавадай бар күшпен лықсып шығып, бар қысыммен бұрқ ете қалады. Ондай өткір сөздің қызуы өте күшті келеді. Міне, Б.Момышұлының да ойы осындай ыстық, қордалы сезімдерге толы болып келеді. Сонымен бірге ол – тұнық та терең, сабырлы да байсалды сөз асылы, ұрпақтан-ұрпаққа қалатын, ұлағатты ұстаздың сыйындай нақыл сөздер.

Мысалға мына нақыл сөздері «Намысты нанға сатпа», «Жанын аяған тәніне жау», «Өмір үшін өлгенше күрес», «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық», «Ерлік елеусіз қалмасын», «Отан үшін отқа түскін – күймейсің», «Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет, жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет ет» осының жақсы дәлелі. Бұл нақыл сөздер соғыс жылдарындағы майдан шындығынан туған. Осындай қанатты сөздерден басқа белгілі бір өмір жағдайында жазылып қалып, ел аузынан түспес өнегелі өсиетке айналған сөздер қаһарман-қаламгерде көп кездеседі.

Б.Момышұлының нақыл сөздері құнарлы ойдың құнды қазынасы екендігі даусыз. Елдің елдігі, ердің ерлігі сыналған сұрапыл жылдардан

жеткен сол нақыл сөздер – қазір де халыққа керек, келешекке қажет қасиетті дүниелер.

Осынау шағын жанрдағы дүниелер: өлең-жыр, өнегелі өсиетке құрылған толғау-термелер, қанатты сөзбен өрнектелген ой-толғамдар, толғамнан танымға жол салған күнделік «жазбалар» мен мақалалар болашақ көлемді көркем шығармалардың бастау бұлағы, баспалдақ-басқышы болатын. Ол жолдағы ізденістің жемісті боларына күдік көп болғанмен, сенім нық еді. Осыдан қанаттаған Б.Момышұлы іргелі жанрларға қалам тартып, қалам қарымын байқай бастады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біз Бауыржан Момышұлының аңызға айналған азаматтық тұлғасын аспандатқан батырдың майдандағы ерлігі емес, оның өмір сүру ұстанымдары деп айтар едік. Бауыржан Момышұлының адамдық болмысы мен рухани өмірі - жас ұрпақты патриотизмге, Отанды сүйуге, халқының әдет-ғұрпын қастерлеуге бастайтын үлкен қасиеттерге толы дүние. Және оның өзі мен өзгелердің ол туралы шығармаларының көздеген мақсаты да осыған келіп тірелетінін байқауға болады.

Бауыржан Момышұлының шығармалары және оның қазақ әдебиетінде қазақ жазушылары жасаған әдеби-көркем тұлғасы келер ұрпақтың рухани әлемін мәңгіге байыта бермек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қаратаев М. Таңдамалы шығармалары. 3 томдық. - А., Жазушы, 1974. Т.2. – 392 б.
- 2 Момышұлы Б. Москва үшін шайқас Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. - А., 1960. – 372 б.

Резюме

В данной статье рассматривается влияние произведений Б.Момышұлы на патриотическое воспитание молодежи.

Summary

This article deals with the educational value of national environment in B.Momyshuly's works.

Қабылданған күні 25.02.2015 ж

ӘОЖ 781.7

Г.Т.Рысқалиева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: gryskaliyeva@mail.ru

КҮЙ КҮМБІРІ ҚАЛЫҚТАСЫН КӨГІМДЕ

Аңдатпа

Қазақ халқының төл өнерінің бірі –күй өнеріне ерте кезден-ақ саяхатшы ғалымдардың назар аударып, естеліктер жазып қалдырған. А.Затаевич, П.Аравин, А.Жұбанов сынды музыкант ғалымдардың зерттеулерімен күй өнері кәсіби деңгейге көтерілді.

Мемлекетіміздің қамқорлығы арқасында дәстүрлі күй өнерінің қазіргі кездегі дамуы соңғы жылдардағы мәдени шаралардың жиі өткізілуі айғақтайды. Күйдің насихатталуы адам санасын рухани байыта түсері сөзсіз.

Негізгі сөздер: *тарих, музыка, музыкалық мұра, ақын, жыршы, әнші, күйші.*

КІРІСПЕ

Көшпелі өмір салтын бастан кешірген кезеңдерінде, еліміздің музыкалық мәдениетінің ауызша дамып, таралуына өз үлестерін қосып, дәстүрлі өнер мектептерін қалыптастыра білген ақын, жыршы, әнші, күйшілердің еңбегін кейінгі ұрпақ баға жетпес байлық деп санайды.

XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласының тұрмыс-салтын зерттеп, музыкалық мұрасына қызығушылық танытқан орыс ғалымдары И.Т.Андреев, А.И.Левшин, И.Т.Георги, А.Эйхгорн, А.Е.Алекторовтардың мақалалары арқылы мәлім бола бастаған халықтық музыка шығармашылығы, алғаш рет еліміздің сырт аймақтарына таныла бастаған еді.

Қазақтың халықтық музыкасын зерттеу ісіне белгілі музыкалық қоғам қайраткері, музыка сыншысы және композиторы А.В.Затаевич аса зор еңбек сіңірді. Ән-күйлерімізді қағаз бетіне түсіріп, түпнұсқасын сақтап қалуға үлкен септігін тигізді. Белгілі өнер қайраткерлермен жүздесіп, олар туралы естеліктер жазып қалдырды.

Халық музыкасын зерттеуге және насихаттауға өнертану докторы, профессор А.Қ.Жұбанов, музыкалық фольклорын зерттеу ісіне П.В.Аравин көп еңбек сіңірді.

Халық музыкасын зерттеу, насихаттау және тарату ісіне өнертанушылар В.П.Дернова, Г.Бисенова, З.Қоспақов, М.М.Ахметова, С.А.Еламанова, А.З.Темірбековалар көп еңбек сіңірді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тұжырымдамада: «Бастауыш саты – оқушыда, оның интеллектісі дамуының ірге тасы – оқу әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Оқу әрекетінің мазмұны оқу тапсырмалары түрінде құрылды. Осы тапсырма түрлерін меңгеру оқушы ойын тәртіппен, оның белгілі бір бағытта жүйелі «арнамен жүруін» қамтамасыз етеді, жеке тұлғаның негізгі психикалық үрдістері қалыптасып, ырықты зейін, рефлексия, өзін-өзі бақылау, әрекет-амалдың ішкі жоспары сияқты жаңа түзілімдер пайда болады. Оқушы әртүрлі тапсырмаларын өздігінен шешіп орындаудың ортақ тәсілдерін, өз әрекетін бақылап, бағалауды, нәтижесін эталонмен салыстыруды меңгереді», - деп атап көрсеткен. Сонымен бастауыш оқу жүйесі бүкіл ғылым мен білімнің бастауы ретінде жан-жақты даму үстінде [5].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының бастауыш сатысындағы білім мазмұны мен тұжырымдамасы.- Алматы, 1998.- 54 б.
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Егемен Қазақстан.11.06.1999.
- 3 Линчевская Т.А. Қазақстан республикасында жаңа типі мектептердің қалыптасуы мен дамуы. - Алматы. 1987.

4 Таубаева Ш. Мұғалімдер білімін жетілдіру институтының педагогикалық озат тәжірибелерді зерттеу, жинақтау, қолдану жұмыстары. Автореферат. - Алматы, 1991.

5 Жайтапова А.А. Профессиональный рост учителя в системе повышения квалификации. Монография. - Алматы, 2006.- С.92.

Резюме

В данной статье рассматривается становление начальных школ и его современное состояние развития. А также приведены разные опыты, идеи об обучении учащихся начальных классов. Описывается о содержании начального обучения, об учебном плане, о дисциплинах. Рассказывается об психологических особенностях, об образовании и воспитании учащегося в образовательном стандарте.

Summary

This article discusses the formation of primary schools and its current state of development. And given the different experiences , ideas about teaching primary school pupils . Described on the content of primary education, about the curriculum of disciplines. Describes the psychological characteristics , education and upbringing of the student's educational standards.

Қабылданған күні 02.03.2015 ж

ӘОЖ 37.032

Э.Саулеева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212
E-mail: akmaral_muhanbetzhanova@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары – ғылыми жаңалықтардың жетістіктерін тәжірибелік әрекетте шығармашыл қолдана алатын, яғни қоғам дамуының қазіргі заманғы жағдайларына жылдам бейімделе алатын, жоғары білімді мамандарды дайындаудың сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі.

Негізгі сөздер: *шығармашылық белсенділік, құзыреттілік белсенділік, ғылыми-зерттеу жұмыстары, студенттердің зерттеушілік мәдениеті.*

КІРІСПЕ

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне қосылуы халықаралық талаптарға сай жоғары және жоғары білімнен кейінгі кәсіптік білім алудың құрылымын енгізуге, оқытудың кредиттік жүйесіне негізделген мамандарды дайындаудың бакалавриат, магистратура, докторантура үш сатылы үлгісіне ауысуыға ықпал жасады. Кредиттік жүйемен оқытудың басты артықшылығы-студенттердің өздігінен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру. Бұл студенттердің білім алуында шығармашылық белсенділігін ғана арттырып қоймай, білім берудің сапасын жақсартуға да септігін тигізері анық. Осыған орай, Қазақстан

Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Қазір педагогтық қоғамдастықтың алдында білім берудің жаңа моделін құрудың, сынақтан өткізудің ауқымды міндеттері тұр. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке-ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады», -деп көрсетілген.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінгі ақпаратпен толықтырылған білім беру ортасының оқу процесін электрондық қорларды жоғары дәрежеде құрылымдалған және көрнекіленген электрондық оқулықтар мен пәннің оқу-әдістемелік кешендерін (жаңа ақпараттық коммуникативтік және интернет-конференциялар жағдайындағы бірлескен танымдық іс-әрекет және т.б.) қолдана отырып, сапалы ұйымдастыру бүгінгі қоғамның нарықты экономиканың қойылып отырған талаптарына сәйкес тұлғалық-бағдарлық, құзыреттілік, іс-әрекеттік жаңа тұрғыдан қарастыруды талап етеді. Өйткені жоғары білімнің сапасын арттыру аспектілерінің бірі студенттердің құзыреттілік белсенділігін және өз бетімен білім алуға деген икемділігін арттыруға себеп болатын әрекет-студенттердің зерттеу әрекеті. Сол себепті, студенттердің кредиттік оқыту жүйесін жетілдіру негізіндегі зерттеу әрекеті жоғары білімнің құрылымдық мазмұндық реформалануымен тікелей байланысты.

Ғылыми әрекет мамандарды даярлау үрдісінің құрамдас бөлігі болып табылады және оқытушылар мен студенттер әрекетін қамтиды. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары біріккен оқу-тәрбие және ғылыми-инновациялық үрдістердің құрамдас бөлігін құрайтын жоғары оқу орындарында білікті мамандарды дайындаудың міндетті бөлінбес бөлігі болып табылады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары – ғылыми жаңалықтардың жетістіктерін тәжірибелік әрекетте шығармашыл қолдана алатын, яғни экономика дамуының қазіргі заманғы жағдайларына жылдам бейімделе алатын, жоғары білімі бар мамандарды дайындаудың сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі [1].

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жас маманнан кәсіби құзыреттілігінің жоғарылауын, барлық мәселелерді шешуде өзіндік бағдарын, шығармашылығын, қоғамның қазіргі үздіксіз шарттарында өзіндік қалыптасу мен бейімделуді талап етеді. Педагогикалық жоғары оқу орнындағы студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекеті білім сферасына мамандарды даярлау жүйесінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Ғылыми әрекет мамандарды даярлау үрдісінің құрамдас бөлігі болып табылады және оқытушылар мен студенттер әрекетін қамтиды. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары біріккен оқу-тәрбие және ғылыми-инновациялық үрдістердің құрамдас бөлігін құрайтын ЖОО-да білікті мамандарды дайындаудың міндетті бөлінбес бөлігі болып есептеледі [ҚР МЖМББС 5.03.011 - 2006 «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жоғарғы оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы»].

Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеті олардың оқу әрекетімен тікелей байланысты. Оқыту процесінің жалпы құрылымына сүйене отырып, студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетіне талдау жасалды. Оқыту процесінің құрылымы өзара байланысты компоненттердің тұтастай жүйесін білдіреді: мақсатты, ынталандырушы-

мотивациялаушы, мазмұнды, операциялы-әрекеттік, бақылаушы-реттеуші, бағалаушы-нәтижелі.

Ғылыми-зерттеу әрекетінің мақсаты мен міндеттері Мемлекеттік білім стандартының, кәсіби білім бағдарламасының талаптары негізінде, сонымен қатар студенттердің алдағы даярлық деңгейін, ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеру негізінде анықталады.

Мотивациялық компонент ғылыми-зерттеу міндеттерді шығармашылықпен шешуде студенттерде қызығушылық пен қажеттіліктерді ынталандырумен анықталады. Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетінің ішкі мотивациясын қалыптастыру студентке зерттеу сипатындағы болшақ кәсіби қызметіне белсенді енуіне мүмкіндік береді. Ғылыми-зерттеу әрекетінің мазмұны туындаған проблеманы шешумен, әртүрлі ғылыми-зерттеу міндеттерін рационалды шешу жолдарын іздеумен байланысты. Бұл жағдайда «оқу проблемасы», «проблемалы міндет», «ғылыми-зерттеу міндеті» түсініктерін нақтылау қажет.

Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетінің ерекшелігі болып субъективті сипаттағы жаңаны «ашу» табылады. Бұл көптеген ғалымдардың зерттеулерінде сендіре дәлелденген. Мысалы, Т.В.Кудрявцев шығармашылықтың екі түрін қарастырады: «өзіне арналған» шығармашылық және «басқалар үшін» шығармашылық. М.М.Поташник «Педагогикалық шығармашылық: даму проблемасы және тәжірибе» атты еңбегінде педагогтың шығармашылығы, зерттеу іс-әрекетіне ой жүгірте отырып, педагогикалық ғылымда танымал келетін өзіне арнап бір жаңаны ашу шығармашылық акт болып табылатынын көрсетеді.

Кез-келген жаңа білім бұрынғы біліммен және тәжірибемен байланысты болады. Сондықтан, біздің ойымызша, ғылыми-зерттеу әрекетінің әрбір кезеңінде негізгі рольді барлық білім мен іскерліктің, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесінің өзектенуі алады.

Ғылыми-зерттеу әрекеті процесінде студент-зерттеушінің тұлғалық сапалары мен қасиеттерінің қалыптасуы жүзеге асады. Е.И.Регирердің «Зерттеушінің қабілеттерін дамыту» еңбегінде көрсетілген «тұлғалық сапаларының» жеткілікті түрде анықталмау фактісі басқа ғалымдардың еңбектерінде зерттеушінің әртүрлі сипаттамаларының болуын көрсетуге мүмкіндік береді. Әдетте, көпшілігі әуестік, танымдық өзбеттілік, шығармашылық белсенділік, ғылыми қызметке қабілеттілік, жұмысқа қабілеттелікті көрсетеді. Оқу және ғылыми-зерттеу іс-әрекет процесінде студенттің әртүрлі тұлғалық сапаларын ескеру және дамыту қажет және бұл Ю.К.Бабанский, И.Г.Герасимов, В.И.Загвязинский, Н.В.Кузьминаның, еңбектерінде бірнеше рет атап көрсетілген. Кейбір еңбектерде зерттеу іскерліктері мен қабілеттерінің компоненттерін жүйелі-құрылымды талдау негізінде іс-әрекеттің синтезінде байқалатын тұлғалық сапалардың оқу және зерттеу іс-әрекетіне әсері көрсетіледі [2].

Тұлғаның зерттеушілік қасиеттері төмендегідей бөлінеді:

- *мотивациялы*, тұлғаның ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысын сипаттайды (зерттеу қызығушылығының қалыптасқандық деңгейі, бұл іс-әрекет түрінде жетістікке жету тілегі және ұмытылысы);
- *операциялы* – тұлғаның ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде қолданатын ақыл-ой тәсілдері мен операциялары;
- *ұйымдастырушы* – бұл ең алдымен студенттің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін өздігінен ұйымдастыру тәсілдерін қолдана алудың іскерлігі мен қабілеттері;

- *коммуникативті* – студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеті процесінде ынтымақтастық тәсілдерін қолдану іскерліктері мен қабілеттерін сипаттайды.

Жеке тұлғалық сапалардың студенттің неліктен зерттеу іздену іс-әрекетінде жетістікке жететіні немесе қиындықтарға кезігетінін түсіндіре алмайтыны танымал. Олардың жиынтығын талдай отырып, қандай да бір жағдайдың белгілі бір себептерін анықтауға болады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қажетті әртүрлі тұлғалық сапалары мен қасиеттеріне мән бере отырып, ғылыми сипаттағы белсенді іздену іс-әрекетінің қажеттіліктері мен іскерліктерін қалыптастыруға ерекше көңіл аударуға болады.

Іздену іс-әрекеті негізінде негізгі принциптер жатыр және олармен студенттердің бұл іс-әрекетке қатыса отырып, ұғына немесе ұғынбай жетекшілік жасайды. Принциптердің ішінде басым мәнділері мыналар:

- *сәйкестік принципі*. Ғылымдағы барлық жаңа ескіні жоққа шығармайды, оның негізінде пайда болып дамиды. Бұл принцип арқылы ғылыми-зерттеудің сабақтастық, байланыстар, қатынастар, айырмашылықтар орнатылады;

- *белгісіздік принципі*. Уақытпен өзгеріп отыратын кез-келген динамикалық процестің жағдайын бағалауға бұл жағдайдың үздіксіз өзгерісіне қатысты белгісіздік тән.

- *қосымша принципі*. Бір ғылыми ізденіс жүйесіндегі танымдық міндеттерді шешудің шектеулігі басқа көбірек дамыған іздену жүйесінде қосымша шешімдерді табуға мүмкіндік береді;

- *себептілік принципі*. Кез-келген құбылыс себеп пен салдардың (негізі және іс-әрекеті) қажетті байланысында пайда болады, дамиды және өзінің дамуын тоқтатады. Себептілік студенттердің зерттеу ізденісіне ғылымның дамуының логикасы мен әдістерімен байланысы арқылы таралады: интерполяциямен, экстраполяциямен, талдаумен синтезбен және т.б. Принцип негізінде жоғары мектептегі оқу процесінің дамуын болжау жолдарын іздестіру жүргізіледі;

- *қарапайымдылық принципі*. Ең алдымен оқыту мен ғылыми ізденістің тәсілдерін, формалары мен әдістерін таңдауға қатысты. Оқу процесінде және ғылыми ізденісте күрделі білім, іс-әрекеттер жүйесі қарапайымдар түрлеріне бөлуді қажет етеді. Ғылыми-зерттеу жұмысында қарапайымдылық міндетті шешу жолдарын таңдау негіздемесімен байланысты.

Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетін оқытушы тарапынан бақылау және өзін-өзі бақылау кері байланыстың қызмет ету жағдайын туғызады және бұл байланыс студенттің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін реттеуді, оны ұйымдастыру формалары, әдістері мен тәсілдеріне өзгеріс енгізуді қамтамасыз етеді.

Бақылау-реттеуші компонент оқытушылар мен студенттердің жеткен нәтижелерін бағалау және өзін-өзі бағалауды білдіреді. Студенттің ғылыми-зерттеу міндетін шешудің бастамасында келесі ситуациялардың біреуін болса да түсіну жүреді:

- қажеттіден төмен білімнің шынайы деңгейі;
- қажеттіден төмен іскерліктің шынайы деңгейі;
- қажеттіден аз тәсілдердің шынайы жиынтығы.

Ғылыми-зерттеу міндеттерді шешу процесінде студенттердің қажеттіліктеріне сәйкес шынайы білім мен іскерліктің деңгейінің көтерілуі, бұрыннан белгілі тәсілдерді жетілдіру және жаңамен толықтыру жүреді. Бұл факт көптеген зерттеушілердің ғылыми-зерттеу әрекеті барысында студенттердің

шығармашылығының субъективті сипаты туралы көзқарасын тағы да дәлелдейді. Басқаларын синтездейтін маңызды көрсеткіш болып студенттің біліктілігіне сай бітіру(дипломдық) жұмысы табылады. Мұндай жұмыстардың сапасының критерийлерінің жүйесі жетілдірілген. Қазіргі талаптарға мыналарды жатқызуға болады:

1. Тақырыптың өзектілігі және жаңалығы;
2. Оның мазмұнының әдістемелік негізділігі;
3. Құрылымының жүйелілігі
4. Зерттеу әдістерінің бірегейлігі және нәтижелерді өңдеу;
5. Практикалық мәнділігі;
6. Шешімдердің, жалпылаудың, қорытындының өзбеттілігі;
7. Мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкестігі;
8. Кәсіби және орфографиялық сауаттылық;
9. Дұрыс және жинақты безендіру;
10. Аргументті қорғау.

Сонымен, оқу әрекетінің және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің негізгі айырмашылығы мақсаттарға, пәнге және оларды жүзеге асыру нәтижесіне негізделген.[3].

Бірінші және екінші жағдайда жетекші болып танымдық қажеттіліктер және мотивтер табылады. Оқу әрекетінің мақсаты тұлғаның жалпы және кәсіби дамуына негізделеді, ғылыми-зерттеу әрекеті жеке дамуына бағытталады. Оқу әрекетін танымдық, интеллектуалды іс-әрекеті құрайды, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін интеллектуалды іс-әрекеттер құрайды. Оқу әрекетінің пәні болып белгілер жүйесі ретіндегі ақпарат, ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің пәні белгісіздің аймағы табылады. Оқу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттің тәсілдері шынайылықтың бейнелену, оның түрленуінің тәсілдері болып табылады. Оқу әрекетінің нәтижесі тұлғаның әрекеттік қабілеттері және қарым-қатынас жүйесі, ғылыми-зерттеу әрекетінің нәтижесі – жаңа білім, зерттеу құзыреттілігі. Осылайша, қарастырылған студенттердің іс-әрекет түрлерінің негізгі айырмашылығы студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетінің басқа түсіндірмесінің қажеттілігін анықтайды.

Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысты біздің позициямызды нақтылау үшін бұл түсініктің «оқу әрекеті», «оқу шығармашылық әрекеті», «оқу-зерттеу әрекеті» түсініктерімен сәйкестендіру және салыстыру арқылы жүргізілген талдаумен толықтыруға болады [3].

«Оқу шығармашылық іс-әрекет» және «оқу-зерттеу іс-әрекеті» түсініктеріне терең талдау В.И.Андреевтің «Оқу-зерттеу іс-әрекетін эвристикалық бағдарламалау» еңбегінде жасалған. Автордың талдауларын төмендегідей қорытындылауға болады:

1.Оқу-зерттеу әрекеті – педагогтың ұйымдастыруымен тікелей және жанама басқарудың басым дидактикалық тәсілдерін қолдану арқылы жүргізілген студенттердің іс-әрекеті және бұл студенттердің іс-әрекеті заңдылықты байланыстар мен қатынастарды түсіндіру мен дәлелдеуді, эксперименталды бақыланған немесе теориялық талданған фактілер, құбылыстар, процестерді іздестіруге бағытталған және бұл іс-әрекетте танымның ғылыми әдістерін өзбетімен қолдану басым келеді және нәтижесінде студенттер білімді белсенді игереді, өздерінің зерттеу іскерліктері мен қабілеттерін дамытады.

2.«Оқу шығармашылық іс-әрекет» және «оқу-зерттеу іс-әрекеті» түсініктері жақын түсінік және түрлі айырмашылық ретінде қарастырылуы мүмкін.

3.Бұл түсініктерді теңдестіру және қарама-қарсы қоюға болмайды, өйткені студенттердің оқу-зерттеу іс-әрекет процесінде шығармашылықтың элементтері міндетті түрде болады және әртүрлі деңгейлерде: логикалық, логикалық-эвристикалық, басымырақ эвристикалықта.

Оқу-шығармашылық іс-әрекетке іс-әрекет өнімінің жеке маңыздылығы тән. Оны жүзеге асыру нәтижесінде психикалық жаңа құрылымдардың көрінуі жүреді.

Қарастырылып отырған түсініктер бір-бірінен айрықша ерекшеленетінін көріп отырмыз. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеттің өзіндік ерекшеліктері бар және олардың арасында басым болып табылатыны:

- оның мақсаттарының оқу мақсаттарына бағыныштылығы;
- ғылыми-зерттеу әрекетінің негізгі мотивтері – танымдық;
- оқытушылардың және ғылыми қызметкерлердің жетекшілігімен ғылыми-зерттеу әрекетін жүзеге асыру;
- ғылыми жұмыс процесінде студенттерде кәсіби өзбеттілікті, өзінің кәсіби қызметінде практикалық міндеттерді шығармашылықпен шешуге қабілеттілікті қалыптастыру;
- болашақта кездесуі мүмкін проблемалы ситуацияларды тиімді шешу үшін қажетті мәліметтерді кеңейту.

Жоғарыда қарастырылған педагогикалық жоғары оқу орнында-да студенттердің іс-әрекет түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ескере отырып, оқу шығармашылық және оқу-зерттеу іс-әрекетін қалыптастыру ғылыми-зерттеу әрекетінің дамудың базасын құрайтынын көрсетуге болады [4].

Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетіне арналған көптеген еңбектерді талдау кез-келген оқу және оқудан тыс зерттеуді ғылыми-зерттеу жұмысы деп атайтыны туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, бұл факт ғылыми-зерттеу іс-әрекеті жүйесіндегі студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетінің орны мен мақсатын түсінуді қиындатады. Бұл туралы осы түсінікті қарастырудың әртүрлі аспектілері дәлел бола алады. Мысалы, А.А.Вербицкий студенттердің іс-әрекетінің үш негізгі формаларын бөліп көрсете отырып, студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетін оқу-кәсіби іс-әрекетіне жатқызады, В.А.Сластенин, Л.С.Подымова студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетін инновациялық іс-әрекетке студенттерді даярлаудың ең маңызды нұсқасы ретінде қарастырады, басқа зерттеулерде түсінік белгілі бір құрамдарын көрсетумен енгізіледі [5].

Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекеті деп құбылыстар, процестерді түсіндіруге, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, фактілерді теориялық және эксперименталды негіздеуге, танымның ғылыми әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ғылыми сипаттағы іздену іс-әрекеті және оның нәтижесінде «жаңалықтардың» субъективті сипаты белгілі бір объективті маңыздылықты және жаңашылдықты меңгереді деп түсінеміз.

Ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің құрылымы мен қызметтері осы бағыттағы педагогикалық ЖОО-да студенттерді даярлаудың мақсаттарымен анықталады.

- Кәсіби теориялық білімді тереңдету және дамытуда, оларды тәжірибеде қолдану;
- Барлық студенттерге өзбетімен ғылыми-зерттеуді қою және жүргізу дағдыларын меңгертуде;
- Білім берудің өзекті мәселелерін шешуге көбірек қабілетті студенттерді қатыстыруда;

- Студенттерге олардың шығармашылық қабілеттері көрінетіндей ғылыми бағытты негізді таңдау мүмкіндігінде;
- ЖОО қабырғасында ғалымдарды, зерттеушілерді, оқытушыларды тәрбиелеуде;
- Болашақ маманның сапалы кәсіби қалыптасуында.

ҚОРЫТЫНДЫ

Студенттердің ғылыми зерттеу іс-әрекетін білімсіздіктен білімге әдіснамаға сүйене отырып қозғалудың диалектикалық процесі ретінде қарастыра отырып, мұндай іс-әрекет студенттің жалпы кәсіби білімдері, іскерліктері және дағдыларының жүйесіне негізделеді деп ойлаймыз. Соған қарамастан, оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің сипаттамаларын зерттеу және талдау қажетті біліммен, іскерлікпен, дағдыны сандық қарулану білім жағдайының, танымдық іс-әрекет тәжірибесінің сандық өзгерісіне әрдайым әкеле бермейтініне дәлел болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Иманбаева С.Т. Жоғары оқу орындарында кредиттік технология бойынша оқыту жүйесін ұйымдастыру. // Қазақстан мектебі. – 2005, №1.
- 2 Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқушыларға идеялық-адамгершілік тәрбие беру. 1-2 бөлім. – Алма-ата, 1990. – 157 б.
- 3 Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру: п.ғ.к. диссер. автореф.: - 13.00.08.- Алматы, 2002.- 23 б.
- 4 Демеев А.Ш. Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындары студенттерінің өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың ғылыми-практикалық негіздері (физика-математика курстары үлгісінде): – п.ғ.к. диссер. автореф:13.00.01. –Алматы, 2007.- 26 б.
- 5 Абылкасымова А.Е. Познавательная самостоятельность в учебной деятельности студента.- Алматы: Санат, 1998. – 23 с.
- 6 Мажитова Л.Х. Студенттердің кәсіби ынтасын қалыптастыру. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 1994. - 143 б.

Резюме

В этой статье рассматривается научно-исследовательская деятельность студентов обучающихся по кредитной системе обучения.

Summary

This article discusses the research activities of students enrolled in the credit system of education.

Қабылданған күні 20.03.2015 ж

ӘОЖ 687.01

А.Б.УтаралиевХ.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 212**ДИЗАЙН – ҚАЗІРГІ ӨНЕРДІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ****Аңдатпа**

Қазіргі кезде кең өріс ала бастаған дизайн-таным білімнің қазіргі кезеңге дейінгі барлық түрлерінің жетістіктерін бойына сіңірген, күрделі түсінік. Танымал дизайнерлердің ой толғамдары, дизайнер Д.Понтидің ой-пікірінде дизайн-өркениеттің шынайы бет пердесін ашып көрсететін әсем түрлері, әдемі нәрселер әлемін құру болып қарастырылады. Чех дизайнері Кобосилде өзінің ой толғауында, дизайн ұғымын анықтау бағытындағы көзқарастың бірі туралы: «Дизайн-өндіріс өнімдерін ұлттық бірыңғайландыруға (идентификация) қызмет ете алады және дамыған елдерде аса маңызды экономика құралы болып табылады» - деп тұжырымдаған.

Негізгі сөздер: дизайн, өндіріс, фирма, графикалық стиль, кеңістік, интерьер, фирмат, өнер, көркем-образ.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде кең өріс ала бастаған дизайн – таным білімнің қазіргі кезеңге дейінгі барлық түрлерінің жетістіктерін бойына сіңірген, күрделі түсінік.

Дизайн өнері адамзатты қоршаған заттардың көркем және қолайлы безендірілген әсемдік бейнесі мен өнеркәсіп өндірісіне негізделген ортаның, қоғамның мәдени даму сатысының анықтаушысы және халықтың эстетикалық идеалдарының көрінісі болып табылады.

Қазіргі таңда дизайнерлер өз жұмыстары арқылы адамның, тіршіліктің бар қасиеттерін, халқының тұрмысын және өмірдің ерекше бір сипатын айқындап, жеткізіп, көкейіңе қондырып, жүрекке жылы әсер ететіндей көңіл күй сыйлауда. Осыған орай дизайн туралы мынандай көзқарастар қалыптастыруға болады:

Дизайн – өмір айнасы, халық тұрмысының сипаты.

Дизайн – қоғамдық өнер

Дизайн – қоғамның бұқаралық қарым-қатынас құралы

«Дизайн» ағылшынша «Design» - түпкі ой, жоба деп аталады.

Дизайн дегеніміз – эстетикалық сапаларға ие, әдемілігімен, үйлесімділігімен заттардың жобаларын жасау әдісі.

Бейнелеу өнерінің бұл түрі үнемі даму үстінде. Дизайн тек бейнелеу өнерімен шектелмейді, ол өнердің басқа да алуан түрлерінде өзіндік орын алуға.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Осы орайда, танымал дизайнерлердің ой толғамдарында, яғни, итальяндық сәулетші және дизайнер Д.Понтидің ой пікірінде дизайн – өркениеттің шынайы бет пердесін ашып көрсететін әсем түрлер, әдемі нәрселер әлемін құру болып қарастырылды. Ал, чех дизайнері Кобосилде өзінің ой толғауында, соңғы кездері жиірек айтылып жүрген дизайн ұғымын анықтау бағытындағы көзқарастың бірі туралы: «дизайн-өндіріс өнімдерін ұлттық бірыңғайландыруға (идентификация) қызмет ете алады және дамыған елдерде аса маңызды экономика құралы болып

табылады» - деп тұжырымдаған. Демек, қазіргі таңда тиісті салаларға байланысты дизайн туралы ұғымның жаңа түсініктерін анықтау қарастырылуда. Себебі, бұрын «дизайн» сөзінің орнына «техникалық» және «көркемдік конструкциялау» сөздері қолданылып келді.

«Дизайнның түсінік өрісінің өзгеруі қоғам салаларының барлық қырларын қамтитын кең көлемді жобалар жасауға мүмкіндік береді. Ол дизайнды дамытуға, жекелеген заттардан бастап тұтас ортаны кешенді түрде жобалауға, адамның әлеуметтік және өндірістік қызмет саласындағы еңбегінің табиғатпен өзара байланыста болатындығы туралы түсінігімізді байытып, қоғамдағы өндірілетін заттарды кешенді жобалауға жол ашты. Дизайн ұғымының шеңберінде «өмір салты», «кешенді объект», «ортаға байланысты әдіс» деген түсініктердің өмірімізге енуі де содан болар»[1].

Дизайн - адамның суретшілік іскерлігінің, әрі теориялық ойлау қабілетінің негізінде қалыптасқан сала. Сұлулық және функционалдық заңдылық нәтижесінде жасалынған бұйым дизайн туындысы болып табылады. Қазіргі дизайн заттық бұйымдарды сәндеуде оның барлық талабына жауап бере алады.

Дизайнды заман талабынан туындаған өнердің озық үлгісі деуге болады. Себебі, дизайн қазіргі таңда дүние жүзіндегі адамзатқа қажетті тиісті салаларды дамытуда маңызды қызмет атқаруда. Оның қолдану аясын анықтау да оңай емес. Мысалға, дизайн (интерьерлерді жобалау кезінде) сәулет өнерімен де, мүсін өнерімен де, жиһаздар жасаған кезде, сондай-ақ әртүрлі киім стильдеріін таңдаған кезде сәндік қолданбалы өнермен де бірігіп кетеді.

Дизайн *өндірістік, графикалық, интерьерлік, автомобильдік, жиһаздық, компьютерлік*, т.б. болып бірнеше түрге бөлінеді.

Дизайн өнерінің алғаш және кең көлемде тарағаны – өндіріс дизайны.

Бұл ретте, коммерциялық капиталистік дизайн екі негізгі саладан тұрады. Біріншісі стафф-дизайн деп аталады, ол кәсіпорынға қажетті міндеттерді жүзеге асыратын фирма мен кәсіпорын дизайнерлер бөлімінен тұрса, екіншісі, өндірістік, жекеменшік, басқа да фирмалар, кәсіпорындар мен жеке тұлғалардың сұраныстарын қабылдап, орындайтын дизайн фирмалары мен дизайн бюроларын біріктірді.

Графикалық дизайн – ақпаратты көзбен, басқа да құралдарымен қабылдау арқылы түйсінуге байланысты. Бұл қалада және көлік жолдарындағы, сондай-ақ, барлық графикалық дизайн деген түсініктерді біріктіретін плакаттар шығару, газет-журнал, кітап өнімдері, тегі ғимараттардың қабырғалары мен қасбетіне салынған «суперграфика», телехабарлардағы графикалық қондырғылар, супермаркеттер мен көрмелерді көркемдеу, көрнекі үгіт, фирмалық стильдерде қолданылады. Бұл көріністік стильдерде жобалаудағы шешімдердің сезімдік табиғатын көрсетіп, ой мен қиялға ерік беріліп, көркем дизайн көрініс береді. Онда дизайнерлер нақты кеңістіктен бөлек бір сәттілік немесе ұзақ уақыт есте қалатын сезімдік ахуал көрсетуге тырысады. Кеңістікті ойнатып, оны түрлендірудің тағы бір тәсілі – графика (суперграфика) мен кескіндеме өнері құралдарын қатыстырып жасалады.

Жылтырақ айна беттерін пайдалануды да осылардың қатарына жатқызуға болады. Осы саладағы тағы бір стиль нақты көлем бағытында жасалады, басқаша айтқанда, ауқымдық кеңістік шешімдерге сүйенеді. Мысалға, айнадай жарқыраған биік үйлердің қабырғалары көрші ғимараттарды, болмаса бұлт жүзген аспанның көрінісін өзіне тартып кей жағдайда көрінбей кетсе, кейде қоршаған ортаның көз

тартар белгісіне айналады. Тұрғын үй интерьерлеріндегі кеңістіктердің бейнелері өзгеріп шыға келеді.

Қазіргі таңда дизайнерлер жобалайтын өндірістік бұйымдар мен өмір сүруді қамтамасыз ететін тұтастай жүйелер сәулет өнерімен де тығыз байланысты. Олардың пішіндері осы заманғы кеңістік шешімдерімен тікелей қатысты. Қалалар, қоғамдық және тұрғын ғимараттар, өндірістік сәулет – көлік жолдарымен, көше жабдықтарын энергиямен қамтамасыз етуден бастап, белгі беріп сақтандыру, таным, анықтау бояуларына дейін қамтитын толып жатқан дизайнерлік нысандардан құралады. Ғимараттар мен тұрғын үйлерді көше жиһаздарымен үйлесімді орналастыру арқылы дизайнерлер жалпы құрылыстың бет-бейнесін анықтайды. Сәулетшілер мен дизайнерлердің бірігіп әрекет етуін бүгінде жалпы терминмен «қала дизайны» деп атаса, ғимараттар ішінің заттық ортасын қалыптастыруды «интерьер дизайны» деп атайды. Сонымен қатар, дизайн мейлінше сан алуан автомобильдері безендірумен, оның өзінде де жасанды жолмен ойластырылған безендірумен емес, олардың конструкциясымен және атқаратын қызметімен сабақтастықта безендірумен айналысады. Заттың техникалық жетістіктері мен атқаратын қызметін баса көрсететін сыртқы сұлулыққа инженер-конструктор мен дизайнерлердің бірлескен іс әрекеттері мен жобалары арқылы қол жетеді.

Бүгінгі күні компьютердің дизайнер маманға қажетті құрал екендігі белгілі. Бұл ретте, компьютерді меңгеріп ғана қою аздық етеді. Сондықтан да, тиісті салаларға қажетті жобаларды компьютерде орындау үшін болашақ дизайнерлер инженерлік білімнен басқа арнайы дизайнерлік оқу орындарында білім алулары қажет. Ол оқу орындарында студенттер инженерлік білімнен басқа, дизайнерлік тәжірибенің моделімен танысады.

Дизайнды оқып үйренудің өзіндік үйлестіру заңдылықтары бар. Атап айтқанда: статика, ритм, контраст, динамика, симметрия, метр, ассиметрия, нюанс, контраст, композиция, перспектива т.б.

Статикалық – тұрақты нәрсенің үйлесімділігін көрсетеді.

Ритм – ырғақты үйлесімділік.

Контраст – қарама – қайшы түстердің бірден айқын болып көрінуі. *Динамика* – қозғалыстың үйлесімін, қимылдың іс-әрекеттің көрсетеді. *Симметрия* – тепе-теңдік үйлесім.

Ассиметрия – екі нәрсенің бірін-бірі қайталамауындағы үйлесімділік. *Метр* – ара қашықтығы бірдей орналасқан үйлесім заңдылығы.

Нюанс – композициялық үйлесімдіктің сәтті шығуы.

Композиция – (латынның «compositio» деген сөзі.) шығарма, ойлап шығару, құрастыру, орналастыру. Композиция – барлық өнердің түрлеріне тән негізгі тәсіл. Композицияның бастауы сәулеттік құрылыс негізінде, саздық және әдеби шығармалар, мүсіндеу, кескіндеме, театр құрылымдары мен кинофильмдер негізінде жатыр.

Перспектива – кеңістікті бейнелеу тәсілінің заңдылығы.

Бүгінгі таңда дизайнның басты мақсаты – нарықтың сұранысы мен қажеттіліктерін орындауға тәуелді болып отыр. «Уақыт өткен сайын заттардың эстетикалық мазмұнына деген талап та жоғарылай түсуде. Біздің елімізде дизайн жалпы өнеркәсіптік өнімді жобалау, сол негізде заттық ортаны қалыптастыру саласындағы суретші-конструктордың іс-әрекеті деп түсініліп келді. Қолайлы, әдемі бұйымдар жасауға бағытталған суретшілік конструкциялаудың (дизайнның) басты

назары адамға, оның қоғамдық және жеке басының қажеттіліктеріне, заттық және рухани сұраныстарына аударылуы қажет» [1, 46].

Дизайн өнері заман талабына орай үнемі өзгеріп, дамып отырады. ТМД елдерінде, соның ішінде Қазақстанда дизайн өнері 1960 жылдан бастап жүйелі түрде қалыптасып, дами бастады [2]. 1987 ж. Қазақстан Дизайнерлер одағы құрылды.

Дизайн өнері қазіргі өскелең тұрмыстық жағдайлар мен талап-сұраныстарға байланысты жаңа сипаттарға ие болуда. Жарнама, плакаттар, кітап безендіру, өндіріс бұйымдарын жасау, жиһаз бұйымдарының жаңа үлгілерін өмірге әкелу, т.б. қазіргі заманғы кәсіптердің дамып-жетілуі дизайн өнерімен тығыз байланысты. Ұлттық этнодизайн да өзіндік қолтаңбасы бар өнер ретінде заман талабына сай даму үстінде [3].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе айтпағым, бейнелеу өнерінің түрлерінің бірі дизайнның мақсаты: адамның түрлі қажеттілігін қанағаттандыру, идентификациялық мәдени қажеттілігін, заттық және ақпараттық өмір ортасы мен адам іс-әрекетін көркем-образдық моделдеу негізінде сапалы ұйымдастыру болып табылады. Сондықтан да, бұл жолдағы біздің басты мақсатымыз - дизайн тәжірибесі мен оның өркендеуін және олардың ел экономикасын жетілдіру жолындағы қызметін арттырумен қатар, бұл саланы жетік меңгерген білікті ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет.

Дизайн дегеніміз өнер! Оның ішінде бүгінгі таңдағы өнердің озық үлгісі. Қазіргі кезде кең өріс ала бастаған дизайн – таным білімнің қазіргі кезеңге дейінгі барлық түрлерінің жетістіктерін бойына сіңірген, күрделі түсінік. Дизайн үнемі даму үстінде.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мәуленова Г, Амандықова Д. / Дизайнерге арналған практикум/. - Астана: Фолиант, 2010. – 112 б.
- 2 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруана Ltd. 2005. – 956.
- 3 Шаңырақ: Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990. – 53 б.

Резюме

В статье рассмотрена роль дизайна в современном искусстве. Также проанализированы некоторые сведения о развитии дизайна, как искусства.

Summary

In this article which is called " Design is advanced sample of the present art" narrated about what importance has the art of design in our society, and also the analysis done about functions of the art of design.

Information on that is supplied as art of design constantly is exposed to changes according to requirements of time.

Қабылданған күні 20.03.2015 ж

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ

Мамраев Б.Б., Жаутиков Б.А., Абузьярова Ж.Р. Институт Ассамблеи народа Казахстана - модель межэтнического и межконфессионального согласия.....	3
Кенжебаев А.А. Астана – как символ суверенного государства.....	7
Кенжебаев А.А. Толерантность: образование и воспитание.....	8
Қаржаубаев А.Б., Байсеуова Г.Т., Құбашева А.Ж., Ыхсан З.Н. Өзіміздің кәсіби даярлау ісіміз ассамблея жұмысы арқылы тығыз байланыста болады.....	11
Шугаепова Г., Қайрғалиева Г. Қазақстан халқы Ассамблеясының мемлекеттегі этномәдени үдерістердегі орны.....	15
Нысанова С.Қ., Абдулова Р.Б. Ұлт мәселесіндегі ұлттық бірегейліктің орны мен Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық қатынас мәселелері.....	20
Ризуанова Г.К., Ризуанова А.К. Ассамблея народа Казахстана как ведущий общественно-политический институт страны.....	24
Ризуанова Г.К., Ризуанова А.К. Ассамблея народа Казахстана Атырауской области.....	26
Аслялиева С. Г. Мир и согласие в нашем доме.....	29
Ертелеева Р.Б. Казахстанская модель межэтнического согласия.....	30
Касенов М.С. Қазақ хандығының тұңғыш астанасы – Сарайшық	34
Резвых В.М. Музыка – как средство межнационального духовного общения....	40
Тұрдалиев Ә.О., Жағыпар Ж.Ж. Заңнамалық өзгерістер- заман талабы.....	43
Абдулова Р.Б., Наурызова В.Қ. Конституциялық-құқықтық нормалардың орны.....	50
Құсниденов С. Ұлттық мүдде	56
Төлегенова А.Қ. Ғаламдық үдеріс (процесс) туралы Деррида.....	60
Сарсенов А.С., Муканбедиева Г.К. Бөкей Ордасында алғашқы мектептердің құрыла бастауы.....	64
Қуаныш С.О., Қамиева Г.Б. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану заңдылықтары.....	70
Gilazhova S.M., Rysmagambetova S.B. Halel Dosmuhambetuly scientist and enlightener.....	74
Slyusar V. The image of muslims as "subject capable of violence" in modern western mass culture: social-philosophical analyses.....	76
Салимова Н.С., Қуанышева Ә.Ж. Қазақ танымындағы тілдік суггестия.....	84
Абилхайрова Г., Балтоғаева Ж. Эпистолярлық жанр үлгілеріндегі соғыс шындығы	92
Балтоғаева Ж., Шағырбаева А. Нәпіл Базылханның түркология саласына қосқан үлесі	96

**ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ И ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**

Джарасова А.Р., Кунушева Д.М., Оразбаев Б.Б., Курмангазиева Л.Т.	
Задачи многокритериальной оптимизации химико-технологических систем и диалоговые алгоритмы их решения в нечеткой среде.....	101
Мұхамбетова М.Ж. Оқу үрдісіне арналған құбылыстардың 3D модельдерін дайындаудың көкейкестілігі.....	109
Абдыкеримова Э.А., Шахтыбаева Ж. Компьютерлік модельдеу арқылы ауаның меншікті жылу сыйымдылығын анықтау.....	111
Еркін Г., Фазылова А., Тұрмұханова Г.Б., Майлыбаева А.Ж. Macromedia Flash бағдарламасының мүмкіндіктерін электронды оқу-әдістемелік нұсқаулық жасақтауда қолдану.....	116
Молдашева Р.Н., Багитова К.Б., Турмұханова Г.Б., Мукашева А.О. Dropbox бұлтты құжат сақтау қоймасы.....	118
Атимова Т. Жоғары оқу орындары білім беру саласын ақпараттандырудың алғышарттары.....	124
Махатова В.Е., Шамбилова Г.Қ., Қабылхамит Ж.Т. Лебег интегралы.....	128
Махатова В.Е., Ележанова Ш.Қ., Түлеуова Р.О., Бекбаева З.Ә. Жинақталатын тізбектердің мүшеленіп интегралдануы.....	133
Әуелбаева Г.С., Бегайдарова Р.Қ. Математика сабағында деңгейлік тапсырмаларды қолдану тиімділігі.....	137
Түркменбаева М.Б., Түркменбаев А.Б. Усовершенствование лабораторной работы по изучению вязкости методом Стокса.....	140
Наубетжанов М.Н., Абыканова Б.Т., Нұролла Н. Электрондық оқулықты статистикалық физика пәнін оқытуда пайдалану.....	144
Куанбаева Б.У., Шамарова А.Х. Физика пәнін пәнаралық байланыс негізінде оқытудың әдістемесі.....	150
Айғабыл М.А. Квазианықтауыштар.....	157

**ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЭКОЛОГИЯ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

Наукунов М.Ж. Мониторинг загрязнения почвы отходами бурения скважин в Атырауской области.....	162
Рахметова М.Т. Электродинамика курсындағы экологиялық білім.....	168
Кадеева М.Н., Сағындықова С.З., Тұяқбаева А.У. Субстраттан микроорганизм штамын бөліп алып мұнаймен ластанған топырақты тазартуда қолдану.....	173

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВО**

Турдалиев Ә.О., Бахшатова Г.Н. Терроризмнің алдын-алу бүкілхалықтық іс..	180
Тажгарина Б.К. Жастар ортасындағы рухани және өнегелік қасиеттің деңгейін зерделеу.....	185

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ**

Мұхамбеталиев А.Қ., Базарғалиев Ғ.Б. Жастарды спорттық білім негізінде ұлтаралық достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу.....	194
Ищанова Г.Е. Бастауыш сыныптардағы тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру.....	197
Ыхсан З.Н. Шағын комплектілі мектептердегі басқару жүйесін жетілдірудің педагогикалық шарттары.....	201
Муханбетжанова А.У., Карабаева А.С. Развитие профессиональных компетентностей руководителя педагогического колледжа.....	204
Муханбетжанова А.У., Лигай Л.А. Управление педагогической системой гимназии.....	209
Таңатарова Ж.Ө. Бастауыш сынып оқушыларының өлкетану негізінде тұлғалық бағдарын қалыптастырудың әдістемесі.....	213
Койшыгулова Л.Е., Жубайкулова Д. Гуманизация образования и авторитет педагога.....	218
Муханбетжанова Ә.М., Куанышева Г.Х. Мектепалды даярлық балаларымен жүргізілетін әдістемелік жұмыстар.....	225
Муханбетжанова Ә.М., Рахметова А.М. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктері.....	230
Суингарина Т.М. Музыка мұғалімінің инновациялық даярлығы.....	235
Мусина Г.М. Жасөспірімдік кезеңде саналы түрде мамандық таңдаудың маңыздылығы және психологиялық ерекшеліктері.....	239
Кубышева Г.Г. Орта мектеп мұғалімдерінің өзін-өзі ұстау мәдениеті және оқушылармен қарым-қатынасының кейбір психологиялық аспектілері.....	243
Ығылова Ә.Қ. Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы ұлттық болмыстың тәрбиелік мәні.....	247
Рысқалиева Г.Т. Күй күмбірі қалықтасын көгімде.....	250
Фалеева А.А., Койшегулова Л.Е. Психологические основы профессиональной подготовки специалистов-психологов.....	254
Жалғасова А.А., Сандыбай Л.В. Студенттерге тілді меңгертуде жаңа формалар мен үздік технологияларды пайдалану жолдары.....	259
Кушкенбаева Р.Т. Динамика тревожности у детей младших школьников.....	263
Кумарова К.З. Понятие и формы суицидального поведения лиц старшего подросткового возраста.....	268
Бисенова Ш.Н., Қазиев Қ.О. Преступность несовершеннолетних, и ее психологические причины.....	271
Абдрахманова Н.Б., Муханбетжанова А.М. Способы формирования коммуникативной компетенции младших школьников в обучении иностранному языку.....	274
Туленова Ұ.Т., Есенғалиева Ж.Б. Бастауыш мектептердің қалыптасуы және оның қазіргі сипаты.....	278
Саулеева Э. Студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру жолдары...	284
Утаралиев А.Б. Дизайн – қазіргі өнердің озық үлгісі	291

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің хабаршысы» журналында теориялық, тәжірибелік, ізденушілік сипаттағы еңбектер, қолданбалы маңызы бар шолулар, мәселе көтеретін және ақпараттық мақалалар, сондай-ақ бұрын жарияланған еңбектерге қысқаша түсініктемелер, ғылыми конференциялар мен кеңестер жайлы мәліметтер, кітаптар туралы пікірлер, мерейтой иелерін құттықтау жарияланады.

Жариялау туралы шешімді келіп түскен материалдардың ғылыми маңызын және өзектілігін ескере отырып, редакция алқасы қабылдайды. Қабылданған мақалалар қайтадан қаралмайды.

Мақаланың құрылымы

1. ӘОЖ
2. Автордың (лардың) аты-жөні *
3. Автордың (лардың) жұмыс орны **
4. Электрондық пошта
5. Мақаланың тақырыбы
6. Мақаланың мәтіні жазылған тілде аңдатпа
7. Негізгі сөздер
8. Мақаланың толық мәтіні
9. Әдебиеттер***
10. Мақалада жазылған тілден басқа екі тілде түйіндеме.

Мәтінде физикалық, химиялық және математикалық шамалардың бірліктердің халықаралық жүйесінде көзделген қысқартуларына ғана жол беріледі.

Мақалалардың «Word 7.0 for Windows» мәтіндік редакторында парақтың бір бетіне барлық жағынан 3 см жиек қалдыра отырып, Times шрифтімен (12 кегль) 1 интервал арқылы терілген екі данасы тапсырылады. Түйіндеме, әдебиет, кестелер мен суреттерді қоса санағанда қолжазбаның жалпы көлемі 10 беттен аспауы керек.

Автор (авторлар) туралы мәліметтер, сондай-ақ материалдардың электрондық нұсқасы қоса табысталады.

ТРЕБОВАНИЯ К НАУЧНЫМ СТАТЬЯМ

В журнале «Вестник Атырауского государственного университета имени Халела Досмұхамедова» публикуются работы теоретического, экспериментального, поискового характера, имеющие прикладное значение, обзорные, постановочные и информационные статьи, а также краткие комментарии к ранее опубликованным работам, информация о научных конференциях и совещаниях, рецензии на книги, поздравления юбиляров.

Решение о публикации принимается редакционной коллегией журнала с учетом научной значимости и актуальности представленных материалов. Отклоненные статьи повторно не рассматриваются.

Структура статьи

1. УДК
2. Ф.И.О. автора(ов)*
3. Место работы автора(ов) **
4. Электронная почта
5. Название статьи
6. Аннотация на языке текста публикуемого материала
7. Ключевые слова
8. Полный текст статьи
9. Литература***
10. Резюме на двух других языках, отличающихся от языка публикуемого материала.

В тексте допускаются лишь принятые в международной системе единицы сокращения мер, физических, химических и математических величин и терминов и т.п.

Статьи представляют в двух экземплярах, напечатанных в текстовом редакторе «Word 7.0 for Windows» на одной стороне листа шрифтом Times (12 кеглем) с полями 3 см со всех сторон листа через 1 интервал. Общий объем рукописи, включая резюме, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать 10 страниц. Сведения об авторе (авторах), а также электронную версию материалов.

**Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік
университетінің
Хабаршысы
Вестник
Атырауского
государственного
университета
имени Х.Досмұхамедова**

Отв. за выпуск,
редактор
Р.Ш.Абдинов

Технический редактор,
компьютерная верстка
А.Қасымханқызы

Подписано в печать
25.05.2015
Формат 60х84/8
Усл.-печ. л. 36,75
Тираж 300 экз.
Заказ 1
Цена договорная

**Издательство
Атырауского
государственного
университета
имени Х.Досмұхамедова**

060011, г. Атырау,
пр. Студенческий, 212
Тел. /712-2/ 27 63 01
Факс /712-2/ 27 63 23

**Отпечатано
в типографии издательства
Атырауского
государственного
университета имени
Х.Досмұхамедова**

